

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті

ДЖЕКЕБАЕВА МАҚПАЛ ӘБІЛҚЫЗЫ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Философия

Алматы, 2011

УДК 1/14(075.8)
ББК 87.3я73
Д-40

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

Н.Ж.Байтенова – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ң дінтану кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы.

С.Раев – Абылайхан атындағы ҚазХҚжӘТУ-ң халықаралық қатынастар факультетінің деканы, философия ғылымдарының докторы, профессор.

З.У. Бисембаева – С.Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ң Қазақстан тарихы, философия, саясаттану және әлеуметтану кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты.

Д-40 Джекебаева М.

Философия (Оқу құралы) / Мақпал Джекебаева. – Алматы: «Елтаным баспасы», 2011. – 224 бет.

ISBN 978-601-06-1243-3

Оқу құралында философия тарихының негізгі даму сатылары, басты ұғымдары, өкілдері, негізгі мәселелері, кезең-кезеңімен жүйелі қарастырылып, кеңінен қамтылған. Мән-мазмұны ежелгі кезеңнен бастап, бүгінгі таңға дейінгі аралықта мәдениет кеңістігінде – болмыс, таным, сана, өркениет категорияларымен кеңінен қамтылып, эвтаназия мен суицид тәріздес қайшылықты проблемалармен толықтырылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарындағы барлық философия факультетінде оқитын студенттер мен магистранттарға, философия ғылымына қызығушылық танытушыларға және медицина факультетінің студенттеріне арналған.

УДК 1/14(075.8)
ББК 87.3я73

ISBN 978-601-06-1243-3

©

Джекебаева М., 2011

Кіріспе

Қазіргі таңдағы білім жүйесінде жас ұрпақтарды тәрбиелеу түбегейлі өзгерістермен көрініс тапқандықтан, Қазақстан Республикасының білімді және жан-жақты дамыған, даналыққа жаны құмар, дүниетанымы зор, шығармашылық қиялы шарықтаған және білімқұмар азаматтарын дайындау – бүгінгі күннің өзекті мәселесінің бірі.

Философия – жас буын ұрпақты моралдік, этикалық, діни-философиялық тұрғыдан тәрбиелеуде ең қажетті ғылым саласының бірі, барлық қоғамдық ғылымдардың түп атасы, ол үнемі дамып, адамзат ақыл-ойының жетістіктерімен толықтырылып отыратын ғылым. Сондықтан бұл пәнді дүние жүзіндегі өркениетті елдердің бәрі де бағалайды. Бүгінгі рухани құндылықтардың құлдырап, қоғамдағы рөлінің төмендеп отырған шағында, жастардың адамгершіліктік-рухани және әлеуметтік келбетінің биік болуы қазіргі кезеңде ерекше өзекті, сондықтан адамның рухани жан-дүниесін молынан дамытатын философия сияқты оқулықтар керек. Қазіргі кезеңге дейін философияның рөлі жойылған жоқ. Өміріміздің әр саласымен аса тығыз байланыста болып тұр, қызықты да, күрделі, алуан түрлі көзқарастар мен санқилы бағыттар, тіпті бір дәуірдің ойшылдарының философияға, оның категориялары мен мәселелеріне көзқарасы әртүрлі болды. Алуан түрлі көзқарастың болуына себеп, сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайлар, жеке тұлғалардың мәселені әрқилы түсінгендігімен болса керек.

Әр кезең философиясының өзіндік қайталанбас өзекті ерекше мәселелері бар. Алғашқы философтар өздерінің еңбектерінде мынадай сұрақтарға жауап іздеді: адам өмірінің мәні неде, дүниенің түпнегізі не, әлем неден жаралған, дүниенің құрылымы, әлем шектеулі ме, әлде шексіз бе, жақсылық пен жамандық, өмір мен өлім және т.б. деген не? Сонымен қатар, философия ғылымының зерттеу аясына дүниенің мәні, жаратушы негіз, сана, таным, болмыс сияқты мәселелер кіргендіктен, қазіргі таңда адам өмірі мен өлімі, эвтаназия, суицид, болмыс, таным, сана-бейсаналылық, еркіндік пен жауапкершілік, парыз, адамгершілік т.б. сынды философиялық проблемаларды медициналық аспектілермен қамтып, жоғары оқу орындарында оқыту бұрынғыдан да қажетті болып отыр.

Философия тарихында ұлы тұлғалардың, философтардың ой-көзқарас, пікірлері қайталанбас даналыққа толы афоризмдері жинақталған, олар өмірлік құндылықтарға, мәнді, мағыналы ұстанымдарға толы. Философияны оқытудың мәні ағарту, білім және философиялық талғам мен дүниеге көзқарасты мәдениетті түрде қалыптастырудың құралы ретінде жүреді. Қазіргі кезеңдегі философиялық білімнің контекстіндегі проблемаларға жаһандық, экологиялық, өркениеттік және медициналық мәселелер кіреді. «Медицина тәжірибеден туындаған ілім, өзіне сай белгілі заңдылықтары, аурудың түріне қарай оның неден пайда болатынын, қалай емдеу керектігін анықтап, адам тәнінің сау болуы үшін күрес жүргізетін сала» деп, ғұлама Әл-Фараби айтқандай, әрбір адамның алақанда тұрған өмірі барша дәрігерлерге өте қымбат және медици-

наны танып, зерттеудің өзі өте күрделі, аса көп білім, жауапкершілікті және зеректілікті қажет етеді. Сондықтан оның аясында жаңаша әдіс-тәсілдермен әртүрлі дағдыларды қалыптастыратын жұмыс бағдарламалары мен әдістемелік құралдар, оқу құралдары дайындалуда. Бұл оқу құралында философияның мән-мазмұны ежелгі кезеңнен бастап, бүгінгі таңға дейінгі аралықтағы философияның тарихи кезеңдері, негізгі өкілдері және мәдениет кеңістігіндегі – болмыс, таным, сана, өркениет проблемалары кеңінен қамтылып, өмір-өлім мәселесі эвтаназия тәрізді даулы да, қиын проблемалармен толықтырылған. Философияның қоғамдағы орны, негізгі проблемалары, кезең-кезеңімен жүйелі қарастырылған.

Оқу құралы жоғары оқу орындарында медицина факультетінде оқитын студенттерге, магистранттарға, философия пәніне қызығушыларға арналған қазақ тілінде жазылған алғашқылардың бірі. Сондықтан оқырмандарға аса қажет болар деген үміттеміз. Себебі мұнда қарастырылып отырған проблемалар философия мен медицинаға ортақ. Қытай, Үнді, антикалық кезеңдегі ойшылдар мен дәрігерлер, дәрітану, Гиппократ медицина реформаторы ретінде терең байланыса қарастырылады, асклепийлер, ортағасыр шығыс ойшылы, дәрігер Ибн Сина шығыс медицина реформаторы – әрі философ, әрі дәрігер, хирург ретінде көрініс табады. Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылым каноны» жан-жақты талданады. Қайта өрлеу дәуірі философиясы Л.Винчи, Везалий сынды дәрігерлер мен халық медицинасының тарихы, ұлттық медицинаның қазіргі жағдайы сипатталады. Экзистенциализм бағытының өлім мен өмір проблемалары – медицинадағы эвтаназия мен суицид, психоанализ теориясындағы бейсаналылық мәселесі, биоэтика жаһандану ж.т.б., мұның бәрі философияға да, медицинаға да ортақ тақырыптар.

Медицинаны түбегейлі зерттеу үшін, ең алдымен адам өмірінің мәнін, мақсатын, қаншалықты құнды екендігін жете түсіне білу қажет. Кез-келген заттың терең мағынасын білуге адамға терең философиялық ой-толғау, түйсік, медицина ғылымының негізгі міндеттері мен қағидаларын түсіну керек. Медицинаны, сонымен қатар басқа да ғылымдарды зерттеп, өзінің даналығын бүкіл дүниеге паш еткен ғалымдар қазақ халқынан және басқа да мемлекеттерде, бұдан бірнеше мың жыл бұрын зерттеліне бастады. Ешбір ғылымның негізі салынбаған кезеңде, адамдар дөрекі, надан болған кезеңде медицинаны зерттеу үлкен философиялық жігерді талап етті, ұлы тұлғалардың даналыққа деген шексіз құштарлығы жастарға да ой салар деген үміттеміз. Бұл оқу құралына батыс зерттеушілері: К.Ясперс, Э.Агаций, Н.Ричардсон, К.Решер, Х. Макгери, А.В.Арендт, У.Бек, Ж.Атали, Маркос, Ж.Бове, В.Ж.Келле, Дж. Сорос, З.Бжезинский, А.Д.Некипелов, А.С.Панарин ж.т.б. классикалық түпнұсқалық еңбектерінен аудармалар жасап, түсініктер келтірумен қатар Ғ. Сапарғалиевтің, Ә.Нысанбаевтың, С.Зимановтың, Л.А.Байделдиновтың, Е.Ертісбаев, Ғ.Есім, Д.К.Кішібеков, Ж.А.Алтаевтың, Т.Ғ.Ғабитовтың, С.Қ.Мырзалының, Қ.Әбішовтың, Д.Кішібековтің, Ж.Ж.Молдабековтың, Н.Ж. Байтенованың, Ғ.Есімнің, Р.К.Биғалиеваның оқулықтарын негізге ала отырып, жазылған.

І БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ

І ТАРАУ. ФИЛОСОФИЯ - МӘДЕНИЕТ ФЕНОМЕНІ РЕТІНДЕ.

§1.1. Дүниетаным.

Дүниетаным – құбылыстар арасындағы күрделі байланысты бағдарлай білу. Адамзат үшін де, қоғам алдында да, дүниеге көзқарас қажетті негіз болып табылады, философия өз бастауын осы ұғымнан алады. Қазіргі таңда да қоғамда дүниетанымның алар орны ерекше. Күллі адамзаттың қоршаған ортаны тануы, даналыққа жаны құмар, дүниетанымды зор, шығармашылық қиялы шарықтаған және білімқұмар азаматтарының алғашқы қадамы осы бір қарағанда қарапайым көрінетін дүниетанымнан басталады.

Белгілі Отандық ғалым, профессор С. Мырзалы өзінің «Философия» атты оқулығында дүниетанымды – адамның әлемге, қоршаған ортасына және ондағы өзінің орнына деген көзқарастардың біртұтас жүйесі, оның ерекшелігі мен өзгешелігі сонда, онда идея мен идеалдар, сезімдер мен құндылықтар, ұғымдар мен пікірлер бір-бірінен ажыратылмайды. Дүниеге көзқарас – дүниені түсіндіру, бағалау ұстанымдарымен әрекеттерімен эмоционалдық психологиялық және әртүрлі басқа да факторларға байланысты қалыптасады деп анықтаған.

Дүниетаным қалыптастырады:

- адамның тәртібі мен қызметінің принциптерін,
- адамның идеяларын, моральдік нормаларын,
- адамның дүниеге деген әлеуметтік және саяси бейімділіктерін.

Дүниеге көзқарас сезімнен, танымнан тұратындықтан адамға түрлі әсер туғызады, мысалы: сезіну, күдіктену, уайымдау, қайғыру, мазасыздану, қорқу, ренжу, шаттану, қуану және масаттану.

Әр адам өзінің дүниеге деген көзқарас, ой-өрісі, өмірден алған тәжірибесі, жалпы мәдениетінің деңгейіне қарай, дүниетанымын қалыптастырады. Дүниеге деген көзқарасқа абстрактылық ой-өріс дамуының негізінде дүниені ұғымдармен бейнелеу түрі жатады. Ал, философия – дүниеге деген дамыған көзқарас түрі. Білім және сезім, құндылықтар және қадамдар дүниеге көзқарастың төрт түрлі компонентін құрайды:

- танымдық;
- эмоциональдық;
- құндылықтық;
- іс-әрекеттік.

Адамзаттың рухани даму тарихында дүниетанымның мынадай түрлерін ажыратамыз: мифологиялық, діни және философиялық (өмірлік, практикалық).

Мифология гректің екі сөзінен құралған: mifos – аңыз, logos – ілім. Мифология дүниеге деген эмоциональды-бейнелік және фантастикалық қатынасқа негізделген ежелгі көзқарас. Мифтің негізгі проблемасы – табиғат құбылыстары туралы түсінік, қоғам және адам тағдыры мен өлімі, әрекеті, әлемнің, адамның

жаратылысы жөніндегі алғашқы тұрпайы, фантастикалық түсініктер (phantasia – грек сөзі, – қиял, елес). Алғашқы қауымдық қоғамдағы әлеуметтік дамудың тым төмендігі, адамның табиғаттың әртүрлі күштеріне қарсы тұра алмауы, сонымен қатар, өзінің өмірге деген қажеттіктерін өтеу жолындағы сол табиғат құбылыстарын сезіну және түсіну іңкәрі – мифтердің дүниеге келуінің қайнар көзі болып табылады (Мырзалы С.К., Қостанай, 2001).

Мифологиялық дүниетанымның белгілері: эмоциональдық, табиғатты адамдандыру, бірігу. Әрбір халықтың өзіндік әртүрлі мифтері бар. Дүниенің пайда болуы мен тәртібі, жақсылық пен жамандық, көркемдік пен түрсіздік, адам өмірінің мәні мен құндылығы т.с.с. сұрақтарға берген жауаптар халықтар аңыздарында қоршаған табиғаттың ерекшелігіне және соған сәйкес қалыптасқан халық тіліне байланысты қолданылған.

Мифологиялық дүниетанымның адамзат үшін атқаратын қызметтері: табиғат құбылысын түсіндіру, мінез-құлықты тәртіпке келтіру, жаңа ұрпаққа тәжірибе беру (Кессиди К.Х. От мифа к логосу, М., 1972).

Мифтер бірнеше топтарға бөлінеді: ең үлкені космологиялық аңыздар. Бұл миф түрінде дүниенің алғашқы жағдайы хаос (chaos – грек сөзі, мәні шексіз, бытыраңқы дүние) арқылы көрсетіледі. Сиқырлы құдіретті күштің іс-әрекеті арқылы хаос жер мен көкке бөлінеді, сол арқылы әртүрлі табиғаттың құбылыстары дүниеге келеді.

Дүниеге деген көзқарас ретінде мифтің ерекшеліктеріне тоқталсақ:

- миф алғашқы пайда болған қоғамдық сананың формасы ретінде өзінің ішінде болашақта дүниеге келетін өнер, дін, саясат, мораль сияқты құбылыстардың элементтерін бойында сақтайды. Сондықтан мифті ғалымдар қоғамдық сананың синкретикалық түрі деп есептейді.
- мифтегі адам мен табиғаттың бірлігі, жағалай қоршаған ортаны антропоморфизациялау, адамның өзіндік мәндік қасиеттерін бүкіл табиғатқа таратуы, табиғаттың құбылыстары мен заттарын олардың адам сияқты жаны, ойы, сезімі, іңкәрі бар деп түсінуі.
- мифте әлі ғылыми ұғымдар жоқ, онда қоршаған орта, әлеуметтік қатынастар көркем сөз арқылы бейнеленеді. Әлемнің пайда болуы жөнінде кейбір аңыздарда антропоцентрлік көзқарас та кездеседі (antropos – грек сөзі, адам, centrum – латын сөзі, – орталық). Бұл мифтер Дүниеден бұрын алғашқы еңгезердей адам болған, ал ол өлген кезде оның денесінен Дүние жаратылады,- деген пікір айтады (Кішібеков Д., Сыдықов А., Алматы, 1994).

Күн мен ай, аспан мен жұлдыздар жөніндегі аңыздар адамдардың өмірінде кең орын алған, Күн құдайы негізгі табынатын Құдайлардың біріне айналған. Сонау көне заманда пайда болған дөңгелек, күнге ұқсатылып жасалған. Көп халықтардың мифтерінде ерекше орынды әйел құдай алады. Әйел құдайы – құнарлықтың, жер бетіндегі тіршіліктің әміршісі. Ол аңшыларға сәттілік әкелетін, жер мен мал шаруашылығында – мол өнім тудыртатын Құдай (Мифы народов мира, М., 1991). Әлемдегі Құдайлар мен адамдардың қарым-қатынастарына арналған мифтердің де орны бөлек. Ертедегі халықтардың мифтерінде

әрбір табиғат құбылысын тудыратын өз Құдайлары болды. Мысалы, үнді халқы өзінің мифологиясында 3000 аса Құдайлардың бейнесін жасады. Құдайлар грек мифологиясында да өте көп. Біріншіден, Құдайлар – мәңгілік жандар, ал адам болса – уақытша Дүниеге келеді. Өйткені – Құдайлар алғашқы мәңгілік табиғат заттарынан жаратылған, ал адам болса – ол бір мифтерде – Құдайлардың саздан жаратқан пендесі, екіншілерде – Құдайдың сөзінен пайда болған дейді. Екіншіден, аспандағы Құдайлардың өмірі жердегі адамдардың өміріне өте ұқсас. Құдайлар да адамдар сияқты күледі, жылайды, қуанады, өкінеді, ғашық болады т.с.с. (Мырзалы С., 2008).

Діни дүниетаным. Дін (латын сөзінен religio – тақуалық, пәктік мағынасын береді) – мифология негізінде дүниеге келген, тек илануды талап ететін жоғары күшке сенуге негізделген дүниеге көзқарастың түрі.

Оның қарастыратын мәселелері:

- о дүние – тамұқ пен жұмақ,
- Жоғары Күш Жаратушыға сенім арту мәселелері,
- мәңгілік, күнә, шексіздік, әсемдік, ізгілік т.б.

Дін мифологияны қабылдап, оның қағидаларын, аңыздарын бүтіндей қолдану негізінде қалыптасты.

Діннің атқаратын қызметтері:

- дүниетанымдық,
- біріктірушілік,
- мәдени,
- компенсаторлық,
- жүйелеушілік,
- гуманистік (моралдық нормаларды тарату),
- жалғастықтық,
- интеграциялық
- жастарға рухани танымдық сауаттылықты арттыру.

(Соңғы қызметі жастарға рухани танымдық сауаттылықты арттыру үшін керек). Суицидке бейім жастарды райынан қайтару үшін дінмықты рухани тірек болуы аса қажетті. Себебі Жаратушыға сенімнің жоқтығынан да, кейде жастар өзіне-өзі қол жұмсайды. Дінде өз-өзіне қол салу құпталмайтындықтан, әрі кешірілмес күнә саналғандықтан, бұл қызметтің рөлі ерекше. Әсіресе қазіргі таңда бұл қызметтің маңыздылығы зор деп ойлаймыз. Өзінің «Философия» оқулығында С.Мырзалы діннің өзіне тән ерекшеліктері бар деп атап кеткен:

- біріншіден, дін мифологиялық санаға қарағанда адамның абстрактылық ойлау қабілетінің анағұрлым биік дәрежеде дамуын талап етеді.
- екіншіден, адамның әлеуметтік өмірдегі зардап шегуі, езілуі, зорлық-зомбылықтың жақсылық пен ізгілікке қарағанда басымдылығы оның көкейінде бұл дүниедегі өзінің өміріне қанағаттанбай, әрдайым шынайы құндылықтарды армандап, оның әлемін о дүниемен теңеуге әкеліп соқты.
- үшіншіден, адамның өз өмірінің уақытшалығы, әрдайым оның өлместікке деген қиялын оятып, оның мәңгілік, кемеліне келген бақытты дүние болуы керек, – деген ойын туғызды.

Философиялық дүниетаным. Философия дүниеге көзқарастың жоғары формасы. Философиялық дүниеге көзқарас жүйелік-теоретикалық көзқарас ретінде анықталады. Ежелгі дәуірден күні бүгінге дейін дүниетанымдық сұрақтарды негіздеу дүниетанымның негізгі ұстанымдарын қалыптастыру – философияның кәсіби ісі. Философияның негізгі проблемасы дүниетанымдық сұрақтар болғанмен, философия пәні туралы түсінік үнемі өзгеруде, бірақ та ол өзінің ерекшеліктерін сақтап қалды. Философиялық көзқараста ақыл-ойдың рөлі жоғары: философия – бірінші кезекте логика мен дәлелдеуге сүйенеді. Діннен философияның айырмашылығы еркін ойлауға мүмкіндік берілуінде, кез келген беделді идеяларды сынға ала отырып, философ болып қалуға болады, ал дінде бұған жол жоқ.

«Философия» термині – phileo – «сүйемін», sophia – «даналық» деген сөзінен тұрады, сөзбе-сөз «даналықты сүю» деген мағынаны білдіреді. Ежелгі дәуірде даналық – бұл асқақтық мәні бар құбылыс болған. Философияның негізгі тақырыбы дүние, әлем және адам, адам болмысының негіздері мен түбегейлі принциптері туралы, адамның табиғатқа, қоғамға, рухани өмірге деген қатынастарының анағұрлым жалпы мәндік сипаттамасы туралы білімдер жүйесін жасайтын дүниетанымның ерекше формасы.

Философияның негізгі тақырыбы:

- «дүние», «әлем» және «адам»,
- адам өмірінің мән-мағынасы неде, өлім-өлместік, мәңгілік рух, жан мен тән үйлесімі,
- адам болмысының негіздері мен түбегейлі ұстанымдары туралы,
- адамның табиғатқа, қоғамға, рухани өмірге деген қатынастарының анағұрлым жалпы мәндік сипаттамасы туралы.

Сипатты белгілері:

- логикалық және дәйектілік;
- жүйелілік;
- жинақтау сатысының жоғарылығы;
- құрылымының күрделілігі;
- теориялы сипатта;
- субъективті не объективтілігі;
- рефлексивті;
- «мәңгілік» проблемалармен айналысуы;
- динамикалы сипатта.

§1.2. Философия пәні, құрылымы және атқаратын қызметтері.

Философия рухани мәдениеттің ең көне түрі және адамзат ілімінің жауапты бөлімі, ол материя мен сана, таным мен болмыс, адам мен қоғам жайлы адамзат ой-санасының дамуы барысында жинақталған, жүйеленген, ғылыми ой-пікірдің теориялық жиынтығы.

Философияға берілетін анықтамалар көп. Пифагор өзінің анықтамасында «философ» – дүниедегі болып жатқанның бәрін білетін адам, данышпан

мәртебесіне ие болуға ұмтылмайды, әрдайым даналыққа ұмтылу адамды философ етеді дегенді айтқысы келеді.

Грек ойшылы Платон, философия дегеніміз – дүние және адам туралы ой толғап қана қою емес, ол өмірдің ерекше формасы, жетілуге ұмтылу деп атап көрсетеді. Философия – өмірдің өзі, яғни күрделі де, біртекті емес дүниедегі өзінің тағдырыңды еркін қалыптастыру. Платон философияның мақсаты – адамды әрқашан мадақтап отыру, уақыттың тар шеңберінен арылып, түбегейлік пен жалпылыққа көшу, - деп есептейді. Философия тұтас мәдениет (дін, өнер, ғылым, мораль) туралы ой толғай отырып, адамзатты және бүкіл тіршілікті анағұрлым шоғырланған түрде бөліп көрсетеді. Бұл тұрғыдан алғанда философия мәдениеттің және адамзаттың бүкіл жетістіктерінің квинтэссенциясы, ал философияны оқып-үйрену – мәдениетті түсінудің ең қысқа жолы. Оның тарихы 25 – ғасырға созылады, философия ежелгі Шығыс (Үнді, Қытай) елдерінде пайда болып, өзінің классикалық деңгейінде ежелгі Греция еліне жетті. Философия ерекше ғылым. Оның мәні дүниеге көзқарасы мен методологиясында. Ол ұлттық шеңберде немесе белгілі бір ағым аясында тұйықталып қалмайды.

Философия қашанда бүкіл адамзат табысы, баршаға ортақ рухани жеміс, әлемдік өркениеттің, рухани мәдениеттің ажырамас бөлігі. Философия басқа ғылымдар сияқты қашанда объективтік факторларға сүйенеді. Басқа ғылымдар сияқты оның заңдары мен категориялары бар. Ол ең алдымен, дүниетанымдық, теориялық, методологиялық ғылым (Ортега-и-Гассет Х., М., 1991).

Философия бүкіл әлемді, оның басты салалары табиғат, қоғам, адам санасын тұтас құбылыс ретінде алып, оның жалпы заңдылықтарын ашады, объективтік шындық жөніндегі белгілі қағидалар жүйесін қалыптастырады. Сол мақсатқа жетуде ол басқа ғылымдар сияқты қоғам тарихында өз орны бар ғылым ретінде өмір сүреді. Философия пайда болғаннан бастап, дүниені тұтас және бірліктегі құбылыс деп қарастырып, дүниенің тұтастығын оның заңдарымен байланыстырады. Философияның ғылыми маңызы өзіне керекті нәрді өмірдің өзінен алуында. Ол нәрді тудыратын практика, нақты фактілерге негізделген ғылымдар. Сондай-ақ, нақты ғылымдар үшін жалпы теориялық ғылым – философия қажет. Философия ғылымының мән-мақсатын анықтау үшін философия туралы философия тарихында айтылған анықтамаларды және философиялық білімнің құрылымы туралы төменде берілген кестеден қарастырып көрейік (Философский словарь, 1987):

Кесте –1 Философия – ұғымына анықтамалар

Философтар	Философия – ұғымына берген анықтамалары
Сократ	Философия – ойлау арқылы ақиқатқа, білімге жету
Эпикур	Ешкімде философияны жастық шағында ысырып тастап, қартайғанда одан шаршамасын. Философия жасқа да кәріге де керек, біріншіге – жастық жігерді болашақ алдындағы пісіп-жетілген батылдықпен ұштастыруға, екіншіге – өмірдің соңында рухани жаңарып, өткенге қуану үшін.

Платон	Мәңгі ақиқат болмысты тануға бағытталған ерекше ғылым	
Гераклит	Философ – зерттеулермен айналысатын адам	
Аристотель	Философия – ғылымдар негізі	
Августин	Философия – ақылдылыққа құштарлық	
Декарт	Философия – даналық, адам танып-біле алатын заттар туралы егжей-тегжейлі, жан-жақты білім.	
Гегель	Өзін-өзі танитын Абсолютті ақыл туралы ғылым	
Франсуа де Ларошфуко	Өткен және болашақ замандардағы қасіреттерге философия жоғарыдан қарағанмен, қазіргі қасіреттер философияға жоғарыдан қарайды.	
Артур Шопенгауер	Философия ғылымының кемшіліктері – оның ғылым жолы мен дамуында, ал шынында философия көркем өнердің бір түрі ғана.	
Философиялық білімнің құрылымы		
Бөлімдер	мазмұны	проблемалары
Онтология	«болмыс» туралы ілім,	Болмыстың 5 мәні: материя, форма, уақыт, қозғалыс
Логика	Дұрыс ойлау туралы ілім	Пікірлер, ой қорытындылар
Аксиология	«құндылықтар» ілімі а) өмір (ориентация) б) еркіндік в) адам құқығы	Адам өмірінің, өлімінің, өлместігінің мәні проблемасы
Антропология	«адам туралы ілім».	Адам мәнінің 5 критерийі: биологиялық, психикалық, әлеуметтік, ментал-ды, астральдік (өлгендер рухы).
Гносеология (эпистемология)	«таным» туралы ілім,	танымның негізгі сатылары: -сезімдік (түйсік, қабылдау, елестету); -рационалдық (ұғым, пікір, ой қорытынды) Практика – таным негізі, ақиқат критерийі.

Келтірілген анықтамалардан көргеніміздей, философия ешқандай шектеуге көнбейді және өзінің бүкіл формаларында сынды, еркін ойлауды, шығармашылықты іске асырушы ретінде көріне біледі. Ол әрқашанда шекарадан шығуға, белгісіздіктен шығуға, айтылмайтынды айтуға ұмтылып отырады. Осы анықтамаларға сүйене отырып, философиялық білім және оның негізгі белгілері туралы тұжырымдар жасасак: философия даналықпен, ақыл-оймен байланысты. Түрлі тарихи дәстүрлерде философия түрліше түсініледі. Әрбір ойшылдың философияны қарастырудың өзіндік аспектісі бар. Бұл кездейсоқтық емес: анықтама беру деген шектеу қою, бөлектеу және оқытылып отырған ұғымдарды басқа ұғымдардан ажырата білу деген сөз. Кант бойынша, философия адам болмысының түбегейлі сауалдарына жауап табуға

көмектесуі тиіс:

- Мен нені біле аламын?
- Менің не істеуім керек?
- Мен неге сүйене аламын?
- Адам деген кім?

Ф. Энгельс, – философия дегеніміз, анағұрлым жалпы заңдар туралы ғылым деп есептеді. Бұл дегеніміз, философияны бірминуттық, өткінші дүниелер қызықтырмайды, ол жеке және кездейсоқ нәрселермен айналыспайды, оның пәні – білімнің іс-әрекеттің, құндылықтардың түбегейлі негіздері, олардың заңды, қайталанып отыратын және тұрақты байланыстары. Сондықтан, философия бүкіл басқа ғылымдардың негізі, ол дүниені біртұтас және жан-жақты қарастырады. Ал басқа ғылымдар болса, қоршаған ортаның бір фрагментін ғана қарастырады. Энгельс үшін философия дегеніміз «даналықты сүю» ғана емес, өзінің әдістері, категориялары бар қатаң білімдер жүйесі. Философия ашқан жалпы заңдар адамзаттың өткен және болашақ іс-қызметін ғылыми негіздеу үшін де сондай-ақ, дүниенің өзін және адамдарды өзгерту үшін қолданылуы мүмкін. Философияның мәні – ешқандай дәстүр немесе беделге сүйенбейтін еркін идеялар жасау, ал мақсаты – дүниенің ерекше бейнесін жасау, шындықты қарастыруда ешкім күтпеген, тың, жаңалық әкелетін ракурстарды іздестіру. Философияның осы келтірілген анықтамаларын жинақтау өте күрделі іс, бірақ оны істеуге қадамдар жасалуда.

Философияда екі бағыт қалыптасты: материализм және идеализм. Материализм бағытын ұстанушылар материя санадан бұрын қалыптасқан деп қарастырады. Материалистерге: Демокрит, Гераклит, Эпикур, стоиктер, Ф. Бэкон, Р. Декарт, Б. Спиноза, Т. Гоббс, Дж. Локк, Д. Дидро, К. Гельвеций, К. Маркс, Ф. Энгельс, Л. Фейербах, В.И. Ленин, Г. Плеханов т.б. жатады.

Идеализм бағытының өкілдері сананы бірінші кезекке қояды. Ол объективтік пен субъективтік идеализм болып бөлінеді. Объективтік идеалистер – әлемді билеуші – идея, әлемдік сана деген. Ол күшке идеяны жатқызып, оны жаратушы күш құдірет – деп түсінген. Оның өкілдеріне: ертедегі дүниеден Сократ, Платон, Аристотель, жаңа заманнан Дж. Беркли, Д. Юм, Г. Лейбниц, И. Кант, Г. Гегель, Ф. Шеллинг, Э. Мах, Р. Авенариус қазіргі заманнан – неотомистер кіреді. Бұл бағыт сана мен материя, болмыс пен рухани дүние, идея арақатынасын шешуден туындайды.

Субъективтік идеалистер қатарына Дж. Беркли, Д. Юм, И. Фихте, махистер, неопозитивистер мен экзистенциалистер кіреді (Әбішев К., 2002). Ендігі кезекті философияның әдістері мен қызметтерін қарастыруға берейік. Төменде (№ 2-кестеде осы туралы мәліметтер берілген (Мананикова Е.Н., 2006). Кесте №2 - **Философияның әдістері мен қызметтері**

Философия әдістері	Анықтамасы
Эклектика	шығармашылық бастауы жоқ, әртүрлі пікірлерді бір арнаға тоғыстыру әдісі. Бұл әдіс бұқаралық санаға ықпал

	ету мақсатында пайдаланылады.
Догматизм	қоршаған дүниені догматтар шеңберінде, абсолютті дәлелдеуді қажет етпейтін сенімдер, көзқарастар тұрғысынан ғана қарастыратын ойлау әдісі.
Диалектика	заттар мен құбылыстардың ішкі қайшылықтарын, олардың өзгеру, даму ерекшеліктерін, себеп-салдарлық байланыстарын, карама-қарсылықтардың бірлігі мен күресін ескере отырып қарастыратын зерттеу әдісі.
Метафизика	объектілерді жеке, статикалық сипатта, қайшылықтарды ескермей, біржақты қарастырады
Софистика	ақиқат болмаса да ұтымды құрастырылған, логикалық тұрғыда дұрыс бірақ, мағынасы жағынан жалған ой-қорытынды жасау әдісі.
Майевтика	шынайы ақиқатқа қол жеткізу әдісі
Қызметтері	Анықтамасы
Дүниетанымдық	әлемнің тұтас бейнесін, ондағы адамның орнын қарастыратын қызмет;
Методологиялық	қоршаған ортаны тану тәсілдеріне негізделген қызмет;
Ойлаулық-теоретикалық	концептуалды ойлауға, логикалық жүйелер құруға негізделген қызмет;
Гносеологиялық	таным механизмдерін жасауға негізделген қызмет;
Сыни	бар білімге күдікпен қарауға сынмен қарауға танымның жаңа жолдарын табуға догмаларды терістеуге негізделген қызмет;
Аксиологиялық	әртүрлі құндылықтар тұрғысынан қоршаған орта дағы заттарды бағалауға негізделген қызмет;
Әлеуметтік	қоғамдық құбылыстар мен қоғамдық үрдістердің карама-қайшылығын бағалауға негізделген қызмет;
Тәрбиелік-гуманитарлық	гуманистік құндылықтар мен идеалдарды құрметтеуге негізделген қызмет;
Болжамдық	болашақты жоспарлауға негізделген қызмет

§1.3. Философия мен медицинаның өзара байланысы

Философия да, медицина да адамзаттың рухани-практикалық табысы. Олар ғасырдан-ғасырға бір халықтан бір халық үйреніп, біліп, ұғу арқылы ойдан өрнек құрап, рухани дами береді. Медицина – өте ежелгі мамандықтардың бірі, ол өте бай емдеу тәжірибесін жинақтап, адамзат қасиетінің басқа түрінен өзгешілігі бар белгілі бір сипатқа ие болды. Медицина ғылымының әлеуметтік-философиялық құрылымының өзіндік моралдік және этикалық нормалары бар.

Медицина саласында қызмет ететін адамдарға ежелгі заманнан бастап, ерекше адамгершілік талаптар қойылған, дәрігерлер басшылыққа алуға тиісті адамгершілік талаптар мен моралдік нормалардың тұтас кодексі тұжырым-

далған. Биоэтика – медицинаға да, философияға да ортақ, ол философиялық білімнің маңызды мәселесі болып табылады. Биоэтиканың дамып қалыптасуы дәстүрлі этиканың трансформациясы үрдісімен және соның ішінде медициналық этикамен тығыз байланысты. Ол негізінен қазіргі кездегі адам құқықтарына (медицинада – бұл науқас, тәжірибеге салынған адам құқығы) көп назар аударылуы мен заңгерлік және моралді реттеуді қажет ететін көптеген көкейтесті мәселе тудыратын жаңа медициналық технологиялардың шығарылуымен шартталған, оның қалыптасуы қазіргі заманғы медицинаның технологиялық қайта қарулануындағы болған аса үлкен өзгерістермен, өз көрінісін: гендік инженерия жетістіктерінде, мүшелер трансплантациясында, биотехнологиясында, науқас өмірін сақтап отыруда тапқан медикоклиникалық тәжірибедегі түбегейлі зерттеулермен шартталған. Осы үрдістердің барлығы дәрігер мен науқастың туыстары, медперсонал алдында туындайтын моралдік мәселелерді өршіте түсті. Мысалы: өмір мен өлім проблемасы, өлімге алып келетін аурумен ауырған науқастың өмірін сақтап тұруда шектеулер бар ма? Эвтаназияға рұқсат беруге болады ма? Қазіргі заманғы медицинаның таңқаларлық жабдықтануы жағдайында дәрігер мен кең қоғам алдында тұратын сұрақтардың бұл тек бірнешеуі ғана. Демокрит көзқарастарын медицина ғылымында Гиппократ қолдады. Оның айтуынша, философия медицинада, ал медицина философияда қолданылуы керек. Яғни, дәрігер – философ Құдайға тең деп есептеді. Гиппократ медицинада тек кейбір философиялық ағымдар қолдану керектігін көрсетіп, медицинаны табиғи философиядан бөліп алды. Гиппократ ең бірінші болып ауруды емес, науқасты емдеді. Медицинадағы идеалистік бағыттың дамуы витализм мен Пифагор, Платон, Аристотель мектептеріне бастау берді. Пифагор денсаулықты гармониямен, ал ауруды дисгармониямен түсіндірді. Платон концепциялары бойынша, физикалық дененің идеалды күштерге бағынбауынан ауру пайда болады. Ал Аристотель өмірді биологиялық және материалистік тұрғыдан қарастырды. Оның ойынша, организмнің әрбір бөлшегінің өзінің субстанциясы бар: шырышта тәтті, өтте ащы. Ортағасырда Ибн-Синаның дәрігер, әрі философ ретінде ұлы тұлға екендігін атасақ, оның «Дәрігерлік ғылымдар каноны» еңбегінің қазіргі таңда да әрбір дәрігер үшін «үстелдік кітап» болып, медициналық энциклопедия рөлін атқарып отырғандығын ескерсек, Л. Винчи, Г. Галилей, Везалий ж.т.б. әрі философ, әрі дәрігер болғандары тарихтан белгілі, психоанализ ториясындағы сана мен бейсаналылық, экзистенциализм – өмір-өлім эвтаназия мен суицид проблемаларының арақатынасын атасақ, қазақ философиясындағы халық медицинасының халқымыздың санасына әсері проблемасын қарастырсақ, бұл екі ғылым арасында қашанда байланыс болғанын айқын байқаймыз.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Дүниетанымды қалай түсінесіз?
2. Дүниетанымның тарихи типтерін атаңыз?
3. Әлемнің пайда болуы туралы мифологиялық аңыздардан мысалдар беріңіз?

4. Дүниеге деген философиялық көзқарастың миф пен діннен айырмашылығы неде?
5. Дін дегеніміз не?
6. Философиялық дүниетаным туралы не түсіндіңіз?
7. Философия пәні, зерттеу объектісі?
8. Философияның қандай қызметтері бар?
9. Философия мен медицинаның арақатынасы?
10. Идеализм мен материализмнің арақатынасы мен айырмашылығы туралы айтыңыз.
11. Философияның ойлаулы-теоретикалық қызметі қандай?
12. Философия басқа қандай ғылымдармен байланысады?
13. Франсуа де Ларошфуконың айтқан: «Өткен және болашақ замандардағы қасіреттерге философия жоғарыдан қарағанмен, қазіргі қасіреттер философияға жоғарыдан қарайды», - пікіріне өз көзқарасыңызды білдіріңіз.
14. Аксиология нені зерттейді?

II ТАРАУ. ШЫҒЫС МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ФЕНОМЕНІ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА.

§2.1. Ежелгі Үнді философиясы және медицина

Философия ежелгі шығыс елдерінде б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында ежелгі Үнді, Қытай елдерінде пайда болды. Ертедегі философияның қалыптасуы екі түрлі проблема төңірегінде өрбіді:

1. Аспан, ай, күн, жер осылардың шығу тегіне байланысты.
2. Адамгершілік, адамдар арасындағы қарым-қатынас.

Ведалар (білім) – б.д.д. 15ғ. Орта Азия, Еділ жағалауы, Ираннан Үндіге көшпелі тайпалар келіп қоныстанғаннан кейінгі кезеңнен жеткен діни-философиялық трактаттар. Ведалар-діни сарындағы дұғалардың өлеңдер жиынтығы. Ведалардың түрлері

1. Ригведа - 1017 әнұраннан тұрады.
2. Самаведа – орындалу жолдары туралы веда.
3. Яджурведа –веда ғұрыптарының орындалуы жайлы.
4. Атхарваведа – дұғалар кітабы.

Б.д.д VI–V ғасырларда брахманизм ішінен джайнизм мен буддизм пайда болады, осы бағыттардың негізінен Үнді елінде 4 – каста бөлінді:

- абыздар (брахмандар),
- әскери (кшатрийлер),
- басы бос қоғам мүшелері (вайшилер),
- төменгі каста (шудралар).

Шудралар теңсіздік, жұпыны жағдайда болды. Оларда меншік те болмады, қоғам ісіне араластырылмады. Әрбір веда өз алдына брахмандар дамытқан кітапша жазылған төрт бөлімнен тұратын:

1 Самхит – құдайларға арналған әнұрандар жиынтығы.

2 Брахман – самхитті түсіндіретін әртүрлі мифологиялық әңгімелер.

3 Араньяк (тоғай кітабы), брахманға тән ритуалдың орнына құдайларды іштей сыйлап-құрметтеу, олар туралы толғану.

4 Упанишада (Ұстаз қасында отырып дәріс тындау деген мағына береді) дәстүрлеріне арналды (Степанянц М.Т. Восточная философия: вводный курс. М.,1980).

Үнді философиясы екі бағыттан тұрады: ортадоксалды және ортадоксалды емес. Ортадоксалды (астикалық бағыттағы) мектептер 6 бағдарда өмір сүрді. Бұны 3-кестемен берейік.

Кесте 3 – Ортадоксалды мектептер

Мектептер	Негізін салушылар	Еңбектері
Ортадоксалды (астикалық бағыттағы) мектептер		
Веданта	Бадараяна шамамен б.д.д. II ғасыр	Веданта-сутра
Миманса	Прабхакара б.д.д. IV-III ғасыр	Миманса-сутра
Йога	Патанджали б.д.д. II ғасыр	Йога-сутра
Ньяя	Акшапада Готама б.д.д. I ғасыр	Ньяя-сутра

Вайшешика	Канада б.д.д. 300ж	Вайшешика-сутра
Санкхья	Капила б.д.д. VII ғасыр	Санкхья-сутра
Ортадоксалды емес (настикалық бағыттағы) мектептер		
Джайнизм	Махавира Джина (б.д.д. III ғ.).	
Буддизм	Сиддхартха Гаутама Будда (б.з.д. 623 – 524)	
Локаята	Брихаспати (б.д.д. II ғ.).	

Төмендегі №4 кестесінде Үнді философиясының тарихи кезеңдеріне (ежелгі заманнан қазіргі кезге дейін) берілген (Философский энциклопедический словарь, М. 2005).

Кесте №4 – Үнді философиясының тарихи кезеңдеріне көз жүгіртсек:

Кезеңдер	Қарастырған проблемалары мен философтар
б.д.д VII-V	Махаяна буддизмінің негізгі трактатын жасаушылар: Ашвагхоши, Асанги, Васубандху, Дигнага, Рахмакити.
VII-XV ғасырда	Шанкара көзқарасы.
XVI-XVII ғасырда	Гангшей Упадхья негізін салған навья ньяя мектебі. Олар формалды логикалық белгілі бір жүйесін құрды, ақиқат теориясының методологиялық талдауын жасаған.
XVIII-XIX ғасырда	Діни идеалистік дәстүрмен байланысқан ағарту идеясы басым болған. «Жаңа дәуір жаршысы» ақын ойшыл Веман ерте және ортағасырдағы діни философия жүйесін жинақтаған. Философияны діннен тазарту уағыздалды. Аскетизмді жоққа шығарды.
XIX ғасыр	Бұл кезең басында көрнекті ағартушы Раммохан Рай болды
XIX ғ. екінші жартысы.	Үнді философиясының дамуы Британ үстемдігінен ұлттық азат ету жолын іздеумен тығыз байланысты болған. 1875 жылы Д. Сарасвати құрған «Арья самадж» қоғамы «Ведаларға оралу» рөлі артты
XX ғасырдың екінші жартысында	Рационализм және монотеизм, жеке адам белсенділігі және әлеуметтік процесс идеялары уағыздалды. Бұл философиясының өкілі – С. Вевекана.

Үнді дәстүрінде адам жүріп отыратын өмірлік кезеңдер ерекше орын алады. Өмірлік жол төрт биоәлеуметтік кезеңге бөлінеді: біріншісі – білімді болу. Екіншісі – сезімдік ләззат, махаббат (кама). Үшіншісі – парызды атқару – дхарма. Төртіншісі – мокша, алғашқы үшеуіне қарсы тұрады. Бұл биоәлеуметтік кезеңдер үнді дәстүрінде ашрама ұғымын білдіреді. Индияда арий мәдениеті дәстүрінде отбасында ұл баланың дүниеге келуі байлық пен күш әкеледі дегенді білдірген. Олардың ата-анасында жауапкершілік бала туылардан бұрын басталады. Бұл жерде жауапкершілік әркімнің міндетіне, варнасына сай: мысалы, брахмандар – рәсім құпиясын жүргізеді, кшатрийлар – әділеттік пен тәртіпке қарайды, вайшилар жер байлығын көбейтеді. Еркіндік адам мәні ретінде оларды өмірге құштарлықпен жеңеді.

Дхармада интроверттік пен экстравертті өнегелік жауапкершілік түрлері бар. Буддизм философиясында карма теориясы өте терең жан-жақты зерттелген. Карманы құрайтын төрт нәрсе бар:

1. Объект;
2. Мотивация;
3. Әрекет;
4. Аяқталу.

Кармада үш категория бар:

- 1) Бақыт әкелуші белгілер – олар позитивті карма деп аталады.
- 2) Қайғы себебін жасаушы белгілер – негативті карма деп аталады.
- 3) Бақыт та, қайғы да жасамайтын белгілер – нейтральды карма деп аталады.

Егер адам жаман әрекет жасаса, он жаманның үшеуі дене әрекеті, төртеуі-сөз әрекеті, үшеуі – ақыл әрекеті болып есептелген.

Үш дұрыс емес дене әрекетіне жататындар:

- 1) адам өлтіру;
- 2) ұрлық жасау;
- 3) сексуалды әрекет .

Төрт дұрыс емес сөз әрекетіне жататындар:

- 4) өтірік;
- 5) жаман сөз;
- 6) тұрпайы сөйлеу;
- 7) бос сөз сөйлеу;

Үш дұрыс емес ақыл әрекетіне жататындар:

- 8) қызғаныш;
- 9) әдейі қастандық;
- 10) өтірік көзқарас.

Осы өсиеттерді ұстанбау экстравертті өнегелік жауапкершілікке жатады.

Веданта – философиялық толғаныс пен талдауға толы бағдар. Ол мынадай қағидаға сүйенеді: тұтас пен елестеулі дүниенің, күллі дүниенің түпнегізі Абсолютті шындық, Брахман. Ол – бөлінбес тұтас біреу. Әр адамның рухани «Мені», оның Атманы осы түпнегізбен бара-бар.

Санкхья – б.з.б. VI ғ. пайда болды. Қос реализм пракрити мен пурушаны қабылдаған ілім және философиялық жүйе. Ол философия бойынша діни екі бастамадан тұрады: бірі – зат, материя – пракрити, екіншісі – жан, пуруша. Ол екеуі біріне-бірі себепкер, біріне-бірі бастама. Олардан басқа ешқандай себепкер жоқ. Практика бесенді 3 гунадан:

-саттва – қанағаттанудың негізінде жатады, бар жағымды көңіл-күй негізі,

-раджас – әрбір қозғалыс пен өзгеріс негізі,

-тамастан – енжарлықтың негізінде жатады, аморфты, селсоқтылықтан тұрады.

Сонымен қоса санкхья сан танымның объектілерін санау арқылы тану мағынасын береді. Құдайға сенуді жоққа шығарады, себебі оның бар екендігін дәлелдеу мүмкін емес, және дүниенің бар екендігін оның көмегінсіз де түсіндіре аламыз деген, кейбірі құдай сырттай бақылаушы деп таныған.

Йога бағыты – санхьядан шығады. Бірақ олар дүниеде жанды, рухты басты элемент деп есептеді. Олар құдай бар деп, соған шақырады. Олар адамның тынысын, демін, тамақтандыру реттеудің ережесін жасады. Йогалар екі түрге бөлінеді: бірі – өмірден безу, екіншісі – этикалық қатаң тәртіпке жүгініп, өзін тым шектеп ұстау. Ол – адам психологиясы, түрлену азат болу ілімі туралы философия. Ол б.з.б. II ғ. пайда болды. Йога сөзі «шоғырлану» мағынасында қолданылған. Бұл жүйе рухты дене арқылы сыртқы қызметін барлық шектеулерден босатпақ практикалық негіздерге сүйенген. Басты проблема тән мен жан үйлесімін табу, денеге жетуге болады, шынықтыру арқылы жан саулығы мен сергектігін жетілдіру. Йогамен айналысу арқылы жоғарғы қасиеттерді иелеуге болады: мысалы телепатия, көріпкелдік, бір мезгілде бірнеше жерлерде болуға сияқты нәрселерге сенеді. Құдайға табыну самадха күйіне жету құралы ретінде сипатталады (Антология мировой философии в 4-х томах, т.1., М.,1968).

Ньяя философиясы – таным, ілім, логикалық қорытындыларға негізделген бағыт. Олар дүниені тану, сезіну, оны логикалық қорыту арқылы қалыптасады дейді. Жалпы алғанда ньая философиясы тұрпатты материалистік бағытқа жатады. Бұл философия ойлану мен сыни талдау ілімі. Негізгі мақсаты адам өмірін мәңгі азаптан құтқару. Ол үшін адам «Менін» тәндік тәуелділіктен құтқаруы керек. Сенімді және сенімсіз деп ньая танымды екіге бөлген. Сенімді таным төртеу: қабылдау, логикалық қорытынды, салыстыру, куәлік ету. Сенімсізге ес, күдік, қателік, гипотетикалық аргумент жатады. Ньяя философиясында Құдайдың бар екендігі мойындалады, Құдай жаратылыстың алғы себебі деп түсіндіріледі.

Вайшешика философиясы б.з.б. VI-V ғасырда дүниеге келді (айырмашылық сөзінен алынған), негізін салушы Улуда (Кананда). Ол атомистік теорияға сүйенді. Ньяя философиясы сияқты, вайшилер философиясы да этикаға көбірек мән береді. Адамның «мәніне» бостандық беру үшін оны рухани азаптан қыспақтан босату қажет дейді. Бүкіл әлем: от, су, жер, жел атомынан құралады. Қозғалыс сапа емес, қасиет дейді. Бірақ бұл материалистік пікірді олар идеализмге жеңдіреді. Өйткені, атомды да билейтін ырық, күш бар екенін мойындайды. Олар күрделі объектілердің пайда болуы мен жойылу тәртібін, олардың мәңгі еместігін түсіндіруге көңіл бөлінеді (Древнеиндусская философия, 1972).

Миманса – таным теориясы, метафизика, этика және теология мәселесімен айналысқан. Миманса сөзі «кейбір мәселелерді ойлану және сыни талдау арқылы шешу» деген мағына береді. Оның пәні карма немесе рәсім салт мәселелері, бастапқы проблемасы ведалық салт рәсімді қолдану және қорғау. Басты мақсаты – Ригведа әнұрандарын айтып, құдайларға арнап, құрбандық шалу рәсімін рационалды орындау. Бірақ олар жаратушы Құдайдың бар екендігін мойындамаған. Ведалар мәңгі ақиқат, оны ешкім жазған жоқ, ақиқаттығы аян дегенге сенген. Олар үшін жан мәңгілік субстанция. Кармадан азат болуға ұмтылады. Ендігі кезекте ортадоксалды емес мектептерді қарастырайық: Олар жайнизм, буддизм, локаята.

Жайнизм («жина», «жайна» – мәні «жеңімпаз») сөзінен алынған, ол – этикалық ілім, негізгі мәселесі – адам жанын тән қыспағынан, құлдықтан босату, сондықтан, мақсаты жанды денеден ажырату, оған еркіндік беру – қасірет деп түсінетін өмірден азат болу.

Жайнизмнің негізгі философиялық көзқарастары “Сиддханта” деп аталатын кітаптар жинағында берілген (б.д.д. III ғ.). Жайнизм **сансараға** (жанның бір денеден екінші денеге көшіп жүруі), кармаға (әділ жаза заңдылығы) және **мокшаға** (жанды қасіреттен азат ету) сенеді. Жайнизмнің ілімінше, карма заңын құдайларға құрбандық шалып, өзіне қаратуға болмайды. Жанның бұрынғы өмірде жасаған келеңсіз істерінің салдарын осы өмірді жеңуге болады. Ол үшін сансарадан құтылу қажет. Жайнизм материяны жансыз дүние затына жатқызды. Жайнизмнің ұстанған тәртібі буддизмнен де қатаң. Мәселен, ахимса принципі. Мәнісі ешбір тірі жәндікке кішкентай да зиян келтірмеу. Олар жер жыртуды қуаттамады, оған қарсы. Бұл аскетизмге, тіршіліктен безуге әкелді. Жайналықтар әлемді тіршілігі бар және тіршілігі жоқ деп екіге бөледі (Молдабеков Ж.Ж., 2001).

Тіршілігі жоқ (аджива) әлем атомдардан (ану) тұратын материядан (пудгала) құралады. Олар бір-бірімен қосыла, бөліне алады. Оларға, сонымен қатар, кеңістік (акаша), уақыт (кала), орта және қозғалыс жатады.

Жайнизмде мокша ұғымы тіршілік пен тіршілігі жоқтардың арасын толығымен алшақтатса, карма оларды біріктіреді, сөйтіп, мәңгі әлемдік процесс жүріп жатады. Карманың өзі көп түрлі болады. Оның бірі денеміздің табиғатын, бізді дүниеге әкелген жанұямызды айқындаса, екіншісі өмірдің ұзақтығын, үшіншісі – тіршілік пен тіршілігі жоқтарды біріктірудің негізі болып есептелетін құштарлыққа, ләзаттануға қатынасты айқындайды. Ал сансарадан азат болу үшін “үш қазынаны” сақтау керек. Олар: дұрыс қылық, шынайы білім, дұрыс сенім.

Дұрыс сенім – тиртханкалар деп аталатын 24 әулиенің іс-әрекетіне сену болса, дұрыс қылық – тазалықты, шындықты, сабырлықты, өзіне қаталдықты, салмақтылықты т.б. сақтау. Ал шынайы білім – жанның сезім мүшелері мен ақыл-ойға сүйенбей алған білімі. Мұндай танып-білу процесінде жан қарастырып отырған заттармен тікелей байланысады. Ал түйсіктер, ақыл-ой болса, мұндай байланысқа кедергі жасайды (Радхакришнан. Индийская философия, М.,1956).

Танымның үшінші түрі өз тарапынан үш сатыдан тұрады. Бірінші сатысында – жан алшақтығы және ұсақ заттарды түйсінеді, екінші сатысында – өз бойындағы адамдарға деген қызғанышты, жек көрушілікті жеңген жан адамдардың қазіргі және өткен кездегі ойларын тікелей білуге мүмкіндік алады, ал үшінші сатысында – азат болған жанға көрегендік қасиет, абсолюттік білім дариды. Жайналардың пікірінше, әлем бірінің үстіне бірі орналасқан көп қабаттан тұрады:

- төменгі екі қабатында – әзәзіл (перілер),
- ортаншы қабатта – жер, келесі қабатта – құдайлар,
- ең жоғарғы қабатта – құдайларға ұқсас джиндар орналасқан.

Шындап келгенде, жайналардың пікірінше, құдай жоқ, оның бар екендігі туралы келтіріп жүрген дәлелдердің бәрі негізсіз, қате, сондықтан да құдайға емес, 24 тиртханкараға (әулиелер) және джиндарға сену керек. Жайнизм кейінірек келе дигамбар және шветамбар деген екі сектаға бөлініп кетті. Жайнизмге Үндістанда қазірдің өзінде де көптеген адамдар сенеді.

Буддизм – біздің заманымызға дейінгі IV-V ғасырларда діни ілім ретінде дүниеге келді. Буддизм христиан, ислам діндері сияқты дүниежүзілік ірі діндерге жатады. Оның негізін салған Сиддхартха Гаутама Будда (б.з.д. 623 – 524). Буддизмде төрт басты мәселе бар:

1. Өмір – қасірет. Өмірге келу, кәрілік, ауру, өлім, жақсы көрген нәрсеңнен айрылу, қажетіңе жете алмау т.б. – осылардың бәрі – қасірет;

2. Қасіреттің пайда болуы туралы ақиқат;

3. Қасіреттің пайда болу себебі – өмірден ләззат алуға деген құштарлық екенін түсініп, олардан құтылу арқылы оны жеңуге болатындығына сену;

4. Құштарлықтан құтылу жолдарын білу. Құштарлықтан құтылу оңай емес, ол үшін сегіз әдептілік қағиданы бұлжытпай орындау арқылы жанды таза ұстауға тырысу қажет. Бұлжытпай орындалуы тиіс сегіз әдептілік қағидасы:

1. Дұрыс және шынайы сенім – төрт ақиқатты дұрыс түсіну, «дүние қайғы-қасіретке толы оны тоқтату үшін құмарлықтан бас тарту керек», деген - Будда сөзіне құлақ асу;

2. Дұрыс шешім – төрт ақиқатқа өз өмірін айтпау біреуді босқа жамандау, балағат сөз айтпау;

3. Дұрыс зейін аудару, шыншыл болу, айтатын сөзіңді мұқият қадағалау, ол сөздер зұлымдықтан ада болуы тиіс;

4. Дұрыс іс-әрекет – ешқандай тіршілік иесіне жамандық жасамау, ұрлық-қарлықтан қашық болу;

5. Дұрыс күш жұмсау – құмарлықпен, жаман оймен күресу;

7. Дұрыс ой бағыты – бұл дүниенің жалған, алдамшы, уақытша екенін түсіну;

8. Дұрыс жинақтала білу – өз денеңді сезінуден, ойлаудан, түйсінуден арылу.

Дұрыс жинақтала білудің өзі төрт сатыдан тұрады:

1. Ойды 4 ақиқатқа түсініп, пайымдауға бағыштау;

2. Осы төрт ақиқатқа сену. Ол біздің жанымыздың тыныштықта және қуанышта болуына мүмкіндік береді;

3. Қуаныш-қайғыдан, өз денеңді сезінуден арылу;

4. Толық сабырлық және талғаусыздық жағдайға жету. Соңғы сатыны будда “нирвана” деп атайды. Нирвана – қайта тірілуден құтқару. Нирвана мөкшаның өзгерген түрі. Тек нирвананың мөкшадан айырмашылығы, мөкша жанды қасіреттен о дүниеде азат етсе, нирвана – бұл дүниеде азат етеді. Нирвана жағдайына жеткен адамды архат (қадірлі, құрметті адам) деп атайды. Нирвана, архат жағдайына жеткен адамды брахман деуге де болады. Олай болса, нирвана – ең жоғары ләззат. Кейін келе, нирвана ұғымы адамның бойынан бүкіл әлемдік көрініске ауысады. Әлемдегі нирвана мәңгі, оны ешкім

дүниеге әкелмейді және пайда болуының себебі жоқ. Әлемдік нирвананы сезім мүшелері арқылы қабылдау мүмкін емес, оны тек қана дұрыс жолмен жүрген, ақыл-ойы таза, күнделікті қызықтан алшақ адам танып-біле алады.

Кейінірек келе, ол дінге айналып, екі ағымға бөлініп кетті. Хинаяна – “кіші шеңбер” деп аталатын ағым алғашқы буддизмге жақынырақ болса, махаяна – “үлкен шеңбер” деп аталатын ағым – архаттан гөрі “бодхисатваны” пір тұтады. “Бодхисатва” – архатқа жетпеген бірақ толық білімге жетуге талпынып жүрген адам. Ол білгір адамнан гөрі дін уағыздаушы адамға көбірек ұқсайды. Өзінің ерлігімен, батырлығымен ол тек өзін ғана құтқармайды, өз күшімен нирванаға жете алмайтындардың бәрін құтқарады. Сөйтіп, нирвана өзінің бұрынғы мағынасынан айрылып, “жұмақ” ұғымға пара-пар ұғымға айналды. Буддизмге сенушілер Үндістанның өзінен гөрі одан тыс мемлекеттерінде көп кездеседі (Қытай, Жапония, Бирма, Цейлон т.б.). Ал Үндістанның өзінде буддизмнің орнын брахманизм басады да, буддизмдегі будда вишну құдайдың бір көрінісі болып қалады (Молдабеков Ж., Қасабек А. Шығыс философиясы: оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2001. – 302 б.).

Азияның көптеген елдерінде буддизм қазіргі кездің өзінде қоғамдық және жалпы мемлекеттің өміріне елеулі ықпал етіп отыр. Бұл елдердің бірқатарында буддизм мемлекеттік дін болып есептеледі. Империалистер буддизмнің ықпалын ескере отырып, бұл дінді өзінің реакцияшыл саяси мақсаттарына пайдалануға тырысады. Соңғы он жылдықта необуддизм немесе метабуддизмнің бірқатар жаңа бағыттары пайда болды.

Қазіргі уақытта будда ұйымдары Азия елдерінде әртүрлі әлеуметтік рөл атқарады. Олардың кейбіреулері отаршылдыққа қарсы, ұлттық тәуелсіздік үшін күреске белсене қатысуда. Біздің елімізде будда ламаиттердің ізін куушылардың шағын топтары Қалмақ, Бурят, Тува АССР-лерінде тұрады. Буддизмнің көзқарасына дүниеден безушілік, жеке даралық тән. Қанаушы қоғамда байлық, күш, өкімет кімнің қолында болса, соған жалбырыну жер бетіндегі азап шеккені үшін күнәдан құтқарады деп түсіндіреді. Сондықтан адам өткінші, жалған өмір сүретін мысал денесін ойламай, мәңгі өмір сүретін жанын құтқарудың қамын ойлауы керек. Бұл - қанаушылармен келісуді уағыздайтын буддизм дінінің реакциялық жақтарынан бірі. Ол дінді қабылдаған елдердің өміріне едәуір ықпал жасады. Буддизмнің таралуы синкретикалық мәдени комплекстердің құрылуына әсер етті. Бұлардың жиынтығы будда ұйымы - 1950 ж. құрылған буддашылардың дүниежүзілік бауырластығы.

Чарвака-локаята мектебінің негізін салған **Брихаспати**. Лока – “аймақ, ел, кеңістік, әлем, жер, өмір” деген мағына береді. Локаята – о дүние бар дегенге сенуді, құдайға сене беруді бос қиял, жалған сенім деп ұғындырады. Табиғаттағы заттар: ауа (жел), от (сәуле), су, жерден тұрады, өлген организм ыдырап, алғашында өзін құрған бөлшектерге айналады, - дейді. Ләззат азат бірлікте. Азапты жою мүмкін емес, бірақ оны жеңілдетуге, азайтуға болады дейді. Локаятаның шығу себебі – ежелгі рулық қоғам ыдырап, таптық қоғамның, мемлекеттің пайда болуы. Сонымен қатар, жаңа әлеуметтік топтардың;

сауда, қол өнер, жер өңдеумен айналысатындардың пайда болуы. Олар бұрынғы топтар: діни адамдарға (брахмандар), әскери адамдарға кері бағытта пайда болды. Локаяттар веда ілімдерін жоққа шығарады. Осы тұрғыдан веда дінін, оның беделін, ғұламаларын, ілімдерін сынға алады. Веданың дінбасылары, локаятиктердің пікірінше, халықты алдап, соның арқасында байып жүр. Локаяттардың пікірінше, дене өлгеннен барлық денелер заттар махабхут деп аталатын 4 түпнегізден тұрады. Олар: ауа (ваю), от (агни), су (ап) және жер (кшита), (Чанышев А.Н. Курс лекций по древней философии, М.,1981).

Махабхуттар өзіне тән күштің, белсенділіктің арқасында өзара байланысқа түсіп, бірігіп, ыңғайы келгенде, бұрын жеке алғанда бұрын өздерінде жоқ қасиетке – санаға айналады. Ал денелер өлгенде, олар қайтадан өздерін өмірге әкелген махабхуттарға бөлшектенеді, ал бөлшектенген махабхуттармен бірге сана да жойылады. Локаяттар өмірдің мәні бақытта, ал бақыттың өзі – ләззат деп түсінген. Олардың түсінігінше, ләззат пен қасірет байланысты, бірақ, қасірет буддизмдегі сияқты өмірдің мәні емес, оны толығымен жою мүмкін емес, оны азайту, жеңілдету өз қолымызда.

Кейінірек келе, локаяттар сушикси (нәзік) және дхурта (тұрпайы, дөрекі) деп алатын екі салаға бөлінеді (Мырзалы С., Алматы, 2008).

Үнді медицинасы. Үнді медицинасы – бұл дәрігерлердің дәстүрлік медицинасының негізгі бағыттары аюрведальық екі көне жазбада көрсетілген. Үнді медицинасы туралы көптеген түпнұсқалық еңбектер болған, солардың ішінде бастылары: Чарака-Самхита және Сушрута-Самахита деп аталатын кітаптар. Алғашқы кітап Чарака-Самхитада негізінен ішкі аурулар туралы, оларды емдеу тәсілдері мен қолданылатын 600-ге жуық өсімдіктерден, жануарлар ағзаларынан, минералдан жасалған дәрі-дәрмек сипатталады. Аурулардың пайда болу себептері бұрынғы заманда қалыптасқан жоғары күштерден деген ұғымнан гөрі қоршаған ортамен тығыз байланысты делінген және адам денсаулығы үш заттың: ауаның, оттың, судың бір-біріне әсер етуі деген.

Сушрута-Самахита кітабында аурудың түрін анықтау үшін сырқат адамнан сұрау жүргізу керектігі жазылған. Денесінің қызуын, тері және тіл түсі, өкпе дыбысы мен аурудың дауыс өзгеріске көңіл бөлінуі керек екендігі жазылған. Бұл кітапта функционалды бұзылыстар, емдеу әдістері, тамақ ішуді реттеу, дәрі-дәрмек қолдану және оташылдық әдістер қолданатыны да жазылған (www.medzdrav.ru-сайтынан).

§2.2. Ежелгі Қытай философиясы және медицина

Әлемдік деңгейдегі қазіргі таңдағы ұлы державаның бірі Қытай философиясы даналыққа толы маржан философияға бай. Ежелгі қытай қола дәуірінен темір дәуіріне өтуіне байланысты ауылшаруашылығы мен қала тұрғындарының еңбектерінің бөлінуіне, ақшалай-тауарлық қатынастардың қалыптасуына, ой және дене еңбектерінің бөлінуіне, әртүрлі сатыдағы әлеуметтік топтардың пайда болуына әкеліп соқтырды. Мемлекет басшысы – әрі монах, әрі абыз және жалғыз ғана жер иесі болды. Әртүрлі рангтағы аристократиялар мемлекеттік

қызметте болды. Олардан кейін әлеуметтік сатыда – рубасылары, отбасылары тұрды. Ал құлдар болса, олар жануарлар сияқты әлеуметтік сатыдан тыс қалды. Заң болған жоқ, сондықтан, әлеуметтік сатыда жоғары тұрғындардың өктемдігінен ешкім тыс қала алмады. Бірақ мемлекет басшысының (ван) алдында әртүрлі әлеуметтік сатылардың бәрі тең болды. Халық арасындағы қарым-қатынас күрделі, шым-шытырық ритуалдарға негізделді. Қытайлардың сол кездегі дүниетанымдық көзқарастары “бес кітап” (у де цзин) аталатын кітаптарда шоғырланған. Бұл кітаптар өздерін білімді санайтын әр адамның көзқарастарын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды (Антология мировой философии, т.1., М.,1968).

Қытай философиясындағы дүниетаным сипаттары:

- Көк Аспан мен Жер арасындағы жауапкершілікті әр адамның сезіне білуі тарихты цикл деп ұғыну,
- адам мен табиғат ғарышты біртұтас деп қабылдау,
- жаңалыққа деген үрей мен өткенді дәріптеу,
- ұжымдық сана, мемлекетке құрмет,
- император билігі құдіретті деп санау,
- субординацияның таралуы(басшы мен бағынышты арасында),
- бұл дүниендегі өмірді дәріптеу,
- конформизм, тыныштыққа сүйену және ата-анаға құрмет.

Қытай философиясы соған дейін қалыптасқан мифологияны, одан соң діни көзқарасты сынаудан, ғылыми сананың қажеттігін сезінуден басталды. Ежелгі Қытай философиясы біздің заманымыздан бұрын пайда болды, ол идеологиясы мен саясатында екі бағыт айқындала бастады: консерваторлық және прогресшілдік, бірі – мистикалы, екіншісі – атеистік бағыттар. Ертедегі Қытай философиясында 6 бағыт бар: конфуцийшілдік, моизм, даосизм, легизм, натурфилософия, атаулар мектебі.

Конфуцийлік бағыт басты рөл атқарады. Оның негізін салған адам – Конфуций (б.з.б 551-479 жж). Ертедегі Қытай мәдениетінің дамуында оның атқарған рөлі ерекше. Ата-анасынан ерте айырылған ол тек 15 жасында ғана білімге құштарлық танытады, ал 50 жасында өз мектебін қалыптастырады. Оның көптеген ізбасарлары болған. Нәресте туылған кезден сәтте үлкендер ұлы адам болатынына сенімді болған. Егер ежелгі дәстүрге сенетін болсақ денесінде ұлылықтың 49 белгісі болған. Әкесі Конфуций үш жаста болған кезде қайтыс болады. Жас ана бүкіл өмірін, бар махаббатын баласына арнайды, анасының өмірлік тазалығы мен тәрбиесі Конфуцийдің мінез-құлқының қалыптасуына негіздік етті. Ерте жастан Конфуций көріпкелдігімен ершеленетін: іс-қимылдарды білу, музыка тыңдай білу, садақпен ату, ат-арбаны қолдана білу, оқу және жазу ілімін үйрену. Білімге құмар ол түрлі ғалымдардың жазбасымен танысты, 17 жасында мемлекеттік шенеулік қызметін атқарды.

Конфуций мектебінде төрт ілім оқытылатын, олар: адамгершілік, тіл, саясат, әдебиет. Оқытушының атақ-даңқы жер шарына тарала бастады. 50 жасында сот министрлігі лауазымын алды. Сол кездегі ең жауапкершілікті

қызметтердің бірі. Бірақ көп ұзамай бұл қызметінен бас тартып, ел аралай бастады. Барлық жерге өз білімін таратқан Конфуций былай айтатын: “Менің міндетім барлық адамдарға бірдей таралады, мен жер басқан барлық адамзатты бір отбасының мүшелері ретінде санаймын, Ұстаздық қызметімді барлығына тарату, міне менің міндетім”. Өз өмірін айтқысы келмейтін. Сұрағандарға бірнеше сөйлеммен жеткізетін:

- «15 жасымда бар қызығушылығымды білімге аудардым;
- 30 жасымда сенімді, тұрақты негіз орнаттым;
- 40 жасымда барлық сенімсіздіктерден арылдым;
- 50 жасымда Аспанның еркін таныдым;
- 60 жасымда шындық пен өтірікті айыра бастадым;
- 70 жасымда өз жүрегімнің қалауымен жүрдім, бірақ дәстүрді бұзбадым».

Конфуций ілімінің бірнеше нақыл сөздері:

- «Ең ақылдылар мен ең ақымақтар ғана өзгермейді, ежелде адамдар өздерін тану үшін оқыса, қазір өзгелерді таң қалдыру үшін оқиды»,
- «Ойлан уәде бергенің іске асырыла ма, уәдең – міндетің»
- «Біздің кемістігімізді айтқанда, қабылдау – қарапайымдылық, достарына айтқан – кеңпейілділік, өзгеге шашқан – өркөкіректік».

«Халықты күштеп бағындыра аласың, бірақ күштеп білімге тарта алмайсың» (Конфуций. Беседы и суждения. – СПб., 2001).

Түрлі қасиетті салтанаттарға сай дәстүрлерді сақтауды жақсы көретін, өзінің жасындағы құрдастарынан ерекшелігі, ол ертеден кешке дейін ақсақалдар мен көсемдердің әңгімесін тыңдауға құмар болатын. Өз өмірінде Конфуций төрт ұстанымды қатаң ұстады:

1. Бос қиялға салынбау;
2. «Мен білемін» дегендіктен аулақ болу;
3. Қасарыстық көрсетпеу;
4. Өзінің жеке басы жайлы ойламау.

Конфуций шәкірттерінің саны 3000 болып, олардың 72-і ерекше жақын, ал 12-сі үнемі қасында жүрген. Ол бірнеше кітаптар құрастырды («Өлеңдер кітабы», «Көктем және күз» жылнамасы, «Сұхбат және пікір айту») т.б. Конфуцийдің «Ұлы ұғыну кітабы» 75 қатардан тұрады. Оған 1546 түсіндірме жасалған. Ол үш түрлі байланыстылықты жақтап көрсетеді:

- бастық пен бағынышты арасындағы байланыс;
- әке мен бала арасындағы байланыс;
- ері мен әйелі арасындағы байланыс.

Осы үш салада үстемдік ететін біріншілер. Мақсат – императордың билігін заңдастыру еді. Оның ұстаған жолы:

- әділеттік,
- табиғатты сүйу,
- әдет-ғұрыпты сақтап, сыйлау.

Бұл кітаптарда Қытай мәдениеті жинақталған. Мәселен, ол: «Барлық адамдар өздерінің табиғаты жағынан бір-біріне жақын, ал айырмашылық-

тары тәрбие барысынан туындайды», – дейді. «Жазаны білу үшін – ескіні зерттеу, ойлаусыз өкіну – бекер іс, оқымай ойлану – бос әрекет» деген болатын. «Өзіңе қаламайтынды, басқаға жасама. Сонда мемлекетте қастандық жоғалады, сондай-ақ ол жанұяда да болмайды», – деді. Конфуций философиясында ескі мән жаңа бірдей, араласып кездеседі, басты назар этикаға, адамгершілік мәселелеріне аударылады. Бұл бағытты қолдаушылар Мэн-цзы, Сюн-цзы. (Чанышев А.Н. Курс лекций по древней философии, М., 1981).

Идеализм мен мистикаға қарсы күресте даосизм ілімі, былайша айтқанда, **дао жөніндегі даосизм** (IV – Vғ.) ілімі дүниеге келді, негізін салушы Лао-Цзы деген ойшыл. Дао бірінші мағынада мәнсіз, түссіз, шексіз, мәңгі қозғалыстағы тіршілік атасы, заттардың түпнегізі және екінші мағынада әділдікке апаратын жол ұғымын береді. Лао-Цзының пікірінше, табиғат пен адамдарды басқаратын – Көк Аспан емес, «Дао – заттардың табиғи өну, өсу, өшу, ол цзы субстанциясымен бірге әлемнің негізін құрайды, деді – Бүкіл әлем сол заңға бағынады». Лао-Цзы пікірі бойынша, адам заттардың табиғи даму процесіне араласпауы қажет. Барлық тіршіліктегі болмыстар биболмыстан жаралған, болмыс биболмыстан тарайды. Даоның жүрмейтін жері жоқ. Дә адам тіршілігінде «у-вэй» ұстанымы арқылы адам мен табиғат арасындағы үйлесімділікті табуға негізделеді. Дә – даоның шығармашылық қуаты, құбылыстар әлеміндегі сипаты. Даоны іске асыру үшін қарапайым өмір сүру мен жанды қанағаттандыру керек. Дао абсолютті қанағаттану мен бастапқы табиғилықты ардақтайтын қайнар көз. Шын данышпан білімді іздемейді, оны ойлап табады, біледі. Сөйтіп, ертедегі Шығыс философтары көп нәрсені айтып қана қоймайды, оның себептерін іздейді. Брахман – дүниенің себептері деген Үнді философтарының пікірі де осыған ұқсас. Болмыс пен биболмыс, жекелік пен көпшілік, мәңгілік пен мезгіл, өзгеріс ойды оятады, дінмен бірге күресте таным дамиды, дейді. Сонымен қатар, ертедегі Қытай философиясы мен мәдениетінде көтерілген мәселе – адам проблемасы. Адамдар мен құдайлар арасында белгілі бір заңдылық негізінде байланыс бар деп есептеді. Лао-Цзы ілімі қайшылықтары көп ілім. Бір жағынан, ол кертартпа рөл атқарып, ескілікті көксесе, екінші жағынан, ілгері жүруді жақтайды, дамуды қолдайды (Онтология даосской философии, 1994).

Моизм – Конфуций іліміне қарама-қарсы Мо-Цзы (б.з.б. 479-400 жж.) философиясы пайда болды. Мэн Шэн атты ойшылда кейіннен бұл мектепке өз үлесін қосқан. Ол күні бұрын белгіленетін өмір жоқ, әрбір адам тағдыры оның іс әрекетінен, «жаппай сүйіспеншілігінен» туындайды, дейді. Біздің барлық біліміміз екі нәрсеге: сезімге (у-лу) және ойлануға (син) байланысты дейді. Танымда көп жағдай ат қоюдан туындайтынын айтады. Мәселен, жалпы атау, рулық атау, жеке атау бар, дейді олар. Жеке атау нақты затты басқалардан бөліп қосуға мүмкіндік береді. Мо-Цзылықтар янь (пікір айту) категориясын, былайша айтқанда, логикалық әдісті қолдады. Олар жаугершілік соғысты адам баласына жасалған ұлы қастандық деп қарады. Сонымен, қатар, олар музыкаға да, еңбектенуден алаңдатады» деп қарсы болды (Асмус В.Ф., 1975).

Натурфилософия – Ертедегі Қытай философиясындағы тұрпайы материализм бағыты. Өкілдері: Цзы-вэй, Цзоу Янь, Чжан Цан. Конфуций ілімінің материалистік бағытын қолдады. Ол Көк Аспандағы нақты заттар ретінде: жұлдыздар, күн мен ай, жыл мезгілдері, жарық пен қараңғы, жел мен жауын деп түсінді. Аспан әлеміндегі түрлі құбылыстар белгілі заңдылықпен жүреді, деді. Таным сезімнен басталады, ал сезімді тудыратын табиғи заңдылықтар. Сана (син) сезімді билейді. Адам табиғатында не жақсы, не жаман қасиеттер жоқ. Олар кейін пайда болады. Ал данышпан адам Конфуций дағдысы бойынша жақсы қасиеттерді тәрбиелейді (Фэн Ю-лань. Краткая история китайской философии. СПб., 1998).

Атаулар мектебі – болмыс пен бейболмыс, олардың мәні және арақатынасы жайында жүргізілді. Бұл мектептің ойшылдары – Дэн Си, Хуей Ши, Гунсунь Лун. Атаулар мектебінде түрсіз, түссіз бейнеленбейтін, ретсіз әлемде екі рух пайда болды; олардың бірі – Аспан, бірі – Жер. Биболмыс – ретсіз космос әлемін бейнеледі. Ең жоғарғы Брахман – бұл мәңгі қозғалыстағы өзгермейтін, жойылмайтын болмыс, ешқашан тумаған, өлмейтін құбылыс. Ол әрі мәнді, әрі мәнсіз, табиғи нәрселерден аулақ. Дәл осындай пікір Қытай философиясында да орын алған (Древнекитайская философия: собрание текстов в 2-х томах, М., 1972).

Легизм – фа цзя мектебі. Оның негізін салғандар: Хань Фэй Цзы, жалғастырушылар Ли Куй, У Ци. Легистер мемлекетті тек қана заңға сүйеніп басқаруға болады, себебі, “мейірімділік пен адамгершілік” қылмысқа апаратын бірден-бір жол, ал шын қайырымдылық өзінің бастамасын жазалаудан алады деп уағыздайды. Сөйтіп, легистер ар-ожданның орнына қорқынышты дәріптейді. Елде тәртіпсіздік болмас үшін:

1. Мақтаудан жазалау көп болу керек;
2. Аямай жазалау арқылы халық арасында үрей тудыру қажет;
3. Ұсақ қылмыс жасағандарды аямай жазалау керек, сонда олар бір-біріне сенімсіздік тудыруы керек;
4. Адамдар арасында бір-біріне сенімсіздік тудыру керек. Осы қағидаларды бұлжытпай орындағанда ғана халық билеушінің айтқанын екі етпей орындайды және керек болса, өлімге де барады (Мырзалы С, 2001).

Қытай медицинасы. Қытай медицинасы – оларда адам денсаулығы инь мен ян заттарының тепе-теңдігіне байланысты, ал ауырудың басталуы осы заттың бір-бірімен байланысының бұзылуынан деген, ал ауру түрлерінің көптігі адам тәнінің ерекшеліктерімен сыртқы ортамен кең тұрғыда қатысуымен, олардың бір-біріне қатты әсер ететіндігінен делінген.

Қытайда дәрігерлік өнерінің ең жоғарғы деңгейіне жету – тамыр соғу туралы ілімнің қалыптасуы. Қытайлық дәрігерлер тамырдың соғуын адам денесінде 9 жерде орналасқан нүктелерден білуге болады және де оларда инемен емдеу және белгілі нүктелерді күйдіру арқылы емдеуге болады деген. Мысалы ұйқы бұзылуын бірінші және екінші саусақтың сырт жағынан түбіне қарай ине шаншумен емдейді, осылай өмір нүктелері арқылы адам денесінде көптеген нүктелердің маңызы зор екенін ағзаларда атқаратын әртүрлі қызметін

реттейтін қасиеті бар. Нейцзин трактатының «Линшу» деген бөлімінде 295 нүкте таныстырылған. Алғашында инелерді тастан, сүйектен және бамбуктен жасаған. Кейін металдардан: қола, күміс, алтыннан жасалған.

Нейцзин трактатында инелердің 9 түрі келтірілген, үші дөңгеленген ине – ұқалауға, ұшы үшкір – шаншуға, ұшы үш қырлы – көк тамырдан қан алуға, қанжар іспеттес ине – жарадан ірің шығаруға, үшкір дөңгелек ине – тез шаншуға, ұзын ине 20 см – қалың бұлшықетке шаншуға, үлкен ине – буынды емдеуге т.б. арналған. Қытайда б.д.д. 4-3 ғғ. Хуа То атты мықты дәрігер болған, оташылдықты дамытқан 110-208 жылы сынықты емдеген, бас сүйекке, ағзаларға ота жасаған. Оның емдеу техникасына:

- хирургиялық оталар,
- ине шаншумен ем,
- күйдіру
- емдеу гимнастикасы кірген.

Медициналық еңбектері: «Сборник различных рецептов», «Руководство по лечебной гимнастики», «Трактат по диетологии», «Пособие по методом прижигании»[Древняя медицина, 1965].

Кеуде қуысына ота жасауда жансыздандырушы мандыра, гора шөбін және инемен шаншуды пайдаланған. Одан қалса, аурудан сақтану әдісі ретінде ұқалау, сипалау, дене шынықтыру кеңінен қолданылған, сонымен қатар, аурудың алдын-алудың бір әдісі 12 шешек ауыруынан сақтану үшін балаларға шешекпен ауырғандардың жарасының қабығын алып танауларына жағатын болған [Биғалиева Р.К., 2004].

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Қытай философиясының өзіндік ерекшелігі неде, қандай тарихи оқиғалар орны алды?
2. Қытай философиясындағы мектептерді атап, ерекшеліктерін табыңыз?
3. «Цзюн цзы» (ізгі адам) мен «Сяо-жень»(надан адам) айырмашылығы неде?
4. Конфуцийдің «үш байланыстылығы мен бес тұрақтылығын» атаңыз?
5. Конфуцийдің 3 ұстанымын қалай түсінесіз?
6. Даосизм мектебінің негізін қалаушы кім, даоның екі мән-мағынасын көрсетіңіз
7. Даосизмнің этикалық-саяси көзқарастарының ерекшеліктері қандай?
8. «Фа-цзя» мектебі адамның табиғатын қалайша түсінеді?
9. Натурфилософия мектебі
10. Ин-Ян концепциясын қалай түсіндіңіз
11. Үнді мифологиясындағы «Сансара», «Карма», «Мокша» ұғымдарының мағынасын көрсетіңіз?
12. Үнді философиясының ортадоксалдық мектептері
13. Үнді философиясының ортадоксалдық емес мектептері
14. Каста, ахимса дегеніміз не?

15. Буддизм мектебі?
16. Зардап шегудің себептері неде?
17. Қазіргі Үнді философиясының көрнекті өкілдерінің (М. Ганди, Р. Тагар, Ш. Ауробильдо, С. Радхакришнан, С. Витвеколланда) көзқарастарын салыстыр.
18. Нирванаға қалай жетуге болады?
19. Үнді мифологиясындағы негізгі Құдайлар мен негізгі ұғымдарды атаңыз, мысалы: Индра – найзағайдың құдайы; Митра күн құдайы; Варуна –..... құдайы; Агни – ненің құдайы?, Яма – ?, Тапас – ?, Пуруша – ғарыш адамы, рух, жан; Карма –.....құрайтын жан-дүние; Сансара – ғарыштағы қысылған,әлемі; Мокша – жүзілік рухқа қосылуға мүмкіншілік алу; Дхарма – заң құдайы.

III ТАРАУ. ЕЖЕЛГІ ГРЕЦИЯ МЕН ЕГИПЕТ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ МЕДИЦИНА

§3.1. Ежелгі Греция философиясы

Көне Греция философиясы б.з.б. V-VI ғғ. гректің қала-мемлекеттерінде, солтүстік Италияда, Сицилия аралындағы қалаларда, Афины қаласында дүниеге келді. Көне Греция философиясы «антикалық философия» деп те аталады (грек тілінде antique – «көне» деген мағынада аударылады), өз маңызын әлі күнге жоймаған, себебі эллиндердің өмірінен практикалық өмірге бейімділік, білімге деген таусылмас ұмтылыс әдемілік пен әсемдік орын алған. Римде философия б.з.б. II-I ғғ. қалыптасты. Бұл кезең ертедегі грек елі мен Римде құлдық қоғамның шырқау кезі, Афина демократиясының гүлденген дәуірі еді. Грецияда мәдениет, медицина, поэзия, драматургия, мүсіндеме, философия қарқындап дамыды. Басқа елдердегі сияқты, Грек философиясы мифология негізінде бастау алды. Грек мифологиясы – осы күнгі уақытқа дейін адамзатты таңғалдыратын мәдени құбылыс. Ол – бүкіл Еуропа өркениетінің іргетасына сіңген, бүкіл ағарған адамзаттың рухани өміріне осы уақытқа дейін ықпалын тигізіп, шығармашылық шабыт туғызатын көне мәдениет туындылары. Греция жерінде ғұлама ойшылдар, алғашқы философтар, әмбебапты энциклопедист, ғалымдар көптеп шықты: Гомер, Эсхил, Аристофан, Софокл, Геродот, Ксенофонт, Демокрит, Сократ, Платон, Аристотель және т.б. дүниеге келді. Бұл белгілі дәрежеде қалыптасқан философияның тұрпайы болса да, алғашқы кезеңіне жатады. Антикалық философия 4 кезеңнен тұрады:

1. Сократқа дейінгі кезең (Ерте грек философиясындағы онтологизм немесе натурфилософиялық кезең – б.з.д. VII-V ғғ.). Бұл кезеңде табиғат құбылыстарын түсіндіру, түпнегізді түсіндіру, космостың мәні проблемалары қарастырылған.

2. Классикалық кезең (Сократ, Платон, Аристотель) – б.з.д. V ғғ ортасы мен б.з.б. VI ғғ. Негізгі мәселесі табиғат пен космос жаратылысы идеясында құдайдың қатыстылығын мойындайды, тіршілік туралы идеалистік ілім, адам мен қоғам мәселелеріне көп көңіл бөлінген, логика дамыған.

3. Эллиндік кезең – б.з.д. IV соңы -II ғғ. – моральдік және философиялық құндылықтардың дағдарысы, мемлекет беделінің төмендеуі, дүниеге материалистік көзқарастың басымдығы, жеке адам ләззаты, бақыты мәселелері терең қаралады.

4. «Римдік философия» кезеңі, кей деректе ол «соңғы эллинизм кезеңі» (б.д. II-III ғғ.) деп аталып жүр, бұл кезеңге неоплатондық бағытты жатқызып, өкілдеріне Плотин мен Порфирий, Тит Лукреций Карді, кейінгі стоялықтарды атаған. Бұл кезеңге тән ерекшелік:

- ежелгі грек пен рим философиялық көзқарасының бірлігі,
- табиғат мәселелеріне, адам мен қоғам мәселелеріне аз көңіл бөліну, эстетикалық көркею,
- өлім мен о дүние мәселелеріне қызығушылықтың артуы,
- философиялық алаңсыздық – атараксия, идеализмнің басымдығы,

- ерте христиандық идеялардың біртіндеп философиялық ілімдерге айнала бастауы.

Енді әрбір кезеңдерге қатысты мектептерді қарастырмас бұрын кестемен - №5 бере кетейік:

Кесте№5 - Антикалық философия кезеңдері

Мектептер	Негізін салушы	Қарастырған проблемасы, қосқан үлесі
1- Сократқа дейінгі кезең		
Милет мектебі	Фалес Анаксимен Анаксимандр	Су – тіршіліктің негізі Ауа – тіршіліктің негізі Апейрон – тіршілік негізі
Элеаттар мектебі	Парменид, Зенон, Ксенофан	Олар болмысты негізге жатқызған, ол жойылмайды, пайда болмайды деген.
Диалектика	Гераклит	От – тіршілік негізі
Пифагор шірлер	Пифагор	Сан – тіршілік негізі, қасиетті мағынада қолданылады.
Атомизм	Левкипп, Демокрит	Атом – барлық заттың құрамында
2 - Классикалық кезең		
Софистер мектебі		
Софизм	Протогор, Горгий, Гиппий, Трассимих ж.т.б.	Олар шешендік өнерге үйреткен. Басты қағидасы – өз позицияңды дәлелдей біл.
Сократ	б.з.д. 469- 399 жж.	Адамға алғаш рет бетбұрыс жасаған, «Мен өзімнің ештеңе білмейтінімді білемін».
Платон академиясы	б.з.д.427-347 жж	Идеялар айқындық, материалдық әлемнен бөлек өмір сүреді, тәуелсіз, объективті.
Аристотель Ликейі	б.з.д. 384-322 жж	Ғылымды үшке бөлген: теориялық, тәжірибелік, белгілі нысандар жасайтын жемісті ғылымдар
3 - Эллиндік кезең		
Кинизм	Антисфен, Д. Синопский	нақты өмір сүретін тек жеке заттар ғана, Ал білім дегеніміз, ұғымдардың мазмұнын құрайтын пайымдаулар.
Стоицизм	Сенека, Зенон Китионский, Аврелий	өлген жанның тіршілігі туралы, құдайлық пен адамдық арақатынасын қарастырады.
Гедонизм	Аристипп б.з.д. 435-355ж.	Түйсік арқылы біз табиғаттың заңдылықтарын, немесе оның қасиеттерін танып біле алмаймыз.
Скептицизм	Пиррон б.з.д. IV	Бәріне күдікпен қарау арқылы затты тану
Эпикуризм	Эпикур б.з.д. 342-270 жж	онтология, таным теориясы және этика деп бөлген. Өмір мәні – ләззатта

Негізгі идеясы: космоцентризм мен антропоцентризм бірігуі, адам табиғат бөлшегі ретінде саналуы. Грек философиясының алғашқы Сократқа дейінгі кезеңінің алғашқы мектебі – Милет мектебі. Грек философиясының негізін қалаушы Милеттік Фалес (VII ғ.) сауда адамы болған. Фалес 624 – 547ж. өмір сүрген, ол ірі математик, геометрия негізін қалаған, астраном, гидротехник болған, ол философия проблемасымен қоса физика, медицина, техника, логикамен ж.т.б. айналысқан. Ол кезінде Вавилон, Египет елдерін талай аралаған. Оның даңқы б.д.б. 585 ж. Грецияда Күн тұтылатынын болжағаны үшін барлық жерге таралды. Сол үшін Египет абыздары оған оракул (көреген) деген атақ берген. Милеттік Фалес «Дүниенің бастауы неде?» – деген шәкіртінің сұрағына: ол – «су», себебі әртүрлі заттар мен табиғат құбылыстарының мәңгі бастауы – деп жауап қайтарған екен. Фалестің ілімін Анаксимандр (б.д.д. 611-545 жж.) жалғастырды. Анаксимандр апейрон туралы пікірі материяны философиялық тұрғыдан қазіргі пайымдауға жақын келеді. Анаксимандрдың негізгі еңбектері:

➤ “Табиғат туралы”; “Жер картасы”; “Глобус”.

Анаксимандр барлық денелердің бастамасын сол денелердің түпнегізі (субстанция) сатысына дейін көтерді. Бастаманы ол заттардың түпнегізі – апейронмен теңестірді. Олай болса, апейрон бастама да, түпнегіз де. Симпликийдің айтуынша, Анаксимандрдың апейроны генетикалық бастама ретінде де, түпнегіз ретінде де, таусылмайтын шексіз және төрт дүлей күштің (жер, су, ауа, от) негізі бір-бірімен араласып, ауысу процесінің негізі. Бірақ, апейрон кеңістікте шексіз емес, сол төрт дүлей күштің негізі ретінде шексіз, көмескі және мәңгі. Ол ешуақытта қартаймайды, өлмейді және жойылмайды. Ол мәңгі белсенділікте және қозғалыста болады. Ол өзінің осы қасиетінің арқасында өзінен қарама-қарсы құбылыстар – ылғал мен құрғақтық, салқындық пен жылылық шығарады. Олар екі-екіден қосылып,

- жер (құрғақтық пен салқындық),
- су (ылғалдық пен салқындық),
- ауа (ылғалдық пен жылылық),
- от (құрғақтық пен жылылық) түзейді.

Осы төртеуі арақатынасқа түсіп, олардың ортасында ең ауыр жер орналасады да, қалғандары оны сумен, ауамен, жарықпен (от) қоршайды. Аспан отының әсерімен судың біраз бөлігі буланады да, мұхиттардан жер көріне бастайды, сөйтіп, құрлықтар пайда болады. Демек, апейрон космостың генетикалық бастамасы ретінде ондағы денелерді дүниеге әкеледі. Анаксимандр ілімін әрі қарай оның шәкірті Анаксимен (б.д.д. V-I ғ. ортасы) жалғастырды. Негізгі еңбегі – “Табиғат туралы”.

Анаксимен барлық денелердің негізі деп ауаны айтады. Ауа – шексіз (апейрон). Сөйтіп, Анаксимандрдың апейроны түпнегізден ауаның қасиетіне айналды. Ауа үнемі қозғалыста болады да, бірде қоюланып, бірде сұйылып, алуан түрлі заттар мен құбылыстарды түзеді:

- ауа сұйылғанда алдымен отқа, содан кейін эфирге айналса,

- қоюланғанда – желге, бұлтқа, суға, жерге және тасқа айналады. Ауаның сұйылуы жылылыққа байланысты да, қоюлануы салқынға байланысты. Анаксименнің ілімінше, жер және басқа аспан денелері ауада қалқып жүреді. Жер қозғалмайды, ал басқа денелер ауаның әсерінен ылғи да қозғалыста болады. Күн де – жер, бірақ өзінің жылдам қозғалуының себебінен ыстық шоққа айналған. Ауа тек қана денелердің бастамасы емес, сонымен бірге жанның да бастамасы. Ал жан болса, ол – бізді біріктіретін бастама. Анаксимен құдайларды да ауадан пайда болды деген пікір айтады. Қорыта айтқанда, Милет мектебінің өкілдері Фалес, Анаксимандр, Анаксимен барлық заттардың, денелердің генетикалық бастамасын, түпнегізін олардың өзіндік ішкі мазмұнынан іздейді, себебі: генетикалық бастаманың, түпнегіздің табиғаты, бір жағынан, зат тәріздес болса, екінші жағынан, ақыл-ойдан да қашық емес, сондықтан ол құдайлармен пара-пар құбылыс.

Элеаттар мектебі. Негізгі өкілдері: Ксенофан, Парменид, Зенон. Егер Милет мектебінің өкілдері түпнегіз – физикалық дене, ал Пифагоршылар – сан десе, Элеаттарда түпнегіз – болмыс. Элеаттар ілімінің негізгі қағидалары заттардың бәрінде өздерін ақыл-ой арқылы негіздеуге болатын мүмкіндіктер болуы шарт, себебі, тек қана түсіндіруге болатын заттар ғана нақтылы өмір сүреді. Олай болса, нақты шындық пен түсіндіре білудің арасындағы қарама-қайшылық – біз қолданып жүрген ұғымдардың деңгейлерінің жеткіліксіздігінің салдары. Элеат мектебінің негізін қалаушы және көрнекті өкілі – Колофон полисінен шыққан **Ксенофан** (шамамен б.д.д. 576-487ж.ж) болды. Оның пікірінше, барлық заттардың негізі – жер. Жер өзінің тамырларымен шексіздікке кетеді. Тіршіліктің шығуына жермен қоса судың да маңызы зор. Жанның өзі де жер мен судан жаралған. Ал судан бұлттар пайда болады да, бұлттардан аспан денелері жаралады. Мысалы, Ай – бір жерге шоғырланған бұлт болса, Күн – су буының жануының салдарынан шоққа айналған аспан денесі. Ксенофан космостың генетикалық бастамасы жер, ол космостың түпнегізі ретінде біртұтастық деп тұжырымдайды. Құдай адамдарды жаратпайды, керісінше, адамдар өз бейнесіне қарап, құдайды жаратады. Ксенофанның құдайы – таза ақыл-ой, ол материалды емес, данышпан. Ол әлемді тек ақыл-оймен ғана басқарады, ешқандай да дене күшін жұмсамайды, құдайдың, жалпыға ортақ табиғаттың нақты шындық екенін ешуақытта ешкім көрген де емес, білген де емес. Ксенофан дүниені танып-білу мүмкіндігін емес, танып-білу мүмкіндігі туралы білімнің болуын жоққа шығарды. Ксенофанның жалқы құдай туралы ілімін әрі қарай дамытып, оны бір тұтас болмыс ұғымына дейін көтерген ойшыл – Парменид (шамамен б.д.д. 540-480 жж.) болды. Оның негізгі шығармалары: “Табиғат туралы”. Парменидтің қарастырған мәселелері – болмыс пен бейболмыстың ара қатынастары мен болмыстың ақыл-ойға қатынасы. Бұл екі мәселенің екеуін де тек ақыл-ой арқылы шешуге болады. Ақиқатқа тез жету үшін ақыл-ой көптеген тор мен тосқауылдарға тап болуы мүмкін. Бірінші күтіп тұрған тосқауыл – бейболмыстың бар екенін мойындау, ал мойындағаннан кейін, ол қажетті түрде бар болып шығады. Екіншісі бір мезгілде болмыс пен бейболмысты бір-бірімен тепе-тең және тең емес деп

жорамалдау. Бұл екі тосқауылдың екеуі де бізді ақиқатқа жеткізбейді. Себебі, бір баста бірін-бірі жоққа шығаратын екі тезис болуы мүмкін емес. Сондықтан, не болмыс пен бейболмысты тепе-тең деп, немесе олар тең емес деп жорамалдау керек. Ал бейболмыстың өзін бар деп санау да қайшылыққа әкеліп соқтырады, себебі бейболмыс дегеніміздің өзі – болмыс. Парменидтің пікірінше, болмыс – нақты өмір сүреді де, бейболмыс деген жоқ нәрсе деп қарастырып, осы пікірін дәлелдеуге тырысады. Парменидке дейін философтар өз тезистерін дәлелдеуден гөрі, метафорамен немесе ұқсастық тәсілін қолдану арқылы (салыстыру арқылы) негіздеуге тырысатын, ал Парменид бірінші болып, өз тезисінің дұрыстығын дәлелдеуге көбірек көңіл бөлді. Парменидтің ойынша, бейболмыстың болуы мүмкін емес, себебі, оны танып-білуге және оны сөзбен жеткізуге болмайды. Парменид болмыс пен ойлаудың арақатынасын қарастырады. Оның пікірінше, болмыс пен ойлау процесс ретінде де, олардың жемісі ретінде де тепе-тең. Парменид: егер бейболмыс нақты бар деген ой бар болатын болса, онда осы ойда ойланылатын бейболмыстың бар болғандығы, бірақ ол бейболмыс күйінде емес, болмыс күйінде өмір сүргендіктен осыған дейін бейболмыс туралы ойланған ойымыздың бәрі болмыс туралы ой болып шығады. Бейболмыс болмағандықтан, болмыс жалқы, біртұтас және қозғалмайды. Болмыстың өткен кезеңі де, болашағы да жоқ, ол өзгермейді. Сөйтіп, Парменид болмысты қалыптасудан, жалқыны – көптүрліліктен бөліп алып, нағыз ақиқат дегеніміз осы дейді. Әлемнің физикалық қасиеттеріне тоқтала келіп, ол от (жарық) пен жердің (тұңғиық, қараңғы) арақатынасын қарастырады.

Афродита космостың орталығында тұрады да, әлемді сол жерден басқарады. Мысалы, ол жандардың қозғалысын реттеп, бірде оларды көрінетін әлемнен көрінбейтін әлемге жіберсе, енді бірде керісінше жібереді. Бұл жерде көрінетін және көрінбейтін әлемді болмыс және бейболмыспен салыстыруға болмайды, себебі, бұл екеуі де әлемнің бөлшектері ғана. Эросты алсақ, ол қарама-қарсылықтарды біріктіріп, бір-бірімен байланыстырады (мысалы, жарық пен қараңғы түнекті, жер мен отты, еркек пен әйелді т.б.).

Парменидтің ілімін әрі қарай жалғастырушы, оның шәкірті, элеаттар мектебінің көрнекті өкілі – **Зенон** (шамамен б.д.д. 490-430 жж.) болды. Негізгі еңбектері: “Философтарға қарсы”, “Табиғат туралы”, “Дихотомия” (ортасынан қақ бөлу), “Ахиллес және тасбақа”, “Ұшып бара жатқан жебе”, “Стадион». Бұл еңбектері толық сақталмаған, бізге тек фрагмент күйінде ғана жеткен. Зенон Парменидтің болмыс ілімін дәлелдеуге тырысады.

Егер Парменид өз дәлелін болмыстан аяқтаса, Зенон, керісінше, өз дәлелін көзге көрінетін, ақиқатқа жатпайтын әлемнен бастап, болмыс әлемін қарастырумен аяқтайды. Оның пікірінше, физикалық әлем қарама-қарсылыққа толы, сол себепті ол ақиқатқа жатпайды, ол нағыз біздің түйсінуімізден тыс жатқан әлем, ол – болмыс.

Болмыстың жалқылығын және біртұтастығын Зенон өзінің атышулы тәсілі “**эпихейрема**” арқылы дәлелдемек болады. Бұл тәсілдің мәні – тікелей дәлелдеу тәсілінің орнына, кері бұрмалап, дәлелдеудің негізінде қарсыластарының

пікірін абсурдтық жағдайға әкелу арқылы, оған өзінің бұрынғы айтқан пікіріне шексіз көп заттар өмір сүретін болса, онда олар шындығында қанша болса, тура сонша болулары керек (аз да емес, көп те емес). Ал енді олар қанша болса, сонша заттар бар болса, онда шексіз көп заттар өмір сүрсе, онда болмыс та сан жағынан шексіз. Екінші эпихейремада былай делінеді: егер болмыс шексіз көп болса, онда ол үлкенді-кішілі болып бөлінулер керек. Үлкен болғанда соншалықты шексіз үлкен, ал кіші болғанда, соншалықты мөлшерсіз кіші болуы мүмкін. Ал егер шексіз көп заттар бөлінбейтін болса, онда олардың мөлшерлері жоқ болғандығы. Себебі, ол заттар шексіз кіші. Ал егер олар бөлінбейтін болса, онда олар таусылмайтын бөліктерден тұрады да, шексіз үлкен болады. Дүниеде бар нәрсенің мөлшері болады, ал мөлшерлі нәрсенің денесі болады. Егер бөлшектері жоқ нәрселер өте мәнсіз құбылыс болса, онда сол бөлшектенбейтін және өте мәнсіз құбылыс – Парменид айтқан біртұтас, жалқы болмыс, - деп дәлелдейді Зенон.

Зенон өзінің “Дихотомия”, “Ахиллес және тасбақа”, “Жебе”, “Стадион” деген апорияларына сүйеніп, болмыстың қозғалмайтындығын дәлелдейді. “Дихотомия” деген апориясының мазмұны мынадай. Қозғалыс бастала алмайды, себебі қозғалыстағы зат жолының аяғына жеткенге дейін, сол жолдың жартысын өтуі керек, бірақ сөйтіп шексіз кете береді. Басқаша айтқанда, бір нүктеден екінші нүктеге жету үшін саны шексіз нүктелерден өтуі керек, ол мүмкін емес. Бұл апорияның мағынасы мынада: шексіз кішкентай кескінділер нөлге ұмтылады, бірақ өшпейді, оған жете алмайды. Екінші апорияда желаяк Ахиллес жайбасар тасбақаға жете алмайды, себебі Ахиллес тасбақа қозғалыс бастаған нүктесіне жеткенде, тасбақа өзінің жылдамдығы Ахиллестің жылдамдығынан қаншама аз болса да, өз жылдамдығына сәйкес жол жүріп, алғашқы нүктеден алыстайды, сөйтіп, шексіз кете береді. Мағынасы мынадай: шексіз азая беретін интервал нөлге ұмтылады, бірақ оған жете алмайды.

Үшінші апория бойынша, ұшып келе жатқан жебе тыныштықта болады, себебі қозғалыстағы дене әр уақытта да өзіне пара-пар орын алады, басқаша айтқанда, сол орында әр сәтте тыныштықта болады, сондықтан ол тіпті қозғалмайды. Себебі қозғалыс тыныштықтың қосындыларынан тұруы мүмкін емес. Төртінші апория да осыған ұқсас. Бұл апориядан шығатын қорытынды: Зенон элеаттардың ойлау мен болмыстың тепе-теңдігі туралы тезистеріне сүйене отырып, түйсіне алатын әлемдегі заттардың қозғалысын емес, тек қана ойлау әлеміндегі қозғалысты жоққа шығарады. Басқаша айтқанда, Зенон қозғалыстың бар екенін күмән келтірмейді, бірақ сол қозғалысты ақыл-ой арқылы бейнелеу қайшылықты сипатта болғандықтан, қозғалыс туралы сезім мүшелері берген мәліметтердің ақиқаттығына күмәнданады.

Зенонның қойған біртұтастық пен шексіз көптік, қозғалыс пен тыныштық сияқты мәселелері ғасырлар бойы талай ғұламаларды ойландырып, олардың философиялық ізденістеріне ой түрткі болды.

Эфес қаласынан шыққан грек философы **Гераклит** саяси қайраткер, ғұлама ойшыл (шамамен б.д.д. 544-483 жж.) болды. Оны ілімдегі терең ойлары үшін “тұңғиық” деп атаған. Негізгі еңбегі: “Табиғат туралы”. Бұл еңбектің

130-дай фрагменттері ғана сақталып, бізге дейін жеткен. Өзінің «Табиғат туралы» шығармасында дүниенің генетикалық бастауы от деп қарастырды, ал әлем космос деп түсінді.

Гераклит заттардың түпнегіздік-генетикалық бастамасын – от деп есептеген. От мәңгі және құдай тектес. Әлемді құдай да, адам да жаратқан жоқ, ол өз заңдылығымен бірде лапылдап жанып, бірде сөніп тұратын, әр уақытта болған, бар және болатын тірі от. Әлемнің өзгеру тәртібі мен өлшемі, оның объективті заңы – логосқа байланысты. Логостың өзі от сияқты. Бірақ, сезім үшін – от сияқты болып көрінсе, ақыл-ой үшін – ол логос, объективті заңдылық. Логос тек қана ғарышқа ғана тән заңдылық емес, ол адам жанына да тән. Гераклиттің пікірінше, қарама-қайшылықтар тепе-тең жағдайда болады, бірақ ол тепе-теңдік қарама-қарсылықтардың күресі арқылы бұзылады да, дүниеге жаңа заттардың пайда болуына мүмкіндік туады. Қарама-қарсылықтардың күресі – әлемде өзгерістердің болуының негізгі заңдылығы. Данышпандықтың белгісі – дүниенің бірлігін мойындап, логосты танып-білуге кедергі құбылыстардан өзін алшақ ұстап, сол дүниенің даму заңдылықтарына бағынуы. Гераклит адамдар табиғатынан бір-бірімен тең десе де, шын мәнінде олардың тең еместігін мойындайды. Олардың теңсіздігі – талғам-мүдделерінің әртүрлілігінің салдары. Көп адамдар логос заңымен өмір сүрмейді, өз түсінігімен өмір сүреді. Ондай адамдар өз ынтызарлығының билігінде болады. Гераклиттің ілімі ежелгі грек, әсіресе, стоиктер философиясына үлкен әсер етті, солардың арқасында бүкіл батысқа тарады. Гегель, Лассаль, Ницше сияқты ғұламалардың еңбектерінде Гераклиттің көптеген идеялары одан әрі дамытылып, жалғастырылды.

Пифагоршілдер мектебі. Біздің дәуірімізге дейінгі V-I ғасырдың аяғында философиялық ілімдер кіші Азиядан “ұлы элладаға” ауыса бастады. Осы кезеңде Оңтүстік Италия мен Сицилияда “пифагоршілер мектебі” деп аталған одақ құрылып, онда қоғамдық өмірді діни-әдептілік тұрғыдан реформалау қажеттігі туралы ілім кең өріс алады. Пифагоршілер қоғамда анархияның етек алуына қарсы болып, құдайдың айтуымен жасалған мемлекеттік заңдарды сақтау керектігін уағыздады. Пифагоршылар өздері бірауыз болмағаны, осыған орай “ата жолын” қуушылар мен мемлекеттік билікке барлық халық қатысуы керек деген ағымдардың арасында тартыстар болғаны белгілі.

Пифагор (б.д.д. 580-500 жж.) Самос аралында туып-өскенмен, кейінірек келе, әртүрлі жағдайларға байланысты Египетте, Вавилонда (абыздардан дәріс алған), Үндістанда болып, ең соңында “ұлы элладаның” Критон қаласында өмір кешкен. Пифагор және пифагоршылар туралы Аристотель былай дейді: олар математикамен шын мәнінде шұғылданған алғашқы ойшылдар.

Пифагор тек қана математикамен айналысып қоймай, оның негізгі қағидаларын – сандарды – жалпы әлемдік қағидаға айналдырған және сол сандардың арақатынастарын, олардың арасындағы пропорцияны – әлемдік үйлесімділіктің бейнесі деген көзқарасты өзінің философиялық ілімінің өзегі етіп қабылдаған. Оның пікірінше, сандар – барлық заттардың, ғарыштың негізі. Пифагордың ғарыштың бастамасы, негізі деп отырған сандары жай күнделікті

өмірде қолданып жүрген сандар емес, олар – ғарыштың реттілігін, үйлесімділігін көрсететін сандар. Бұл үйлесімділікті біз аспан денелерінің бір сазды дыбысты белгілі бір интервалда шығаруынан білеміз. Бірақ ол дыбыстар үздіксіз шығып тұрғандықтан және олар бізге тұрақты әсер еткендіктен, біз оны қабылдай алмаймыз. Әр планета жерді айнала жүріп, өздеріне тән дыбыс шығарады. Мысалы, Айдың дыбысы биік, ал Сатурнның дыбысы – өте төмен, осы екі дыбыс қосылғанда үйлесімді мелодия пайда болады. Сандар тек денелерге ғана тән бастама емес, олар әдептілікке де, рухани құбылыстарға да, жанға да тән. Жан дегеніміз сандардың үйлесімділігі. Жан мәңгі өмір сүреді. Ол адам өлгеннен кейін жануарларға, өсімдіктерге ауысуы мүмкін. Бұл жерде біз Пифагорға ежелгі Үндістандағы ведалық ілімнің әсерін байқаймыз.

Пифагордің медицинадағы орны. Ежелгі Үндістандағы философиялық көзқарастардағы сияқты өмірдің негізгі мақсаты дейді Пифагор, жанды тазарту. Оған – құмарлықты жеңу, жастардың үлкендерді бұлжытпай тыңдауы, достық пен жолдастықты дәріптеу сияқты әдептілік қағидаларын сақтай отырып жетуге болады. Пифагор «Біз барлық күшімізбен, отпен, қылышпен денемізден ауруды қууға, жанымыздан қызғаншақтылықты, ішімізден – тойымсыздықты, отбасылардан – қақтығыстарды аластатуымыз керек» деген.

Ол әртүрлі ауруларды емдегенде шөптер, теңіз жуасы, припаркаларды, музыка мен өлеңдерді қолданған. Ол әртүрлі ауруларды емдегенде ең жақсы әсер еткені әртүрлі түс-реңдердің өзгеруінің әсері. Егер сырқат адамдар көздерін жұмса, олардың көз алдына келген түске қарап, аурудың сырқатын анықтаған. Мысалы:

- күңгүрт – қорқыныш пен шаршау,
- күлгін – транстық, сары – қуаныштың, көкшіл – қалыпты көңіл-күй,
- қызыл – жүйке жүйесін қоздыратын түс,
- жасыл – өте көп ауырған адамдардың энергетикасын көтеруі,
- қоңыр – эмоциялық қозғыштық және мазасыздану,
- қара – жүйке жүйесінің жұқаруы,
- сұр – психиканы әлсіздендіріп, тұйықталу,
- көк – бұлшық еттердің жиырылғыштығын көрсететінін көрген.

Осы түстердің психофизиологиямен байланысын түсінген Пифагор науқастарды транс жағдайға енгізіп, ауруының жазылуына себеп болатын түспен ой экранының түсін өзгерткен. Фитотерапиямен бірге бұл әдіс өте жақсы жетістіктерге жеткізді. Осы күнге дейін Орден Роз бен Кресттің оқулықтарында Пифагордың ой экранының түсін өзгертіп емдеу жолдары сақталған. Пифагоршылар Гераклит сияқты ғарыш қарама-қайшылыққа толы дей отырып, олардың 10 жұбын атап көрсетті. Олар:

- шектілік және шексіздік,
- тақ және жұп,
- жалқы және жалпы,
- оң және теріс,
- еркек пен әйел,

- тыныштық пен қозғалыс,
- түзу мен қисық,
- жарық пен түнек,
- жақсы мен жаман,
- квадрат пен көпқырлылық.

Осылардың ішіндегісі ең маңыздысы – шектілік пен шексіздік. Шекті нәрселерді танып-білуге болса, шексіздікті танып-білу мүмкін емес. Қорыта айтқанда, Пифагор философтардың ішінде бірінші болып өз ілімінде сан категориясын жан-жақты қарастырған және өз ілімін халық арасында үгіттеп таратқан (пифагоршылар одағы) ғұлама. Оның ілімдері кейінірек Платон философиясының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Эмпедокл (б.д.д. 487-424) өмір сүрген ойшыл. Негізгі еңбектері: “Табиғат туралы”, “Тазарту”. Бұл шығармалардың кейбір үзінділері ғана қазіргі кезеңге дейін жеткен. Әлемнің алғашқы бастамасы етіп, дәстүрлі қалыптасқан “заттардың төрт тамырын” – жер, су, ауа және отты алған. Бұл бастамалар – бір-біріне ауыспайды. Эмпедокл төрт алғашқы бастаманы төрт құдаймен теңестіріп қарайды. Олар: Зевс, Гера, Аид және Нестис (су құдайы). Ал қалған құдайлар осы тамыр – құдайлардан жаратылады. Әлемдегі заттар осы төрт бастаманың бір-бірімен әртүрлі мөлшерде араласуынан пайда болады:

- сүйек – судың екі, жердің екі, оттың төрт бөліктерінің қосындасынан тұрады,
- жүйке – судың екі, бір-бір жердің және оттың бөліктерінен тұрса, қанда төрт тамырдың төртеуі де тең орын алған.

Төрт тамырдың қай-қайсысы да белсенді болмағандықтан, әлемдегі болып жатқан үздіксіз өзгерістер пен процестердің қозғаушы күші ретінде Эмпедокл бір-біріне қарама-қарсы екі бастаманың күресін алады:

- біріншісі, филия – махаббат (сүйіспеншілік) – ғашықтық күш ретінде, “төрт тамырдың” қойнауын қорғап-сақтауға әрекеттеніп, бірлік пен жақсылықтың, әртектілерді біріктірудің, біртектілерді бөлудің ғарыштық себебі болса,
- екіншісі – нейкос жек көру мен жаманшылық ретінде көпшілік пен жамандықтың әртектілерді бөлудің, біртектілерді біріктірудің ғарыштық себебі. Өзара күресте филия мен нейкос алма-кезек жеңіске жетеді. Олардың жеңіс кезеңдері ғарыштық циклдың төрт фазасына сәйкес келеді.

Бірінші, үшінші фазаларда махаббат жеңеді. Бұл фазаларда әлем шарға (сфайрос) ұқсайды да, төрт алғашқы бастама тепе-тең түрде бір-бірімен араласқандықтан, сондықтан бұл кезеңдерде заттар жеке-дара болып қалыптаспаған. Ал, екінші, төртінші фазаларда жек көрушілік пен махаббат тепе-тең болады.

Бірақ бұл тепе-теңдік тұрақсыз, демек олардың үздіксіз қозғалысының арқасында олардың дамуы бірлік пен жақсылықтан көпшілік пен жамандыққа (екінші фаза) және көпшілік пен жамандықтан бірлік пен жақсылыққа (төртінші фаза) бағытталады. Эмпедокл әлемді мәңгі қайталанып отыратын құбылыс деп

санайды. Ғарыштық махаббат пен жек көрушілікті адам өзіне тән деп есептейді, осы сияқты махаббат пен жек көрушілік арқылы танып-біле алады.

Анаксагор (б.д.д. 500-428 жж) өмір сүрген, еңбегі – “Табиғат туралы”. Анаксагордың пікірінше, алғашқы бастама тәртеу емес, сан жағынан шексіз көп, және ол – заттардың барлық жағдайын қамтиды. Бастама зат күйіндегі, су, алтын т.б. емес, ол (бастама) – от, су, алтын т.б. Заттардың кішкентай, көрінбейтін, сезінуден тыс жатқан бөлшектері, оларды Анаксагор – “барлық заттардың тұқымы (ұрық)” деп, ал Аристотель оны – “гомеометрия” деп атаған. Гомеомерийдің әр түрлі өзіне тән сапалық қасиеттерін сақтайды. Мысалы, қанның тұқымы (ұрығы) қанға тән барлық сапамен, темірдің ұрығы – темірдің сапасымен, ағаштың ұрығы – ағаштың сапасымен т.б. ерекшеленеді. Сапалар мәңгі және өзгермейді. Заттардың ұрығы алғашқыда бір-бірімен тәртіпсіз орналасып, әлемде хаос болған. Кейін келе, заттардың ұрығын тәртіпті қозғалысқа түсірген “Әлемдік нустің” (әлемдік ақыл) әрекеті арқасында бөлшектер бір-бірінен бөлініп, ал біртектілері қосылып, жекеленген сезімдік заттар пайда болады.

Атомистер ілімі. Бұл бағытқа ежелгі грек ойшылдары Левкипп, Демокрит, Эпикур және ежелгі рим өкілі Лукреций Карр т.б. жатады. Бұл ойшылдардың шығармаларында кейін материалистік бағыт деп аталып кеткен дүниетанымдық көзқарас толығымен қалыптасып, өзіндік ерекшеліктері бар философиялық ілімге айналды. Атомистік бағыттың қалыптасуына үлкен үлес қосқан ойшыл Левкипп (шамамен б.д.д. V ғ.) болды. Ол әлем бөлінбейтін ұсақ бөлшектерден, “атомдардан” тұрады және олар бос кеңістікте алақұйын қозғалыста болады да, бір-бірімен байланысқа түсіп, жеке денелерді құрайды. Космостың өзі шексіз көп әлемдерден тұрады, олар бір-біріне ауыспайды, бірақ әрқайсысы жеке алғанда пайда болып, даму шыңына жетіп, жоғалып жатады. Левкипптің бұл пікірлері Демокрит ілімінің қалыптасуына зор әсер етті.

Демокрит (шамамен б.д.д. 460-371 жж.) 70-тен астам шығармалар жазған:

- “Пифагор”,
- “Планеталар туралы”,
- “Табиғат туралы”,
- “Ақыл-ой туралы”,
- “Үлкен әлем құрылысы”,
- “Кіші әлем құрылысы” т.б.

Демокриттің ілімінше, дүниенің бастамасы – атомдар (шын болмыс) және бос кеңістік (бейболмыс). Болмыс пен бейболмыс бір-біріне қарама-қарсы құбылыстар. Егер болмыс өзіндік пішіні бар және ол өте тығыз болғандықтан, бөлшектенбейтін атомдардан тұратын болса, бейболмыс – өзіндік пішіні, түрі жоқ, шексіз бос кеңістіктерден тұрады. Болмыс – сансыз көп ұсақ бөлшектердің жиынтығы. Ұсақ бөлшектер – атомдардың негізгі қасиеттері: мәңгі бөлінбейді, өзгермейді, өзіне-өзі тең (ұсақ), қозғалмайды. Бұл қасиеттер атомдардың ішкі мәні. Ал олардың сыртқы қасиеттеріне өзіндік пішін, түрлерінің және көлемінің болуы жатады. Атомдар шар, бұрыш, қармақ, ойма т.б. тәріздес болады.

Атомдар бос кеңістікте өз табиғатына тән үздіксіз қозғалыста болады, бір-бірімен соқтығысқанда, өздерінің қозғалыс бағыттарын өзгертеді. Демокрит алғашқылардың бірі болып, сезімдік қасиеттердің субъективті түрде болатындығын айтқан ойшыл. Космостың жаны жоғары деңгейге емес, одан гөрі жануарлардың жаны жылылықты көбірек қабылдағандықтан әлдеқайда жоғарырақ. Демокриттің пікірінше, шын мәнісінде өмір сүретін атомдар, бос кеңістік және олардан туындайтын заттардан басқа, адам ақыл-ойында да өмір сүретін құбылыстар бар. Олар – пікір арқылы қалыптасқан сезімдік қасиеттер (дәм, бояу түрлері, иіс т.б.). Бұл қасиеттер шындығында өмір сүрмейді, олар сезімдік заттарға тән емес, олар тек адамдардың пікірінде ғана бар құбылыстар. Осы екі түрлі құбылыстардың өмір сүруіне сәйкес танымның да екі түрі болады:

а) сезім мүшелері арқылы танып-білу. Олардың берген мәліметтері көмескі білім болғандықтан олардың ақиқатты тануда ешқандай пайдасы жоқ;

б) ақыл-ой арқылы алған білімдеріміз заңды туылған білім болғандықтан, оның ақиқат туралы пайымдаулары дұрыс болады. Себебі, дүниенің алғашқы бастамасы атом мен бос кеңістікті сезім мүшелері арқылы көріп-біле алмаймыз, ал олардың мәнін, табиғатын түсіну үшін ақыл зер салып ойлануы керек. Дей тұрғанмен де, Демокрит сезімдік танымды ақыл-ой танымына қарсы қоймайды.

Сонымен грек философиясының алғашқы кезеңін бітіріп, классикалық екінші кезеңін қарастыруды бастаймыз.

Классикалық философия кезеңі софистер мектебімен басталған. Б.д.д. V ғасырда ежелгі Грецияда құлиеленушілік демократия логика, риторика, философияның жедел қарқынмен дамуына жол ашты. Соттарда, халық жиналыстарында әдемі сөйлеп, халықты, мүмкін болса өз қарсыластарын да айтқанына сендіріп, өз жағына тарта білу өнері алдыңғы қатарға шығады. Осыған байланысты риторика (әдемі сөйлеу өнері) өнеріне ақы алып, үйрететін ұстаздар пайда болды. Оларды софистер деп атады. Олардың басты қағидасы – әркімнің өз ақиқаты бар. Софистерге тән қасиет қоршаған ортаны сынмен тану, барлық нәрсені салыстырма арқылы қарастыру, барлық процесті іс жүзінде тексеруге ұмтылыс, нигилизм, моральдік нормаларды сынау объектісі деп қабылдау, объективті болмысты терістеу барлық нәрсе адам ойында тіршілік етеді деп санау.

Жақсылық пен жамандықтың объективті мөлшері жоқ. Кімге не пайдалы болса – сол жақсылық, игілік. Софизмнің қалыптасуына Протогар, Горгий, Гиппий, Критий ж.т.б. ойшылдар ат салысты. Солардың ішінде өз ерекшеліктерімен көзге түскен ойшыл – Протагор (шамамен б.д.д. V ғасырдың 80-ж.) болды. Негізгі еңбектері:

- “Ғылымдар туралы”,
- “Мемлекет туралы”,
- “Құдайлар туралы” т.б.

Протагор шығармалары бізге толық күйінде жетпеген, кейбір фрагменттер ғана сақталған. Протагор білімінің салыстырмалы екендігі туралы ілімін

материяның абсолютті өзгермелі және тұрақсыздығы сияқты қасиеттеріне сүйеніп, дәлелдемек болады. Егер табиғаттың өзі абсолютті өзгерісте болатын болса, онда оны танып-білуге бағытталған субъектінің білімі де өзгермейді, тұрақсыз. Олай болса, өзгермелі, карама-қарсы екі пікір айтуға болады және сол пікірлердің екеуі де дұрыс болуы ғажап емес. Мұндай жағдайда адам әбден шатасуы мүмкін, сондықтан ол осы екі карама-қарсы пікірдің біреуін қабылдап, екіншісін теріс пікір ретінде жоққа шығаруы керек.

Протагор “Адам – барлық заттардың мөлшері” деген қағиданы ең негізгі қағида ретінде қабылдайды. Бұл қағида бойынша, маған заттар қалай болып көрінсе, мен үшін олар солай болып, ал саған қалай көрінсе, сен үшін – солай болып қалады. Пікір таңдауда адамдар пайдалылық мөлшеріне сүйенуі керек. Ол жамандық пен жақсылықтың салыстырмалы болатындығын, ал объективті нақтылықта олардың жоқ екендігін көрсетеді. Олай болса, ненің жаман, ненің жақсы екенін өз пайдаға байланысты шешуің керек.

Рақымшылдық (адамгершілік, ізгілік) дегеніміз не, оған адамдарды үйретуге бола ма? – деген сұраққа Протагор: ізгілікке, рақымшылыққа талпыну қабілеті барлық адамдарда бар, бірақ ізгіліктің, рақымшылықтың өзі туа біткеннен болмайды, сондықтан оған адамдарды оқыту, үйрету керек. Егер адамдар өздері соған талпынса, онда ізгілікті, рақымды адам болып шығады. Осыған байланысты мемлекет қоғамда ізгілік, рақымшылық сияқты қасиеттерді тәрбиелей алатын болғанда ғана қылмыскерлерді жазалауға болады, себебі, жазалаудың өзі жамандықты болдырмау үшін қолданылатын шара ғой, - дейді Протагор.

Сократ, Платон, Аристотельде софистік ілімді, оның ішінде Протагордың ілімін сынға алып, софизм деген шын данышпандық емес, алдамшы данышпандық, ал софистер осының арқасында пайда тауып жүрген адамдар деп көрсетеді.

Сократ (б.д.д. 469-399 жж.) жазбаша еңбектер қалдырмаған, оның философиялық көзқарастары бізге Платон, Аристотельдердің еңбектері арқылы жетті. Сократ ауызша пікірталастырып, диалог арқылы өзінің қарсыластарын қарастырылып отырған мәселе туралы жаңа, тың білімге әкелуге тырысты. Бұл жолда ол мысқылдауды ақиқатқа жетудегі таным құралы етіп алады.

Сократ **майевтика** әдісін ашқан (дүниеге келетін сәбиді қабылдау өнері деген мағынада) оның мәні қарсыласына олардың өздері жақсы білетін сұрақтарды қояды, қарсыласы ол сұрақтарға жауап бергеннен кейін, тағы да алдын-ала дайындалған сұрақтар қойылады, сөйтіп қарсыласы өзінің бастапқы айтқан пікіріне өзі қарсы пікір айта бастайды. Осы кезде Сократ мысқыл-кескінмен қарсыласын менменшіл, өзім білем сияқты пікірінен толығымен арылтады да, енді онымен бірге өзі де көтерілген мәселені айқындай түсуге, реті келсе, оған түсініктеме беруге тырысады, өзінің қарсыласын қойылған сұрақтарға жауап беру арқылы біртіндеп ақиқатқа жақындата түседі. Майевтиканың мақсаты – қарастырып отырған мәселеге түсініктеме бере отырып, осы сияқты құбылыстардың бәрін қамтитын жалпы ұғымды қалыптастырмақ болады. Бұл ретте қарсыластары ол ұғымды қалай қалыптастыру

керектігін түсінбегендіктен, ол: «Мен өзімнің ештеңе білмейтіндігімді білемін», «Өзіңді өзің танып-біл!» - деген қағиданы өз философиясының негізгі қағидаларының бірі етіп басшылыққа алды. **Өзіңді өзің тану деген** – өзіңді қоғамдық, әдептілік тұлға ретінде қарастыру арқылы барлық адамдарға тән өнегелі негізгі қасиеттер төңірегінде этикалық ұғымдар қалыптастыру. Сократтың пікірінше, моральдік өлшемдер – объективтік құбылыстар.

Ал жақсылық пен жамандықтың арасындағы айырмашылық – салыстырмалы емес, абсолютті бағытта болады. Сондықтан софистер сияқты бағыттылықты пайдалылықпен теңістіруге болмайды, керісінше, бағыттылық игілікке пара-пар. Жақсылық жасағанда, ол жақсылықтың неде екенін білген дұрыс. Егер адамдар жақсылықтың да, жамандықтың да не екенін, олардың табиғатын түсініп-білетін болса, онда олар ешуақытта да жамандыққа бармас еді. Жамандықтың өзі жақсылықтың не екенін білмегендіктен болатын салдар. Сондықтан адамдар баюға, жұмыс бабында жоғарылауға, мемлекеттік басқару ісіне араласуға т.б. құмартпаулары керек, керісінше, “өз қамыңды өзің ойлап”, өзіңді өзің өнегелілік, интеллектуалдық жағынан көтер, бұл ретте адамдарға философия көмек береді. Өмірінің соңғы кезінде Сократқа жастарды бұзды, құдайларды жоққа шығарды деген кінә тағып, ол у ішіп өлуі керек деген үкім шығарады. Түрмеден ізбасарларының көмегімен қашып шығуға мүмкіндігі бола тұра, ол мемлекетте қабылданған және өмір сүріп тұрған заңды бұзбау керек деген пікірді желеу етіп, б.д.д. 399 жылы өзінің достарының, ізбасарларының алдында у ішіп өледі. Сократтың өмірі, оның ілімінің қалай іске асқандығын көрсетіп ғажайып өмір болды. Сократтың әр адамның өз пікірі болуы мүмкін, бірақ ақиқат олардың бәріне ортақ – ол біреу ғана деген тұжырымы, сол сияқты ұғымдардың ауыспалылығы туралы (кейбір жағдайларда олардың бір-біріне ауысып отыратындығы туралы) идеялары өзінен кейінгі ойшылдарға үлкен әсер етіп, ұғымдар диалектикасы туралы ілімінің қалыптасуына және дамуына өйтүрткі болды. Рақымшылдық және бақыт Сократтың ілімдері, б.д.д. V-IV ғғ. кең етек алған екі философиялық мектеп: киниктер мен гедонизмнің этикалық ілімдерінің өзекті мәселесіне айналды (Богомоллов А.С. Античная философия. М., 1985).

Платон (б.д.д. 427-347 жж) Сократтан дәріс алған, оның ілімін әрі қарай жалғастырушы, өзінің терең де, мағыналы философиялық ойларымен жалпы философия ғылымының дамуына үлкен әсер еткен ғұлама-ойшыл. Платон оның лақап аты (жалпақ, кең деген мағына береді), шын аты – Аристокл. 20 жасында Сократтан дәріс алған, кейін Афинада Гекадем (гректердің батыр құдайы) атындағы гимназияда ұстаздық етеді. Бұл мектеп алғашқыда гекадемия деп, соңғы кезде академия деп аталынады. Негізгі шығармалары:

- “Апология” (Сократты қорғау);
- “Китон” (заңды сыйлау туралы);
- “Кратил” (тіл туралы);
- “Федон” (Әділеттік туралы);
- “Мемлекет” (Идеялар теориясы);

- “Тет-а-тет” (Білім туралы);
- “Тимей” (Космогония);
- “Заңдар” т.б.

Платон пікірінше, шын болмыс – ақылмен ғана білуге болатын денесіз идеялар әлемі. Платонның болмысы Парменидтікіндей біртұтас болмыс емес керісінше, өздеріне тән идеялары бар рухани көпшілік. Әр идея өз алдына мәңгі және өзгермейді, ол өзіне өзі тән. Идеялардың саны көп, бірақ шексіз емес. Әлемде қанша бір тектес, бір-біріне ұқсас заттар, құбылыстар, процестер, қатынастар т.б. көп болса, соншама идеялар бар. Идеялар бір-бірімен тек қана қарым-қатынасты емес, сонымен бірге бір-біріне бағынышты, немесе бірнеше түрлі идеялар бір ортақ идеяға бағынышты қатынастарда болады. Платон рухани әлемнің жеке-жеке идеялары туралы айтқанда, көбінесе “эйдос” деген ұғымды қолданады. Ежелгі грек тілінде идея да, эйдос та бір-біріне ұқсас мағына береді: түр, пішін, кейіп, тәсіл т.б. эйдостар сезімдік заттар үшін бір мезгілде әртүрлі міндет атқарады:

1. Себептілік;
2. Заттардың жаратылу кескіні үшін үлгі;
3. Заттардың түпнегіз бейнелейтін ұғым.

Материалдық денелер өзгермелі, құбылмалы, ал эйдостар (идеялар) мәңгі, өзгермейді, сондықтан Платон оларға қосымша тағы бір ұғым – “хораны” (материя) кіргізді. Хора – материя көрінбейтін, түрсіз, еленбейтін, өзіне-өзі тең құбылыс. Бірақ ол кез-келген түрді қабылдап, пішінделген (түрленген) материя болуға қабілетті. Оны денелі, немесе денесіз деп айтуға болмайды. Платонның материясын танып-білуге болмайды, ол бейболмыстың бір түрі. Осыған қарамастан, материя көп түрліліктің, жалқылықтың, заттанудың, өзгерістердің, туу мен өлімнің, табиғи қажеттіліктің, жамандықтың және еріксіздіктің қайнар көзі. Материя мәңгі, ол өмірге идея (эйдостар) арқылы келмейді. Платон материяның бұл түрінен физикалық материя түрін ажыратып қарастырады. Физикалық материя антикалық көзқарастарда қалыптасқан төрт түпнегіз – от, жер, су, ауа – түрінде өмір сүреді. Сезімдік заттар – заттандырылған идеялар мен материяның туындылары. Материалдық денелер өзгермелі: уақытша дүниеге келіп, мәңгі жоғалып жатады. Заттар идеялармен үш түрлі байланыста болады.

Біріншіден, заттар өзінің идеяларына ұмтылады, сол идеяларға ұқсатуға тырысады. Екіншіден, әрбір затта идеяның бөлшектері бар, сондықтан заттар өз идеялары сияқты болады. Үшіншіден, сезімдік әлемдегі заттар оң идеяларымен бірігіп кетеді. Себебі заттар идеялардың көлеңкесі, олардың бейнеленуі, ал идеялар – заттардың алғашқы түрлері, пішіндері. Өзінің осы ілімін түсіндіру үшін Платон “үңгір” туралы аллегориясын келтіреді: адамның өмірі үңгірде өмір сүретін адамдар-дың қоршаған ортаны танып-білуімен өте ұқсас. Үңгірдегі адам заттардың өзін емес, тек олардың көлеңкесін ғана көріп таниды және оларды табиғаттың шын құбылысы екен деп есептеп, үңгірден сыртқа шыққанда шынайы құбылыстарды көріп, оларды шын мәніндегі заттар ретінде

мойындамайды, осы пікірдің қате екендігін түсіндіріп айтқан адамды жынды сынап, өлтіруге дейін барады.

Платонның ілімі бойынша, идея мен материядан басқа үшінші бастама – әлемдік рух, немесе космос рухы шығармашылық күштің, қозғалыстың, тіршіліктің, жанның, сананың және таным процесінің қайнар көзі ретінде идеялар әлемі мен заттар әлімін қосып, байланыстырады, ол заттарды идеяға ұқсауға, ал идеяларды заттарда болуына көндіреді. Осы екі әлемді біріктіріп, байланыстыру үшін космостық рухтың өзі қарама-қайшылықта болуы керек. Шынында да, ол қарама-қарсы үш бөліктен тұрады: бірінші – өзіне өзі тең бөлік (идеялар әлемі), екіншісі – өзгермелі бөлік (материя) және үшіншісі – сол екеуінің қосындысынан тұратын бөлік (сезімдік заттар әлемі). Космосқа рух беретін – демиург. Ол космостың мәңгі бастамасы, себебі және жүйеге келтіруші. Әлемдердің пайда болу себебі – демиургтің жігері. Олай болса космос – демиург жігерінің материя арқылы заттандырылуы және сол әлемнің тірі организмдерге айналуы. Космостың тіршілік иелерінің сияқты арқылы мен жаны бар. Космостық денелер материядан (от, жер, ауа, су) тұрады. Бұл түпнегіздер әртүрлі пішінді болғандықтан, өзара байланыса келіп, көптүрлі денелер құрайды және жоғарыда айтқандай өзіне өзі тең бөлікпен (идеялар әлемі) өзгермелі бөлікті (материя) қосып космос рухын дүниеге келтіреді. Космос рухы, немесе әлемдік рух екі түрлі (ішкі және сыртқы) қозғалысты тудырады. Идеяны, эросты басшылыққа алған өмір, өнегелілік идеясын (игілік, қайырымдылық) жүзеге асырады. Ол тек рухани махаббат (Платонша махаббат дегеніміз осы) негізінде ғана мүмкін. Игілік (қайырымдылық) дегеніміз жанның реттілігі мен гармониясы. Платонның түсінігінше, данышпандық, естелік және әдеттілік. Бұл игіліктер адамдардың бәріне бірдей дарымайды. Осы игіліктердің даруына қарай қоғамдағы әлеуметтік топтарды үш топқа бөлуге болады. Олар:

1– игіліктердің төрт түрі дарыған философтар, сондықтан олар мемлекетті басқарулары керек;

2 – данышпандықтан басқа қалған үш игілік дарыған – әскербасылар т.б.

3 – игіліктің соңғы екеуі ғана дарығандар – қолөнершілер, шаруалар, саудагерлер т.б, әлеуметтік топтардың әрқайсысы мемлекетке пайдалы және өте қажет. Сондықтан, мемлекет өз тарапынан азаматтарын игілік рухында қалыптастыруға, тәрбиелеуге жағдай жасауы керек. Идеалды мемлекетте жоғарыда аталған үш әлеуметтік топ бір-бірімен жарасып, әр қайсысы өз ісімен айналысады да, мемлекетте қайырымдылық (игілік) орнайды. Өзінің идеалды – мемлекет идеясын жүзеге асыруға тырысқан Платонның іс-әрекеті сәтсіз болды (Платон. Собрание сочинений: В 4 т. М., 1990-1994).

Аристотель (б.д.д. 384-322 жж) басқа ғылымдардың мәселелерін философия тұрғысынан қараған алғашқы ойшыл-философ. Ол Стагир қаласында дүниеге келді, 17 жасында Платоннан дәріс алған, ал 41 жасында ұлы Александрдың (Македонский) тәрбиешісі болған. Ол Афинада Ликей, немесе перипатетиктер (бақта қыдырып жүріп сұхбаттасу) мектебі деп атала-

тын оқу орнын ашты. Аристотель сол кездегі ғылымдардың барлық саласына ат салысып, көптеген еңбектер жазып қалдырған:

- “Категориялар”,
- “Аналитика” (I-II томдар),
- “Топика”,
- “Физика”,
- “Метафизика”,
- “Органон”,
- “Этикалық трактаттар”,
- “Саясат”,
- “Риторика”,
- “Поэтика” т.б.

Аристотель екі түрлі философияның бар екендігін айтады. “Бірінші философия” – метафизиканың қарастыратын мәселелері – табиғи құбылыстардан тыс жатқан, өзгермейтін, мәңгі, қозғалмайтын мәнділік. Оны танып-білу табиғатты танып білуден құндырақ, сондықтан философия физиканың алдында тұрады да, “бірінші философия” – деп аталынады.

“Екінші философия” – физиканың – пәні материя мен үздіксіз қозғалыста және өзгерісте болатын сезімдік заттар, бұл ілімін Аристотель мәнділікті болмыс деп қарастырады. Осы тұрғыдан мән категориясы мәнділікті түсінудің кілті. Ол мәнді өзіне тән әртүрлі көріністеріне байланысты тануға болады дейді. Мәннің көріністері: түпнегіз, субстракт, болмыстың мәні, болмыстың мәнімен түпнегізден тұратындар, жалпыға бірдей әмбебап жалпылық, жалпылық, ерекшелік.

Мәннің бұл аталған көріністерінің ішінде біреуі ғана – “болмыстың мәні” – мәнділік болады, ал қалғандары мәнділік бола алмайды. “Болмыстың мәні”, түр (форма), “алғашқы мән” синоним ұғымдар. Аристотельдің пікірінше, форма – кез келген жалпы бастама емес, жәй жалпылық қана, осы тұрғыдан алғанда, ол жалқылар мен жалпылар арасындағы ерекшеліктердің арқасында өмір сүрді. Форма сапа да, сан да, заттар арасындағы қатынастар да емес, ол заттардың мәні, онсыз заттар өмір сүре алмайды. Сезімдік заттар көлемінде, оның мәні ретінде форма (түр) заттардан бөлек өмір сүрмейді. Қаншама ерекшеленген (топталған) заттар болса, соншама форма бар. Формалардың сатысымен көтеріле отырып, форманың ең жоғары түрі – материядан тыс өмір сүретін – алғашқы қозғаушы күшке дейін жетеміз. Ондай форманы ешкім дүниеге әкелмейді, ол мәңгі. Формамен қатар алғашқы бастамалардың қатарына “хюлэ” – материя да жатады.

Материяның екі түрі бар: біріншісі – түрсіз, бейтарап, екіншісі – заттарды материалдандырған нәрсе. Материяның бірінші түрі мәңгі, бірақ, өміршең емес, себебі, өздігінен ештеңе тудыра алмайды. Ал “екінші материя” өзіне “бірінші материяны” қабылдайды да заттарды жасайтын материал (шикізат) ретінде формамен қосылып, сезімдік денелерді дүниеге әкеледі. Материя мәңгі болғанмен де, болмыс пен бейболмыстың ортасында екі ұшты болып тұрған-

дықтан, заттардың уақытшалығының, өзгермелілігінің қайнар көзі болып табылады. Материя мен форманы алғанда басты рөл формаға беріледі, себебі шын нақтылық – заттардың нақтылығы емес, форманың нақтылығы. Әлемде болып жатқан құбылыстардың барлығы мақсаттылыққа (теология) байланысты өзгеріп, дамиды. Олай болса, мақсаттылық та алғашқы бастаманың бірі.

Аристотельде мақсаттылық нақты игілік, ол – нақты мүмкіндікті жүзеге асыру және оны тамамдау. Төртінші алғашқы бастама – қозғалыс. Мән мен форма қозғалғанда, ол әрекетшілдік қасиетке ие болып, заттар қозғалысынның алғы шарты болады. Форма да, мақсаттылық та, қозғалыс та осы алғашқы қозғаушы күшке тән. Бірақ ол материядан құр алақан, себебі материя тәуелсіз өмір сүреді. Бірақ материядан заттардың пайда болу мүмкіндігі ғана болса, форма алғашқы қозғаушы күш ретінде – нағыз шындық. Аристотель қозғалысты әртүрлі категориялармен байланыстырып қарастырады: қозғалыс сапаға байланысты – сапалық өзгеріс, санға байланысты ұлғаю, кемуге байланысты – бір орнынан екінші орынға қозғалу т.б. түрленеді. Аристотельде кеңістік деген категория жоқ, оны “орын” категориясы алмастырады. Кеңістік (бос кеңістік болмайды) денелер орналасқан орындардан тұрады, “орын” қозғалыстағы денелермен тығыз байланысты, бірақ олармен бірге қозғалмайды (Аристотель // Сочинения: В 4-х т. М.: Мысль, 1984. Т. 4. С. 375-403).

Аристотельдің пікірінше, табиғи денелердің тіршілік жасау мүмкіндіктері бар (жасанды денелерде ондай мүмкіндік болмайды). Осы мүмкіндіктің жүзеге асырылуы энтелихия (жан) арқылы болады. Жанның үш түрі болады:

1) өсімдіктер жаны – жанның алғашқы және жалпы мүмкіндігі. Бұл жанның басты қызметі – өзін-өзі ұдайы өндіру және қоректену;

2) жануарлар жаны – олар заттардың сырт пішінін түйсіктері арқылы қабылдай алады;

3) адамдар жаны – өсімдіктер мен жануарлар жандарына тән қасиеттерге қоса, ақыл-ойдың арқысына жалпылықты танып біле алады. Бірақ жалпыны түсіну үшін, алдымен жалқыны танып білу керек. Себебі біздің сезім мүшелерімізге жалқы заттар әлемі әсер етеді де, біз оларды танымның әртүрлі сатылары арқылы танып-біле аламыз. Сезімдік танымның бірінші сатысында адамдар жануарлар сияқты, сезімдік түйсіктерімізге әсер ететін заттар туралы алғашқы мағлұматтар аламыз, екінші сатысында – тәжірибелік танымда сезімдік түйсіктеріміздің қайталанған құбылыстарды есте сақтап қалуы арқасында оларды танып-білуімізге мүмкіндік туады. Үшінші сатысында – “өнер” (әңгіме, көркемөнер т.б. туралы емес), практикаға негізделген танымның ерекше сатысы – адамдар жеке заттарды танып қана қоймайды (тәжірибедегідей) одан гөрі тереңірек түсіп, кейбір заттарға тән ортақ қасиеттер мен себептерін танып біледі.

Аристотельдің пікірінше, адамдар “қоғамдық жануарлар”. Отбасының, қоғамның табиғи дамуының арқысында мемлекет пайда болады. Мемлекеттің табиғаттан айырмашылығы, онда көптеген әлеуметтік т.б. қатыныстардың өріс алғандығы. Мемлекет басшысы, қалыптасқан қоғамдық жағайларға сәйкес

адамдарды басқаруы тиіс. Әсіресе жастарды тәрбиелеу мәселесі басты мақсат болу керек.

Эллиндік кезең. Гедонистік философияның негізін қалаушы Аристипптің (б.д.д 435-355 жж.) көзқарасының қалыптасуына Сократтың ілімімен қатар, софизмнің де әсері болды. Оның пікірінше, танымның қайнар көзі – түйсік. Ал түйсік арқылы біз табиғаттың заңдылықтарын, немесе оның қасиеттерін танып біле алмаймыз, сондықтан табиғатты танып-білемін деп әуреге түсудің қажеті жоқ, керісінше, біз тек өзімізге тән субъективті қабілеттеріміздің нәтижесін ғана тани аламыз. Осыдан келіп, Аристипп тек өзіміз сезінген ләззат пен қасірет қана игілік, рақымшылық деген тұжырым жасайды. Ләззат өткенге де, болашаққа да бағытталмайды, ол тек қазіргі нақтылық. Сондықтан қазір ғана ала алатын ләззатқа ұмтылу керек. Ләззатқа жетуге өз еркіңмен қол жетпейді, немесе қасірет әкелетін құмарлықтардан бас тарту. Кез-келген адам өзінің рухы мен тәнін рахаттануға, ләззат алуға бағыштап, өзін де, басқаларды да шаттыққа бөлулері керек (Асмус В.Ф. Античная философия. М., 1998).

Скептицизм – негізін қалаған Пиррон (б.д.д 360-270 жж) Элида қаласында туылған. Брисонда оқып, Анасархпен бірге Үндістанға жаугершілік мақсатта саяхаттаған. Идеясы – «бәріне күмәндану». Скептикалық әдістің негізінде қайшы пікірлердің шындыққа айналу мүмкіндігінің бірдейлігі туралы ой жатады. Философ-скептикке: «Ешкім білмейді және ешкім ешқашан біле алмайды», немесе «Мен қандай екенін білмеймін, бірақ білуге үміттімін» деп айту тән. Бұл ілім кейіннен схоластикалық әдістер мен жалпы догматизмді сынау кезінде керек болды (Первоисточники. Антология мировой философии: В 4 т. М., 1969-1972. Т.1.).

Стоицизм – китиондық Зенон негізін қалаған. Идеясы – сыртқы дүние ықпалынан құтылу, әлеуметтік азаттыққа жету, әлемдік мәдениеттің озық жетістіктерін қабылдау, сұлулыққа, жан мен дене саулығына ұмтылу, бақытқа ұмтылуды жоғары мақсат деп тану, ізгілік – игілік, бұзақылық пен зұлымдықты – кесірлік деп түсіну, табиғатпен әлемдік Космостық ақыл-оймен үйлесімді өмірді уағыздау.

Эпикур ілімі. Эпикур(б.д.д 342-271жж) бұл ілімнің негізін салды, 300-дей еңбек қалдырған. оның ілімі 3 бөлімнен тұрған: табиғат және космос туралы ілім - физика, таным туралы ілім - каноника, адам мен оның тәртібі туралы ілім - эстетика. Олардың көпшілігі «Көзге түспей өмір сүру» қағидасын ұстанады.

Идеясы:

- адам дүниеге келуіне оның ата-анасы ғана себепкер,
- жоқтан бар пайда болмайды,
- барлық заттар атомдардан тұрады, атомдар мен бос кеңістік мәңгі,
- адам жаны да тәні сияқты ажалды,
- жан материяның ерекше түрі,
- адам тағдыры құдайларға тәуелсіз,
- адам үнемі бақытқа ұмтылуы керек,
- рахаттану азаптың болмауы.

Эллиндік кезеңнің алғашқы философиясы – **кинизм**. Киниктер философияның негізін қалаушы **Антисфеннің** (б.д.д. 444-368 жж.) пікірінше, нақты өмір суретін тек жеке заттар ғана, ал жалпы ұғымдар заттардың қандай зат екенін анықтайтын сөз ғана. Ал білім дегеніміз, ұғымдардың мазмұнын құрайтын пайымдаулар. Бірақ олардың мазмұнында заттардың мәнін көрсететін қасиеттер мен әр түрлі белгілерді теріп көрсетуге болмайды, себебі олар туралы дұрыс пайымдау субъекті мен предикат тепе-тең (тавтология) болған жағдайда ғана (математик дегеніміз математикадан сабақ беретін адам) қалыптасады. Киниктердің жеке заттар мен жалпы ұғымдар туралы пікірлері ортағасырдағы номиналистердің жалпы ұғымдар мен жеке заттар туралы идеяларымен ұштасып жатқанын байқаймыз (Кішібеков Д., 1991).

Антисфен өзінің ұстазы Сократтың рақымшылдық, ізгілік, басқа туралы ілімін ілгері қарай жалғастырып, түкке тұрмайтын құндылығы жоқ байлық, денсаулық т.б. сияқты игіліктерімен салыстырғанда, рақымшылдық – ең құнды және жалғыз ғана игілік деп уағыздаған. Себебі, адам ізінің негізі мақсаты бақытқа тек рақымшылдық арқылы жетуге болады. Рақымшыл болу үшін ол туралы көп сөздің, немесе білімнің қажеті жоқ, ол – тек іс-әрекет арқылы ғана көрінеді. Жұрттың бәрі рақымшыл болуға қабілетті, бірақ оған өз құмарлығын шектей алатын адамдар ғана жете алады. Ондай адамдар тағдырға тәуелсіз шын мәніне ерікті рақымшыл данышпандар. **Олардың идеалы** – өздерін күнделікті қажет талап-тілектермен шектеп, табиғатпен үйлесімді өмір сүру. Ал шын мәніндегі, ең жоғары бақыт – бақыттымын деп өлу. Киниктер мемлекеттік заң мен рақымшылдық заңдарын ажыратып, бөліп қарастырады. Мемлекеттік заң рақымшылыққа жеткізбейді. Шынында да, дауыс беру арқылы топас адамдарды қолбасшы қылып сыйлайтын мемлекетті рақымшылыққа жеткізетін мемлекет деп айта аламыз ба? – деп сауал қояды Антисфен.

Материалдық тұрмыс қасиеттерін елемей, қоғамда қалыптасқан әдет-дәстүрлерді мысқылдай отырып, нағыз данышпандық, рақымшылдық, бақытты іздеген **Диоген Синопский** (б.д.д. 412-323 жж.) киниктердің этикалық ілімін өз өмірінің негізгі қағидасы етіп қабылдаған. Ол өте кедей тұрғанына қарамастан, киниктердің түсінігінше, рақымшылыққа, бақытқа, шынайы бостандыққа жеткізбейтін адамдардың кемшіліктерін сынап, ләззатқа деген құмарлықты жек көрудің өзі – ләззат деп уағыздаған. Тал түсте қолына шамшырақ ұстап, базар алаңында “Халық – көп, бірақ нағыз адам аз екен” деген сөзі осы пікірді нақтылайтын сияқты. Киниктер материалдық игіліктерден бас тартып, аскеттік өмірді уағыздаса, гедонистік мектептің өкілдері өмірде өз түйсіктерінің мәліметтерін басшылыққа ала отырып, сезімдік қуаныштарға, ләззатқа берілу керек деп уағыздады. Ал ләззат, бақыт дегеніміз – минуттық сезімдік қуаныштардың жиынтығы, оларды қадірлеп, қастерлеп, мүмкіндігінше пайдалану керек. Өмір қайғы-қасіретке толы болғандықтан, өмірмен қатар өлім де тартымды. Тек қана байлыққа, даңққа құмарту ол ақылсыздардың ісі, ал данышпан болса – оған өмірде не болып жатқанның бәрібір: бай ма, кедей ме, ерікті ме, еріксіз бе ж.т.б. Шексіз ассоциалдық тәуелсіздікті дәріптеу, аскетизм, беделді мойындамау, табиғат заңдарын

мойындамау, патриотизмді болдырмау, парадоксалдылық – кинизмге тән сипаттар (Антология кинизма. М., 1984).

а) Грециядағы медицина және дәрітану. Медицина мен фармацевцияның дамуы философия деген жалпы ұғымға біріктірілген басқа ғылымдармен тығыз байланыста болды. Ежелгі грек ойшылдары табиғи зерттеушілер де, дәрілік зат дайындайтын дәрігерлер де болды. Б.з.д. 470-357 ж. өмір сүрген Демокрит – соның бірі. Ол философ, математик және медицинаға көп көңіл бөлген адам болды. Ерте замандағы адамдар өз қолдарында денсаулыққа қажетті не бар екенін білмегеннен құдайға жалынғанда денсаулық сұраған. Ежелгі Грецияда медицина ғылым ретінде көрнекті орын алды. Ежелгі Шығыс елдеріне қарағанда Грецияда діннің медицинаға тигізген әсері аз болды. Грецияда емдеу ғибадатханалардың арнайы бөлмелерінде – «асклепейрондарда» жүргізілді. Ежелгі Греция дәрігерлері құрамы қарапайым және күрделі дәрілік заттарды жасаған. Әр дәрілердің өз шикізаты болған. Оларды сақтау үшін арнайы бөлмені «апотека» – «apotheca» деп атаған. Дәрілік заттарды дайындауға арналған құралдар өте қарапайым түрде болса да, грек фармацевттерінің техникасы египеттік және үнділік техникадан жоғары болды (Шойфет М.С., 1998).

Ежелгі Греция дәрігерлері қатты, сұйық, жұмсақ және газ тәрізді дәрілік қалыптарды қолданған. Сыртқа қолдану үшін ұнтақтарды майдалау, кебектеу және компоненттерді араластыруды қолданған. Қайнатпаларды суға, шарапқа, ешкі сүтіне дайындаған. Сыртқа қолдану үшін жұмсақ дәрілік қалыптардан жағылмалар, пластырьлер, балауыздар, ішке қолдану үшін пилюлялар, кашалар, күлшелер дайындалды. Жағылма түрінде өсімдік текті, жануар текті және минералды заттар қолданылды. Оған негіз ретінде бал, май, шошқа майы, қойытылған шырындар және өсімдіктердің қойытылған сулы немесе шарап қайнатпалары қолданылады.

Ежелгі Греция дәрігерлері медицинаның, әсіресе фармацевцияның, көптеген сұрақтарына жаңа шешімдер берді. Олар аурудың материалды шығу себептерін, яғни этиологиясын, оның сыртқы ортамен байланысын анықтады. Ауруды белгілі бір кезеңдерден өтетін, өзгеріп отыратын құбылыс ретінде көрсетті. Ауруға және оны емдеуге осындай көзқараспен қарау медициналық білімнің тереңдеуіне және кеңеюіне әкелді. Ол адам физиологиясы мен патологиясын түсінуге жаңа ілімнің негізінде дәрілік затты қолдануға және терапияға мүмкіндік берді, жол ашты. Практика жүзінде осы принциптерді алғаш рет Гиппократ қолданды. Грек философиясындағы медицина саласына көңіл бөлген философтар – Платон мен Аристотель медициналық білім алған. Жануарлар өлігін кесіп, адам анатомиясының құрылысы туралы қорытынды жасаған, «салыстырмалы анатомияның» негізін қалаушы. Оның физиологиялық процесстерді және өсімдіктерді зерттеу туралы еңбектері осы күнге дейін жетпеген.

Аристотельдің оқушысы Теофраст ұстазының еңбектерін жалғастырды. Ол өз алдына жеке ғылым ретінде ботаниканың негізін салушы болды. Теофраст теориялық сипаттағы сұрақтарға көңіл бөлді, өсімдіктердің органографиясы,

морфологиясы, географиялық таралуын зерттеді. Топографиялық және климаттық жағдайларға байланысты олардың өсіп-өнуіне және систематикасына да көңіл бөлді. Б.з.д мың жыл бұрын гректер жыланды дәріптеді. Гректер үшін жылан данышпандылықтың және ғылымды игерудің символы болды. Келесі мифте айтылғандай, Зевс гректердің бас құдайы адамдарға ғажайып жасартатын құралды сыйға тартты. Бұл сыйға өздері ие болғанның орнына адамдар оны есекке берсе, ол оны өз кезегінде жыланға беріпті. Сол кезден бері адамдар кәріліктің қасіретін көріп келеді, ал жылан болса, мәңгі жас болып жүреді екен. Жыландардың ұзақ өмір сүретіндігі және жыл сайын терісін ауыстырып отыратындары белгілі. Жыланның осындай әрекеті адамдарда жылан өзінің «кәрілікті» терісімен бірге сыпырып алып тастайтыны жөнінде сенім тудырды. Ежелгі халықтардың «Жылан сияқты данышпан бол» сияқты сөздері жыландардың барлық білім – ғылымның иесі болып саналғандығына және жоғары данышпандылығын адамдар қалай дәріптегеніне көзіміз жетеді. Кейбір аңыздарда жыландар көреген болған және көптеген шөптердің емдік қасиеттерін білген деп айтылған. Көптеген ғалымдардың берген ақпараттары бойынша жыланды дәріптеу культінің Еуропадағы медициналық білімнің және емдеудің көрінісі ретіндегі соңғы қалыптасуы Фессалияда болды.

б) Гиппократтың философия мен медицинаның дамуына қосқан үлесі.

Гиппократ көне медицина реформаторы, б.з.д. 460 жылы туған антикалық медицинаның негізін қалаушылардың бірі болды, Меропис қаласында дүниеге келген. Гиппократтың ата-бабаларымен туыстарына қарайтын, асклепиадтардың жанұялық дәрігерлік мектебі болған. Гиппократтың өзі осы дәрігерлік мектептің 17-ші ұрпағына жатады. Гиппократтың алғашқы ұстазы – әкесі дәрігер Гераклид, ал анасы Фенарата босандыратын әйел болған. Гиппократтың I атасының есімі де Гиппократ болған, балалары Фессал, Дракон екеуі де атақты дәрігер, олар әкесімен бірге Гиппократ жинағының кейбір бөлімдерін жазды, және күйеу баласы Полибий де дәрігер болды. Олардың барлығы Гиппократ өлімінен кейін осы мектепті басқарған. Ата-анасы өлімінен кейін Гиппократ Кос аралын тастап, Афинада өмір сүрген, сөйтіп оқуын жалғастырады, одан әрі өзге елдерді Египетті, Кіші Азияны, Линияны, Скифті аралап, осы елдердің медицинасымен танысады. Гиппократтың әкесі оның алғашқы ұстазы болды. Гиппократ әкесінен алған білімімен шектеліп қойған жоқ. Әкешесі өмірден өткеннен кейін Гиппократ жолаушы дәрігер – периодевт болды (олар көбінесе кедей халықты емдеумен айналысты). Ол көптеген Греция қалаларын және Кіші Азияны аралады. Осыған байланысты Гиппократ көп тәжірибе жинауға мүмкіндік алды. Осы тәжірибелерін «Гиппократ жинағында» біріктірді. Сонымен қатар ол көрген тәжірибелерін «Ауа, су және өмір туралы» деген трактатын жазып қалдырған. Гиппократ заманынан қазіргі кезге дейін «Гиппократ жинағы» жеткен. Онда ауру сипаттамалары, оларды тану және емдеу тәсілдері берілген ([www.medzdrav.ru.](http://www.medzdrav.ru), 2010).

Гиппократ жинағы – ежелгі Грециядағы фармакотерапия, фармация туралы мәліметтердің негізгі көзі. Эллада және Фессалия дәрігерлері Гиппократқа үлкен құрметпен қарады, оның тарихта бірнеше шығармалары

сақталған. Ол шығармаларды өзге көне грек дәрігерлерінің еңбектері жазылған «Гиппократ жинақтарымен» біріктірілген. Гиппократ қызметі «Перикл ғасыры» деген Көне Грецияның экономикасы мен мәдениетті дамып келе жатқан кезеңде өтті. Материалистік және идеалистік философиялық көзқараспен күресу кезінде – Гиппократ материализмнің өкілі ретінде өзін танытты. Оның еңбегі медицинаны ғибадатханалық мәдениеттің әсерінен босатып, өз алдында дамыту болды. Гиппократтың түсінігі бойынша, медицинаның негізгі әдісі – ол тәжірибені ақыл-оймен билеу және теорияны практикада тексеру. Гиппократ емдегенде мыналарды ескерген:

1) зақым келтірмеу және пайда әкелу;

2) қарсыны қарсымен емдеу;

3) науқасқа абайлап, аяушылық танытып қарау;

4) дәрілерді тағайындағанда бірден ауыстырмай, алдымен белсенділігі аз препаратты қолданады, олардың әсері шамалы болғанда ғана, өзге әсері күшті препаратқа алмастыру керек. Гиппократ жалпы терапияда екі әдісті қолданады:

1 Гигиеналық-диеталық әдіс;

2 Фармацевтикалық әдіс.

Фармацевтикалық әдісте: құстыратын, іш айдайтын, зәр айдайтын заттарды, сондай-ақ банка қою және қан шығару сияқты тәсілдерді қолданған. Гиппократ ерте кездің атақты хирургы ретінде де танымал болған. Байламды салу (қарапайым, спиральды, ромб тәрізді, «Гиппократ қалпағы» және т.б.), сүйек сынықтарын және тайып кетуді созу, созуға қарсы әдістерді қолдану, шина, арнайы аппараттарды қолдану, жара, фисула, гемморойды, эмпиеманы емдеу әдістерін Гиппократ жасаған. Дәрігердің мінез-құлық этикасы және жоғары өнегелік келбеті туралы көріністер Гиппократ антымен тікелей байланысты. Гиппократ ойынша, дәрігерлер еңбексүйгіш, ұстамды, кішіпейіл, қырағы болуы керек және өз мамандығында кәсіби деңгейін үнемі жоғарылатып отыруы тиіс. Дәрігер науқастың сенімінен шығатыны, дәрігерлік құпияны ашпайтын, сыпайы, және таза жан болуы тиіс. Дәрігердің науқастармен, әріптестерімен қарым-қатынасындағы мінез-құлқының өнегелік этикалық нормаларын сипаттайтын дәрігерлік анттың мәтінін Гиппократ жазған дейді, бірақ оның бастапқы нұсқасы ертеректе болған (www.medlinks.ru, 2011). Гиппократ анты – Гиппократ жазған ерте грек дәрігерлерінің этикалық міндеттері. Ант Гиппократ өмірінен бұрынырақта шыққан, жанұялық дәстүр ретінде ата-бабадан ұрпақтарына ауызша тарап кеткен. Гиппократ антынан үзінді бере кетсек, ол былай айтқан екен: «Мен өз міндеттемелерімді ақыл-ойыммен, күшіммен адал орындауға, дәрігер Аполлонды, Асклепийді, Гигея мен Панацеяны және барлық құдайларды куә ете отырып, ант беремін; мені дәрігерлік қызметке үйреткен ұстазды өз ата-анаммен бірдей көруге, өз пайдамды онымен бөлісуге, оның мұқтажына көмектесуге, оның ұрпағын «өз бауырларым» деп санап, егер олар осы өнерді қаласа, онда оларға ешқандай келісімсіз, ақысыз үйретуге, оқытуға; осы өнердің ауызша сабақтарын және т.б. ілімдерін медициналық заңдағы ант пен міндеттемелерге байланысты өзгелерге емес, өз балаларыма, ұстазымның балаларына және оқушыларына

жеткізу, үйрету. Өз ақыл-ойым мен күшіме сүйене отырып, мен аурудың режиміне оған пайда болатындай етіп бағыттаймын. Мен қандай үйге кірсемде, өлтіретін дәріні бермеймін және оларға өлудің жолын көрсетпеймін; сондай-ақ мен ешқандай әйелге құрсағындағы баланы алдырмаймын. Мен өз өмірім мен өнерімді таза және адал өткіземін. Мен ағзасында тасы бар науқастардың тасын алуға өз бетімше әрекеттер (сүю, кесу, және т.б.) жасамаймын, оларды сол істің мамандарына бағыттаймын. Емдеу немесе емдемеу кезінде, ауруға қатысты нәрсені көрсем немесе естісем, оны ешкімге жария етпеймін. Осы антты бұлжытпай орындаған маған, менің өміріме, менің өнеріме бақыт берсін. Антты жалған берген немесе бұзғандарға соған кері жағдайлар болсын.....» (www.med. referats.ru.,2011).

Гиппократ өз өмірінде медицина саласы бойынша үлкен еңбек сіңірген, атақты дәрігер болды. Оның жазған еңбектерінің өзі-ақ, адам денсаулығының қалыпты екендігін және оның әсерлерінің маңызы туралы. Гиппократ өз заманында ұлы ойшыл, дана, ақылды, білімді дәрігер болып табылған. Гиппократтың алғашқы еңбектерінің бірі «Афоризмдер» болып есептеледі. Мұнда плевриттің, ішек қан кетулерінің, тырысқақтың, бүйрек зақымдалуының көріністері сипатталады. Афоризмдерде Гиппократ адамдардың жасы бойынша: жас кездегі, орта жастағы және қартайғандағы ауруларды бөлген. Онда ол «Дене бітімінің негізгі типтері мен адамдардың темпераменті» деген ілімнің негізін қалаған. Гиппократ ауру –материалды субстраттың өзгеруі нәтижесінде организмде болатын ауытқулар деп есептеді. Гиппократ ілімі – медицинадағы идеалистік ілімнен өзгеше болды. Өзінің материалистік көзқарастарымен Гиппократ абыздық медицинаны жоққа шығарды. «Адам табиғаты жайлы» кітабында Гиппократ негізінен философ ретінде көрінеді. Ол сол кездегі үстем болған әрбір адамның белгілі бір сұйықтықтан (өт, қан, шырыш) пайда болатыны жайлы көзқарасқа өзінің қатысын танытты. Бұл сұйықтықтар жыл мезгілдеріне байланысты өзгеріп отырады. Гиппократ адамның хал ахуалы осы сұйықтықтардың аратынасының өзгеруіне байланысты екенін айтты. Жыл барысында қыс, көктем, жаз және күз мезгілдерінің ауысып отыратынына сәйкес адамдардың ағзасында бірде шырыш, бірде қан, бірде өт содан кейін қара өт көлемі ұлғаяды. Адам организмінде осы сұйықтықтардың біреуінің басым болуына байланысты 4 негізгі конституция типін анықтайды:

- қан – сангвиник,
- сары өт – холерик,
- шырыш – флегматик,
- қара өт – меланхолик.

Гиппократ дәрігер ретінде ауруларды емдеудің келесідей тәсілдерін ұсынған: диетотерапия, дәрілік препараттар, бальнеотерапия, емдік дене шынықтыру, сендіру және скальпель. Дұрыс тамақтануға арналған Гиппократтың еңбектері:

«Жедел аурулар кезіндегі диеталар»;

«Диета туралы»;

«Салауатты өмір салты»;
«Прогностика»;
«Кос болжамдары»;
«Болжамдар».

«Салауатты өмір салты» еңбегінде Гиппократ әр түрлі адамдардың конституцияларына байланысты әр жыл мезгіліне сәйкес дұрыс тамақтанудың жалпы қағидаларын ұсынған. Гиппократ өз практикасында шөппен емдеуге аса көп көңіл бөлді. Ол дәрілік заттардың табиғатын сақтап қалу үшін оларды сақтау және буып-түю әдістерін жасады. Жануар текті дәрілік заттарды: қойдың, өгіздің, қаздың, үйректің және балықтың майларын қолданған. Қан шығару және банка қою әдістерін қолданған. Гиппократ диагностика саласына ерекше көңіл бөлген. Осы бөлімге қысқаша түрде жазылған келесі мақалалар жатады: «Прогностика», «Кос болжамдары», «Болжамдар». Бұл мақалаларда әр түрлі аурулардың диагностикасы және симптомдары жөнінде айқын жазылған (Биғалиева Р.К., 2004).

Гиппократ өз кезеңінде қазіргі кезде талқыланып жатқан эпидемия және медициналық география мәселелерін қозғаған. Жас кезінде көп жерлерде болған Гиппократ жергілікті климаттың, ауаның, судың аурулардың таралуына әсері бар екендігін атап өткен. Деонтологиялық ғылымның негізінің қалануына Гиппократтың еңбегі зор.

Хирургтардың мамандандырылған дайындығы жөнінде айта отырып, Гиппократ былай деп жазған: «Операция көмегімен көздеген мақсатқа жете алмау ұят». Хирургтардың дайындығында Гиппократ операцияның жүргізілуінің техникалық жағына емес, дәрігердің жұмысындағы диагностикалық процесске көбірек көңіл бөлді: «Аурудың белгілерін дұрыс тани білетін дәрігер ғана хирургияны дұрыс қолдана алады».

в) Асклепий. Ежелгі Грек мифологиясы бойынша Асклепий – емдеу құдайы болған. Ерте кезеңде Асклепий адам емес жылан бейнесінде салынатын. Асклепийдің адам бейнесіндегі суреттері Ежелгі Грецияның 162 қаласының теңгелерінде көруге болады. Асклепийдің жолтаяғына әрқашан екі жылан оралып тұрады. Асклепийдің жеті баласы болды: Телесфор, Подалирий, Махаон, Гигея, Панацея, Иазо және Огле. Медицинаның жеке саласының қамқоршылары – Гигея және терапиялық қамқоршысы Панацея – Асклепийдің қыздары. Гигея – мамандандырылған кеңес беруші денсаулық құдайы. Ол сол қолында жылан су ішіп тұрған тостаған ұстаған жас қыздың бейнесінде берілген. Сол себепті медицинаның эмблемасы – жылан мен тостаған. Ежелгі грекиялықтардың пайымдауынша: дәрігер жылан сияқты данышпан болу керек және сол данышпандыққа табиғатты танып білу арқылы жету керек. Панацея – барлық ауруларды емдей білетін құдай. Емдік қасиеті бар заттарды *панацея* деп атайтын болған. Иазо – аурудан айығу құдайы болды.

Антикалық әдет бойынша Асклепийдің ұлдары Махаон хирург, ал Подалирий терапевт болып саналды. Олар туралы келесі аңыз бар: бірде Подалирий соғыстан оралып келе жатып, Кіші Азия жағалауына жетті. Мұнда ол сол жердің патшасының қызы шатырдан құлап, бірнеше күн бойы ес–

түссіз жатқанын естіді. Подалирий қан ағызу әдісін пайдаланып, қызды емдеді. Осы ісі үшін патша өз қызын Подалирийге берді. Бұл жерден қан ағызу әдісінің шығу тегі сонау антикалық заманнан келе жатқандығына көз жеткізуге болады. Өкінішке орай, бұл әдіс ХІХ ғасырда ең негізгі және кең таралған терапевтік әдістердің бірі болып есептелді. Асклепий Горгона Медузасының көмегімен адамдарға жастық әкеліп қана қоймады, сонымен қатар ол адамдарға жаңа өмір беріп тірілтеді деген аңыздар айтылды. Келесі бір мифте Асклепийдің бірде Крит аралындағы Минос патшасының сарайына оның Главк есімді ұлын тірілту үшін шақырылғандығы жайлы айтылған. Асклепий өзінің қол таяғында жыланды көріп, оны өлтіріп тастайды. Бірақ сол кезде аузында емдік шөбі бар басқа жылан келіп өлген жыланды тірілтеді. Асклепий сол емдік шөпті пайдаланып, Главкты тірілтеді. Бұл тәжірибенің көмегімен Асклепий көптеген адамдарды түрлі аурулардан жазды. Осы оқиғалардан кейін жылан медицинаның эмблемасы болып санала бастады. Халық асклепийдің дәрігерлік өнерін өте қатты дәріштеп, оның құрметіне көптеген ғибадатханалар салды. Олардың біреуі – Эпидаврдегі Асклепийдің ғибадатханасы. Мұнда Асклепий ерекше құрметке ие болғандықтан, бұл ғибадатханаға Грецияның түкпір-түкпірінен дерттеріне ем табу үшін адамдар ағылып келеді. Кос аралында Асклепийдің әйгілі ғибадатханасы болды. Кос аралының дәрігерлері емдеу құдайының ұрпақтары болып саналды және «асклепиадтар» деп аталды. Сол кездегі ақшаларда арнайы емдеу бөлмелері «асклепейрондардың» суретін көруге болады. Бұл кезеңде Архимед, Эрострат, Герофиль өмір сүрді. Герофильдің тұжырымдамасы бойынша: емделмейтін науқас жоқ. Сонымен, қорыта келгенде, ежелгі Грецияның медицинасы мен фармацевциясы, дәрілік заттар мен қалыптарды дайындау технологиялары сол кез үшін жете дамығандығына әбден көз жеткізуге болады. Қазіргі кезде медицина мен фармацевция саласындағы ашылып жатқан жаңалықтардың барлығының түпнегізі сонау ежелгі кезеңдерден келе жатқаны мәлім.

§3.2. Ежелгі Мысыр философиясы және медицина.

Ежелгі Мысырды пирамидалардан, Клеопатра туралы аңыздардан білеміз, алғашқы косметикаларды, маскаларды, құпияға толы дүниелерді, ең алғаш рет парикті, әжімге қарсы және безеуге қарсы бетмайларды, шашты бояуға, өсіруге арналған препараттарды ойлап тапқан ел. Египет медицинасы мен философиясы таңғажайыптарымен әлемді таңғалдырған. Оқушылар Саис, Гемиполь қалаларында, ғибадатханаларда медицина, архитектура мен математика ғылымдарынан дәрістер алған. Ежелгі Мысыр мәдениетінің философиялық ойлары мифологиямен байланысты қалыптасқан. Ежелгі Мысырлықтардың өзіндік табынатын жануарлары және құстары болған. Мысалы: мысық, арыстан, бұқа, қой, қыран және жылан. Төменгі Мысырда уаджит кобрасы қорғаушы ретінде түсінілген. Оның мүсінін фараондардың баскиімінен көруге болады. Қыран тұмарларда қасиетті киелі көзбен теңестірілген. Мысықтар Бубастис қаласында, ирбистерді Ибуну қаласында, иттерді өздері өлген қалаларда сақтаған. Қасиетті жыландар Амон-Ра құдайлар үйінде сақтаған. Мимфистің

үлкен жерасты жазығында табылған саркафаг тастарымен қасиетті бұқа мимуялары мысырлықтардың дүниетанымы бойынша, өлген адамның жаны 3 мыңжылдың арасында қатқан жануар немесе құс денесіндей болады және ол адамды жер асты өмірінің қаупінен сақтайды деп сенген. Мысырда политеизм элементтері бар, оны біз оларда Исид дәрігерлердің құдайы, Тот ақыл құдайы және Таурат аналар құдайынан көреміз. Ақыл құдайы – Тот және ана құдайы – Исид дәрігерліктің ең басты құдайлары болды.

Тот басында ибис құсы бар адам ретінде бейнеленді немесе павлион бейнесіне айналады. Ибис те, павлион да Ежелгі Мысырда ақылдылықты көрсетті. Тот жазуды, математиканы, астраномияны, діни сенімдерді, музыканы және ең бастысы ауруды табиғи заттарын емдеу жүйесін қолдады. Оған ең ежелгі медициналық трактаттар жазылған. Ежелгі Египетте дәрігерліктің құдайы Исид болып саналған. Бұдан басқа Самхет (әйелдерді туу кезінде қорғаушы құдай) және Тауэрт (әрбір туылған жас нәрестені қорғаушы) құдайлары болған. Исидтің атындағы дәрілер ежелгі римдік дәрігер-фармацевт Галенның еңбектерінде ескерілген. Тауэрт құдайлардың анасы есептелген, сондықтан әрбір туылған нәресте әлеуметтік жағдайына қарамастан, Тауреттің кішкене ескерткішінің астына бір түн түнейтін болған. Олардың ойынша, өлген адамның қабірлік екі түрлі субстанциясы болған: жан және өмірлік күш. Ибис атты құс киелі саналғандықтан ақылдылықпен теңестірілген. Өмірлік күш немесе оны «екіжақтылық» деп атаған, қабірде тұрақтаса ғана екінші дүниеге ауыса алады, өлген адамның жанына ауыса алады екі өмір арасын байланыстырушы болып саналған. Мыңдаған ғасыр бұрын өмір сүрген мысырлықтардың мумификацияланған денелелері осы кезге дейін сақталған. Мысырлықтар мумиялары қоңыр түсті болған және өлген адаммен портреттік ұқсастығы болмаған. Ежелгі Мысыр жерінде медицина ежелгі Месопатамий медицинасымен тығыз байланыста болған. Ежелгі Мысыр туралы зерттеу жақында қолға алынды. Француз ғалымы Ж.Ф. Шампальон мысырдың иероглифпен жазылған хатының сырын ашқаннан кейін, 1822 жылдың 27 қыркүйегінде Француздық ғалымдардың жиналысында осы туралы бірінші рет қаралды. Осы күнді египтология саласының туған күні деп санаған. Шампальонның бұл жаңалығы Розетт тасындағы жазулармен байланысты болды, ал ол тасты 1799 жылы Мысырдағы Розетт қаласының жанында окоп қазып жатқан Напольен армиясының офицері тауып алған. Дәрігер Имхотеп жазбасында таңу техникасы, жарақаттар, хирургиялық операциялар көрсетілген. Барлық аурулар емделетін, емделмейтін, емдеуге күдікті болып, 3 топқа бөлінген.

Мысырлық абыз Манефонның жазбалары, грек жазушылары: Диодор, Пашбиш, Страбон, Плутарх және тағы басқаларының әдебиеттері ежелгі мысыр тілінде жазылғандықтан көпшілікке беймәлім, сондықтан көптеген ежелгі Мысырдағы пирамида қабырғаларындағы, қабірдегі және папирусты қағаздағы таңбалар зерттеушілер үшін белгісіз болып қалды. Абыз Манефонның айтуы бойынша, Атотист (I ұрпақтың екінші биі) адам денесінің құрылымы туралы медициналық папируста жазған деген. Қазіргі кезде 10 басты папирус белгілі, олар жартылай немесе түгелдей дәрігерлерге арналған. Олардың барлығы

ерте кездегі трактаттар тізіміне тән. Ең ежелгі медициналық трактаттар папирустарда жазылған. Ең ежелгі папирустар б.д.д. 1800 жылға сай келеді. Ол екі бөлімнен тұрған. Біріншісінде туу механизмі көрсетілген. Екіншісінде жануарларды емдеу. Ежелгі Египетте медициналық 2 папирус бар:

1 Г. Эбересттік үлкен медициналық папирус.

2 Э. Смиттің хирургиялық папирусы.

Египтологтардың айтуынша, ежелгі папирусты Имхотеп атты дәрігер жазған. Э. Смиттің папирусында бас қаңқасының ашық жарақатынан қозғалып жатқан ми «қайнап жатқан мыспен» салыстырылады. Мысырлық дәрігерлер ми бұзылысын, дененің басқа функцияларының бұзылысымен түсіндіреді. Егер бас жарақаттанса, аяқтың жұмысы істемей қалатынын олар білетін.

Ежелгі мысырлықтырға (төрт мыңжылдық бұрын) тамыр соғысы ауруларының диагностикасы белгілі болған. Мысыр дәрігерлері ауруды себептерін табиғи және табиғилықтан тыс деп екіге бөлді. Біріншісіне олар дұрыс тамақтанбауды, климаттық және ауа райының жағымсыз факторларын, ішек құртары пайда болатынын жатқызды. Мысырлықтар адамның денсаулығы дұрыс тамақтанбағандықтан бұзылады, сондықтан олар асқазандарын ай сайын қатарынан үш күн әлсіздендіргіштер ішіп тазартады, клизманы да ойлап тапқан. Қазіргі емдеушілердің ағзаның қалдықтануын және қалдықтан тазарту әдістері ежелгі мысырлық дәрігерлерінің әдістерінен айырмашылығы аз.

Мысырлықтар табиғилықтан тыс ауру себептерін адам ағзасына өлгендердің жаны кіреді деп түсінді. Оларды қуу үшін дәрілік заттарды да әртүрлі сиқырлы әдістерді де қолданды. Ол уақыттарда көптеген дәрігерлік әдістер болса да, 1872 жылы Фивода табылған Эберс папирусы ежелгі мысырлықтардың медициналық энциклопедиясы болып есептеледі. Онда 900-ден астам ішек-қарын ауруын, дем және жүрек қалқаншаларын, есту, көру мүшелерінің бұзылуын, әртүрлі жұқпалы ауруларды емдейтін дәрілер жасалған. Папирус 108 парақпен жабыстырылған, ұзындығы 20,5 м. Мысырлық дәрігерлер жағылма, пластырлар, микстуралармен, клизмамен т.б. дәрілік заттармен емдеуді қолданған. Дәрілерді жасау үшін сүт, бал, сыра, таза су, өсімдік майлары қолданылды. Эберс папирусында В косметикасы туралы жазылады, ол әжімге қарсы қолданылады, қалды жою, шаш пен қасты бояу, шашты өсіру күші дәрілік жолмен жүргізіледі.

Күннің ыстық көзінен қорғану үшін мысырлық ерлер де, әйелдер де құрамында сурьма және майы бар, жасыл сығындыны көзінің айналасына жақты. Оны жаққанда адамның көзінің түсі орман жаңғағына ұқсап қалатын болған. Мысыр әйелдері беттерін қызартып, еріндерін бояды, бірінші рет жалған шашты(парикті) қолданды, оны қысқа қиылған шашқа киеді. Жалған шаш көптеген өсімдіктерден тұрады. Ол бас киім орнына және биттеуге қарсы қолданылған. Қазіргі заманғы мысырдағы косметикалық фирмалар ресейлік саудаға шығады, жасартатын ежелгі жағылмалар(крем), жапсырма (пластірлер), примочкілер жарнамаланады. Ежелгі мысырлықтар гигиеналық ережелерді сақтауға көп көңіл аударған. Діни заңдарда тағамды мөлшерлеп, қалғанын шығынға жазады. Vғ. б.з.д. Герадот Мысырлықтардың әдет-ғұрыптарын көре

отырып, мәлімдейді: «Мысырлықтар тек мыстан жасалған, күнде тартылатын ыдыстан ішеді. Олар әрқашан жуылған көйлек киетін және ол оларға үлкен күтім көрсетілгендей болады. Биттерден қорғану үшін әрі тазалық пен әдемілік үшін шаштарын қиып, жалған шаш киетін, абыздар күнара бүкіл денесіндегі шаштарын қиып отырады, құдайға құлшылық еткен уақытта, үстерінде бит болмау үшін абыздардың киімдері тек қамыстан жасалатын. Олар күндіз екі рет, түніне екі рет жуынатын болған. Ежелгі гректер мысырлықтарды «ескерту» медицинасының құрушылары деп жай атамаған. Ежелгі Мысырда дәрігерлік оқыту, медициналық білімді беру арнайы ғибадатханадағы мектептерде иероглифтік хаттарды оқытумен тығыз байланысты болған. Бұл кеңседе қатаң тәртіп орнаған және кіруге қатал жаза қолданылды.

Қаланың ірі ғибадатханаларында Саис пен Галиопаль жоғарғы мектептер немесе өмір үйлері болған. Медицинамен бірге, математиканы, архитектураны, астраномияны, оқытқан, каллиграфия, сәндеушілер, шешендік мәдениетін және сөз өнерін біліп шықты. Осы жерде папирустар сақталған және көшірілген. Бізге тек соның үшінші немесе төртінші көшірмесі жеткен. Мысырлықтарда білімді адамды тексеру үшін, білімнің белгілі көлемі болатын. Ежелгі Мысырда дәрігерлер қатаң бекітімдерге бағынатын. Соларды сақтай отырып, дәрігер еш нәрсеге қауіптенбеді. Бірақ, ереженің сақталмауы өлім жазасына да әкелетін. Әрбір мысырлық дәрігер абыздардың ұжымына кіретін. Аурулар тікелей дәрігерге емес, ғибадатханалардың бағыттауымен жіберілген дәрігерге көрінетін. Емделуге төленген ақша дәрігерді асырап отырған, ғибадатханаға төленген. Көптеген елдердің басшылары мысырлық дәрігерлерді өздерінің қалаларына жұмыс істеуге шақыратын. Дәрігер Имхотептің папирус тізімінде жарақаттың жұмсақ тіндерін, байлау технологиясын, сонымен қатар, сол кездегі көп қолданған хирургиялық операциялардың жасалуын, яғни кесіп алып тастауын емдеуді нақты көрсеткен. Барлық жарақаттар емделетін, қарастырылатын және емдеуге жарамайтын болып бөлінеді. Сол кездегі дәрігерден науқасқа осы үш сөздің біреуін айтуын талап етті:

- 1 - «Бұл ауруды мен емдей аламын»;
- 2 - «Бұл ауруды мен мүмкін емдей алатын шығармын»;
- 3 - «Бұл ауруды мен емдей алмаймын».

Эберс папирусындағы гинекологиялық бөлімде жүктіліктің уақытын, болашақ баланың жынысын білудің оңай жолы жазылған. Жүкті әйелдің зәріне арпа және бидай салу керек. Егер бидай өссе қыз туады, ал егер арпа өссе ұл туады. Джорджтаун университетінің американдық зерттеушілері осы зерттеуді жасап көріп, тиімділігіне көз жеткізді. Бірақ, бұл көрсетілім әлі де рационалды түсінік бермеген.

Ежелгі Мысырда тіс ауруынан зардап шеккен. Әрине, сондықтан онда тіс дәрігерінің жұмысы жоғарғы сатыда бағаланды. Бұл мумияларды зерттегенде мысырлықтарда көп тараған фараондардың өзінде сол кездегі ең мықты мысырлық тіс дәрігерлері болса да, жағының жаралануы және тісінің түскені табылған. Соған қарағанда, ол кезде құрттаған тістерді пломбалау және алтынмен немесе басқа металдармен жасауды белгілеген. Ежелгі Мысырда ауру

тісті емдеу көбіне консервативті түрде жүрді, ауру тіске немесе етіне түрлі сығындылар қою арқылы Эберс папирусында осындай дәрілердің 11 жазбасы бар, бұл сығындылар ауыз құрылысын емдеп, тістерді қатайтып, тіс етінің ісігін (парадентоз) және тіс ауруын басады. Эберстің папирусындағы көптеген жазбаларындағы сығындыларды қазіргі мымырлық фармацевттер шығарды және оны қазіргі кезде көп тараған тістің түсуіне алып келетін парадентозды емдеуге қолдануға жақсы екенін түсіндірді. Мысырдың қазіргі фармацевтикалық құрылымы мемлекетке берілген. Дәрілерді ресейлік нарыққа қоятын, аздаған жеке фармацевтикалық фирмалар бар. Ежелгі мысырлық дәрілер қатары уақыттық тәжірибелерден өткенін және қазіргі кезде қолдануға болатындығын ескере отырып, мысырлық дәрігерлер мен фармацевттер олардың қайтадан жасалып, жаңа дәрілік зат шығаруға үлкен қызығушылықпен қарайды. Қазіргі әлсіздендіргіштер, зәр айдағыш, ісінуге қарсы, ревматизмге қарсы және басқа дәрілік заттарға тәжірибеге енгізілген.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Грек мифологиясындағы Құдайлардың атын айтыңыз?.
2. Алғашқы грек натурфилософтарының атын атаңыз?
3. Апейрон дегеніміз не?
4. Гераклиттің «Логосы» – ол не?
5. Парменидтің «Болмыс» дәлелдемесін көрсетіңіз.
6. Зенонның қандай «апорияларын» білесіз?
7. Демокрит дүниедегі қажеттілік пен себептікті неден шығарады?
8. Софистика әдісі?
9. Протагордың “Адам – барлық заттардың өлшемі” деген нақыл сөзін қалай түсінесіз?
10. Платонның “идеялар әлемі” дегеніміз не?
11. Аристотельдің “Платон маған қымбат, бірақ ақиқат одан да қымбат” деген сөзін қалай түсінесіз?
12. Аристотельдің материя және форма ұғымдарын қалай түсінесіз?
13. Киниктердің көзқарасы қандай болды?
14. Эпикуреизм деп этика саласында нені айтамыз?
15. «Бұл тұжырымдар қазіргі өтпелі қоғамда қандай ойларды туғызуы мүмкін? – ойланыңыз: Сүйіспеншіліктің тартуы мен бәрі де жиналады; қастық олардың бәрін кері таратады (Эмпедокл).
16. Скептицизмнің көрнекті өкілі кім?
17. Асклепий деген кім?
18. Гиппократ антынан үзінді?
19. Мысыр философиясы мен мифологиясы?
20. Мысыр мифологиясындағы Құдайлардың атын айтыңыз?
21. Эверест пен Смит папирустары туралы айтып беріңіз?
22. Мысыр медицинасы: Уринотерапия?

IV ТАРАУ. ОРТАҒАСЫР МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯ ФЕНОМЕНІ

§4.1. Ислам мәдениеті контексіндегі араб-мұсылман философиясы және медицина

а) Араб және түркітүлдес халықтар философиясы.

Әлемдік философия тарихында өзіндік орны бар түркі тілдес халықтар философиясы араб мұсылман философиясы мен мәдениетінен нәр алып, VII-X ғасырларда философия мен ғылым өзінің гүлденген кезеңін бастан кешірді, ғылымның: тригонометрия, алгебра, оптика, психология, астрономия, химия, география, зоология, ботаника, медицина сынды салалары қарқынды дамыды. Арабтардың ұлттық мәдениетінің кең өркен жаюы VII ғасырда арабтар Африканың бүкіл солтүстік жағалауын, Пиреней түбегін, Сирия, Палестина, Таяу Шығысты жаулап алғандығымен байланысты, жаңа ислам діні пайда болуына әкелді. Бағдат қаласы үлкен мәдени, рухани орталыққа айналды. Мұнда Платонның, Аристотельдің, Птоломей, Гипократ, Галеннің, Эвклид, Архимедтің еңбектері араб тіліне аударылып басылып, мұсылман әлеміне кең тарады. XVI ғасырда философия өзінің шырқау шегіне жетті. Аристотелизм ағымының ықпалы философия саласында өте күшті болды. Сөйтіп мұсылман перипатетизмнің негізін қаланды.

Мұсылман философиясының даму кезеңі арабтық (VIII-XIII ғғ. арабтілді философия) және түріктік (XII- XVI ғғ. түрік мемлекетінің үстемдігі орнауы) болып бөлінеді.

Мұсылман философиясының қалыптасуына әсер еткен:

- ✓ Бірінші – антикалық грек және эллиндік философия.
- ✓ Екінші Иран – Сасани философиясы.
- ✓ Үшінші үнді философиясы.

Фалсафа (арабша-философия) антиктік философияны араб тілінде, мұсылмандық дүниетаным негізінде қайта жандандырған. Фалсафаның араб тілінде өрбуіне мәдени-тарихи, саяси, әлеуметтік жағдайлар әсер етті. Бұл жерде еріксіз мойындайтын мәдени-әлеуметтік жағдай: исламдіні, оны таратушы басты саяси күш – Араб халифаты.

Халифат мемлекеттік құрылым ретінде Арабияда VII ғасырдың 20 жылдары пайғамбарымыз Мұхаммедтің діни реформасы нәтижесінде өмірге келген. Мұхаммед пайғамбар діни ұстаз, саяси басшы әрі ең жоғарғы үкім шығарушы болғандықтан, оның тілі (араб тілі) дінде, саясатта, шариғатта (заңда) мемлекеттік қызмет атқарған.

Екіншіден, ұмыт болған антиктік философияны тірілтіп, оған коментарийлер жазып, аударып, онымен Еуропа жұртшылығын таныстырып, грек философиясындағы дәстүрді жалғастырушылар арабтар еді. Осындай істің нәтижесінде Еуропада грек, латын тілдері қайта жанданды, олар ғалым, білім, өнер, философы тілдеріне айналды. Сөйтіп, Еуропада классикалық филология дәстүрі қалыптасты, енді зиялы қауымның грек, латын, араб тілдерін білуі

заңдылыққа айналды. Бұл жағдай Еуропада және Ресейде ХХ ғасырға дейін жетті.

Үшіншіден, арабтар салған дәстүр немесе грек философиясын қайта жаңарту ХІ ғасырғы Батыс Еуропа схоластикасына негіз болды. Бұл туралы кезінде И.Г.Гердер былай деп жазған: «Арабтар болмаса, Гердер де, Альберт Великий де, Вилла, Новалық Аргольд те, Роджер Бэкон де, Луллия Раймунд та болмас еді. Олардың бәрі Испанияда арабтардан оқыды немесе солардың шығармаларын оқыды. Тіптен Фридрих II-нің өзі араб кітаптарын аударуға қамқор болып, ғылымдардың жандануына жағдай жасады» [Гердер И.Г. Идеи к философии истории Челосовечества.- М.: Наука, 1977.- С.601]. Фалсафа араб тілі негізінде ғана емес, ол саяси негіздерде жүзеге асқан феномен болғандықтан оның үш тарихи кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезең. Бағдат Халифатына қатысты әл – Кинди, «Таза ағайындар» еңбектеріне байланысты қарастырылатын тарихи мәдени кеңістік.

Екінші кезең. Халифаттан өзге мұсылман мемлекеттерінің пайда болуына байланысты ислам мәдениеті Аравиядан тыс аймақтарда гүлдене бастады, соның бір көрінісі – Орта Азия мен Қазақстан аумағында ерекше түрде дамыған фалсафа, оның өкілдері: әл – Фараби, Ибн Сина, Омар Хаям, Аттар, әл – Ғазали ж.т.б. Бұлар парсы түркі жұртының ойшылдары.

Үшінші кезең. Мұсылман Испаниядағы Еуропалық фалсафаның тарихи – мәдени кеңістігі, оның өкілдері: Ибн Бадж, Ибн Туфейл Ибн Араби, Ибн Рушд.

Ортағасырлық мұсылман философиясының негізгі ағымдары:

- ✓ мұсылмандық перипатетизм(шығыстық және батыстық),
- ✓ калам(мутазилиттер, классикалық кезең және соңғы кезең),
- ✓ мистикалық философия(суфизм).

Философия Х ғасырда екінші ортасында Кордова қаласынан бастап, ХVІ ғасырға дейін мәдени даму өзінің шарықтау биігіне шегіне жетті. Аристотелизм ағымының ықпалы философия саласында өте күшті болып, мұсылман перипатизмінің негізі қаланды. Ол негізінен екі бағытқа бөлінген еді:

- ✓ Біріншісі – әл-Кинди, Әл-Фараби және Ибн-Синаның атымен байланысты шығыстық аристотелизм.
- ✓ Екіншісі – ибн Туфейл және ибн-Рушдтың (аверроэс) атымен байланысты испан аристотелизмі.

Алғашқы кезде арабтар Аристотель философиясының неоплатониктер бұрмаланған нұсқасымен танысқанды. Кейіннен, Аристотельдің түпнұсқа еңбектері араб тіліне тікелей аударылап, зерттеу объектісіне айналған кезде ғана ол бұрмалаушылықтардың ықпалы жойылды. Сөйтіп, араб мұсылман әлемі Платон және Аристотель еңбектерімен тікелей танысуға мүмкіндік алды (Мырзалы С., 2001). Қазақ ойшылдары: Қорқыт ата, Жүсіп Баласағұн, Ахмет Иассауи, Махмуд Қашқари, Ахмет Иүгінеки, Сүлеймен Бақырғани, әл-Хорезми, әл-Бируни, ибн Сина, Омар Хайям ж.т.б. барлық түркі тілдес халықтардың мәдениеті мен әдебиетін, алғы философиялық ойларының іргетасын қалады деуге негіз бар. Мысалы, әл-Бируни Жердің өз осынен айналып қозғалуы туралы болжамды алғаш айтқан данышпанның бірі болды, сондай-ақ, көптеген

өзге әлемдердің өмір сүруі туралы идеялар мен бірнеше қызықты математикалық идеяларды ойлап тапты. Омар Хайям алгебрадағы үшінші дәрежеге дейінгі теңдеулердің шешімін жүйелеп, оны тұңғыш рет геометриямен байланыстырды (Есім Ғ., 2000).

Калам VIII-XV ғғ. мұсылмандық философияның ағымының атауы. Калам – Құранды символикалық-аллегориялық талқылауға негізделген әдіс. Өкілдері: ал-Ашари, ал-Бакиллани, ибн –Фурак, ал –Исфараини т.б Оны жақтаушылар мутакалимдер деп аталған. Оның дамуының негізгі кезеңдері философиялық және діни алғышарттардан тұрады. Философиялық алғышарттары-антикалық философия(пифагоризм, атомистика, неоплатонизм, аристотелизм). Діни алғышарттары: иудаизм, христиандық, ислам.

Перипатетизм мен “Таза ағайындыларға” қарсы мутакаламдар, мутазилииттер бағыттары пайда болды.

Мутакалимдер – радикалды исламды жақтаушылар.

Мутазилииттер – ислам философиясының кейбір бағыттарын материалистік бағытта дамытқан. Құдай мен әлемді бір деп жариялады. Адамның жаратылысын материалистік тұрғыдан пайымдап, оның ақыл күшіне, қабілет мүмкіндіктеріне сенген.

Суфизм – аскетизм мен мистиканы жоғары игілік деп танушы бағыт, яғни, өз өмірінен баз кешіп, құдайға құлшылыққа негізделген. Осыған орай, Бағдат қаласы үлкен мәдени, рухани орталыққа айналды. Мұнда Платонның, Аристотельдің, Гиппократтың, Галеннің, Архимед және Птоломейдің шығармалары араб тіліне аударылып, басылып, мұсылман әлеміне кеңінен танымал болды (Алтаев Ж., 2000). Суфизм. Ислам діні шеңберінде пайда болған мистикалық, аскеттік ағым. Өкілдері: әл-Ғазали, Ибн Араби, Қожа Ахмет Иасауи, әл-Бистами, әл-Мисри т.б. Сопылық таным теориясы:

1. субъектіден жалпылыққа, субстанцияға.
2. адам өзін-өзі тануынан құдайды тануға
3. бүтіннен жекеге оралу жүреді.

Негізін қалаушылар: Зун-н-Нун, Абу Абдаллах әл-Мухасибі. Суфистер ұмтылатын басты мақсат – Құдаймен бірігу болып табылады. Оған жетудің жолы Құдайға деген махаббат пен экстаз жағдайындағы интуитивті таным [Әлемдік философиялық мұра. Жиырма томдық. 5 том. «Ортағасырлық діни философиясы». – Алматы, «Жазушы», 2005].

Әл-Кинди (шамамен 800-870 жж.) «араб философы» деген құрметті атаққа ие болған ол – жан-жақты терең білімді, геометрия, астрономия, оптика, медицина, музыка ғылымдарымен шұғылданған ойшыл адам, философиялық шығармалары логика мен таным теориясына байланысты жазылған. Әл-Кинди шығыстық перипатетизмнің негізін салушы, еңбектері: «Аристотель кітаптарының саны және философияны ұғыну үшін не керек?», «Бірінші философия жөнінде», «Бес мән-мағына туралы кітап».

Ол өзінің трактаттарында табиғат құбылыстарын детерминистік тұрғыдан түсіндіруге баса назар аударды. Әл-Киндидің философия және жаратылыстану ғылымдары саласындағы көптеген жаңа тұжырымдары мен қағидалары

келешек ғылым үшін де жетекшілік рөл атқарды. Атап айтқанда, оның септілік байланысы, танымның үш сатысы туралы ілімі араб философиясы үшін сараптаудың үлгісі есепті болды.

Әл-Киндидің пайымдауынша, танымның бірінші сатысына – логика мен математиканы, екінші сатысына – жаратылыстану ғылымдарын, үшінші сатысына философияны жатқызады. Демек, философияның нақтылы ғылымдарға өте жақын екендігін, олармен тығыз байланыста болып, арқа сүйейтіндігін көре біліп, дұрыс айтқан. Шығыс перипатизмінің тарихында ақыл-ойдың төрт түрін атап көрсеткен концепциясы үлкен рөл атқарды. Оларды – мәңгі әрекетшіл «белсенді ақыл-ой», «бейжай, енжар ақыл-ой», «жол жөнекей қосылған ақыл-ой», «жарияшыл ақыл-ой» деп сұрыптайды. Аристотельдің он категориясының орнына, әл-Кинди бес категорияны рухани түпнегіз етіп алуды ұсынады. Олар – материя, форма, қозғалыс, кеңістік және уақыт. Өзінің ғылыми ізденістерін әл-Кинди астрология мен болашақты болжау ісімен ұштастыруға талпынған. Оның бұл әрекеті, ислам дініне келісе бермейтін кейбір пайымдаулары исламның кейбір жақтаушыларына ұнамай, олар әл-Киндидің біраз кітаптарын өртеп жіберген болатын. Сондықтан да оның біраз шығармалары біздерге жете қойған жоқ (Избранные произведения мыслителей стран Ближнего и среднего Востока/ под ред. С.Н. Григоряна., М., 1966).

б) Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары. Әл-Фараби (870-950жж) атағы әлемге жайылған ғұлама философы, Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған ойшыл Отырар қаласында дүниеге келген.

Ойшыл туралы оның мұралары мен зерттеулерін зерттеп, қарастырған қазақ философтары (А. Қасымжанов ж.т.б.) өте көп. Соның ішінде Фараби туралы тереңірек қарастырғанның бірі, белгілі Отандық философ, профессор Ж.А. Алтаев. Ол қазақ ойшылы туралы тамаша еңбектер мен зерттеулер жүргізген, мұраларын терең қарастырып, көптеген еңбектер, оқулықтар жазған. Сондықтан Әл-Фарабидің шығармаларына тоқталғанда біз профессор Ж.А. Алтаевтың көзқарасына сүйенсек дейміз. Оның пайымдауынша, антик заманындағы дәстүрдің және Аристотельдің тарихтың барысында қалдырған әсері, неоплатонизмнің, несторианшылдықтың әсері және исламның әсерімен Аристотель идеяларының өзгеруі айқын көрінеді. Әл-Фараби Аристотель ілімінің формальдік жағымен ғана шектелмей, диалектика элементтеріне, мәселені қарама-қарсы қоюына белгілі дәрежеде көңіл бөледі, сыртқы дүние мен сезім мүшелері арқылы жүзеге асатын байланыс таным логикасының іргетасы болып табылатынын дәлелдейді. Фараби Аристотельдің, әл-Киндидің ізін қуып, философия мен ғылымның барлық салалары бойынша үлкен жетістіктерге жетеді. Мәселен, Фараби шығармаларының санын неміс ғалымы Ш. Штейшнейдер 117 еңбек десе, түрік ғалымы А. Атеш 160, ал тәжік ғалымы Б. Ғафуров 200 трактат деп көрсетеді. Ол еңбектері күні бүгінге дейін де мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика т.б. туралы еңбектері бар. Ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні

ерекше зор. Ж.А.Алтаев өзінің «Философия» атты кітабында Фарабидің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» еңбегі туралы терең тоқталып өткен. Осы еңбектен үзінді алсақ, Фараби Аристотельдің философиясын меңгеруге қажет болатын тоғыз шарт жайлы өз пікірлерін ортаға салып, Ж. Алтаев бұл туралы былай дейді деген:

- ✓ Философиялық бағытқа (ағымға) бас болған ұстаздың аты-жөні;
- ✓ Оның шыққан қаласы;
- ✓ Философияға мекен (медресе) болған орынның аты;
- ✓ Философиялық ағымды тудырған басты себеп;
- ✓ Философиялық талдауға түскен мәселелер;
- ✓ Философияның алға қойған мақсаты туралы;
- ✓ Философияның практикалық мәні, нәтижесі.

Бірінші шарт – философиялық ағымдарды тану (аты-жөнін білу).

Екінші шарт – өткендегі ірі философтардың еңбектеріндегі негізгі ойларын мақсаттарын тану. Мұнда Фараби ежелгі гректерден қалған логикалық шығармалардың яғни, формальдық дәлел (логика); силлогизм; аналитикалық мазмұн мен оқу ретін қысқаша айтып өтеді.

Үшінші шарт – философ болу үшін қажетті ғылымдарды тани білу;

Төртінші шарт – философия ғылымын үйретудегі мақсатты түсіну. Философия ғылымын үйренуде оның күттіретін мақсатын тану. Оның мақсаты жаратқан иені тану. Ол өзі ауыспайтын, өзгермейтін, жалғыз. Бүкіл дүниені, барлық нәрселерді барлыққа, болмысқа шығарған жаратушы. Жомарттылығымен, хикметімен, әділеттілігімен осы әлемге тәртіп беруші Алла тағаланы тану.

Бесінші шарт – философия ғылымына кірісудің төте жолын тану. Бұл жерде Фараби білім, ғылымға жетудің ең бір дұрыс жолы аянбай еңбек ету дейді. Сонымен қатар философияны тек жаратылыстану ғалымдары арқылы ғана танып-білуге болады деген пікірлер айтады.

Алтыншы шарт – Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми ұғымдарды талдай білу.

Жетінші шарт – Аристотельдің өзінің еңбектерін оқыған адамнан терең жұмбақ сырларды шешуді талап етуінің себебін білу, Аристотель еңбектерінде жұмбақ түрінде айтылған түсініктердің сырын ашу.

Сегізінші шарт – философ адамның міндеті мен тіршілік ережесін және қалпын түсіну.

Тоғызыншы шарт – Аристотель ілімін үйрену үшін нендей нәрселер қажет екенін білу. Фараби бұл жерде Аристотельдің логика ғылымын, шығармаларын оқу тәртібін келтіріп, оны жоғары бағалайды(Алтаев Ж.А, 2000).

Сонымен қатар, философия тарихы, оның негізгі бөлімдері туралы, көлемді еңбектер жазған, Фараби туралы терең зерттеушілердің бірі, Отандық ойшыл А. Қасымжанов болып табылады. Оның «Философия» атты кітабында төмендегідей жолдар жазылған. Біз оны қолдануды жөн санадық. Ойшыл Фараби – «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегіне тоқталған. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды

тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге келтірді. Ол тек музыка теориясын ғана жазып қоймай, музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнай да білген. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыкант Әбу Насыр әл-Фараби десек, біз қателеспеген болар еді. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспапта түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шағын халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар (Касымжанов А.Х. Абу-Наср аль-Фараби. Мыслители прошлого. – Алма-Ата, 1974).

Әл-Фарабидің медицина, биология ғылымдарына да үлкен мән бергені мәлім болып отыр. Медицина жөнінде жазған еңбектері: «Адам ағзалары жайлы», Аристотельмен алшақтығы туралы «Галенге қарсы жазылған трактаттар», «Жануарлар ағзалары», «Темпераменттер туралы» ж.т.б. еңбектер жазған, бұларда ол, негізінен, медицина ғылымының пәнін, міндет-мақсатын анықтап беруді көздейді. Бұл еңбектерден ұлы ғұлама дәрігер Әбу әли ибн Сина тәлім алған. Мәселен оның «Медицина негізінде» атты әйгілі шығармасы теориялық, әдістемелік жағынан ұстазының аталмыш «Адам ағзалары жайлы» трактатына өте жақын келеді. Әл-Фарабидің бұлардан басқа көптеген философиялық және натурфилософиялық тұжырымдарында да жаратылыстану жайында айтылған бағалы пайымдаулар мен ғылыми қорытындылар кездесіп отырады. Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы, оқымысты, өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық, білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан, оның этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде (Есім Ғ. Фәлсафа тарихы. А., 2000).

Фараби «Бақытқа жол сілтеу» трактатында бақытқа, оған жетуге бастайтын жолға айрықша назар аударады. Әл-Фараби адамның бақыты туралы, оған жету үшін адам өзін-өзі жетілдіре отырып, қиын жолдан өтуі керек деген. Адамның табиғи қабілеті өздігінше жақсы қылықты да, жаман қылықты да істеуге бірдей мүмкіндік береді. Адамның жетілуі мінез-құлықтың жетілуімен үйлес келеді, осыдан келіп бақытқа жету мен мінез-құлықтың жетілуі арасында байланыс туады. «Бақытқа жол сілтеу» трактатында және басқаларда әл-Фараби Аристотельдің әрекеттену мен қайырымды істердегі орта шама туралы пікірін дамытады. Фараби ұстамдылықты жақсы құлық деп есептейді, ал ұстамды болу үшін, шамадан тыс молшылық болса, одан жетіспеушілікке қарай ауытқып, ондай молшылықтан арылуымыз керек және керісінше, жетіспеушілік болса, біз молшылық жағына қарай ауытқуымыз керек, сөйтіп, мінез-

кұлқымызда ұстамдылықты қалыптас-тырғанша осылай ете беруіміз керек. Жоғарыда айтылғандар әл-Фарабидің адам өміріндегі «жақсылық» пен «жамандық» «тәңірден» болмай, оларды адамның өзі тандауға болатын жағдайда белсенді әрекет факторына қандай зор маңыз бергенін көрсетеді (Әбішев К., 2002).

Әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, әл-Фарабидің білуінше, адамға ғана болатын «ен ерекше» игілік, ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса солай, бет алды жүргізілмеуге тиіс. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастағаны жөн. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетеді деп түйін жасайды. Әл-Фарабидің азаматтық, саяси, адам, қоғам жөніндегі ойлары «Фусул ал-мадани» («Мемлекеттік қайраткердің нақыл сөздері») трактатында қаралады. Бұл трактаттың тақырыптары әр түрлі болса да, негізінен бір мақсатқа – адам мен қоғамның арақатынасы, оның жетілуіне арналған. Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. Өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше, философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада әл-Фараби дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше, дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бар заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады (Әл-Фараби. Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Алматы, 1975).

Әл-Фараби дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады, себебі, туған елінің мәдени байлығын, иран, үнді, антика мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын тандап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек, артық айтқандық емес.

Әл-Кинди мен әл-Фарабидің ілімдерін одан әрі дамытушы, жалғастырушы Ибн-Сина (980-1037) болды. «Медицина тәжірибеден туындаған ілім, өзіне сай белгілі заңдылықтары, аурудың түріне қарай оның неден пайда болатынын,

қалай емдеу керектігін анықтап, адам тәнінің сау болуы үшін күрес жүргізетін сала» - деп, Әл-Фараби айтқандай, әрбір адамның алақанда тұрған өмірі барша дәрігерлерге өте қымбат және медицинаны танып, зерттеудің өзі өте күрделі, аса көп білім мен жауапкершілікті, зеректілікті қажет етеді (Кішібеков Д., 1991).

IX - XI ғ.ғ. Шығыстың ғылымының орталығы Орта Азияға ауысады. Араб халифаты IX ғ. ыдырай бастаған соң, IX-X ғ.ғ. Исмайл Саманид басқарған (892-907 ж.ж.) мемлекет құрылады. Бұл Саманидтер мемлекеті X ғ. ең жоғарғы даму сатысына жетеді, ал астанасы Бұқара қаласы – Шығыстың ең бай және әдемі қалалардың бірі болды.

в) Ибн Синаның философия мен медицинаға қосқан үлесі.

Ибн Сина Афшаны (Өзбекстан жері) деген жерде 980 жылы дүниеге келді. Ол сол кездегі 12 ғылымды игерген, энциклопедиялық білімі, философиялық көзқарасы болған. Сондықтан да Хамадандағы (Иран) Ибн Сина басына қойылған ескерткіштің 12 бағанасы бар. Ибн Синаның негізгі еңбектері: «Дәрігерлік ғылым кононы», «Емшілік кітабы», «Логика. Риторика. Метафизика". Философиялық көзқарасы – мұсылмандық сеніммен синтезделген перипатетизм және неоплатонизм идеяларын дамытты. Онтологияда дүние жаратылмаған, дүние-уақыттан тысқары тіршілік ететін Құдайдың эманациясы. Әйгілі орыстың медицина зерттеушісі Б.Д. Петров ол жайлы былай деп жазады: «Орта ғасырларда онымен білімі, таланттылығы, еңбекке талпынысы және шығармашылық қорытындылары бойынша ешкімді салыстыруға болмайды». Сонымен орта ғасырларда медицинада жаңа ұғымдардың пайда болуы тәжік тегінен шыққан ұлы ғалым Әбу Әли Ибн Сина (980-1037ж.) атымен байланысты. Бұхарада өмір сүрген, оқыған және жұмыс істеген, өзінің заманындағы барлық ғылымдарды: грамматикадан бастап заң тану іліміне дейін игерген. Кейін ол бір атақты дәрігердің қолдауымен медицина саласын жете оқып, оны өзінің негізгі кәсіби жұмысы еткен. Сол кездегі Бұхар әміршісін емдеген үшін оған сыйлық ретінде Бұхараның атақты кітапханасына баруға рұқсат берген. Ол заманда бұл дүниежүзінде ең ірі кітап қоры, ең бай кітапханалардың бірі болып есептелінетін. Сол жерде білімін жетілдіріп одан әрі тереңдетеді. 1002 жылы ол көрші Хорезм патшалығының астанасы Үргеніш қаласына ауысады. Ол кезде (IX-X ғ.ғ.) Орта Азияда ғылымның, мәдениеттің дамуы жоғары деңгейде болған, себебі, Батыс Еуропадағыдай діннің әсері Орта Азияға кейінірек XI ғ. басталады, бұған дейін ғылыми ұғымның қалыптасуына діни басшылық көп кедергі жасамаған. Сондықтан да Ибн Сина ғалым ретінде қалыптасуы, өсуі Орта Азияның мәдениетінің, экономикасының зор дамыған кезеңіне келеді. Хорезмде 15 жыл өмір сүрген, осы жерде ол атақты математик, астроном, географ, минеролог, этнограф, тарихшы Әл-Бирунимен танысады (Болтаев М.Н. Абу Али Ибн Сина-великий мыслитель, ученый, энциклопедист среднего Востока. - М.,2002).

Клиницист Ибн Синаға болмысқа философиялық тұрғыдан философиялық көзқараспен, оймен қараған тән. Оның даналығын мойындамайтын зерттеушілердің өзі оның ой-түйіндерінің логикалық тұрғыдан пайда болғандығын және

дұрыстығын атап өтеді. Ибн Синаның «Данишнаме» («Білім кітабы») еңбегінің бір бөлімінде сапа мен сандық категорияға мысал ретінде ауру мен денсаулықты атап өткен. Оның медицинаға деген көзқарасын табиғатқа деген көзқарасын білгеннен кейін ғана айқын айта аламыз. Хорезмде Ибн Синаның қоғамдық-саяси көзқарасы, дүниетаным ұғымы қалыптасты. Хорезмде тұрған жылдары Авиценна өзінің ең атақты еңбегі «Китэб эш-Шифа» (Емдеу кітабы) және «Әл-Канүн фиттыб» (Дәрігерлік ғылым каноны) атты кітаптарын шығарады және ғылымның басқа салаларынан да еңбектерін жазады. Бұл шығармалары Ибн-Синаны дүние-жүзіне белгілі етеді, атағын шығарады. Ол энциклопедиялық білімі бар ғалым ретінде барлық жерде белгілі болады. Бірақ 1017 жылы Ибн Сина Хорезмнен қашып кетуге мәжбүр болады, себебі ол өзінің элеуметтік-саяси көзқарасы үшін қудаланады. Соңғы жылдары ол Иранда тұрады, онда да бірнеше ғылыми еңбектер жазады. 1037 жылы Иранда Хамадан деген жерде қайтыс болып сол жерде жерленеді. Осы уақытқа дейін оның басына қойылған қорғаны сақталған. Ибн Синаның біздің заманымызға дейін 100 астам еңбектері жеткен. Ибн Сина дүниетанымының қалыптасуына философ әрі жаратылыстану ғылымдарының озық үлгілі бірлігі ретінде араб мұсылман әлемінде танымал болуына әл-Кинди мен әл-Фараби философиясының тікелей ықпал тигізгені белгілі (Сагадаев А.В. Ибн Сина (Авиценна). – М.: Мысль, 1985. – 222 с.)

Ибн Синаның философиялық шығармасы он сегіз бөлімнен тұратын «Сауығу кітабы» логиканы, физиканы, математиканы және философияны камтыған. Арабтар әлемінде Ибн Синаның аты кереметпен аталатын еді. Оны біресе «философтар патшасы» деп атаса, біресе «дәрігерлер атасы» деп дәріптеген. Философияда Фараби бағытын жалғастырғанымен араб перипатетизмнің негізін қалаушы болды. Оның болмыс туралы ілімі материяны мәңгі жаратылыстан тыс құбылыс ретінде қарастырады. Алайда бұл қағиданы діни көзқарастармен байланыстыруға мәжбүр болған. Мысалы, ол құдайдың бар екендігіне шүбә келтірмейді. Дүние – шындықтың мүмкіндігі ғана. Ол уақыттан тысқары құдайдың жағдай туғызуына байланысты шындыққа айналады. Адамның рухын Ибн Сина дененің бейзаттық формасы ретінде қарастырады. Денелердің қайта тірілуі мүмкін емес дейді. Ибн Сина жалпы ұғымдар (универсалиялар) мәселесін өте қызық түрде шешкен. Оның ілімі бойынша жалпы ұғымдар үш ұдай өмір сүреді:

- 1) заттарға дейін, құдыреттің ақыл-ойында;
- 2) заттың өзінде, себебі ол сол заттың мәні;
- 3) заттан кейін адамдардың санасында.

Таным теориясында Ибн Сина әл-Фарабидің жолын қуып, оны одан әрі дамытуға ат салысады. Дегенмен кейбір мистикалық тұжырымдарға бай негізгі тәсілдерінің бірі ретінде, ол құдай шапағатын мойындап ұсынады. Жалпы алғанда, Ибн Сина философиясы Аристотельді исламның негізгі қағидаларымен ұштастыра отырып, оларды өзара ынтымақтастырмақ болған ілім. Ибн Синаның ғылыми-саясаттық көзқарасы үшін оның еңбектерін үш рет өртеп жіберуге жол берілген, біріншісі – 1160 жылы Бағдатта, екіншісі – 1260 жылы

Иранда, Исфахан деген қалада, ал үшінші рет – XV ғ. Т. Парацельс деген швейцар ғалымы Авиценнаның медициналық көзқарасы галенизмге жақын деп еңбектерін тағы да өртеткізеді.

Гален атақты Рим дәрігері II ғ. өмір сүргенмен, оның ілімі орта ғасырлар бойы Еуропаның барлық университетінде қабылданып, галенизм деп аталған. Ибн Сина Галеннің негізгі ілімі адам екі субстанциядан тұрады, яғни тән мен жан бөлек деген ұғымын қабылдаған. Тән «сылбыр», өледі, рух ажалсыз делінген. Бірақ Галенге қарағанда Авиценна рухтың «қабылдағыш күші» бар дейді. Адам рух арқылы сыртқы ортаның әсерін қабылдайды. Сонымен қатар, Гален медицинаны «діннің қызметін атқару үшін» десе, Авиценна «медицина адамға қызмет етуі керек» дейді. Оның айтуынша, медицина адамның тәнінің құрылымын зерттейтін ғылым. Денсаулықты сақтау және денсаулықтан айырылғанда оны орнына келтіру үшін пайдалану керек, бұл медицинаның негізгі мақсаты дейді Авиценна. Галеннің іліміне керісінше, ол сырқаттың себебін білу керек, оны білу үшін нақты тәжірибе, бақылау жүргізу, зерттеу керек екендігін дәлелдейді. Авиценнаның ілімі бойынша аурудың пайда болуының бірнеше себептері бар:

- Ауа райының, тұрған мекенінің, жыл мерзімінің зиянды әсері;
- Тұрмыстық жағдайдың, тамақтану тәртібінің, тазалығының әсері;
- Еңбек жағдайының әсері;
- Әр адамның ауруға бейімділігі;
- Күйзеліс, ренжу, уайымдау т.б. әсері;

Сонымен қатар, Авиценнаның ілімінің аса маңызды жетістігі жұқпалы аурулар себебі туралы: көзге көрінбейтін заттармен, ауа мен тағаммен су арқылы тарайтынын болжау. Бұл ойын Авиценна Лукрецийдің ілімімен негіздейді. Сырқаттың себебін анықтаған соң, қалай емдеу керек, қандай дәрі қолдану керек екендігін анықтау жолдарын айтады: Дәрігер емдеуге дәріні таңдағанда нақты осы дәрі керек екендігіне өзінің сенімі күшті болуы;

- Науқастың жағдайын ескеруі;
- Дәрінің сапасының жоғары болуы;
- Дәріні пайдалану әдісін (ішу, қабылдау т.б.) білу;
- Дәрінің емдік мөлшерін анықтау.

Авиценнаның медицинасының маңызы – ауруды емдеу үшін нақты тәжірибелік білімнің керек екендігі. Бұл ұғым медицинаның даму тарихында ең ірі болып есептелінеді. Сонымен қатар Ибн-Синаға әсер еткен өз заманының философтарымен дәрігерлері де бар: Әл-Кинди (800-879) медицинада 20 еңбектен көп еңбек қалдырған, олардың ішінде «Денсаулықты сақтау туралы», «Гиппократ медицинасы туралы» және Әл-Фараби (873-950), Ибн Синаны өзінің ұстазы деп санаған. Фарабидің «Адам ағзасының органдары жайлы трактатында» Аристотель мен Гален еңбектерін сынға алып, өзінің медициналық есептеулері жайлы жазады. Соған байланысты Ибн Сина ауруды зерттеудің және емдеудің ойлаудың кез-келген процесінің күрделі процесс екендігі жайлы және бәрінен де түйсіктің дамуы өте қиын екендігі жайлы жазады. Медицина саласында, бұрын тарихта көтерілмеген тың ой Ибн

Синаның адамның «дене табиғатын тәрбиелеу, жетілдіру» деген болды. Бұл ұсыныс медицина, клиника тарихында жаңалық болғанымен, ол кездегі діни ұғымға қарсы келеді, сондықтан Ибн Сина ұзақ жылдары қуғындалуда болып, әр жерлерде жоғарыда айтылғандай ғылыми еңбектерін жоққа шығару жолдары кездесті. Сол себепті бұл дерек бізге XIII ғасырда өмір сүрген әзірбайжан (Махмуд-ибн-Илияс) дәрігері айтуымен жеткен (Григорян С.Н. Из истории философии Средней Азии и Ирака 7-12в. – М.1960).

Ибн Сина әр адамның дене тазалығын сақтауды кеңінен насихаттап, адам өз тұлғасын шынықтыру арқылы жетілдіруге болады дейді. Сонымен қатар, көпшілікке қоғамдық гигиена шараларын – тағамды сақтау тәртібін, ашық су қоймаларын қорғау, су құбырын жүргізу, монша салу, өлікті реттеу тәртіптерін насихаттады. Хамадан мен Исфаханда (Иран) ауруханаларда салу жобаларын ұсынды. Ибн Сина орта ғасырлар дәрігерлері ішінде ауруды бақылау, емдеу кезінде Гиппократтың адам тұлғасының түрлері туралы ілімді клиникада пайдаланған жалғыз өзі деуге де болады. Ибн Синаның ғылыми зерттеулерінен қалған мұраны медицинаның түрлі саласындағы мамандар меңгеруі керек. Сонымен қатар, бұл жұмысқа филолог, тарихшылар, медиктер, биологтар да кірістірілуі қажет. Сол кезде ғана «Дәрігерлік ғылым канонын», оның басқа да ғылыми зерттеулерін терең зерттеуге болады. Бұл істі Ибн Синаның жазбалары бар немесе сақталған кітапханалары бар қалаларда жүргізген дұрыс. Ибн Синаның «Дәрігерлік ғылым каноны» бес кітаптан тұрады. Бұл кітаппен ол 12 жыл жұмыс істеген. Бұл кітап Шығыстағы орта ғасырлар дәуірінің іргелі энциклопедиясы болып саналады және бүкіл денсаулыққа және адамға қатысты мәселенің бәрін қарастырып кеткен. Бұл еңбек Ибн Синаның грек, рим, үнді, орта Азия дәрігерлерінен тәжірибе алып, көзқарастарын жалпылаған еңбегі болатын. Кітаптың әр бөлімі жеке қарастырып өтуді талап етеді:

I кітапта – медицинаның жалпы сұрақтары: есептемесі, ауру мен денсаулық туралы түсінік, аурулардың этиологиясы, симптомдары, денсаулық сақтауды, тамақтану мен салауатты өмір салты бойынша өмір сүруді үйрену, емдеудің жалпы жолдары жайлы мәселелер қарастырылған.

II кітап – фармакологияға арналған, өсімдік текті, минерал, жануар текті «жай дәрілердің» 811 атауының әсері мен қасиеттері жайлы жазылған.

III кітап – көлемі бойынша ең үлкені – 22 бөлімнен тұрады, әрбір ауруға жеке сипаттама берілген. Мұнда әртүрлі органдардың ауруларына сипаттама берілген «бастан аяққа дейін», дәрігерлерге кеңес те берілген.

IV кітап 7 бөлімнен тұрады және «ағзаның жалпы аурулары жайлы» жазылған: хирургиялық (шыққан, сынған жағдайлар), жұқпалы аурулар (оспа, қызылша, оба), түрлі улармен уланған кездегі аурулар (токсикология), косметикалық қиындықтар жайлы.

V кітап – өз бетімен фармакопояға ұқсайды және әрбір жеке ауруға арналған «күрделі дәрілер» дайындау технологиясы мен қолдану тәсілі жайлы жазылған. Ибн Сина фармациясы көптеген бақылауларды бір жүйеге жинақтау және клиникалық белгілермен байланыстыру. «Канонда» мынадай негізгі мәселелер талқыланады: дәріні тағайындаған кезде адамның дене бітімінің

мәні, профилактика мен емдеу тәсілдері, денсаулықты шынықтырудағы физикалық жаттығулардың мәні. Ибн Сина дәрігерлік ғылымның мақсаты науқасты емдеу ғана емес, аурудың пайда болуын немесе алдын алу, денсаулықты сақтау. Ибн Сина көзге көрінбейтін «майда жануарлардың» бар екендігі және олардың ауа мен су арқылы ауру тудыруы мүмкін екендігі жайлы өзінің ойларын айтып өткен. 850 жыл өткеннен кейін ғана Л. Пастер микроорганизмдердің жұқпалы ауру таратудағы рөлі жайлы зерттеді. «Канонда» жасқа байланысты гигиена жайлы, диетология, жан-жақты тәрбие сұрақтарын және нәрестенің дамуы жайлы да айтылған. «Дәрігерлік ғылым каноны» жазып бітілген сәтте, көп данада бірден таралып кетеді. Ибн Сина қайтыс болғаннан 100 жыл өткен соң, «Канон» бүкіл Еуропаға әйгілі болды. XII ғасырда «Канон» тұңғыш рет латын тіліне аударылды. XIII ғасырда – ежелгі еврей тіліне, кейін көптеген жазбаларда таралды. XV ғасырда кітап баспа пайда болған кезде ең бірінші басылған кітаптардың арасында «Канон» да болды. Бұл кітап көптеген жүзжылдықтарда медицина энциклопедиясы рөлін атқарды және дәрігерлердің үстелінде тұратын бірден-бір қажет кітап болды. XVII ғасырдың ортасына дейін Еуропаның барлық университеттерінде сабақ «Канон» бойынша жүргізілді. Русьте ежелгі емдеуліктер мен шөптерде Ибн Сина немесе аудармашылар Авиценна деп атап, оның берген ақылдары бойынша сабақтар жүргізілген. Оның жанұясы болмаған, өз өмірінің барлығын жұмысқа, науқастарға арнаған және өзінің шәкірттерінің арасында өмір сүрген, 18 маусымда 1037 жылы Хамадан қаласында қайтыс болды. Оның жерленген жеріне 1954 жылы монументалды мавзолей соғылған болатын (пер. Сагадаева А.В. Ибн Сина. Книга спасения, М.,1961).

Ибн Синаның бас сүйегінің суретін негізге ала отырып, әйгілі антрополог М.М. Герасимов Ибн Синаның портретінің графикалық реконструкциясын жасаған болатын. 1980 жылы Ибн Синаның христиандық күнтізбе бойынша туылғанынан бері 1000 жылдығы кеңінен тойланды. Орта ғасырлардағы діни мистикаға және аскетизмге қарамастан, Ибн Сина өзінің адам ретінде мүмкіншілігіне және ақылына сенген адам болатын. Мұның өзі оның ұлы тұлға екендігін дәлелдейді және бірден бір осы қасиетіне байланысты, өмір жайлы түсінігі бойынша ұлы философ деп айта аламыз. Жас кезінде Ибн Сина былай деп жазыпты:

«От праха чёрного и до небесных тел
Я тайны разглядел мудрейших слов и дел,
Коварства я избег, распутал все узлы,

Лишь узел смерти я распутать не сумел» - деп, өзінің даналығын ерте жастан-ақ көрсете білген (Чикин С.Я., 1990).

Ибн Рушд еңбектері: “ «Фихх және телогия салалары » “Терістеуді терістеу”, “Екіұдайы ақиқат” концепциясын ұсынады. Рушдтың бұл ілімі ғылым мен философияны теология құрсауынан босатуда маңызды рөл атқарды. Дін мен философияның келісімі”, «Философиялық және ғылыми еңбектері мен түсіндірмелер», “Философтарды терістеу».

Медицина. Мұсылмандар ашқан ауруханалар үш түрлі болған. Алғашқы үлкен аурухананы 873 жылы Египетте Ахмад ибн Тулун ашты. Бұл аурухана тек кедей халық үшін қызмет көрсеткен. Басқарушы оның қажеттіліктеріне жылына 60 мың динар аударып отырған, әр жұма сайын келіп отырған, Ахмад ибн Тулун оның алдынан дәріхана ашып, оған келген адамдарды әр жұма сайын тегін емдеген. 916 жылы Бағдатта осындай 5 аурухана ашылды. 918 жылы тағы екеуі қосылды, оған халиф айына құрбандық көмек ретінде 2 мың динар аударып отырған ал екіншісіне 600 динар 1160 жылы Бағдатта 60 аурухана болды. Каирдегі «әл-Мансури» ең ірі аурухана болған, 8000 ауруға орын есептелген 1284 жылы ашылды. Екінші түрдегі аурухананы белгілі дәрігерлер, діни қайраткерлер ашты. Үшінші түрдегі аурухананы әскери емдеу мекемелері. Олар армиямен бірге жүретін болған, шатырларда, цитадельдерде, әскери жорықтар кезінде дәрігер – ер адамдармен бірге әйел – дәрігерлер де жаракаттанғандарды емдеген (www.mail.ru. Медицина, рефераты).

§4.2. Батыс еуропалық ортағасыр мәдениетіндегі философия феномені және медицина.

Батыс еуропа елдерінде феодалдық қоғамдық қатынастар қалыптасып, христиан дінінің кең етек алып, тарауына байланысты «шіркеу әкейлері» мен «пұтқа табынушылар» философиясының арасындағы мәмілеге келмес күрестің өрбу деңгейіне байланысты ортағасырлық философия негізінен, үш кезеңге бөліп қарастырылады. Біздің заманымыздың II ғасырынан бастап, алғашқы христиандық ойшылдардың ілімдерін жинақтап, кейін апологетика (қорғау) деп аталып кеткен діни-философиялық бағыт пайда болады. Негізгі өкілдері: Юстиниан Мученик (100-167 жж.), Тациан (II ғ. екінші жартысы), Тертуллиан, Квинт Септимий, Флоренс (160-222 жж.) т.б. олар өз ілімдерінде христиан діни философиялық проблемаларға ежелгі грек философтарынан гөрі тереңірек, ауқымды және ұтымдырақ жауап береді, сондықтан да оларды христиан дініне сенбейтін билеушілер мен ғалымдардың сынауы негізсіз деген пікірді басшылыққа ала отырып, жаңа грек философиясының орнын басатын христиандық діни философия жасауға бар күштерін салды. Барлық нақтылықтың денесі бар. Құдай – нақтылық. Демек, құдайдың да денесі бар. Жалпы нақтылық уақыттың бастамасы жоқ деген Тертуллиан. Осы тұрғыдан апологеттер платоншылар мен гностиктердің тән және жан туралы ілімдерін сынға алады. Апологеттердің христиан дінінің өнегелік қағидаларының артықшылығын ескере отырып, оны мемлекеттік дінге айналдыру қажет деген идеясы, құдайдың мәні мен табиғаты, әлемнің жаратылуы, адам табиғаты және өмір сүру мақсаты туралы көтерген мәселелері ортағасырлық философияның келесі сатысы – патристика, схоластика кезеңдерінде өз көріністерін тапты. Ортағасыр философиясы басты ерекшелігі – дін проблемасымен байланыстылығында, философияның дамуы батыс христиандық догмалық шіркеу канондарын ескере отырып дамыды, себебі сол дәуірде мәдениет пен білімнің дамуына дін ықпал етіп отырды. Ортағасырларда батыс философтары негізінен дін басылары, қызметкерлер болып, дүниені құдай жаратты ма, әлде өзіндік

бағытта өмір сүре ме? – деген сұрақтарға жауап іздеді. Философия мен діннің жақындасуын философияның сакрализациясы деп атайды. Орта ғасырлық философияның негізгі кезеңдері: патристика – схоластика.

Патристика деп шіркеу әкейлерінің діни философиялық ілімдерін айтады (ІУ-УІ ғғ.). Оның негізін салушылар өз дәуірінің ойшылдары: Климент Александрийский, Амвросий, Майландский (340-397 ғғ.), Әулие Августин (Ш-УІ), Ориген т.б. Патристикалық философияның негізгі мақсаты – христиан дінінің қағидаларын белгілі бір жүйеге келтіріп, оған философиялық тірек жасауда болды, Библияның негізгі қағидаларын терең түсіндіру мәселелеріне келіп тіреледі. Патристика **монотеизмді** (бірқұдайлықты) қорғайды, көне замандағы көпқұдайлыққа қарсы шығады. Патристикалық философияның негізгі проблемалары:

- Сенім және ақыл-ойдың қатынасы.
- Тарихты түсіну нақты анықтаушы мақсаты бар қозғалыс деп түсіну.
- Құдайдың мәні және тринитарлық проблема.
- Адам бостандығы адам жанының құтқарылуына тәуелді.
- Дүниедегі зұлымдылықтың пайда болу проблемасы.

III-IV ғасырларда жүйеленген бұл діни ілімде алғашқыда Христостың табиғаты туралы пікірлер (құдайдың немесе адамның табиғаты туралы), ал 323 жылы император Ұлы Константин христиандықты мемлекеттік дін ретінде қабылдағаннан кейін, саяси шіркеулік мәселелер алдыңғы шепке шығып, шіркеу әкейлерінің көзқарастарында өз көріністерін тапты. Мысалы, Августин христиан дінінің артықшылығын дәлелдеу арқылы шіркеудің жанды билеуге құқықтығы және оның аспан мен жер арасын байланыстырушы екендігі сияқты идеяларды дәлелдеу үшін манихейлік, скептицизмдік және неоплатонизм қағидаларын басшылыққа алды. Оны осы діндердің кейбір элементтерін сақтай отырып, христиан дінінің жана бағытын қалыптастырғаны үшін, кейін августинизм деп аталып кеткен ағымның негізін калаушы деп мойындайды. Негізгі еңбектері: «Тәубеге келу», «Құдай қаласы туралы», т.б.

Августиннің ілімі бойынша, адам дүниеге келмей тұрып, оның іс-әрекеттері қылықтары құдайдың ерік-жігерімен белгіленіп қойған. Ол белгі игілікке (адам оған лайықты болмаса да) немесе азаптарға (жазықсыз болса да) бағытталған болуы мүмкін. Құдай әлемді жаратқанда барлық заттардың түрлерінің бастамасын енгізіп, әрі қарай өздері дамитындай мүмкіндік береді. Адамзат тарихы да осы заңдылыққа бағынды. Тарихтың дамуы негізінде адам санасының өзіне сенімділігі (бұл сенімнің – негізі құдай) мен құдайға деген сүйіспеншіліктің танымдық күші жатыр. Осы түсінікті басшылыққа ала отырып, Августин адамзат тарихы бір-біріне қарсы екі патшалық күресінің нәтижесі деп тұжырымдайды. Ол – құдайға қарсы күнделікті өмірдің қызығын күйттейтіндер мен құдайдың патшалығы арасындағы күрес. Августин құдай патшалығы дегенде жердегі оның өкілі деп рим шіркеуін айтады. Шіркеу құдай патшалығы атынан сөйлейтін балғандықтан, оған жердегі пенделер де бағыну керек. Августинизм теологиялық-философиялық бағыт ретінде батыс еуропа

елдерінде XII ғасырға дейін үстемдік етті, кейін христиандық аристотелизмнің негізін қалаушы ұлы Альберт пен Фома Аквинскийдің ілімдерімен ығыстырылды.

Екінші кезең схоластика кезеңі XI-XV ғасыр философиялық ойдың өрлеуін көреміз. Схоластика термині –“мектеп” деген мағынаға ие, мектеп философиясы деген ұғымды білдіреді. Сол кезеңдерде Еуропада университетте философия пән ретінде оқытылды. Схоластикалық философия өкілдері Фома Аквинский, Альберт фон Больштедт, Раймунд Луллий, т.б. Мәселен, Альберттің пікірінше, жалпы ұғым (әмбебаптар) үш түрлі өмір сүрді. Олар:

- Заттардан бұрын құдай санасында пайда болып, сол арқылы барлық заттар, тіпті бүкіл әлем жаратылды;
- Заттардың өзінде көптің бірі ретінде;
- Заттардан соң адам санасында бұрынғының белгісі ретінде өмір сүреді(Реале Дж., Антисери Д.,1991).

Ф. Аквинский (1225-1274) – орта ғасырдағы реалистік философияның ірі өкілі, қазіргі католицизм дінінің рухани пірі, әулиесі. Ол Аристотельдің идеалистік философиясын өз пайдасына қолданып, материя түрден тыс өмір сүре алмады, - деді. 1879 жылдан бастап, католик шіркеуінің шешімімен, осы шіркеудің ресми теолог-философы деп жарияланған. Негізгі еңбегі: «Теологияның жиынтығы», т.б. Ол Аристотельдің іліміне сүйене отырып, белсенді форма (реттілік принципі) мен тұрақсыз және қалыптаспаған материяның (болмыстың әлсіз түрі) арасындағы байланысты түсіндіру арқылы Иисус Христостың бойындағы құдайлық (идеялық) және адамдық (материалдық) қасиеттерді теориялық жолмен негіздеуге тырысады. Құдайдың арқасында қосылған алғашқы бастамалар – форма мен материя жеке заттар әлемін тудырады. Адамның өзі де жан (түр қалыптастыратын принцип) мен дененің қосындысынан пайда болған. Жанның «таза форма» ретінде күйреуі, жоғарылауы мүмкін емес. Бірақ ол жерде тіршілік пайда болғанға дейін жеке өмір сүрмеген, оны құдай жаратқан. Рух пен материяның табиғаты туралы пікірталас жалқылар мен жалпылардың (универсалийлер) табиғаты жөніндегі тартысқа айналды. Заттардың мәні олардың түпнегізі болып табылатын құдайдың бойындағы жалпы идеялар болғандықтан, адамдардың мақсаты – соларды діни сенім арқылы білуге ұмтылу. Ал философия болса, ол да діни догмалардың дұрыстығын, ақиқаттығын өзіне тиесілі бар беделімен дәлелдеуі керек. Ф. Аквинский пікірінше, дін – құдайдың табиғатын түсіндіретін ілім, сондықтан, шіркеу оны уағыздаушы ретінде, азаматтық қоғамнан жоғары тұрады. Демек, өкімет билігі – құдайдан. Жердегі тіршілік о Дүниедегі болашақ рухани өмірге дайындық болғандықтан, патшалық билік рухани (діни) билікке бағынуы керек. Рухани билікті жүргізетін – аспанда Христос, жерде рим папасы. Аквинскийдің ілімі XIX асырдың аяғында қалыптасқан қазіргі кездегі философияда өзіндік орын алып отырған неотомизмнің теориялық және идеологиялық арқауы болып отыр. Схоластикада көтерілген проблемаға қарап, номинализм және реализм бағыттары қалыптасты схоластикалық философиядағы теориялық проблема

құдай болмысы. Осы проблеманы көтерген философ А. Кентерберский оның негізгі идеясы егер адамдар құдай туралы ой болса, онда құдайдың бар болғаны ақиқат.

А.Кентерберскийдің схоластика философиясына қосқан үлесі универсализм ақиқат данышпандық түсініктерін қалыптастыру осы кезден бастап, нақты өмір сүретін құбылысты анықтау үшін реализм термині енгізілді. Схоластика проблемасын негізін қалаған Росцелий номинализм терминін енгізді, оның негізгі концепциясы мынада, универсализм жалпы түсінік бұл сөз, ал адам дауысы бұл номиналь осыдан номинализм деген сөз шыққан. Схоластикалық философиясы И.С. Эриугенаның есімімен де байланысты (810-877). Эриугена өзінің «Табиғаттың бөлінісі туралы» деген жұмысында әлемдік үйлесімділік туралы идеясын негіздейді. Онда құдай барлық бастаудың түпнегізі бола отырып, болмыс үдерісін өзі аяқтайды: «Құдай өзі танылмағанымен өзі жаратқан нәрселерінде біршама ашылады, ал Құдайға иланудың өзі – таңғажайып жаратылыс» (Эриугена). Ортағасырлық бағытта жалпы идеалистік көзқарас оның басты мақсаты, діннің маңыздылығын адам үшін қажеттілігін дәлелдейді. Орта ғасырлық философия өз проблемаларын шешуде онтологиялық, гносеологиялық, космологиялық әлеуметтік проблемаларды дінді қорғауға қолдауға бағыттайды.

Орта ғасырлық философияда қоғамдық саяси-әлеуметтік проблемаларды шешу үшін теологияға жүгінеді. Теология грек тілінен «құдай туралы ілім» деген сөз. Ортағасырлық батыс еуропалық философия – дүниетаным дамуындағы өзіндік ерекшелігі бар кезеңдердің бірі. Бұл ерекшелік философиялық ой дамуының тікелей діни-теологиялық шеңбері ішінде, христиандық діни ілімнің апологетикасы төңірегінде өрбуімен сипатталады. Бұл философияның қалыптасуы мен дамуына Муций Феликс, Тертуллиан, Оригена сияқты апологеттер, неоплатонистер және Аврелий Августин өздерінің интеллектуалдық ықпалдарын тигізді. Рим шіркеуі Әулие Августинді (375-383) сенім мен ақылдың үйлесімділігі тұрғысынан христиандық діни ілімді негіздеудегі орасан зор сіңірген еңбегі үшін «әкей» ретінде мойындаса, көптеген батыстық зерттеушілер оны «батыстық ортағасырлық мәдениеттің ұлы сәулетшісі» дейді. Аврелий Августин өзінің «Құдай қаласы туралы» еңбегінде атақты формуласын негіздейді. Бұл «ақыл мен сенімнің өзара бірін-бірі толықтыру принципі» V-XV ғасырлар аралығын қамтитын Батыс Еуропаның бүкіл ортағасырлық философиялық ойының ең негізгі дүниетанымдық кредосына айналды.

Егер Аврелий Августин Рим шіркеуінің «әкейі» болса, онда Боэций (480–526) М. Грабманның дәл сипаттамасы бойынша «соңғы римдік және бірінші схоласт» болып табылады және сонымен қатар ортағасыр ғасыр философиясының негізін қалаушы ретінде де саналады. Боэций антик дәуірінің рухани-философиялық мұрасын ортағасырлық мәдениетінен байланыстырушы, антиктік интеллектуалдық-философиялық дәстүрді ортағасырлық руханиятпен сабақтастығын жүзеге асырушы қуатты транслятор болып табылады. Боэций Аристотельдік ілімнің ұғымдық атқаратын рухани трансляция жасап қана қоймай, ортағасырлық философиялық ойлау мәдениетіне теологиялық

проблематиканың негізгі қаңқасын да енгізді: универсалийлер мәселесі, тринитарни (Құдіретті Құдай, оның Ұлы және Қасиетті Рух арақатынастары), субстанция мәселесі және акциденцияны ашты. Боэцийдің айтуынша субстанция бұл барша атрибуттар мен акциденцияларды айқындайтын барлық мәнділіктер негізі. Егер субстанция заттардың жалпы негізі болса, универсалийлер бұл жалпы атаудың мәні. Олар ақыл-оймен абстракциялаудың нәтижесі болғанымен, әлемде бар және нақты өмір сүретіндерді бейнелейді.

Ортағасырлық философияның дамуына үлкен үлес қосқан Ансельм Д'Аоста (1033-1109) болды. Ол өзінің «Прослогион» деген еңбегінде Құдай өмір сүруінің априорлық немесе онтологиялық дәлелдерін негіздейді. Сол сияқты П. Абеляр (1079-1142) заттардың мәніне сәйкес келетін және сөздердің мағынасын білдіретін универсалийлер туралы идеяны дайындап шығарады.

Дунс Скоттың ілімі скотизм деп аталған өзінің ізбасарлары мектебінің өкілдеріне үлкен әсер етті. Ортағасырлық философияның көптеген идеяларымен келіспей, өзіндік пікір айтып, таным процесінде тәжірибенің беделін көтерген ойшылдардың бірі - Роджер Бэкон(1214-1249). Ол философияны, табиғаттану ғылымдарын теологиядан бөлу керектігін уағыздап, ғылымдар ғимаратының іргетасы тәжірибе, эксперимент және математика деп есептеді. Ол өз кезеңіндегі ғұламаларды схоластикалық беделдің алдында бас июден гөрі, тәжірибеге жүгінуге, бос пікірталастықтан экспериментке, керегі жоқ кітаптардан табиғатты зерттеуге шақырады. Осы салада өзі де үлкен жетістіктерге жетті. Білімнің қайнар көзі және негізгі құралы – тәжірибе, логикалық пікір және ғылыми бедел. Бірақ осы аталғандардың ішіндегі адамдарды ақиқатқа жеткізетін ғылыми құралдардың ең бастысы – тәжірибе. Себебі тәжірибе, тәжірибе болғандықтан, құндылыққа ие. Ал қалғандары осы тәжірибе арқылы дәлелденуі керек. Ал кей жағдайда тәжірибе де ақиқаттыққа жеткізе алмайды, мұндай жағдайда оған философия мен дін көмектеседі. Осыдан келіп, ол философияның міндеті дінді қорғау деген тұжырым жасайды.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Әл-Киндидің философиялық көзқарасы.
2. Ибн Синаның өмір сүру, мән-мағына жөніндегі ілімі.
3. Ибн-Рушдтың потенциалдық интеллектісін қалай түсінесіз.
4. Әл-Фарабидің онтологиялық ілімі.
5. Әл-Фарабидің актуальды интеллект дегені не?
6. Әл-Фараби ел басының қандай қасиеттері болуы керек дейді
7. Августиннің болмыс пайда болуының үш жолын айтыңыз?
8. Августиннің зұлымдықтың себебі жөніндегі ойлары.
9. Неоплатонизмнің Эманация ұғымының маңызы неде?
10. Номинализм мен реализм универсалияларға (жалпы ұғымдарға) қалай қарайды?
11. Фома Аквинскийдің Құдай болмысын дәлелдеу жолдарын есіңізге түсіріңіз.

12. Фома Аквинскийдің сенім мен ақыл-ойдың қарым-қатынасы жөніндегі ойы.
13. У. Оккамның ұстарасы – ол не?
14. «Ортағасыр батыс және шығыс ойшылдары» Ибн Синаның өмір сүру, мән-мағына жөніндегі ілімі, Ибн-Рушдтың потенциалдық интеллектісін қалай түсінесіз, Аль-Фарабидің онтологиялық ілімі. Осы негізде кесте құрастырыңыз.

V ТАРАУ. (РЕНЕССАНС ДӘУІРІНЕН–XIX-XX ҒҒ. МАРКСИЗМ ФИЛОСОФИЯСЫНА ДЕЙІН).

§5.1 Ренессанс пен Реформация философиясы және медицина.

Қайта Өрлеу дәуірі (Renaissance - фр.) – орта ғасырдан Жаңа Заманға өту дәуірі XIV-XVI ғ.ғ. Италия елінде басталды, солтүстік Италияда, әсіресе теңіз жағалауларындағы аймақтарда орналасқан қалаларда сауда, көлөнер өндірісі тез дами бастайды, мұның өзі феодалдық қатынастардың сарқуына, көп іскер шаруалардың өз қожайындарынан ақша төлеп бас бостандығын алып қалаларға келуіне, алғашқы капиталистік экономикалық қатынастардың дамуына әкелді. Феодалдық қоғам оянып, жаңа өмірге аттанады, қалалар тез өсіп, ондағы әлеуметтік өмір өзінің әртүрлілігімен, күнбе-күнгі өзгерістерімен, қызықтылығымен көзге түседі.

Біріншіден, өндіргіш күштерді дамыту қажеттігі схоластикалық ой-өрісінен жаратылыстану ғылымдарына бетбұрыстың пайда болуына әкелді. Ал оның өзі бірте-бірте материалистік бағыттың философияда күш алуына әкеліп соқты. Табиғаттың заңдылықтарының бірде-бір зерттеу жолы – ол тәжірибелік зерттеу – эмпиризм (empiria, – грек сөзі, – тәжірибе) бағытын тудырды. Тәжірибе арқылы алынған деректерді пайымдау, қорыту қажеттігі рационализм ағымын дүниеге әкелді. Ал бұлардың өзі ой еңбегінің бағалануына, әсіресе ағарған интеллигенцияның дүниеге келуіне әкеліп соқты. Орта ғасырдағы қауымдық негізде ұйымдасқан әртүрлі кәсіби топтар жаңа жағдайда бірте-бірте ыдырап, оның орнына жеке адамдардың іс-әрекеті көбірек бағалана бастайды: табиғи мол дарыны бар адамдар өздерінің мүдделері мен мақсаттарына сай сүретші, мүсінші, дәрігер, жазушы, сәулетші т.с.с. болуға тырысады. Ал мұның өзі ресми ғылымға, сол кездегі схоластикалық нәтижесі жоқ ой-өрісіне қарсы сезімдерді туғызады, өйткені олардың ой-өрісі, дүниесезімі, шығармашылық ізденістері діннің шеңберінен шығып жаңа көзқарасты талап етеді.

Ренессанс философиясының сипаттары:

- шіркеу идеяларына қарсылық,
- антропоцентризм
- әлемге ғылыми-материалистік тұрғыдан қарау
- мемлекет пен қоғамға қызығушылық,
- әлеуметтік теңдік идеясының болуы.

Негізгі бағыттары:

- гуманистік – Данте Алигьеры, Фр. Петрарка, Лоренцо Валла.
- неоплатондық – Н. Кузанский, Пико делла Мирандола, Парацельс.
- натурфилософиялық – Коперник, Бруно, Галилей.
- реформациялық - М. Лютер, Т. Мюнцер, Ж. Калвин, Д. Усенлиф,
- саяси – Н. Макиавелли.
- утопиялық – Т. Мор, Кампанелла.

Сонымен, қайта Өрлеу Заманының өшпес нәтижесі – гуманистік (Humanus – латын сөзі, – адамгершілік, адамдық) ағымның сол кездегі қоғамның

мәдениетінің саласында пайда болып, оған жан-жақты зор әсерін тигізуінде болды. Бұл ағым философиялық ой-өріске ғана емес, сонымен қатар саясатқа, моральдық нормаларға, әдебиет пен көркем өнерге, діннің өзіне үлкен ықпалын тигізді. Негізгі идеясы – жеке адамның бойындағы табиғи дарындарын өмірге әкелу, адамның құдіретін, ар-абыройын көрсету болды.

XIV ғ. екінші жартысынан бастап Көне классикалық грек және латын әдебиеті мен өнеріне, философиясына деген сұраныс жылдам өсе бастайды. Оларды мәдени саладағы маңдай алды үлгі, білім алғысы келетін адамға ең қажетті нәрсе ретінде бағалай бастайды. Адам мәселесі – ол – адамның рухы мен жан-дүниесін ғана емес, сонымен қатар оның тәнін, денесін де ақтау, оның керемет әсемдігін көрсету, адамның дүниесезімінің телегей-теңіз тереңдігін анықтау болды.

Джаноццо Манетти (1396-1459) өзінің “Адамның абыройы мен артықтығы жөнінде” деген еңбегінде ол Құдайдың адамға арнап жасаған Дүниесінің сұлулығына тоқталып, сонымен қатар, сол жаратылған Дүниенің ең биік шыңы – ол адамның өзі дейді. Адамның дене құрылысы, оның әсемдігі – басқа Дүниедегі денелерге қарағанда ерекше биік орын алады. Рухани-денеден тұратын адамның әсемдігі соншалықты, адамдар Құдайдың өзін өзіне ұқсатып түсінеді. Егер Құдай бүкіл Дүниені жаратса, адам өзін жағалай қоршаған мәдениеттің ұлы да әсем туындыларын тудырады. Адамның құдіреттілігі, оның Құдайдың өзімен пара-парлығы – қайта Өрлеу Заманындағы ойшылдардың негізгі идеяларының біріне айналды.

Адам мәселесін қайта қарауға өзінің зор үлесін қосқан келесі ойшыл - ол **Лоренцо Валла** (1407-1457) болды. “Ләззәт алу жөнінде” деген еңбегінде ол адамның дүниетанымы оның ақыл-ойымен қатар сезімдік іс-әрекеті арқылы ғана болады,- деген пікірге келеді. Табиғаттың тіршілікке берген ең негізгі заңы – “өзінің өмірі мен денесін сақтап, оған зиян келтіретіндердің бәрінен жалтару” сезімдік іс-әрекетсіз болмайды. Сондықтан бұл заңды орындау жолында адам өмірден ләззат алуға тырысуы керек. Ләззат – “жан мен дененің рахатқа батуы” ретінде игілікті іс. Ол ерлер мен әйелдер теңдігін жақтаған, схоластиканың жалғандығын, аскетизмді терістеді, моральдік сұраныстардың қанағаттануын дәріптеген.

Нико делла Мирандолланың (1463-1494 ж.) еңбектерінде қайта Өрлеу Заманындағы адам мәселесіне деген гуманистік көзқарас өзінің биік шыңына көтеріледі. Өзінің «Адамның абыройы жөніндегі сөздер» деген еңбегінде ол Құдай өзі жаратқан ғарыштың ортасына адамды орналастырды дейді. Ол оны жаратылған Дүниенің даналығы, ұлылығы мен әсемдігінің айқын көрінісі ретінде қарайды. Оның ойынша, адам бүкіл жаратылған Дүние мен Құдай арасындағы дәнекер. Сонымен қатар, Жер бетінде адамнан биік, ал адамда ақыл-ой, парасат пен жаннан биік ешнәрсе жоқ. Құдай адамды жаратқанда оған әртүрлі өмірдің ұрықтарын салды. Адамның рухының ең ғажабы – оның еріктігінде, оның алдындағы әртүрлі өмір жолдарын таңдап алу мүмкіндіктерінде. Сол мүмкіндіктерді дұрыс пайдаланса, адам тіпті періштелерден де

жоғары биіктікке көтерілуі мүмкін. Адамның таңдау еріктігі – ол Құдайдың берген ең құнды сыйы. Оны Сократтың айтып кеткен «өзіңді тани біл» деген жолынан іздеу керек, ол өмірдегі күресте шындалып, моральдық жетілудің терең тұңғығына жету керектігін ойшыл асыра көрсетеді. Сонымен, Пика делла Мирандолла адамның еркін тек қана күнәға апаратын жол деп түсінген Орта ғасырдағы ойшылдарға қарсы шығып, керісінше, ол адамға берілген құнды сый деп түсінді.

Мұндай гуманистік көзқарас философия тарихында ұмыт болып қалмай, керісінше, оның әрі қарай дамуындағы негізгі мәселенің біріне айналады.

Николай Кузанский (1401-1464 ж.ж.) Падуя университетінде (Италия) оқып, соңынан діни қызметпен айналысады. Пантеистік, натурфилософиялық бағыттың негізін Н. Кузанский салды. Ол философияның негізгі мәселесін идеалистік тұрғыдан шешті. Дүниенің бәрін, адамды да Құдай жаратты, – деді, бірақ пантеистік пікірді дамыта отырып, сайып келгенде, ол Жаратушының рөлін жоққа шығарды, өйткені, пантеизм Құдайды табиғатпен алмастырды. Ол кеңістіктің шегі бар, дүниенің жаратылған уақыты бар деген схоластикалық діни пікірге күмән келтірді, дүниенің шексіздігін уағыздады. Таным алдымен сезімнен басталады, одан соң оны ойлаумен толықтырады. Бұл екі процесс ұдайы бірлікте, сана (интеллект) бәрінен жоғары тұрады деп есептеледі.

Ол өзінің ой-өрісінде Орта ғасырлық философия мен қайта Өрлеу Заманындағы гуманистік ой-пікірді ұштастырды. Ойшылдың «Ғылыми білімсіздік», - деп аталатын еңбегіндегі «ғылыми білімсіздік» деген қайшылықты ұғым – белгілі бір нәрселер жөніндегі ақиқатты іздеу жолында біз анықталмағанды анықталғанмен, белгісізді белгілімен т.с.с. салыстырамыз. Бұл өмірдегі шектелген заттар жөнінде белгілі бір пікірлер айту онша қиын емес. Осы тұрғыдан келгенде Құдай үзілді-кесілді түрде танылмайды, өйткені, ол шексіздік, оны ешқандай шектелген бұл Дүниедегі заттармен салыстыру мүмкін емес. Егер Құдай шынайы шексіздік болатын болса, онда ол жаратқан Дүние шексіздіктің мүмкіндігіне ғана ие, олай болса, бір көкжиектің аржағында екіншісі, одан әрі – үшіншісі т.с.с. ашылады. Сондықтан, Құдай танылмағанмен, ол жаратқан Дүниені танып бір белестен екіншісіне өтіп, тереңдей беруге болады. Бұл ойын дәлелдеу үшін Н. Кузанский шеңбердің ішіндегі көп бұрышты келтіреді. Оның бұрыштарының санын көбейткен сайын, ол шеңберге ұқсай береді, ал шексіз өсірсек шеңберге ұласады, екі жағы тең үшбұрышты да ұзарта берсек, оның екі жағы бір-біріне жақындап, шексіздікке жақындаған сайын бір сызыққа айналады, яғни қарама-қарсылық бір-біріне өтіп, бірегейлікке ұласады. Олай болса, адамның шектелген ақыл-ойы шексіздікке, яғни Құдайға қарама-қарсылықтың бірлігін түсіну арқылы жақындай береді. Шектелген заттарды біз шексіздікпен байланыстырып қарауымыз керек. Ал адам оның сыртында ақыл-ой иесі болғаннан кейін өзінің санасында бүкіл болмыстағы шынайы және болуы мүмкін заттардың кейпін сақтайды. Адам, сондықтан, шығармашылыққа жаратылған пенде. Олай болса ол адамдық Құдай (Humanus Deus). Адам Құдайға, әсіресе, өзінің ақыл-ойы арқылы жақындайды. Ол күрделі және үш құрамдас бөліктен тұрады. Ол сезім мен

елестеу (sensus), ақыл-ой (ratio) және зерде, парасат (intellectus). Ақыл-ой сезім мен зерденің арасындағы дәнекер. Сезіммен тығыз байланысты ақыл-ой ғылымды тудырады. Бірақ, адамның таным мүмкіндігі ол екеуімен сарқылмайды. Тіпті сезім мен ақыл-ойдың тұрпайы турлері жануарларда да бар. Адамның басқа тіршіліктерден үзілді кесілді айырмашылығы ақыл-ойдың зердемен байланысында. Соңғы толығымен жануарларда жоқ. Зерде арқылы біз Дүниенің ең терең алғашқы негіздеріне дейін жете аламыз, метафизикалық сұрақтарға жауап береміз. Зерденің «сезімдік денелік» Дүниеге еш қатысы жоқ «Ол уақыттан да, өтпелі дүниеден де тыс, олардан абсолютті ерікті». Егер сезімдік және ақыл-ой танымы жағалай қоршаған ортаға тәуелді болса, зерде олардың бәрінен тәуелсіз, ол Құдайдың ақыл-ойына жақын, сондықтан, ол ең жалпы, тұрақты, өшпейтінді аша алады.

Н. Кузанский Сенім мен Зердені салыстыра келе, сенімді жоғары тұтады. Бірақ ол соқыр сенім емес, өйткені «Зерде сеніммен бағытталады, ал сенім зерде арқылы анықталады». Тек Зерде арқылы ғана біз шексіз Құдайға жақындай аламыз. Құдай барлық жерде болғаннан кейін ол «бәрі», ал еш жерде оның тұрақтанып қалмағанынан кейін ол «бәрінің жоқтығы». Бүкіл Ғарышты өзі ішінде қамтығаннан кейін ол абсолютті максимум, ал сонымен бірге ол көзге ілінер-ілінбес кішкентай да болғаннан кейін ол «абсолюттік минимум». Абсолютті максимум мен минимумның екі ортасында көз алдымыздағы бүкіл Дүние орналасқан. Н. Кузанский өзінің «Шындықты алдын-ала болжау», «Білетін білместік туралы» деген еңбектерінде әлемде бәрі қайшылықтардан тұратынын дәлелдейді.

Қайта Өрлеу заманындағы әлеуметтік-саяси өзгерістер, алғашқы капиталистік сауда-саттық, экономикалық қатынастардың дамуы, адамдардың бас бостандығы мәнінің өсуі, ұлттық сана-сезімнің қалыптаса бастауы т.с.с. көп ойшылдардың қоғамға, үкімет билігіне, мәдениет, дінге деген жаңа ойларын туғызды.

Николло Макиавелли (1469-1527ж.ж.) өзінің табиғи дарындылығының арқасында өз бетімен тарихи, философиялық көне еңбектерді оқып, әсіресе, өзі өмір сүріп жатқан Флоренцияның сол кездегі күрделі әлеуметтік-саяси өміріне тәнті болды. Көп ұзамай ол мемлекеттік жұмысқа шақырылып, әртүрлі саяси және дипломаттық істерді атқарады. Ол оның ұйымдастыру қабілетін дамытып қоймай, сонымен бірге сол кездегі қоғам жөнінде көп деректерді жинап сараптауға мүмкіндік берді. Ол ертеден келе жатқан «алдымен өмір сүру, содан кейін фэлсәфалау» айдарымен өмір сүруге тырысты (*privus vivere deinde philosophari*). Алайда саяси қызметте ешқашанда тұрақтылық болмайды. Сондықтан, Флоренциядағы Республика құлап, оның орнына Медичилер келген кезде, ол жұмысынан қуылып, өзінің жеке иелігіне кетеді. Осы кезде рухани кемеліне келген Н. Макиавелли өзінің негізгі еңбектерін: «Флоренция тарихы», «Патша», Тит Ливийдің бірінші декадасы жөнінде» т.с.с. жазады.

Адам мәселесін Н. Макиавелли діни көзқарастан айырып, толығынан табиғаттың туындысы ретінде шешеді. Адам өзінің жаратылысы бойынша өзімшіл келеді. Шамасы, мұндай көзқарасқа келуге алғашқы капиталдың

қорлануы, басы бос ерікті адамдардың «өзім дегенде түйедей күшім бар» деген сияқты іс-әрекеттері себеп болса керек. Сол кездегі экономика саласындағы ең белсенді топтар – саудагерлер мен қолөнершілердің өмір салтын мұқият қарап, Н. Макиавелли адамның іс-әрекетінің ең терең түрткісі – ол оның мүддесі деген тұжырымға келеді. Адамдардың мүдделерінің көптүрлілігіне қарамастан, оның негізгісі өзінің меншігін сақтау, және оны өсіруге, көбейтуге тырысу. «Патша» деген еңбегінде Н. Макиавелли «Адамдар меншігінен айырылғаннан гөрі әкесін өлтіргенді кешіруі мүмкін», дейді. Меншік жөніндегі мүддеден кейін ғана абырой (onore) және сый-сияпат (onori) келеді, - дейді ұлы ойшыл.

Адам табиғатының өшпес өзімшілдігі қажетті түрде мемлекеттік ұйымдардың пайда болуына әкеледі. Тек мемлекеттік күш, билік қана адамдардың өзімшіл іс-әрекетіне тосқауыл қоя алады, өмірдегі тәртіп қалай болуы керектігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды тудырады. Сонымен, Н. Макиавеллидің ойынша, мемлекет – адамдардың өз іс-әрекеттері арқылы дүниеге келеді, ал Құдайдың оған ешқандай қатысы жоқ, - деген ашық пікірге келеді (Макиавелли Н., 1990). Н. Макиавеллидің адамға деген көзқарастырының ғажап жері ол тек жеке адамның мүдделерін мойындап қоймай, сонымен қатар адамдардың ортақ мүддесінің негізінде әлеуметтік топқа айналу мүмкіндігін көрсетуінде. Ол Ертедегі Рим тарихын сараптай келіп, ондағы қабылданған заңдардың сипатының ерекшелігі ондағы халық пен басқару топтарының арасындағы күрестерден шығады, деген пікірге келеді. Сонымен, өзінің әлеуметтік-саяси философиясында, Н. Макиавелли Құдайдың керектігін қажет етпейді, бәрі де адамның табиғаты мен тәлім-тәрбиесінен шығады. Оның ойынша, христиан діні алғашқы қалыптасқан идеалдардан анағұрлым алшақтап кетті. Католик дінінің қызметкерлері Папа мен бірге жемқорлық жолына түсіп, халық алдындағы абыройынан жұрдай болды. Батыс елдеріндегі көп ғалымдар Н. Макиавеллиді қазіргі саяси философияның негізін қалаушы ретінде бағалайды.

Николай Коперник (1473-1543) өлім табытына жатар алдында: «Бәрібір жер айналып тұр» деген екен. Ол кезінде ғылымда Жер Күнді айналып қозғалатынын дәлелдеп, гелиоцентрлік жаңалық ашты.

Қайта өрлеу іс жүзінде ескіні реставрациялау емес, жаңа ізденіске ұмтылуды білдіреді. Бұл философияның дүниетанымдық ориентациясындағы басты ерекшелік – адамға деген бетбұрыс, егер антикалық философияда басты проблема табиғаттың космологиялық өмірі болса, ал қайта өрлеу дәуірінде қайырлы қоғам дүниедегі адам қызметі, адам бақыты проблемалары көтеріледі. Философия ғылым ретінде түсіндіріледі және оның мақсаты – адамның өмірдегі орнын табу. Осы дәуірдің философиялық ойлау бағыты антропоцентристік болды. Яғни, басты тұлға құдай емес – адам. Құдай барлық заттардың бастауы, ал адам дүниенің ортасы, негізі. Қайта өрлеу дәуірінің ортасы негізі қайта өрлеу дәуірінің дүние танымы гуманистік бағытта адам ерікті өзінің болашағын жасаушы тұлға ретінде қарастырылды. Дүниетанымдағы тағы бір ерекшелік шығармашылық қызметіне табыну әсемдік сұлулық символына деген құлшыныс. Қайта өрлеу дәуірінде ғылым, әдебиет, сурет, мүсіншілік өнері және

медицина дамып, оның Леонардо да Винчи, Микеланджело, Рафаэль, Сервантес, Данте сияқты атақты өкілдері дүниеге келді.

Медицинаның дамуы. 1453 жылы медицинаның дамуы қайта өрлеу дәуіріндегі монастырлер мен университеттерге клиника мен науқастарды әкелуден басталды. Бұл кезеңде аурулар дифференциялана бастады: есекжем, сифилис, тиф, сияқты аурулар шықты. Көрнекті медицина өкілдері: Фракасторо, Парацельс, Андреас Везалий. Олар медицинаны дамытып, оның жетістіктерін көрсетуде үш кардинальдық бағыт ашты. Ғалымдар Вильям Гарвей, Леонардо да Винчи.

Джироламо Фракасторо (1478-1552жж.) – итальяндық дәрігер, астроном, ақын. Ол ауа арқылы инфекция тарайтынын ашқан.

Парацельс (1493-1541 жж.) – белгілі алхимик, дәрігер және окулист, химиотерапияны ашқан. Парацельс бірнеше тиімді дәріні ашқан. Оның негізі жеткен жетістігі табиғатты түсіндіру және силикоз (профессиональная болезнь горняков). 1534 жылы оба (чума) ауруын тоқтатуға көмектескен вакцинация жасады. Парацельс сол кездегі дәстүрге жат, латынша емес, неміс тілінде дәріс оқыды, новатор болған бұрынғы медицинаны мойындамаған, жұрт көзінше Гален мен Авиценнаның шығармаларын өртеп жібереді. Ол көп саяхаттаған, зерттеген ауруларды жазуға көмектескен, алхимиялық тәжірибелер астрологиялық зерттеулер жасады. Ол медицинада жаңа минералды өсімдік қолдануды ұсынған, мысалы темір препараттары, сурьмалар, қорғасын, мырыш, күкірт.

Андреас Везалий (1514-1564 жж.) – дәрігер және анатом, Гален еңбегінен 200 қате тапқан. Везалий жорамалдаудан бас тартқан, оның орнына тікелей байқау (наблюдение), секциондық столда керек деп консерватизмге нүкте қойды. Везалий сансыз анатомиялық тәжірибелерге сүйене отырып, өзінің «Адам денесінің құрылысы туралы» атты еңбекті жариялаған.

Уильям Гарвей (1578-1657 жж.) ағылшын дәрігері, физиология мен эмбриологияның негізін қалаушы. 1628 жылы Франкфуртте оның «Анатомическое исследование о движении сердца и крови у животных» еңбегі шыққан (*Exercitatio anatomica de motu cordis et sanguinis in animalibus*). Қан айналым туралы алғаш айтады және Филипп II лейб-медигі болған. Парацельсті жалғастырушы ғылыми анатомия негізін қалаушы Везалий еңбегі «О строении человеческого тела». Леонардо да Винчи суретші, кесіндемеші, мүсінші, сәулетші ғалым, анатом, математик, физик «әмбебап адам» – идеалы. Леонардо да Винчи жүрек құрылысын зерттеген. Ол адам анатомиясына үлкен қызығушылық танытып, 800 анатомиялық эскиз қалдырды. Жүректің 4 камерасын ашып, атриовен-трикулярлық клапанды сипаттады.

§5.2. XVII ғасыр жаңа заман философиясы мен XVIII ғасырлардағы ағартушылық философия.

XVII-XVIII ғасырларда Батыс Еуропа елдерінде қоғамның әлеуметтік-экономикалық ақуалы, қоғам мен табиғатты танып-білу қажеттіктері ғылымды дамытуға себеп болды. 1560 жылы Неаполь қаласында «Табиғат құпиясын зерттеу академиясы», осы кезде Англияда «Лондондағы корольдік қоғам»,

Парижде «Жаратылыстану академиясы» құрылды. Бұл жаңа тап материализмге сүйенді. Бірақ ол метафизикалық материализм болатын. Ал метафизикалық материализмге үш күрделі кемшілік тән болады:

1) ол механика ілімдеріне негізделді. Дүниедегі барлық өзгерістерді механика заңдарымен дәлелдеді;

2) дүниені қатып қалған, қозғалмайтын, өзгермейтін құбылыс деп қарады. Оның ұдайы дамудағы процесс екенін мойындамады;

3) қоғам өмірін ғылыми тұрғыдан түсіндіре алмады, сондықтан ол идеалистік тұрғыда қала берді.

Материализм философиясының өкілдерінің бірі **Фрэнсис Бэкон** (1561-1626) болды. Ол 12 жасында Кембридж университетіне оқуға түсіп, оны бітірген соң, үш жылдай Парижде ағылшын елшілігінде тұрады. Қайтып келген соң, біршама уақыт құқықтық практикамен айналысып, кейін корольдің үлкен мөрін сақтаушы болып қызмет атқарады. Кейін Англия мемлекетінің канцлері болып, елде корольден кейінгі екінші тұлға дәрежесіне көтеріліп, «барон Верулам» деген құрметті атаққа ие болады. Өмірінің қалған уақытын бүтіндей ғылымға жұмсайды. Әлемді қамтитын 6 кітаптан тұратын еңбек жазуды жоспарлайды. Бірақ оның тек екеуін ғана жазып үлгереді.

Бірі «Ғылымдардың байсалдылығы мен дамуы», екіншісі «Жаңа Органон» деп аталады.

Ф. Бэкон материалист, сондай-ақ, ол – эксперименттік ғылымдардың негізін салушы, қолданған әдістері: индукция, талдау, салыстыру, бақылау, эксперимент жасау. Оның философиясы жаратылыстану ғылымдарына сүйенді, схоластикаға, діни, идеалистік көзқарастарына қарсы болды, «Білім– күш» деген қағидаларды насихаттады. Ол: «Материя қозғалыспен ажырамас бірлікте болады деді. Энергия материяның өзіне байланысты оның ішкі қасиеті», - деді. Ол, дүниені дұрыс танып, жалған пікірлерден азат болу үшін, төрт түрлі елестерден (идолдардан) құтылу қажет. Олар:

1) тектік - адам табиғатына тән елес;

2) үңгір - әркімнің жеке басына тән елес;

3) нарық (базар) елесі;

4) театр елесі. Олардан құтылудың басты жолы – тәжірибе жасау, нақты зерттеу, қалыптасқан ұғымдарды сол күйінде алмай, тексере білу (Бэкон Ф. Новый Органон // Сочинения: в 2 т. / М., 1978).

Томас Гоббс (1588-1679) Оксфорд университетін бітірген. Аристотельдің логикасын, номиналистер ілімін қуаттады. Басты еңбектері – «Левиафан» (1651) және «Бәрінің бәріне қарсы соғысы». Ол өз еңбегінде мемлекеттің пайда болуын зерттеді. Өйткені Т. Гоббс ағылшын революциясы кезінде өмір сүрген еді. Оның мемлекетке мән беруі содан болатын.

Т. Гоббстың пікірінше, адам қоғам өмірінің екі дәуірін: табиғи, азаматтық кезеңдерін басынан өткізген. Табиғи кезеңде «адам – адамға қасқыр, біреуге-біреу қас» деп уағыздады. Бірақ бұл жағдай адам баласының жойылып кетуіне әкеп соғады. Олай болмау үшін, адамдар бірігіп, әлеуметтік келісімге келіп, әркім өз ырқының бір бөлігін жалпы ырыққа кесіп беруге көндігеді. Сөйтіп,

бәрін қорғайтын бірдей ортақ ырық жасалды. Ол жалпы ырық – мемлекет деген қорытындыға келді (Гоббс Т. Левиафан, или материя, форма и власть государства церковного и гражданского// Гоббс Т. Избранные произведения: В 2-х т. М.: Мысль, 1964, С.192).

Сөйтіп, ол мемлекеттің пайда болуын таптық емес, қоғамдық келісім жағынан шығарады.

Рэне Декарт (1556-1650) – француздың атақты философы, дворяндар отбасынан шыққан. Оның басты еңбегі – «Әдіс туралы ой-толғау».

Космология (дүниенің құрылымы), космогония (планеталардың пайда болуы және дамуы) жөнінде, физика және физиологияда Декарт – материалист болды. Ол дүниенің өздігінен жаралғанын, оның даму заңдылықтары бар екенін, бірақ олар механикаға негізделгенін айтты.

Ал психологияда, таным теориясында ол идеалист болды. «Мен ойлай аламын, олай болса өмір сүремін» – деген қағиданы айтты. Мен еш нәрсеге сенбеуім мүмкін, бірақ сол сенбестікті ойлай алатыныма сенбеуім мүмкін емес. Ойлай білу – тірлік кепілі», - деді. Бірақ ол өзін материалист екенін анық байқатты. Декарт – рационалист, таным процесінде сезімнен гөрі ойлауды жоғары қойды. Декарт сонымен бірге жаратылыстану ғылымдарының дамуына үлкен ықпал жасады. Егер ағылшын философтары білімді тек сезімдік түйсіну арқылы алуға болады деп есептесе, француз ғалымы және философы Рэне Декарт ақыл-ойды таным процесінде бірінші орынға қойып, тәжірибенің рөлін сол ақыл-ойдың мәліметтерімен тексеретін қарапайым практикаға дейін түсіреді. Негізгі еңбектері:

- ✓ “Тәсіл туралы ойлар”,
- ✓ “Бірінші философия туралы метафизикалық ойлар”,
- ✓ “Философия бастамасы” т.б.

Декарттың философиясы өз бастамасын “күмәндану” қағидасынан алады. Ол дәстүрлі қалыптасқан пікірлерге де, сезімдік танымның ақиқаттығына да күмәнданады. Оның “Мен ойлаймын, олай болса, өмір сүремін” деген қағидасы бар. Декарттың пікірінше, бір мезгілде бір-біріне тәуелсіз, бірақ байланысты рухани түпнегізбен (құдай) қатар, материалдық түпнегіз де (табиғат) өмір сүреді. Рухани түпнегіздің ажырамас ең басты атрибуты (қасиеті) – ойлау болса, материалдық түпнегіздің атрибуты – кеңістікте көсілуі.

Барлық заттар корпускул (материя ұғымына пара-пар) деп аталатын ұсақ бөлшектерден тұрады. Олар түрлеріне, көлеміне қарай ажыратылады. Корпускулдар кеңістікте және үздіксіз қозғалыста болады. Олардың жалпы сандары және қозғалыс түрлері универсумда бірқалыпты болады. Әлемдегі барлық заттар механика заңына сәйкес қозғалыста болатын корпускулдардан пайда болған. Ал, рухани түпнегіздің атрибуты ойлау мен материалдық түпнегіздің атрибуты – кеңістікте көсілудің бір мезгілде әсер етуі негізінде адамдар пайда болады да, ол ақыл-ой, сөйлеу сияқты қасиеттерімен басқа жануарлардан ерекшеленеді. Осы себептен адамдардың қимыл-әрекеттерін көп жағдайда механика заңдылығы тұрғысынан түсіндіру өте қиынға соғады.

Ол танымның негізгі тәсілі геометриялық, дедуктивтік, аксиоматикалық тәсіл болуы керек деп тұжырым жасады. Таным процесінде ең басты рөлді Декарт рационалдық (ақыл-ой) танымға береді де, ол арқылы адамдар сезімдік түйсінулер бере алмайтын табиғаттың сыры мен мәнін ашуға мүмкіндік алады деп тұжырымдайды (Декарт Р. Рассуждение о методе // Сочинения: в 2 т. – М.: Мысль, 1989).

Декарт ақыл-ой сезімдік түйсінуге мұқтаж емес, себебі рационалдық таным заттарды, құбылыстарды “туа біткен идеяларға” сүйеніп танып-біле алады дейді. Бұл идеялардың табиғаты туралы Декарт: «бұл идеяларды мен өзіме-өзім бере алмаймын, себебі олар өздерінде жетілдірген нақтылықты жиынтықтаған, ал мен қалыптастырған идеялар, ондай шындықтан туындамағандықтан туа біткен идеялардың деңгейінде жете алмайды. Декарттың философиясы артында өзіндік із қалдырған, соны идеяларымен кейінгі философиялық ағымдарға ықпал етіп, адамдарды басқаша ойлау арқылы, қазіргі техниканы жасауға мүмкіндік туғызды (Антология мировой философии, 1972).

Бенедикт Спиноза (1632-1677) – Голландияның көрнекті философы. Ол Амстердамда дәулетті еврейлер отбасында дүниеге келді. Аз ғана өмірінде ол екі кітап қана жазып үлгереді: «Діни-саяси трактат» (1670) және «Этика» (1675). Спиноза «бір ғана субстанция бар, ол – табиғат», ол бір жағынан жаратушы күш, екінші жағынан – жаратылған құбылыс деп уағыздады. Жаратылыстан жоғары күш нәрсе жоқ. Табиғаттың өмір сүруі үшін еш нәрсенің керегі жоқ. Өйткені, табиғаттың өзі Құдай деп түсінді, табиғат мәңгі, шексіз. Ол – өзіне-өзі себеп және салдар, мән және мағына, ол санадан тыс өмір сүреді. Сана, оның атрибуты (қасиеті) деді. Түпнегізге сансыз көп атрибуттар (ең басты қасиеттер) тән. Солардың ішіндегі ең маңыздылары:

- кеңістікте көсілу,
- ойлау.

Түпнегізді ешкім (құдай да, табиғат та) жаратпайды, ол өзінің өзінен пайда болуына себепкер (causa sui). Түпнегіздің атрибуттары модустарды дүниеге әкеледі. Олардың өздері екі түрлі болады:

-біріншісі, түпнегіздің атрибуттарынан тікелей туындаған модустар. Бұлардың өзі атрибуттарының табиғатына қарай:

- а) кеңістікте көсілу атрибутынан –қозғалыс және тыныштық модустары;
- б) ойлау атрибутынан – ақыл-ой және жігер модустары, болып бөлінеді.

-екіншісі, әлемдегі жеке денелер – модустар. Әлем түпнегізбен пара-пар болғандықтан, бұл модустар – түпнегіздің (әлемнің) жеке денелер арқылы көрінуі. Әлем универсум ретінде мәңгі және өзгермейді. Ал оған кіретін жеке денелер үздіксіз өзгерісте, қозғалыста болады. Өзгермейтін, қозғалмайтын әлеммен үздіксіз өзгерісте, қозғалыста болатын жеке денелердің арасындағы байланыс қозғалыс модустары арқылы жүзеге асады. Түпнегіздің ойлау атрибутының модустары (тіршілік, рух, жан) барлық жеке денелер мен құбылыстарды қамтиды. Осы модустардың әрқайсысы өздеріне лайық жеке денелерде әртүрлі болып кездеседі. Егер, жануарларда – жан, адамдарда – жан,

рух, ақыл-ой, жігер модустары болса, басқа заттарда – тіршілік модусы ғана болады. Спиноза тіршілік деп, жеке денелердің пайда болған кезінен өлгенге дейінгі өмір сүруін айтады (Спиноза Б. Богословско-политический трактат // Избранные произведения: в 2 т. – М., 1957. – Т.2. – С. 258).

Спинозаның әлемдегі барлық денелерді басынан бастап, жанды заттар ретінде қарастыруы философияда гилозоистік көзқарастың жанданып, одан әрі қарай дамуына үлкен әсер етті. Жалпы алғанда, таным процесі үш сатыдан тұрады:

- біріншісі – сезімдік таным. Бұл сатыда біз шынайы білім ала алмаймыз, себебі түйсіктер арқылы алған ақпараттар көп жағдайларда көңіл-күйге байланысты болады;
- екіншісі – рационалдық таным, басқаша айтқана ақыл-ой арқылы таным. Танымның бұл сатысында да біз ақиқатқа жете алмаймыз;
- үшіншісі – интуиция, немесе заттар мен құбылыстардың мәнін іштей түсіну. Бұл сатыда заттардың мәнін түсініп-білу арқылы, олардың түпнегізін (құдайды) білуге мүмкіндік аламыз.

Сөйтіп, құдайдың (түпнегіздің, табиғаттың, әлемнің) мәнін, мазмұнын, табиғатын түсіну тек математикалық тәсілді қолданған ғылымдардың ісі, ал дінге келетін болсақ, оның құдай туралы айтқан пікірлері қате. Жалпы алғанда, діннің шығуына екі түрлі себептер әсер еткен. Олар:

1) адамдардың табиғаттың өзінен табиғаттағы құбылыстардың себептерін түсіндіре алмауы;

2) олардың табиғаттың дүлей күштерінің алдындағы қорқынышы.

Бірақ, Спинозаның пікірінше, дін халықты уыстан шығармай ұстап тұру және қоғамда тәртіп орнату үшін қажет. Спиноза ілімінің атеистік идеялары XVIII ғасырдағы француз ағартушыларының еңбектерінде әрі қарай өріс алса, оның дедуктивтік тәсілі мен таным процесіндегі кейбір соны идеялары Шеллингтің, Канттың, Гегельдің философияларында дамытылды.

Джон Локк (1632-1704) Оксфорд университетін бітірген. Джон Локк ағылшын философы, психологы, педагогі.

Негізгі еңбегі: “Адамның ақыл-ойы туралы тәжірибе”. Локк «Адам жаны – таза тақта. Адамның көрген, білгендері сол таза тақтаға жазылады. Міне, сана дегеніміз, дәл осы. Адам интеллектісі өмірде жоқ, ол екі түрлі – сыртқы және ішкі тәжірибеге бөлінеді» - дейді. Біріншісінен сезім, екіншісінен рефлекс пайда болады деді. Сезім идеясы – бастапқы, сырттан келген құбылыс, ал рефлексия іштен пайда болады. Сезім арқылы біз заттардың сапасын білеміз. Бірақ сапа екі түрлі болады:

- Бірінші сапаға заттардың саны, салмағы, көлемі, сипаты, қозғалысы жатады. Бұл – заттардың нағыз өзі, дейді.
- Екінші сапаға дыбысы, түсі, дәмі, иісі жатады. Бұл біздің ішкі сезімімізге байланысты, - дейді Локк.

Таным концепциясын психологиялық теория тұрғысынан негіздеп, психологияның ғылым ретінде қалыптасуына жол ашты.

Егер, Бэкон білім – тәжірибеден шығады десе, Локк оған қосымша тәжірибенің өзі сезімдік түйсінулер арқылы қалыптасқан деді. Локктың таным теориясы негізінен үш қағидадан тұрады: адамда “туа біткен идеялардың” болуы мүмкін емес, себебі идеялардың өзі тәжірибе арқылы пайда болады. Адамның дүниеге келген кездегі ақыл-ойы ештеңе жазылмаған таза тақта, немесе “ақ қағаз” сияқты, ол тек тәжірибе арқылы мазмұнға толады. Ақыл-ойда тек сезімдік түйсіктер арқылы қабылданған мәліметтерден басқа ештеңе жоқ, себебі дүниеге шығатын терезе – түйсік.

Сезімдік түйсінудің өзі сыртқы түйсіну және ішкі рефлексия (өзін-өзі бақылау) деп екіге бөлінеді. Сыртқы түйсінудің қайнар көзі сезім мүшелеріне әсер ететін материалдық денелер болса, ішкі рефлексияның негізі – адамның өз көңіл-күйін іштей сезінуі, қиналуы немесе мақұлдауы. Психиканың қалай қалыптасатынын түсіндіру мақсатында Локк идеялардың екі түрін қарастырады:

- бірінші сапалы идеяларға: денелердің түр, сан, орын, қозғалыс, тыныштық т.б. сол сияқты қасиеттері жатады, біз оларды шындығында қандай болса, тура сол күйінде қабылдаймыз.
- екінші сапалы идеяларға: денелердің иіс, бояу, дәм т.б. сол сияқты қасиеттері жатады, оларды біз субъективтік тұрғыдан қабылдаймыз (қараңыз: Локк Джон. Два трактата о государственном правлении // Сочинения: в 3 т. / ред. И.С. Нарский, А.Л. Субботин; пер с англ. А.Н. Савина. – М.: Мысль, 1985.– Т. 2.)

Осы екі сапалы идеялардың түйсіктерге әсер етуі арқасында біздің санамызда екі түрлі ұғымдар мен пайымдаулар, ұғымдар. Олар тек тәжірибе арқылы қалыптасады да, ой белсенділігін талап етеді. Осы негізде ғылымдар дамиды. Ал екіншісі – сыртқы денелердің түйсіктерге әсер етуінен, не болмаса рефлексия арқылы пайда болған қарапайым ұғымдар, пайымдаулар. Мысалы: “көк” ұғымы – көру түйсігі, ал “қозғалыс” ұғымы – көру және сезіну түйсіктері арқылы пайда болған. Мұндай ұғымдар енжар болу себепті ой белсенділігін талап етпейді. “бірінші” және “екінші” сапалы идеялар адамның көңіл-күйіне байланысты әр түрлі қабылдануы мүмкін (Бұл да сонда). Ақиқат дегеніміз, Локктың пікірінше, идеялардың өзара сәйкес келуі (ұғымдар, пайымдаулардың “бірінші”, “екінші” идеяларға) және көпшіліктің өзара келісімі. Адамның қуанышын тудыратын және күшін өсіретін істің барлығы – игілік, ал оған қарама-қарсы іс-әрекет бақытсыздық. Ең жоғары заң, адамды қуанышқа бөлейтін болғандықтан, ең басты игілік болады. Локк мемлекет туралы ілімінде халықтың егемендігі негізінде қалыптасқан конституциялық монархияны жақтайды. Мемлекет билікті бөлу (заң шығару, атқарушы және сот биліктері) арқылы әлеуметтік топтарға бостандық және құқықтық теңдікті сақтауға кепілдік жасауы тиіс. Қорыта айтқанда, Бэкон, Гоббс, Локктың ілімдері механикалық, метафизикалық философияның ірге тасын қалап, ғылыми зерттеудің индуктивтік және геометриялық тәсілдерін әмбебап (универсалдық) тәсілдер дәрежесіне дейін көтеріп, өзінен кейінгі ғұлама-ойшылдарға үлкен әсер етті.

Лейбниц Готфрид Вильгельм (1646-1716) немістің көрнекті физигі, математигі, тарихшысы және философы. Негізгі еңбектері: “Адамның ақыл-ойы туралы жаңа тәжірибелер”, “Монадалогия” т.б. Лейбництің ілімі бойынша, құдай өзінің ішкі даму заңдылығына сәйкес түпнегіздерді (субстанция) дүниеге келтірді. Ал барлық мәнділіктердің, соның ішінде материяның да, түпнегізі – ұсақ денелі, шамалы болса да саналы монадалар. Олар табиғаттың нағыз атомдары. Монаданың негізгі қасиеттері:

1) барлық мәнділіктің түпнегізі ретінде ол қарапайым және бөлінбейді;

2) олардың өз алдына бөлек және әрекетшіл мүмкіндігі бар. Монадалар кеңістікке көсілмейді. Олай болса, монадалар физикалық, немесе геометриялық тұрғыдан қарастыратындай денелер қатарына жатпайды, олар тек “философиялық нүкте” ғана, басқаша айтқанда әрекетшіл күшті” түпнегізі. Монадалар табиғи жолмен жоғалмайды, өшпейді, бірақ басқа күштің (құдайдың) әсерімен пайда болуы да, өшуі де мүмкін. Алғашқы монада – құдай, ал қалғандары оның сәулелері. Біздің денелер, заттар, құбылыстар деп жүргендеріміз, шындығында монадалар жиынтығы, ал кеңістік пен уақыт – монадалар күшінің көрінісі. Монадалар күшінің әрекеттілігі оның “еске алу” қабілетінде жинақталған. Монадалардың әртүрлілігі олардың “еске алу” қабілеттерінің әртүрлілігіне байланысты. Монадалар өздерінің “еске алу” қабілеттерінің даму сатыларына қарай бірнеше түрлерге бөлінеді:

1) “еске алу” қабілеті бейсаналық күйіндегі қарапайым, ұйқыда жатқан монадалар, оларға минералдар мен өсімдіктер жатады;

2) “еске алу” қабілеті түйсіктер мен ес күйіне айналған, жанданған монадалар, оларға жануарлар жатады;

3) “еске алу” қабілеттері айқын да, анық рухқа, жанға айналған монадалар, олар – адамның жандары;

4) шын мәнінде саналы, объективті “еске алу” қабілеті бар монада, ол - құдай. Әр монаданың “еске алу” қабілетінің даму заңдылығы тек өзімен шектеледі. Басқаша айтқанда, ешнәрсе оған сырттан кірмейді және одан сыртқа шықпайды. Мысалы, минералдар мен өсімдіктер жануарларға, жануарлар адамға, ал адам құдайға айнала алмайды, әрқайсысы өз деңгейінде қалады (Лейбниц Г.В. Новые опыты о человеческом разуме // Сочинения: в 4 т. – М.: Мысль, 1983. – Т. 1. – 686 с.). Лейбництің таным процесі туралы іліміне келсек, ол сезімдік түйсіну мен рационалдық танымдардың өзара қатынасын екі түрлі ақиқаттың табиғатын айқындаудан шығарады. Бірінші түрі – ақыл-ой ақиқаты, немесе кездейсоқтық ақиқаты деп аталады. Бірінші түрлі ақиқат деп отырғанымыз, логика мен математиканың қағидалары. Оларды сезімдік түйсіну арқылы танып-білуге, дұрыстығын дәлелдеуге болмайды. Сондықтан, бұл ақиқатқа жетудің бірден-бір жолы – Аристотельдің логикалық заңдарына сүйеніп, танып-білу. Ал фактілер ақиқатына келетін болсақ, олар табиғатынан кездейсоқтық мәнде болатындықтан, оларды аталған логика заңдары арқылы түсіндіріп, білу өте қиын, сондықтан олардың дұрыстығын, ақиқаттығын дәлелдеу үшін, “жеткілікті негіздеу” заңын қолдану керек. Сөйтіп, Лейбниц логиканың төртінші заңын ашты. Лейбництің адам және қоғам туралы пікірлері

өзіндік ерекшелігімен көрінеді. Лейбництің ілімі Дидроның, Робинэнің, неміс классикалық философиясының қалыптасуына зор әсер етті. Әсіресе, олар Лейбництің монадалардың әмбебаптық байланысы, олардың өзара бір-біріне ауысуы т.б. идеяларын әрі қарай дамытып, өзіндік ерекшеліктері бар философиялық қағидаларды дүниеге әкелді.

XVII-XVIII ғасырларда Англияда философияда «идеалистік сенсуализм» деп аталып кеткен бағыт қалыптасты. Оның іргетасын Дж. Беркли және Д. Юм деген ойшылдар қалады.

Беркли Джордж (1684-1753 жж.) ағылшын философы. Негізгі еңбегі: “Танымның бастамасы туралы трактат”. Берклидің ілімі бойынша “жалпы материя” деген бос сөз. Үшбұрыш деген жалпы ұғымның дүниеде болмайтыны сияқты, “жалпы материя” да болмайды. Ал жеке материалдық денелер құдайдың ойында идея ретінде өмір сүреді. Олай болса, шынайы өмір сүретін заттар емес, рухтың, жанның және “меннің” түп негіздері. Адамдар үшін нағыз объективтік шындық – біздің санамыздағы құдіреттің белгісі – “еске алу”. Демек, жеке денелердің өмір сүруі дегеніміз, олардың түйсіктер арқылы қабылдануы арқасында “меннің” идеяларына айнала алуы. Қозғалыс деп жүргеніміз – құдайдың үздіксіз белсенділігі. Кеңістік пен уақыт та сезімдік “еске алудың” бір түрлері. Мысалы, уақыт – түйсіктердің бірінің соңынан бірінің ауысып отыру дәйектілігі. “Меннің” жойылуымен бірге бұл аталған құбылыстар мен денелердің жойылмайтын себептері, өзіндік “меннен” басқа “бөтен мендердің” болуы. Таным процесінде Беркли басты рөлді “тікелей сезімге” береді. Ол – сезімдік тәжірибенің нәтижесі, ал сезімдік тәжірибенің өзі санамыздағы құдіреттің белгісі – “еске алудың” жиынтығы. Сөйтіп, “тікелей сезім” арқылы қалыптасқан ұғымдар объективтік шындықтың субъективтік кескіні емес, түйсіктердің “еске алудың” жиынтығы. Демек, біздің танып-біліп жүргеніміз нақты денелердің өзі емес, түйсіктердің жиынтығы ғана екен.

Монтескье Шарь Луи (1689-1755 жж) құқық және тарих мәселелерін философия тұрғысынан қарастырған француз ойшылы. Негізгі еңбектері:

1. “Фарсылық хаттар”,
2. “Римдіктердің ұлылығы мен күйреуінің себептері туралы пікірлер”
3. «О духе законов» т.б.

«О духе законов» еңбегіне қысқаша тоқталсақ, бұл еңбекте, ол еркіндік мәселесіне тікелей тоқталған. Енді осы еңбекке қысқаша тоқталып көрейік: «Еркіндік сөзі сияқты көптеген мағынаға ие болған, және де ақылға соншалықты түрліше әсер беретін, сірә сөз болмаған шығар. Біреулер еркіндік деп өздері тирандық билік беріп қойған адамды жеңіл жамандауды атайды. Келесілері, өздерінің бағынышты болар адамын сайлау құқығын атайды. Үшіншілері, одан өз заңдарына бағынып, өз ұлтынан шыққан адамның қарамағында болу артықшылығын айтады. Бір халық ұзақ уақыт бойы еркіндікті ұзын сақал қою салты деп қабылдады. Кейбіреулер басқаның бәрін итеріп тастап, бұл атауды басқарудың белгілі түрімен байланыстырады. Республикалық басқарудың игіліктерінен дәм татқан адамдар еркіндік ұғымын сол басқарумен теңестірсе, монархиялық басқару игілігін пайдаланушылар

монархиямен теңестіреді. Ақыр соңында, әркім еркіндікті оның өз салт-дәстүрлері мен мекенділіктеріне сай келетін басқару деп атайды. Республика адамдарының арызданатын басқару кінәраттарының аса белгілі және анық көрінбеуіне байланысты, онда еркіндікті республикамен теңестіреді, ал монархияда оны жоқ деп біледі. Өйткені, республикада заң атқарушылары емес, заңның өзі әрекет ететін сияқты болады да тұрады. Енді демократияларды халық байқағаныңыздай, не істегісі келсе, соны жасайтын болғандықтан еркіндіктерді сол құрылымға теліп қояды. Нәтижесінде халық билігін халықтардың еркіндігімен араластырып алды. Адамның болмысы мен еркіндігінің арасында ешқандай айырмашылық жоқ. Еркіндікті «қиыншылық» арқылы түсінеміз. Өмір сүрудің белгісі ретінде еркіндіктің хабаршысы – қиыншылық. Қиыншылық арқылы еркіндік жарыққа шығады, еркіндік және қиыншылық арасында тығыз байланыс бар. Бұлар адам бойындағы бір-біріне тығыз байланысты ерекшеліктер» – дейді ойшыл. Еркіндік дегеніміз не? – деп сұрақ қойып, Монтескье оған жауап беруге тырысады. «Саяси еркіндік не жасағысы келсе соны жасау емес, мемлекетте, яғни заңдары бар қоғамда, еркіндік тек өзінің қалауға тиіс емес нәрсені жасауға мәжбүрленбей, өзінің қалауы тиіс нәрсені жасау мүмкіншілігіне ие болудан тұрады. Еркіндік дегеніміз, заңдар рұқсат еткеннің бәрін жасау құқығы. Егер азамат заңдармен тыйым салынған нәрселерді жасай алатын болса, онда оның еркіндігі болмас өйткені, қалған азаматтарда соны жасай алатын еді. Демократия мен аристократия өз табиғатынан еркін мемлекеттер болып табылмайды. Саяси еркіндік тек байыпты басқару түрлерінде орын алады. Дегенмен, сол байыпты мемлекеттерде де, еркіндік үнемі кездесе бермейді, еркіндік оларда тек билік пұрсатын теріс пайдаланбаған күнде ғана, мүмкін болады» – деп ойын аяқтайды Монтескье әр халықтың және елдің заңдарын, саяси өмірін табиғи және тарихи жағдайлардың ерекшеліктерінен деп түсіндіреді. Заңдар – табиғи және қоғамдық болып екіге бөлінеді. Табиғи заңдарға әр елдің табиғат ерекшеліктеріне байланысты (ауа-райы, жер реңі, т.б.) Қалыптасқан психологиялық мінез-құлықтар жатады. Бұл заңдылықтар – мәңгі, өзгермейді. Осы заңдар негізінде өзгермелі қоғамдық заңдар қалыптасады. Мемлекеттік басқару ісі билеуші бекіткен қоғамдық заңдар бойынша жүзеге асырылуы тиіс. Билеу түрінің өзі мемлекеттің жер көлемінің үлкен-кішісіне қарай әр түрлі болуы мүмкін. Осыған орай, Монтескье: үлкен мемлекеттер үшін – деспоттық, орта көлемді елдер үшін – монархиялық, ал шағын көлемді елдер үшін – демократиялық билеудің түрлері тиімді деп есептейді. Оның пікірінше, билік бөлініп: заң шығару, атқарушы және сот биліктері дербес, бір-біріне тікелей бағынбайтын болып қызмет атқарулары керек. Монтескьенің саяси-әлеуметтік ілімдері қоғам дамуының қозғаушы күштерін айқындауға, қоғамдағы болашақ реформалардың тиімді жолдарын қалыптастыруға негізделгендіктен, оның біршама ойлары кейінгі ойшылдарға, саясатшыларға зор әсер етті. Адам табиғатының бөлігі болғандықтан олардың өздеріне тән табиғи құқықтары бар. Олар – өмір сүру, меншік иесі болу, бостандық құқықтары (Монтескье Ш.Л. Заңдар рухы туралы. – Алматы: Үш қиян, 2004. – 453 б).

Давид Юм (1711-1776 жж.) тарихшы, дипломат, философ, ағылшын ағартушылық кезеңінің көрнекті өкілі болды. Негізгі еңбектері:

- ✓ “Адамның ақыл-ойы туралы зерттеулер”,
- ✓ “Діннің табиғи тарихы”,
- ✓ “Табиғи дін туралы пікірлер”, т.б.

Юм ешқандай түпнегізді (субстанцияны) мойындамайды. Себебі, ол шын мәніндегі түпнегіз емес, идея ғана. Ал идеяны тудыру үшін объективтік шындықта өздеріне сәйкес келетін заттардың болуы міндет емес. Түпнегіз идеясы сезім мүшелері мен тәжірибе арқылы алынған деректерді көбейту, азайту, байланыстыру сияқты ой күшінің қабілеті арқасында қалыптасады. Мысалы, құдай идеясы адамдарға тән ақыл, данышпандық, қайырымдылық, көрегендік т.б. сол сияқты қасиеттерді жиынтықтап, оларды адамның өзінен тыстатып, табиғатта жоқ құбылысқа телуінен пайда болған. Ал жан немесе “мен” ұғымы үздіксіз өзгеріп отыратын “еске алу” мен сезім әсерінің бірлігі. Тәжірибенің өзі Юмның түсінігінше, себептері белгісіз және түсінуге болмайтын “әсерлердің үздіксіз қимылы”. Ал фактілердің себептері мен салдарын қайталанып қойылған тәжірибе және өз алдына дербестенген “ойлауға әдеттену” арқылы танып-білуге болады. Бұл жерде “ойлауға әдеттену” – өзіне себептілік инстинктінің көмегінің арқасында, себептілік заңы ретінде өмір сүретін құбылыс. Юм объективті себептілікті жоққа шығара отырып, сезім “әсерлерінен” туындаған идеяларды субъективті себептілік ретінде мойындайды. Себептілік заңы тек қана жүргізіліп жатқан тәжірибе шеңберінде үстемдік ете алады, ал оны тәжірибелік деректерден трансценденттік идеяларға (құдай, “мәңгі өлмеу” т.б.) таратуға болмайды. Таным процесінің ең басты мақсаты – тәжірибе арқылы айқындалған табиғи құбылыстардың себептерін жиынтықтап, олардан туындайтын көптеген салдарды сан жағынан аз жалпы себептерге бағындыру. Адамдардың іс-әрекетінің негізінде себептілік жатыр. Бұл себептіліктер біздің табиғи қалыптасуларымыз, сұраныстарымыз және құмарлығымыздың негізінде қалыптасады. Ал ақыл-ой себептіліктің негізі бола алмайды демек ол ешқандай іс-әрекет туғызбайды. Ол тек қана ақиқат пен жалғандық, табиғилық пен жасандылық туралы ой сараптап, олардың орталарын ажырата білуге үйретеді. Юм биологиялық-антропологиялық тұрғыдан философиялық, рационалистік бағытқа қарсы шыққан реалист. XVIII ғасырларда француз “энциклопедиясын” (1751-1788 жж.) шығару барысында, сол кездегі табиғаттану ғылымдарының жетістіктеріне сүйенген бір топ ойшыл ғұламалардың дүниетанымдық көзқарастары қалыптасты. Негізгі өкілдері мен олардың еңбектері:

- Ламетри (1709-1752 ж., “Адам – машина”),
- Дени Дидро (1713-1784 ж., “Рамо жиені”),
- Гельвеций (1715-1771 ж., “Адам туралы”) т.б.
- Гольбах (1723-1789 ж., “Табиғат жүйесі”).

Ламетри пікірінше, әлемнің түпнегізі – табиғат, материя. Оның негізгі қасиеттері: кеңістікте көсілу, салмақ, бірлік, түр (форма), қозғалыс. Материя-

ның кейбір түрлеріне белсенділік тән болса, кейбіреулеріне енжарлық тән. Белсенділігінің арқасында материя, ешқандай сыртқы күштің әсерінсіз, өзінен өзі туындайды және өз дамуының себебі өзінде. Кеңістік пен уақыт бір-бірімен тығыз байланысты, және олар материяның негізгі қасиеттері. Ал қозғалыс болса, ол материяның өмір сүру тәсілі. Денелер үздіксіз қозғалыста болады, тыныштықтың өзі де қозғалыстың бір түрі. Бірақ олар қозғалысты механикалық қозғалыс (орын ауыстыру) тұрғысынан қарастырады. Сезімдік түйсіну – барлық денелерге тән. Олай болса, табиғаттың өзінде түйсіктерге ұқсас қасиет бар. Ал, сана, сезімдік түйсіктері бар денелер, негізінде жоғары дәрежеде ұйымдасқан материяның түрінде болады. Дүниеде себепсіз ештеңе болмайды, кездейсоқтықтың өзі де себептіліктің бір түрі. Өзгеріс, даму – жай ғана көбею, пайда болу, жеделдету, бәсеңдету. Адам мен қоғамдар осылай дамиды. Дүниедегі өзгерістердің барлығы таза механикалық заңдылықтарға бағынады. Мысалы, жануарлар, адамдардың өздері де жаны бар машиналар.

Адам табиғатының бөлігі болғандықтан олардың өздеріне тән табиғи құқықтары бар. Олар – өмір сүру, меншік иесі болу, бостандық құқықтары. Адамдардың бұл аталған табиғи құқықтары феодалдық қоғам тұсында жүзеге асырылмай келеді, себебі онда билеушілердің мінез-құлықтары нашарлап, адамгершіліктері төмендеп кеткен. Сондықтан, халықтың табиғи құқықтарын жүзеге асыру үшін мемлекетті басқару тәсілін өзгертіп, жетілдіру және заңдарды реттеу керек. Ол үшін билеушілерді ағарту керек. “Әлемді пікір билейтін” болғандықтан мемлекет басқаруда ұлы адамдардың (патшалар, қолбасшылар, ғұламалар т.б. рөлі өте жоғары. Демек, билеушілер ақылды, жанашыр, әділетті болса, халықтың жағдайы жақсарады, өздерінің табиғи құқықтарына жетуге мүмкіндік алады. Таным процесі туралы айта келіп, энциклопедистер қоршаған орта туралы деректер түйсік арқылы қабылданады да, ақыл-ой арқылы қорытылып, жаңа тұжырымдарға айналады. Бірақ, адамның санасы заттарды тура сол күйінде қабылдамайды, бұл ретте адамның көңіл-күйі, т.б. субъективтік қасиеттері үлкен рөл атқарады. Олай болса, адамдар ақиқатқа жету үшін (ақиқат дегеніміз – заттар туралы ұғымдардың сол заттарға сәйкес келуі) – тиімді әдістер іздейді, ал олар адамдар ақыл-ойының белсенділігін арттырады. Демек, ақиқатты танып-білу философияның міндеті.

Ламетри өзінің емдеу тәжірибелеріне сүйене отырып, адамның ұйықтап жатып көрген түсі, иә болмаса ауырып есінен танып жатқандағы сандырағы жан-дүниенің толығынан мимен байланысын көрсетеді, - деген пікірге келеді.

Дидро (1713-1784) – аса ұлы француз ағартушыларының бірі. Оның басшылығы мен ұйымдастыру қабілетінің арқасында XVIII ғ «Француз энциклопедиясы» басылып шыға бастады. Онда сол кезге дейін жиналған ғылыми деректердің негізінде дүниеге жаңа көзқарас, жаңа саяси, құқтық, гуманистік идеялар дүниеге келіп кеңінен қоғамда тарала бастайды. Ол француз халқының рухани жаңаруына өзінің өшпес ізін қалдырды. Негізгі еңбектері:

- «Табиғатты түсінудегі ойлар жөнінде»,
- «Д'Аламбердің Дидромен сұхбаты»,

➤ «Материя мен қозғалыстың философиялық принциптері» т.с.с.

Егер француз ағартушыларының көпшілігі деистік көзқараста болса, Дидро өзінің философиялық көзқарастарында таза материалистік бағытқа көшеді. Дүниедегі субстанция біреу ғана ол – материя, ал оның себебі өзінің ішінде, сондықтан, оны түсініп тану үшін ешқандай Құдай идеясы керек емес. Материяны ешкім жаратқан жоқ, ол өзінің даму заңдылықтарының негізінде мәңгілік өмір сүріп жатыр. Дидро материяның өмір сүру тәсілін қозғалыстан көреді, сондықтан, оларды бір-бірінен ажырата алмаймыз. Бүкіл табиғат мәңгі қозғалыста, бір нәрселер жойылып, екіншілері оның орнына келіп жатыр. Дидроның ең тамаша ойы – ол материяның өзіндік ішкі күштерін мойындап және оның қайнар көзін ішкі қайшылықтардан іздейді. Адам мәселесіне келер болсақ, Дидро оны басқа тіршіліктер сияқты өзінің қалыптасу, жетілу тарихынан өтті деген пікірге келеді. Адамның санасы – ол Құдайдың оған берген сыйы емес, ол материяның даму жолында пайда болған құбылыс. Ол тіршіліктің күрделену жолында пайда болады. «Қоғамдық шарт» теориясына сүйене отырып, Дидро корольдің билігінің Құдай берген билігі жөніндегі сол кездегі кең тараған пікірге қарсы шығып, оны әшкерлейді. Ол конституциямен шектелген монархияны жақтап, ағарған биліктің қажет екенін көрсету жолында талай ойларды қозғайды. Адамның өзімшілдігін мойындағанмен, Дидро оны ақыл-оймен тежеп, басқалардың да мүдделерін түсініп, адам өзін-өзі тежей, шеңберлей алатын дәрежеге көтерілуі керек деген гуманистік ойларды келтіреді.

Гельвещий (1715-1771ж.ж.) де осы көрсетілген тұрғыдан мораль мәселелерін қарап, адамның қайсыбір ләззат алу формаларының негізінде сезім толқыны жатыр, ал кейбір адамдардың өзімшілдігіне келер болсақ, оны тәрбиенің негізінде түзеуге болады деген пікір айтады.

Гольбах (1723-1789ж.ж.) өзінің “Табиғат жүйесі” деген көлемді еңбегінде “өзімен-өзі өмір сүріп жатқан табиғат дүниедеге барлық құбылыстардың себебін құрайды”, - деген батыл да терең пікірге келеді. Табиғат дегеніміз орасан зор шеберхана. Материяның негізгі өмір сүру тәсілі қозғалыс. Ал тарту мен инерция - материяның ең терең табиғи қасиеттері (Гольбах П. Система природы // Избранные произведения: в 2 т. – М., 1963. – Т.1. – 511 с).

Өзінің әлеуметтік философиясында ғалым адамдарды азаматтылыққа, заңға көнуге, елді қорғауға, қайсыбір саясаттағы озбырлыққа қарсы күресуге, ағарған басқару жүйесін орнатуға шақырады. Мораль саласындағы негізгі құндылықтарға ол ізгілік, ақиқат, зердені жатқызып – тек соларға ғана табынуға болады,- деген пікірге келеді. Ол қайсыбір діни көзқарастарды қабылдамай, діни надандықтан арылуға шақырады. XVII-XVIII ғ.ғ. өзінің ағартушыларын туғызды:

- П. Гассенди (1592-1655),
- Ф. Вольтер (1694-1778),
- Ж.Ж. Руссо (1712-1778),
- И.В. Гете (1749-1832) т.б.

Олардың пайда болуына, ең алдымен, капиталистік қоғамның қалыптасуы, соған сәйкес жаратылыстану ғылымдарының, математиканың, физиканың, механиканың, физиологияның, медицинаның, т.б. адам санасына материалистік ұғымдарды ұялату нәтижесі себепші болды. Бірақ оған үстемдік құрған діни идеология қарсы шықты. Ең алғаш ол идеологияға қарсы күрес Англиядағы, Франциядағы, Германиядағы ағартушылық істен басталды. Олардың басты мәселелерінің бірі – адам тағдыры, оны рухани қыспақтан босату, саяси еркіндік, гуманизм мәселелері болатын. XVIII ғасырдағы ағылшын материализмі сияқты механикалық метафизикалық материализмге жатады. Француз материалистері көпшілікке тікелей әсер ету үшін философиялық ой-пікірлерін салондарда айтып, ой тартыстарын тудырып, энциклопедиялық еңбектер жазып, ауызша да, жазбаша түрде де кең таратты. Негізінде олар дінді, оның уағыздаушыларын қатты сынға алды, сатиралық сөздермен мазақ етті. Бірақ қоғамдық құрылысты түсіндіруде олар идеалистік шеңберден шыға алмады. Франция XVIII ғасырда ағылшын философиясының ықпалымен ағартушылық ілімнің ошағына айналды.

Бұл қозғалыстың көсемі **Вольтер Франсуа Мари Аруэ** (1694-1778 жж) болды. Негізгі шығармалары: “Тарих философиясы”, “Философиялық повестер мен әңгімелер”, “Эстетика”, “Хаттар”, т.б. Вольтердің өткір де шыншыл шығармалары арқылы ағартушылық идеясы толық қалыптасып, барлық еуропа елдерінде тарайды. Өз шығармаларында Вольтер феодализмнің келеңсіз жақтарын және діннің қағидалары мен уағыздарын келеке етіп, сынға алды. Дегенмен де, ол құдайдың бар екенін мойындайды, бірақ ол жоқты бар ете алмайды, ол тек табиғаттың алғашқы қозғаушы күші ғана. Табиғат, қоғам әрі қарай өз заңдылықтарымен дамиды. Вольтер құдайдың әр түрлі қасиеттерін негіздеуге тырысатын дінді де, оған қарсы – атеистік ілімді де жақтамайды. Олардың біріншісін дәлелсіз болғандықтан мойындамаса, екіншісіне қоғамдық тәртіпті бұзады – деп қарсы болады. Адамзат тарихы, Вольтердің пікірінше, адамзаттың прогресс (үдеу) пен білімділік үшін күрес тарихы. Өркениетті адам табиғатпен алғашқы қауым адамымен салыстырғанда әлдеқайда үйлесімді өмір сүреді. Осы тұрғыдан ол “адамзат үшін мәдениеттің құндылығын баса көрсетті. Мемлекетті басқарудың ең тиімді түрі – ағартушылық монархия. Ол ерікті қоғамның қалыптасуына жағдай жасауы керек. Сол кезде ғана ерікті қоғамның басты табиғи талаптары – сөз, баспасөз, ар-ождан бостандықтары шын мәнінде жүзеге асады. Қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік – заңды құбылыс, ал адамдар тек қана заң алдында тең болулары керек. Жалпы алғанда, Вольтер тарихқа, әсіресе мәдениет және философия тарихына ерекше көңіл бөліп, осы ғылымдарың дамуына себепкер болған және ағартушылық идеяны қағида ретінде қабылдап, уағыздаған ойшыл.

Руссо Жан Жак (1712-1778 жж.) француз ағартушылық ағымының шеңберінен шыға алмаса да, оның негізгі идеяларымен келіспейтіндігін көрсеткен жазушы және философ. Негізгі еңбектері:

- “Теңсіздіктің себептері туралы”,
- “Қоғамдық келісім туралы”,

- “Эмил, немесе тәрбие туралы”.

Егер Вольтер адамзат тарихын оның прогресс пен білімділік үшін күрес тарихы десе, Руссо мәдениеттің прогресімен қатар өнегеліктің құлдырауы сәйкес келіп отырады дейді. Себебі, қоғам неғұрлым ілгері дамыған сайын, теңсіздік тереңдей түседі. Ал теңсіздік, өз тарапынан керенаулықтың, жалқаулықтың, тоқмейілсудің қайнар көзі болғандықтан ол, адамгершіліктің, мінез-құлықтың азғындауына әкеліп соқтырады. Теңсіздік мәңгі әлеуметтік құбылыс емес, алғашқы қауымдық қоғамда теңсіздік болмаған, себебі онда меншік болған жоқ, сондықтан, барлық мәселе адамгершілік тұрғысынан шешілді. Ал кейінірек, өндірістік құралдардың жетілуі және жоғары сатыға көтерілуі – жеке меншіктің, ал ол – теңсіздіктің пайда болуына себепкер болды. Әлеуметтік теңсіздікті жоюдың бірден-бір жолы – Руссоның айтуынша, бәсеке бостандығы арқылы адамдардың табиғи құқықтарының (өмір сүруге, ерікті болуға, меншік иесі болуға) қанағаттандырылуына мүмкіндік беретін жағдайлар жасау. Адам туғанда бас бостандығы бос болып туады, бірақ өз еркімен “қоғамдық келісімге” бой ұрғаннан кейін, олар өздерінің жекелеген жігер-еркін біріккен, “ортақ жігер-ерікке” шоғырландырады. Сөйтіп мемлекет пайда болады. Мемлекеттің негізгі міндеті бейбітшілік пен әділеттілікті сақтау (Руссо Ж.Ж. Об общественном договоре. Трактаты / пер. с фр. – М., 1998).

Руссоның теңсіздік, “қоғамдық келісім” туралы пікірлері көп елдің саяси, рухани өмірінде мемлекеттік құқық, тәрбие т.б. әлеуметтік құбылыстардың қалыптасуына үлкен әсер етті. Қорыта айтқанда, француз ағартушылары өздері қойған – қоғам мен табиғаттың арақатынасы, қоғамның қозғаушы күші, теңсіздіктің себептері т.б. сол сияқты сұрақтарға жауап бермесе де, өздерінен кейінгі, әсіресе неміс ойшылдарын осы қойған сұрақтарға басқа қағидалар негізінде болса да, жауап іздеуге итермелейді. Мысалы, француз ағартушылары адамды табиғаттың және қоғамдық өмірдің жемісі деп қарап, ал қоғамдық өмірдің өзі адамдардың материалдық (өрескел саудагерлік мағынасында) іс-әрекетінің нәтижесі деген тұжырымға келсе, неміс ойшылдары бұл идеядан бас тартып, қоғамның да, адамның да табиғаты – рухани іс-әрекет негізінде қалыптасады дейді.

Француз ағартушылары – адам туғанда басы болса, етікті болып туады, бірақ ол ылғи да шынжыр тұсаудан шыға алмағанына қарамастан, ең жоғары құндылық, барлық мәдени жетістіктерді жаратушы дейді.

§5.3. Неміс классикалық философиясы.

XVIII – ғасыр аяғымен XIX – ғасыр басында жаңа философия кеңінен дамыған ерекше кезең болды. Ол кезеңді Ф. Энгельс классикалық неміс философиясы деп атады. Германия Англия мен Францияға қарағанда мешеу ел болды. Осындай жағдайдағы Германияға француз буржуазиялық революциясы әсер етті. Бірақ немістер Еуропаның басқа халықтарының іс – жүзінде жүзеге асырып жатқанын, тек ой жүзінде ғана іске асыруды армандады. Бұл дәуірдегі неміс философиясы осы тұрғыдан алғанда неміс тарихының ой жүзіндегі жалғасы болып есептелінеді. Сөйтіп, осы кезеңде өмір сүрген неміс халқының

ұрпақтарының үлесіне тиген іс философиялық төңкеріс жасау еді. Сондықтан да ол кейін классикалық деген атқа ие болған. Бұл философияның негізін қалаған **Иммануил Кант** (1724-1804ж) жан-жақты ғұлама болған, ол университетте философиядан, логикадан және жаратылыстану ғылымдардың көптеген салаларынан дәрістер оқыған. Канттың еңбектері: «Аспан тарихының жалпылама теориясы», «Таза ақылға сын» (1781), «Практикалық ақылға сын» (1788ж), «Пайымдау қабілетіне сын» (1790ж). Сонымен байланысты ол өзінің философиялық жүйесін үш бөлімнен тұрады деп есептеген. Олар адам психикасының үш қабілетіне сәйкес келмек:

- ✓ танымдылық.
- ✓ талғампаздық (қанағат сезім).
- ✓ еріктілік (көңіл қалауы).

Кант өз философиясында материализммен идеализмді табыстырып, бұл екі қарама-қарсы философиялық бағыттарды бір-бірімен келістіргісі келеді. Сөйтіп, ол өз ілімінде сенімге, дінге орын қалдыруды көздейді. Канттың шығармашылығын “сыни кезеңге дейінгі” және “сыни кезеңдегі” деп екіге бөліп қарайды. Сыни кезеңге дейінгі Канттың Күн жүйесінің аса зор газ тектес тұмандықтан пайда болғандығы туралы идеясы тек астрономияға ғана қосқан үлес емес, жалпы дүниетанымдық методологиялық маңызы бар жаналық болды. Біріншіден, қозғалыс – материяның өзіне тән тартылыс және серпіліс сияқты қарама-қарсы күштердің арқасында, ешқандай да сыртқы күштің әсерінсіз пайда болған құбылыс. Қозғалыс пен тыныштықты салыстырмалы түрде түсінуге болады. Екіншіден, осы күштердің әсерінен әртүрлі әлемдер жүйесі қалыптасып, күйреп, одан шашыраған бөлшектерден қайтадан жаңа денелер пайда болып жатады. Сөйтіп, әлем ылғи да даму үстінде болады. Үшіншіден, әлем құрылымына енетін үлкенді-кішілі жүйеленген денелер өзара сатыланған бағыныштылықта болады. Өзіне кішігірім жүйелерді бағындырған үлкен жүйе, өзінен де ауқымды басқа жүйеге кіреді, сөйтіп шексіз кете береді. Демек, әлемдегі денелер жүйесі өзара әмбебаптық байланыста болады. Сыни кезеңдегі Канттың пікірінше, философияның болмыс, әдептілік және дін туралы мәселелерін қарастырмастан бұрын, адамның танып-білу мүмкіндігінің шекарасын белгілеп алуымыз керек. Таным процесі күнделікті тәжірибеден, сезімдік түйсінуден басталады. Бірақ олар бізге “Өзіндік заттар” туралы емес, олардың көріністері (феномендері) туралы деректер береді. Мысалы, қазір қар жауып тұр. Осы секілді деректерде ылғи да кездейсоқтық элементі басым болады да, бізге толық білім берілмейді (қазір қар жауып тұр, шамалы уақыттан кейін тоқтауы мүмкін). Мұндай білімдер жекелеген тәжірибеге сүйенгендіктен, апостериорлы бағытта болады. Ал шынайы әмбебаптық және қажетті білімдер осындай фактілерге негізделі алмайды. Олай болса, шынайы білім тәжірибеге қатысы жоқ, әуел бастан-ақ адам санасында априорлы (тәжірибеге дейінгі) қалыптасқан сезім мен ақыл-ойдың түрлеріне байланысты болуы керек. Сезімдік түйсінудің априорлы сыртқы түрі – кеңістік пен ішкі түрі – уақыт түйсіктің көптүрлі “материяларын” реттеп отырса, ақыл-ойдың априорлы түрлі категориялары реттелген материяларды заңдылықтар жүйесіне келтіреді. Олай

болса, танып-білетін субъект заттарды зерттегенде дайын “туа біткен идеяны пайдаланбайды, керісінше, ол тек танымдық “құралдарды” ғана пайдаланады. (Кант И. Критика чистого разума // Сочинения: В 6-ти т. М.: Мысль, 1964. Т.3.С. 69).

Таным процесі, Канттың пікірінше, үш сатыдан өтеді:

- **сезімдік түйсіну сатысы**, бұл сатыда біздің сезім мүшелерімізге “өзіндік заттардың” көріністері әсер етеді де, осы деректер негізінде түйсіктердің бей-берекет жиынтығы пайда болады. Олар сезімдік түйсінудің априорлы түрлері – кеңістік пен уақыттың арқасында белгілі бір жүйеге келіп, реттеледі.
- **сараптаушы парасат сатысына** – априорлы категориялар себептілік, сапа, сан, қажеттілік т.б. арқасында жаңа ғана реттелген түйсіктер жиынтығы қорытындыланып, тұжырымдалып, өзіне тиесілі заңдылыққа бағынып, жаңа білім пайда болады.
- **таза ақыл-ой сатысы немесе трансценденттік танымда** – таза ақыл-ой заттардың көрініс әлемімен шектеліп қалмай, олардың ар жағында не бар екенін білуге, басқаша айтқанда “өзіндік заттардың” табиғатын, мәнін түсінуге ұмтылады да, шешілмес қайшылықтарға (антиномияларға) тап болады (Бұл да сонда).

Кант таным процесінің осы екі сатысының негізінде алынған білімді трансцендентальдық білім деп атайды. Трансцендентальдық таным дегеніміз – таным процесінің заттың өзіне емес, априорлы танып-білу мүмкіндігінің осы затты қандай деңгейге дейін біле алатындығында. Айталық, рух өле ме, өлмей ме, әлем қалай пайда болды, құдай бар ма, жоқ па т.б. осы сияқты сұрақтар антиномияларға толы, таза ақыл-ой адамның ерік-жігерін, практикалық іс-әрекетін айқындауға мүмкіндік береді (Радин В. Кант и нравственная свобода // Вест МГУ. Сер. 16, Философия. – 2006. – № 2. – С. 31.).

Адам жеке тұлға ретінде табиғат заңдылықтарынан төмен тұрғандықтан, сыртқы әлемнің әсерінен шыға алмайды, сол себепті ол ерікті де емес, ал даралық қасиеттерінің ерекшеліктеріне, өзінің ылғи да танып-білуге ұмтылу қабілетіне қарасақ, ол – өзінің практикалық ақыл-ойына сүйеніп, ерікті іс-әрекет жасайды. Бұл жағдайда адам барша жұртқа бірдей әдептілік заңы – әдептілік императивін басшылыққа алады. Әдептілік императиві бойынша игіліктерге, бақытқа жетуге ұмтылу немесе сүйіспеншілік, жақсы көру сияқты қылықтар адамның іс-әрекетін әдепті қылмайды, керісінше қоғамда қалыптасқан әдептілік заңдарын сыйлап, өз міндетінді өтесең, сол өнегелі іс болып саналады. Мұндай этикалық міндеттілік адамдарға теория жүзінде емес, практика жүзінде әдептілік бостандығы тұрғысынан іс-әрекет жасауға сенім туғызады. Сөйтіп, адамның ар-ождан өлшемдері адамгершіліктің ең жоғары қағидасы – әдептілік императивінің талаптарына сай келеді. Әдептілік діни жатсынуға тәуелді емес, себебі ол – өз заңына сүйеніп, өзінше өмір сүреді. Ал, дін – құдайды ең жоғары идеал, немесе құдай алдындағы парыз ретінде түсінетін біздің барлық міндеттілігіміздің жиынтығы. Осыдан келіп, Кант

құдайға жағамыз деп сақтап жүрген діни институттардың тіпті де қажеті жоқ, тек әдептілік императиві негізінде тақуалы өмір сүрсең болғаны деген тұжырым жасайды. Әдептілік императиві тұрғысынан Кант құқық, мемлекет, саясат мәселелерін де қарастырады. Оның пікірінше, қоғамдық өмірде әлеуметтік қарама-қайшылық елеулі орын алады. Ал осындай қоғамда әркім өзінше шексіз бостандыққа ұмтылғандықтан, олардың бостандықтары бір-бірімен қарама-қайшылыққа түседі де, әр азаматқа тән табиғи қасиеттерінің дамуына мүмкіндік туады. Осы негізде қалыптасқан мәдени өркендеу кейбір жеке адамдарға қайғы-қасірет, жамандық әкелуіне қарамастан, жалпы адамзат үшін ілгері басып, үдей түсуі қажет, онсыз прогресс болмайды. Ал мемлекет болса, қолына шоғырланған билікке сүйеніп, адамдардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағдай жасай бермейді. Сондықтан, мемлекеттік билікті әдептілік императиві негізінде қалыптасқан құқық арқылы шектеу керек. Канттың категориялы міндеттілік этикасының кейбір пікірлері ХІХ және ХХ ғасырлар философиясының дамуына зор әсер етті. Ал ХІХ ғасырдың ортасынан бастап Францияда, Германияда Кант ілімін жаңартып, дамытқан ілім - неокантшылдық пайда болды. Неокантшылдық ілімі Отто Либманның «Кантқа қарай кейін!» деген лозунгысынан басталды. Неокантшылдықтың өзі ерте, классикалық және соңғы кезең деп бөлінді.

Ерте неокантшылдық өкіліне Фридрих Альберт Ланге мен Отто Либман жатады.

Классикалық неокантшылдық Марбург (Г. Коген, П. Наторп, Э. Кассирер) пен Баден немесе Фрайбург (В. Виндельбанд, Г. Риккерт, Э. Ласк) мектебіне бөлінген.

Соңғы неокантшылдықтың өкілдері А. Риль, О. Кюльпе, Э. Бехер болған. Неокантшылдық ілімінің негізін салған Отто Либман 1840 жылы 25 ақпанда Левенберг қаласында Жоғары Апелляциялық Сот ассессорының жанұясында өмірге келген. Иена, Лейпциг, Галле университеттерінен білім алды. «Кант и эпигоны» атты 1865 жылы шыққан еңбегі бар. Осы еңбектен соң, Тюбинген университетінде приват-доцент қызметіне ұсынылады. Ол философияны жалпылама мәдени сананың жетістігі деп түсінді. Либман Канттың трансценденталды талдау идеясын жаңғыртты. Либман посткантшылдық ойшылдарды 4 –ке бөледі: 1) идеализм (Фихте, Шеллинг, Гегель), 2) Герbart, 3)Фрис, 4) Шопенгауэр. Осы ағымдар мен ойшылдар көзқарасы мен Кант философиясының өзара байланысын зерттеуді ұсынды (Западная философия ХІХ в.: Учебник/ В.В. Васильев, Е.А. Войниканис и др.; Под ред. А.Ф.Зотова, М-2005, С.291, 292-293).

Фихте Иоганн Готлиб (1762-1814 ж.) философиялық ілімдер ғылымдар теориясы (ғылымдар туралы ғылым) ретінде қандай да болмасын білімнің негізін көрсетулері керек деген пікірді өз ілімінің басты қағидасы етіп алған ойшыл. Негізгі еңбектері: “Ғылым туралы ілім” (1794 ж.), “Адамның міндеті” (1800) т.б. Фихте “өзіндік заттың танып-білуге болмайды деген пікірді мойындамайды және оны сынға алады. Оның пікірінше, алғашқы бастама барлығын қамтитын, анықтаушы нақтылық – абсолюттік “Мен”. “Мен” өзінің

дамып отыратын іс-әрекетінің арқасында өзінің алғашқы бастама кезеңіндегі (сана – субъект) ақыл-ойдың нақтылығына қарама-қарсы жағдай “басқа менге” (табиғат – объект), одан кейін өз дамуының үшінші сатысы – екеуінің өзара қарым-қатынасына айналады. Бұл жердегі “Мен” – рух, жігер, әдептілік, сенім ұғымдары, “басқа мен” – табиғат және материя ұғымдары болса, олардың өзара қатынастары синтез – бұрмалаушылыққа қарсы күресіп жатқан адамның жігерін көрсететін ұғым. “Басқа мен” (табиғат, объект) нақты өмір сүріп қана қоймай, “менге” әсер етіп, кейбір жағдайларда оның іс-әрекетін де айқындайды, “басқа меннің” (табиғаттың, объектінің) әсерімен болған іс-әрекетті біз танып-біле алмаймыз, бірақ бұл әсерді тікелей сезінеміз. Сөйтіп, теориялық іс-әрекеттің негізінде, бейсаналық іс-әрекеттің жатқандығын көреміз. Ал “меннің” іс-әрекеті деп, Фихте субъектінің “әдептілік мінез-құлқын” айтады. Демек, адамның іс-әрекетінің мақсаты – әдептілік заңдары мен парызыңды орындау. Бұл мақсатты жүзеге асыруда қоршаған ортамен тығыз байланысты адамның тән табиғатынан туындайтын оның табиғи қабілеттері қарсы болады. “Менге” қарсы тұрып, оны іс-әрекетке итермелейтін “басқа мен” дегеніміз, айналып келгенде осы.

Фихтенің “басқа мені”, табиғаты, объектісі Канттың “өзіндік заты” сияқты санадан тыс өмір сүрмейді, ол – сананың ерекше қызметінің қажетті туындысы. Демек, “Меннің” бұл іс-әрекеті бірінші де, “басқа – мен” мен “басқа – меннің” ажыраспас бірлігін байқап “көруге” болады. Бұл қабілетті Фихте “интеллектуалды интуиция” деп атайды. Фихтенің пікірінше, әрекетшіл “мен” әр уақытта да өзінің қарама-қарсысының әсерімен қозғалысқа және іс-әрекетке түседі. «Меннің» себепсіз іс-әрекеті – оның қызметі мен алдындағы мақсатының өзара қарама-қайшылықтарын қайта-қайта қалпына келтіру процесі. Басқаша айтқанда, бір кедергіден өтіп, оны жойған кезде, екіншісі пайда болады, сөйтіп шексіз кете береді. Бұл тәсілді Фихте – “антитетикалық” тәсіл деп атаған. Бұл тәсілдің ерекшелігі антитезис тезистен шығарылмайды (диалектикалық тәсілдегідей), керісінше, антитезис қарама-қарсылық ретінде тезиспен қатар қойылып, содан кейін барып олар бірігеді.

“Антитетикалық” тәсілді қолдану арқылы, Фихте теория негізінен (түйсік, бақылау, қиялдау, елестету, ойлау тағы басқаша қарастыру негізінде) практикалық ақыл-ойдың негізгі мазмұнына, қабілетіне қарай ой түзейді. Осының арқасында субъект рет-ретімен теориялық іс-әрекеттің ең төменгі сатысынан жоғарғы сатысына дейін көтеріледі де, бұл деңгейде ол – ойлау объектісін өзінің ақыл-ойының белсенділігінің нәтижесі екенін түсініп-біледі. Сөйтіп, “Ғылым туралы ілім” тәсілі адамзат ақыл-ойының даму жолымен сәйкес келгендіктен, айналып келгенде, өзінше байланысқан адамзат рухының тарихы болып шығады.

Фихтенің “практикалық философиясының” (этика, құқық және мемлекет туралы ілім т.б.) негізгі ұғымы – “бостандық” ұғымы. Ол бостандық ұғымын “қажеттілік” ұғымына қарсы қою арқылы түсіндіруге тырысады. Спиноза сияқты Фихте де адам жігері оның қандай да болмасын, рухани іс-әрекеті себептілікке бағынады деп есептеген. Бірақ осындай жалпыға бірдей қажеттілік

бостандықтың болу мүмкіндігін жоққа шығармайды. Ал, бостандық дегеніміз қажеттілікті жою емес, керісінше, жеке адамдардың, адамзаттың заңдар мен мақсаттарға өз еркімен бағынуы. Басқаша айтқанда, бостандық дегеніміз – қажеттілікті танып-білуге негізделген іс-әрекет. Өнегелілік және құқықтық мәселелерге тоқтала келе, Фихте этиканы – адамның ішкі дүниесіне бағытталған бостандық деп, ал құқықты – адамдар арасындағы сыртқы қатынастарды реттейтін әлеуметтік құбылыс деп санайды. Демек, құқық әділеттілік заңдарына емес, адамдар арасындағы өзара қатынастарға сүйенеді.

Шеллинг Фридрих Вильгельм (1775-1854 ж.) Канттың, Спинозаның, Фихтенің ілімдерінің кейбір идеяларын дамыта отырып, өзінің табиғи күштер иерархиясының спекулятивтік натурфилософиясы деп аталатын ілімін қалыптастырды. Негізгі еңбектері: “Трансцендентальдық идеализмнің жүйесі”, “Адам бостандығының мәні туралы” т.б.

Шеллингтің пікірінше, материя дегеніміз – рухани зат. Бірақ, санасы жоқ табиғат адам санасының пайда болуынан бұрын өмір сүрген. Санасы жоқ табиғаттан саналы адамға айналу процесі көптеген бірінен-бірі жоғары даму сатыларынан өтеді. Табиғаттың даму себептерін оның өзіндегі, шындығында да өмір сүретін, қарама-қайшылықтарды табу арқылы түсініп, зерттеп білуге болады. Шеллинг табиғат дамуын, кейбір жағдайда диалектикалық тұрғыдан қарастырғанына қарамастан, оларды шын мәнінде механикалық қозғалыс, немесе механикалық даму деп есептеген.

Өзінің осы натурфилософиялық ілімін Шеллинг трансцендентальдық философия деп аталатын ілімімен толықтырады. Бұл ілім бойынша, субъективтілік алғашқы бастама, қайнар көз, абсолют ретінде барлық мәнділіктің, нақтылықтың жалғыз ғана негізі. Бірақ, әңгіме сезінудің, немесе ақыл-ойдың субъективтілігі туралы емес, керісінше, – танымның ерекше құралы – ақыл-ойдың заттардың тікелей бақылауы туралы болып отыр. Шеллинг өзінің осы таным тәсілін “интеллектуалды интуиция” деп атаған. Эмпирикалық нақтылық заттарында бірде табиғат заттары, бірде рух көрінісі табады. Демек, олар бір-бірімен тепе-тең жағдайда болады. Табиғат пен рухтың тепе-теңдік идеясы Шеллинг философиясының басты және негізгі проблемасы болып табылады. Бұл мәселені түсіну үшін алдымен абсолюттік ақыл-ой дегеніміз, не екенін түсініп алуымыз керек. Абсолюттік ақыл-ойда субъект мен объект бір-бірімен ажырамастай бір. Себебі субъектіде объектіні ойлайтын да, объект ретінде субъектіге байланысты өмір сүретін де – сол абсолюттік ақыл-ойдың өзі. Осындай абсолютте барлық қарама-қарсылық (субъект мен объектінің, табиғат пен рухтың т.б.) жойылып, идеалдылық пен нақтылық тепе-теңдігіне айналады. Демек, ақыл-ойдың санасы дегеніміз, құдайдың өзіндік санасы, себебі құдайдың өзі – ақыл-ой. Басқаша айтқанда, Шеллинг құдайды жеке тұлға ретінде қарастырады. Жеке тұлға – құдай мен жеке тұлға – адамның айырмашылығы: құдай жеке тұлға, бостандық ретінде шексіз болса, адамда бұл аталған құбылыстар шектеулі. Жалпы әлемдік нақтылық не табиғат, не рух ретінде көрінеді. Олай болса, табиғат патшалығы мен рух (тарих) патшалығы бірінен кейін бірі орналасқан қатар (даму) түзейді,

ал олардың жеке сатылары “потенция” (мүмкіндік) деп аталады. Осы жеке сатылардың – потенциялардың бір-біріне туысқандық қатынастары, олардың ортақ түрі – абсолютке байланысты. Демек, потенциялар (жеке сатылар) бір-бірінен туындамайды, керісінше, оларды өзінен абсолют шығарып, өзінің толық ашылғандығын көрсетеді (Шеллинг Ф.В.Й: pro et contra // Сочинения: в 2 т. / сост. вступ. ст. В.Ф. Пустарнакова. – СПб.: РХГИ, 2001. – Т.1. – С. 232, 241). Шеллинг дін тарихын метафизика тұрғысынан қарастырып, дінге және мистикаға бет бұрып, “кездейсоқ жағдайда ақиқатты философия тұрғысынан ашу” ілімін жұрт алдында насихаттауға талпынады. Сөйтіп, ол рационализмнің шектен шыққан түрінен мистика мен иррационализмге бет бұрып, өзінен кейін қалыптасқан иррационалистік философиялық бағыттың негізін қалаушы болады.

Георг Вильгельм Фридрих Гегель (1770-1883 ж) Штутгард қаласында туылып, Тюбинген университетінде жоғары білім алады. Жалпы алғанда, Гегель философиясы неміс идеализмінің шарықтауының соңғы сатысы деуге болады. Еңбектері:

- «Рух феноменологиясы»,
- «Философия тарихы»,
- «Құқық философиясы»,
- «Логика ғылымы».

Гегель классикалық неміс философиясының дәстүрді бағыттарын ілгері дамыта отырып, ұғымдар диалектісіне көбірек көңіл бөледі, оған дейін диалектика бір жүйеге түспеген еді, өзіне дейінгі неміс философиясының және өз заманының жаратылыстану ғылымдарының жетістіктерін таразыға сала отырып, Гегель өзінің диалектикалық тәсілін жан-жақты негіздейді. Философияның негізгі мәселесін Гегель объективтік идеализм тұрғысынан шешеді. Оның сендіруінше, дүниенің түп негізі – объективтік рух. Гегельдің пікірінше, абсолюттік рухтың соңғы формасы – философия. Ол философияны рухтың өзін-өзі тану процесі ретінде қарастырған. Бірақ, Гегель асқан көрегенділікпен философиялық ілімдердің үздіксіз даму үстінде болатындығын, ешқандай философиялық жүйенің із-түссіз жоғалып кетпегендігін, философиялық ақиқаттың тарихи даму барысында қалыптасатынын пайымдай алды. Алайда философия тарихын Гегель объективтік идеализмнің мүддесіне орай және оның негізгі қағидаларының тұрғысынан сарапқа салды. Оның философиясының жүйесі мынадай үш бөлімнен тұрады:

- а) логика;
- б) табиғат философиясы;
- в) рух философиясы (феноменология).

Гегель философиясының басты мәселесі – әлемдік рух, абсолюттік идеяның бүкіл дүниені жаратқаны айтылады. Бұл пікірді Гегель “Логика ғылымы” деген еңбегінде жан – жақты баяндаған (Гегель Г.В.Ф. Философия истории // Соч.: В 13-ти т. М.; Л.: Госоцэконом-издат, 1935, Т.8., С.385,422). **Людвиг Фейербах** (1804 – 1872ж) өмір сүрген. 1823 жылы Гейдельберг университетіне түсіп,

Берлин университетінде жалғастырды, осы кезде ол Гегельдің дәрістерін тыңдаған. 1830 жылы лақап атпен “Өлім және мәңгілік” туралы ойларын жариялаған, мұнда ол Гегельдік философияның тұрғысынан мәңгілікті жоққа шығаруды ұсынған басты еңбектері:

- «Христиандықтың мәні»,
- «Болашақ философиясының негізгі қағидалары»,
- «Өлім және өлместік».

Л. Фейербахтың ойынша адамның мәні оның денелік жандық біртұтастығында тек теорияда ғана рухпен денені бөлек қарастыруға болады. Ал шын мәнінде олар ажырамас бірлікте болады әрі рух ойлау денеге тәуелді қасиеттер сөйтіп, Фейербах философияның негізгі мәселесін материалистік тұрғыдан шешеді, сондықтан табиғат пен адам міне жаңа философияны зерттейтін пән деген, өзін материалистпен деп жариялады. Ол дүниенің материядан тұратынын мойындап, табиғаттың санадан тыс, оған бағынышсыз екенін дәлелдеді. Ол рух пен дене арасының алшақтығын жойды.

Фейербах болмысты – бастауыш, сананы баяндауыш деп қарады. Табиғат денелерден, материядан, сезімдіктен тұрады, деп жазды Фейербах. Табиғат мәңгі және шексіз. Сана – оның тек көшірмесі, ал психолог – идеалист, сол көшірмені түпнұсқа ретінде түсіндіреді, - деп түсіндірді Фейербах.

Бірақ ол антропологиялық материализмді қуаттады. Өйткені, ол барлық материализмді тұрпайы материализм деп түсінді. Сондықтан өзін одан аулақ ұстамақ болды. “Шындық – идеализмде емес, материализмде емес, шындық тек антропология”, - деп жазды Фейербах (Фейербах Л. // Изб. произв: в 3 т. – М., 1967. – 544 с.).

Л. Фейербах Гегельдің идеализмін орынды сынап отырып, оның диалектикасының мәнін түсінбей, оны теріске шығарды. Өмірінің соңын Брусберг деревнясында әртүрлі жұмыстармен айналысып, өткізген. Л. Фейербах христиан дінін де орынды санады, бірақ діннен ол біржолата қол үзбеді. “Болашақ философияның негізгі қағидалары” деген еңбегінде Л. Фейербах қоғамның қозғаушы күші – адамның адамға сүйіспеншілігі, әсіресе, ерлер мен әйелдер махаббаты деп түсіндірді. Сол байланысты ол дін деп қарады. Бұл да Л. Фейербахтың идеализмі болатын (Элез Иово. Проблемы бытия и мышления в философии Людвига Фейербаха. – М.: Наука, 1971. – 238 с.).

§5.4. Орыс философиясы.

Орыс философиясы қалыптасуының бастапқы кезеңі XI-XVII ғғ., өзінің пайда болған кезінен ол әлемдік философиямен байланыстылығымен сипатталады. Орыс философиясы Киев Русінде пайда болады және 988 жылы Русьтің шоқынуынан басталған христиандандыру процесімен байланысты болды. Христиандандырылған күйінде болса да, антиктік, византиялық, ерте болгар дүниетанымы идеяларын бойына сіңірді. Оның үстіне орыс философиясы IX ғ. Кирилл мен Мефодий қалыптастырған өзінің жеке жазба тілін әуел бастан

қолданды. Жалпы алғанда философиялық және тарихи ой христиандық принципіне негізделді.

Орыс философиясының проблемалары:

- адам,
- мораль,
- адамгершілік,
- билік, мемлекет,
- әлеуметтік әділеттік,
- идеалды қоғам,
- болашақ, космизм.

Шығыс және Батыс аралығын таңдау арқылы Ресейдің тарихи даму жолын таңдау. Ең алғашқы орыс философы – киевтік метрополит Илларион (XI ғ.) «Заң және береке туралы» сөзінде орыс жерінің қасиетті дүние құдіретінің жалпы әлемдік процесіне енуін дінтанулық тарихи тұрғыда негіздейді.

Орыс философиясындағы славянофильдер мен батысшылар. Ресейдің ерекше миссиясы туралы идея XVI ғ. «Москва – үшінші Рим» доктринасын пайда болуына алып келді. Доктринада нағыз шынайы ілім ретінде, православиелік, христиандық, барлық биліктің негізі екендігі бекітілді. Филареттің айтуынша, алғашқы екі Римнің күйреуі («ескі Рим» IV ғ. варварлардың шабуылы, «жаңа Рим» – Константинополь XV ғ. түріктердің тегеуріні нәтижесінде құлады). Сонымен орыс философиясындағы ой «орыс идеясы» ағымында қалыптасты. Ресейдің ерекше тағдыры мен орны туралы идея XVI ғ. қалыптасып, орыс халқының ұлттық өзіндік санасының алғашқы идеологиялық құралы болды. Бұл идея бойынша, тек Ресей ғана христиандық негізде бүкіл адамзаттық өркениеттік қозғалыстың басында болуы тиіс.

Славянофильдік орыстың ерекше философиялық-идеологиялық ағымы болып табылды. Славянофильдер батысшылдарға да, революциялық демократтарға да қарсы шықты. Бұл бағыттан діни орыс философиясы өсіп шықты. Славянофильдер қатарынан: А.С. Хомяков, И.В. Киреевский, К.С. Аскаков, Ю.Ф. Самарин ж.т.б. көруге болады. Славянофильдер Ресей дамуының бүкіл Батыс өркениетінен түбірлі айырмашылығы туралы тезисті ұстанады. Бұл жерде алдыңғы орынға діни бастау шығады. Ресейдің тарихи болмысының негізін православие және қауымдық өмір салты құрайды. Орыс халқы Батыс халықтарынан өз менталитеті арқылы ерекшеленеді. «Алтын Орда» мемлекетінен өз дербестігін алып, Мәскеу княздігінің Шығыс жақтағы жерлерге лап берген кезінде, орыс халқының «ұлылығы», «артта қалған» Азия халықтарын православиялық дінге енгізу, орыс тілін, мәдениетін үйрету негізінде дүниежүзілік өркениеттің шеңберіне тарту идеясына негізделген «Мәскеу – үшінші Рим» деген философиялық көзқарас пайда болды. Мұндай идеялар ғасырлар өткен сайын шыңдалып, орыс халқының ерекше өзіндік болмысы мен мәдениеті, философиялық ой-пікірі бар деген славянофильдік (славяндықты сүю) ағымды тудырды. Олар «патшаныкі – патшаға, Құдайдікі – Құдайға» деген қағиданы ұстады. Яғни, мемлекет тек қана қоғамды сырттай өзгерте

алады, ал ішкі жаңару – православиялық-халықтық мәдениеттің ісі. Тек ішкі рухани жаңарудың негізінде ғана ізгі қоғамды орнатуға болады. И.В. Киреевский мен А.С. Хомяков Еуропадағы ағартушылық өзінің ішкі мүмкіншілігін сарқыды, онда техникалық алға өрлеу рухани тоқыраумен қатар жүріп жатыр, - деген көзқараста болды. Қоғамды реформалаудағы негізгі мәселелердің бірі – Ресей қоғамы жекеліктің, я болмаса қауымдастықтың негізінде даму керек пе?, - деген сұраққа жауап ретінде, олар соңғыны таңдады. Қауымдасып өмір сүру – Ресей халқының табиғатына тән нәрсе. Қауымдастықтың шеңберінде ғана рухани бірлік бар. Қоғамның дамуының негізінде бақталастық, көре алмау т.с.с. емес, керісінше, адамды сүю, достық, өзара көмек беру сияқты құндылықтар жатуы қажет.

Батысшылар ағымы. ХХ ғасырдың басында саяси элита ауысып, «мемлекетшілдердің» билікке келуі, батысшылар деп аталатын бағыттың пайда болуына себеп болды. Бұлардың көзқарастары Батыс тәжірибесін (әсіресе, жаңа технологияларды) де игерді. Батысшыларға келер болсақ, бұл ағымның негізін қалаған **П.Я.Чаадаев** болды. Батысшылар – Ресейдің дамуын еуропалық үлгі бойынша насихаттайтын бағыт.

Өкілдері: А.И. Герцен, Н.П. Огарев, К.Д. Кавелин, Н.Г. Чернышевский, Т.Н. Грановский.

Бұлар шіркеуді сынап, материализмге сүйенді, бұл ағымнан орыстың революциялық демократтары өсіп шықты. Олардың пікірінше, ел Батыс Еуропаға бағдар ұстай отырып, экономикалық және мәдени артта қалушылығын жойып, еуропалық және әлемдік өркениеттің толыққанды мүшесі болуы тиіс. Батысшылар Ресейді «византиялық-православиялық» ноқтадан құтқару керектігін, тұлғалар өз таңдауының негізінде іс-әрекет жасау мүмкіндігін алуы жөнінде біршама терең ойлар айтты. Бірақ, олар Батыс Еуропа халықтары өркениетінің бүкіл адамзаттық құндылықтары мен нормаларын іске асырды деген жалған ойда болды.

Владимир Сергеевич Соловьев (1853-1900 ж.ж.) – аса дарынды орыс діни философы. Адамның әлеуметтік-мәдени және діни қажеттіктерін өтей алатын философиялық жүйе жасауға тырысты. Христиандық діндегі бағыттардың (католицизм, протестантизм, православие) басын біріктіріп, діни көзқарасты ең жаңа ғылымдағы ашылған деректермен толықтыру қажеттігін айтты.

В.С. Соловьевтің философиясының негізгі идеясы – дүниедегі бәрінің бірлігі. Ол оны славянофилдер сияқты халықтың бірлігіне теңемейді, оған ғарыштық, яғни онтологиялық мән-мағына береді. Оның ойынша, болмыс, өмір сүргеннің бәрі – бірегей, бір-бірін қамтып жатыр. Болмыстың төменгі деңгейі жоғарыға өтуге, жоғарыдағы төменді бойына қамтуға тырысады. Дүниенің бірлігінің негізінде Құдай жатыр. Ол – Жаратқан мен жаратылғанның бірлігі. Бірақ, В.С. Соловьев Құдайды адамға ұқсатып қарауға болмайды, – деген пікір айтады. Оның ойынша, Ол – «ғарыштық зерде», «тұлғадан жоғары», «дүниеде іс-әрекет жасайтын ерекше ұйымдастырушы күш» т.с.с. Бізді қоршаған ортаны кемеліне келіп, еш мінсіз жаратылған дүние деп айтуға болмайды. Оның негізгі себебі – Құдай – Абсолюттің өзінің іштей қайшылығы. Дүниедегі бәрін қамту

үшін көптік қажет. Сондықтан, алғашқы «ғарыштық зерде» сан-алуан мән-мағынаға бөлініп, Аристотельдің терминімен айтсақ, әртүрлі заттардың энтелехиясын, яғни ішкі мақсатқа лайықтылық дамуын қамтамасыз етеді. Ал дүниедегінің бәрін біріктіріп, рухани күш-қуат беретін «дүниежүзілік жан-дүние», яғни София, ал оның өзі Құдайдың эманациясының туындысы. Сонымен, Құдай, Дүние және Адамзат Софияның дәнекерлігі арқылы бірлікке негізделген қарым-қатынаста. Дүниетанымдық көзқарастарында В.С. Соловьев «біртұтастық білім» алу жолын құптады. Ол үшін сезімдік тәжірибе мен рационалдық ойлауды сеніммен ұштастыру қажет. Басқаша сөзбен айтқанда, ақиқаттың үш түрі бар:

- материалдық,
- формальдық,
- абсолюттік.

Олар ғылым, философия, діннің шеңберінде қалыптасады. Ақиқаттың ең жоғарғы түрі, абсолюттік білімді тек қана дін, теология бере алады. Оны ол мистицизм дейді. Эмпиризм, яғни тәжірибелік жолмен ашылатын білім, материалдық дүниені танып білуге бағышталған. Рационализм өзінің формальдық табиғатының арқасында барлық білімді біріктіретін дәнекерлік күшке айналады. В. Соловьев таным процесінде тәжірибеге көп көңіл бөледі. Ал оның өзі екіге – ішкі және сыртқы тәжірибеге бөлінеді. Сыртқы тәжірибеге келер болсақ, ол жағалай қоршаған ортадағы заттардың біздің түйсіктерімізге тигізетін ықпалынан пайда болады. Ішкі тәжірибені В.С. Соловьев екіге бөледі:

1. психикалық тәжірибе - біз оған өз табиғатымыздың бой көрсетуінен шығатын құбылыстарды жатқызамыз.

2. мистикалық тәжірибе деп, біздің жан-дүниеміздің әр жағында жатқан, өзінің бізге тигізетін ықпалымен бізді жоғарыға көтеретін, ішкі рухани еріктікті тудыратын құбылысты айтамыз. Оларды бір-бірімен салыстыра келе, В.С. Соловьев бірінші орынға мистикалық, екіншіге – психикалық, соңына – физикалық тәжірибені қояды. Әрине, логикалық дүниетанымның өз орны бар, бірақ, ол танылатын құбылыстың идеясына жете алмайды. Ол үшін интеллектуалдық интуиция (ой аңлауы) қажет. Дегенмен, логикалық таным мен интуиция бізді болмыстың ең терең құпия сырларына жеткізе алмайды. Ол үшін – шектелгеннің әр жағына, трансценденттікке өту – ерекше таным қабілетін қажет қылады. Оны ол шабыт, эрос, экстаз деген ұғымдармен береді. Сонымен, өзінің танымдық көзқарастарында В.С. Соловьев ғылым, философия, дін бірлігінің қажеттігін көрсеткісі келді. В.С. Соловьев адамзат өмірінің мән-мағынасын жер бетінде «Құдайдың патшалығын» орнатуға бағытталған іс-әрекеттен көреді. Ал енді жеке адамға келер болсақ, ол екі жақты пәнде. Бір жағынан, ол дене ретінде жағалай қоршаған дүниемен, екінші жағынан, рух ретінде Құдаймен байланысты. Соңғы адамды табиғаттағы ерекше пәнде ретінде көрсетеді – ол мәңгі, өлместікке ие болған. Адам Құдай мен материалдық дүниені бір-бірімен байланыстыратын, ғарышты тәртіпке келтіріп, ұйымдастыратын пәнде. Адам өзін тұлға ретінде тек қана қоғам шеңберінде іске асыра алады. «Қоғам –

толықтырылған, кеңейтілген тұлға болса, онда тұлға – нүктеленген, қысылған қоғам». Қоғамға бағынып, адам жоғарыға өрлейді, ал оның өзіндік ерікті іс-әрекеті қоғамды әрі қарай дамытады.

В.С. Соловьев қоғамның тарихи дамуын үш сатыға бөледі. Олар: рулық, ұлттық, рухани-ғарыштық. Соңғыға әлі жету қажет. Ол үшін тек жанұяны ғана емес, сонымен қатар экономика мен саясатты да моральдік тұрғыдан қайта өзгерту қажет. Адамның табиғатпен қарым-қатынасына келер болсақ, ол да үш сатыдан өтеді:

- бірінші сатысында адам табиғаттың күштеріне тәуелді, олардан зардап шегеді,
- екінші сатыда – неше-түрлі іс-әрекет жасап олармен күреседі, ақырында табиғатты игеріп, өз еркіне көндіреді.
- үшінші, болашақ тарихта, адамзат табиғаттың идеалдық жағдайына өтуіне көмектесуі қажет.

Адамзат тарихына көз жіберіп, В.С. Соловьев халықтардың әртүрлі сатыда екенін, адамдардың бір-бірінен алшақтанып, жаттанғанын, шынайы өмірдегі материалдықтың басымдылығын байқайды. Олай болса, негізгі мақсат – адамзаттың басын рухани жағынан біріктіру қажет. Адамның рухани жетілуі тек қана дінмен емес, сонымен қатар, адамгершілік, өнегелікпен байланысты. Этиканың негізгі ұғымы ретінде ойшыл «ізгілік», «жақсылықты» келтіреді. Осымен қатар, ол моральдық «ұят», «аяу», «пір тұту» сезімдеріне көп көңіл бөледі. Оның: «Мен ұяламын, олай болса, тек қана табиғи емес, сонымен қатар рухани өмір сүремін, өйткені, мен өзімнің жануарлығымнан ұяламын, олай болса, мен адаммын» – деген сөзі бар.

Аяу дегеніміз басқа адамға деген адами қатынас, оның өзіндік құндылығын мойындау, осы сезім әділеттілікті тудырады (өзіне тілемейтінді басқаға да жасама). Соңғы пір тұту адамның әке-шешесі алдындағы сезімін көрсетеді. В.С. Соловьевтің адам мәселесіндегі негізгі идеясы – ешқашанда адамға құрал ретінде қарамау, оны әрқашанда мақсат ретінде тұту. Ол діни және әлеуметтік өмір сұраныстарын біртұтастыққа байланыстыратын бүтіндей дүниетанымдық жүйені құруға тырысты. Басқа ойшылдар бүтін дүниетаным негізі ретінде тек бір христиандық концессияны ғана алды. Ал В.С. Соловьев барлық концессияларды біріктіруді жақтады. Соловьевтің тағы бір маңызды ерекшелігі, христиандық дүниетанымға жаратылыстанудың соңғы жаңа жетістіктерін енгізіп, ғылым мен дінді синтездеуге ұмтылуымен сипатталады (Соловьев В.С., 1996).

Діни экзистенциализм мен антропология. Орыс философиясының антропологиялық бағыты, яғни адам мәселесіне басымырақ қарау – оның негізгі ерекшеліктеріне жатады. ХІХ ғ ортасынан бастап адамның өмір сүруі, оның бостандығы мен құндылығы, тұлғаның нәзіктігі, болмыстың неше-түрлі үрейлерге толылығы т.с.с. экзистенциалдық сұрақтар орыс философиясының негізгі мәселелеріне айналады. Осы бағыттағы философтар қатарына Лев Исаакович Шестовты (Шварцман) (1866-1938 ж.ж.) жатқызуға болады. Н.А.

Бердяевтің айтуына қарағанда, Л. Шестовтың философиясын экзистенциализм бағытына жатқызуға болады, «оның философиясының қайнар-көзі ретінде адамның қайғы-қасіреті, үрейі мен зардабы, үмітсіздік сезімі болды». Ол рационализм, сциентизм бағытын алғашқылардың бірі болып, қатты сынға алады. Оның ойынша, өмірдегі әсемдік, өнегелік, сенім ешқандай рационалдық, логикалық танымға жеткізбейді. Ғылыми зерттеу – заттар мен құбылыстардың жалпы жақтарын тұжырымдайды, адамға келгенде оның қайталанбас, ерекше болмысын еске алмайды. Сонымен, адам өмірінің мақсат-мұраты, мән-мағынасы, қайғысы мен қуанышы, махаббаты және т.с.с. сыртта қалады. Олай болса, ғылым мен философия – ымыраға келмейді. Философияның негізгі мәселесі – адам, оның өмірінің мән-мағынасы. Л. Шестовтың ойынша, ғылым мен философия ақиқаты да екі түрлі. Ғылыми ақиқат дүниедегі қажеттілікті зерттеуден шығып, барлық адамдарға бірдей болып келеді. Ал философиялық ақиқатқа келер болсақ, оған әрбір адам өзінше өзінің болмысында жетуі керек. (Хрестоматия по истории философии., 1997).

Орыстың діни философиясына қомақты үлес қосқан Н. Бердяев (1874-1948 ж.ж.) болды, оның философиясының мәні болмыс мәнін субъект, яғни адам арқылы тану. Адамдағы болмыс адам арқылы ашылады. Ол Құдай бейнесіне ұқсас жаратылған микрокосмос болғандықтан шексіз және шығармашыл жан болып табылады. Құдайсыз адам жеткілікті толысқан жан деп есептелмейді. Бердяевтің ойы бойынша, қоғамды әлеуметтік қайта құру үшін техникалық қайта құру емес, рухани жаңғыру қажет. Ресей үшін бұл «орыс идеясын» бекітумен байланысты. «Орыс идеясының» мәні – Құдай патшалығын жерде орнату. Негізгі еңбектері: «Еріктік философиясы. Шығармашылық мағынасы», «Тарих мағынасы», «Өзіндік тану» т.с.с.

Оның ойынша, философия – рухты зерттейтін ілім, яғни адамның өмір сүруіне, сол арқылы болмыстың мән-мағынасын ашуға бағытталған пән. Ғылым сыртқы дүниені зерттесе, философия адамның ішкі рухани өміріне үңіледі. Сондықтан, философия объективті емес, ол – әрқашанда субъективті. Н.А. Бердяевтің ойынша, экзистенциалдық философия адамның өмір сүру диалектикасынан, сол арқылы жалпы дүниенің өзін таниды. “Таным дегеніміз, субъектінің болмысты бейнелеуінде емес. Таным әрқашанда шығармашылық жолмен жүріп, мән-мағынаға жетуге тырысады. Адамның құпиясын танып-білу – болмыстың құпиясын танып-білумен тең. Адам абсолюттік болмыстың алдында тұрып, оны танып-білгісі келеді. Бұл мақсатқа жеткізетін екі-ақ жол бар. Ол өзін дүниенің бір бөлігі ретінде сезініп, оған терең шомылуы мүмкін. Бірақ, ол жол нәтиже бермейді, өйткені, бөлшек біртұтастыққа жете алмайды. Екінші жол – өзіңнің дүниеге деген маңыздылығыңды сезініп, өз болмысыңды бүкіл дүниенің өзегі ретінде қарасаң – онда өз тереңдігіңе үңілу, оны танып-білу – бүкіл болмысты танып-білумен тең болады. Мұндай көзқарас көне замандағы гректердің «макрокосм» мен «микрокосм» идеяларына келеді. Адам «кіші ғарыш» ретінде «үлкен ғарышқа» сай келеді. Сондықтан, сыртқы болмысты тану үшін өзіңнің ішкі болмысыңды білуің қажет. Н.А. Бердяевтің философиясының негізгі категориясы – еріктік. Оның ешқандай өлшемі, шегі,

түбі жоқ, оны ештеңемен теңеуге болмайды. Оның оқшаулығын түсіну – оның болмысқа дейін өмір сүргенін мойындаумен тең (Бердяев Н.А. Философия свободы. Смысл творчества.– М.: Правда, 1989. – 262 с.).

Бұл арада Н.А. Бердяев орта ғасырда өмір сүрген Я. Беменің «Құдайдың өзі түбі жоқ тұңғыықтан пайда болды», - деген пікірін қолдап, сол «алғашқы түбі жоқты» ерікпен теңейді. Сол алғашқы тұңғыықтан шыққан Құдай дүниені жаратады. Оның философиясының негізі – алғашқы Еріктік пен Жаратушы – Құдайдың арасындағы дуализм, қайшылық. Құдай дүниедегі залымдыққа жауапты емес, өйткені, оның өзінің негізі жоқ, Ол өзі шыққан түбі жоқ еріктікке ештеңе жасай алмайды. Керісінше, Құдайдың өзінің болмысына, содан кейін оның дүниені жаратуына жол ашқан сол алғашқы еріктілік емес пе? Олай болса, адамның өзі, бір жағынан, Құдайдың жаратқан пендесі болса, екінші жағынан, түбі жоқ еріктіктің нәрестесі. Сондықтан, еріктік бүкіл адамның іс-әрекетін баурайды. Еріктік дегеніміз ешнәрсеге тәуелсіз таза сана, күш-қуат. Сондықтан, дүние мен адам залымдыққа белшесінен батты, ал Құдай болса, оған ешнәрсе жасай алмайды, өйткені ол еріктікті жаратқан жоқ. Міне, осы сәтте дүниеге Христос келіп, бүкіл дүние мен адамдардың күнәлерін өз мойнына алып, тұңғыыққа тереңдеп, оны өз сәулесімен жарқыратады. Сонымен, Н.А. Бердяев Құдайдың ессіз еріктікті жеңетініне сенгенмен, бірақ, оған үзілді-кесілді кепіл беруден бас тартады. Н.А. Бердяевтің философиясындағы негізгі болмыстық категория – ол адамның өзі, өйткені, ол дүниенің ортасында, оның тағдыры дүниенің тағдырын анықтайды. Адам мен Дүние Құдайдың өмірін байытады, өйткені, адам – рухани пенде, ол ізгілік пен әсемдікті сүйеді. Екінші жағынан, ол ең жоғарғы материалдық құрылым, бүкіл дүниенің барлық элементтері оның бойында бар, сондықтан, Ғарыш оның шығармашылық іс-әрекетін қабылдайды. Сонымен, адам қайшылықты пенде, ол «табиғаттық дүниедегі үзіліс», оны түсіну үшін одан да жоғары – Құдайға деген оның қарым-қатынасын білу қажет. Оның ойынша, осы уақытқа дейін адам өзін Құдайға тәуелді пенде ретінде түсініп келді. Ал тәуелділік бар жерде шынайы махаббат жоқ. Сондықтан, Құдай мен адамның арақатынасы нағыз еріктікке негізделген – махаббатың құпиясы, міне, осында. Адам Құдайды қажет етсе, Құдай да адамды қажет етеді, өйткені, оның өзінің негізі жоқ, ол адамсыз өзінің жалғыздығын сезінеді. Сонымен, біз адамның Құдайлығын, Құдайдың адамдығын көрсетуіміз керек. Тарихи Христостың өзі алғашқы рет осыны паш етті. Құдай – рух, сонымен қатар, адам да – рух. Олай болса, екеуінің шығармашылық жолда кездесуі ғана объективацияланған дүниеден адамды құтқарады. Шығармашылық – мәңгілікке әкеледі, бірақ, ол шексіз уақыт емес, уақытты аттап өтетін жаңа сапа. Осы себепті тарихтағы шексіз жоғары өрлеуді (прогресті) қабылдауға болмайды. Тарихтағы соңғы «жұмақта» өмір сүретін буындар өткен шексіз санды адамдардың өмірін сол мақсатқа жетудің құралына айналдырады. Мұндай жағдайда адамзат тарихының мән-мағынасы жойылатыны хақ (Бердяев Н.А.,1991). Өткен дәуірді, оның мәдениетін толыққанды қабылдамай, дұрыс болашақты да орнату мүмкін емес. Жалпы алғанда, Н.А. Бердяевтің тарихи көзқарасын өміршеңді деп атауға болады: адамзат рухани

жаңарудың негізінде қайта өрлеуге мүмкіндік алады. Болашақ қоғам екі принципке негізделеді: аристократиялық – тұлғаның толыққанды шығармашылық дамуын көрсетеді, ал демократиялық – әділеттілік пен достыққа шақырады. Тарих философиясындағы Н.А. Бердяевтің талдап, өзінің шешімін берген екі категориясын көрсетпей болмайды: олар мәдениет пен өркениет. Мәдениет – қоғамның рухани дамуының шыңы, дін, философия, өнер құндылықтары, терең де, нәзік ойлар, шығармашылық туындылары. Уақыт өткен сайын шығармашылықтың орнына күнбе-күнгі қажеттіктерден шығатын қарапайым өмірді көтеруге бағытталған істер келіп, «өзімшіл өркениет» мәдениетті тұрпайылата бастайды. Өркениет дегеніміз, өмірдің әлеуметтік, материалдық жағының дамуы, экономикалық мүдделердің басымдығы, пайдақорлыққа тырысу, құралдың мақсатты жеңуі. Өркениет өз табиғатына сәйкес техникаға жақын, ол жеке адамның шығармашылығын ұжымдық еңбекке ауыстырады. Өркениет машиналардың өмірге енуімен бірге келеді. Адам техниканы пайдаланып, табиғатты өз еркіне көндіруге тырысады, соның нәтижесінде адамның толыққанды органикалық табиғатқа сәйкес өмірі жойылып, оның орнына мамандандырылған, біржақты адам пайда болады. Өркениет техниканың үстемдігіне әкеліп, рухты тоқыратады.

Діни антропология бағыты. Философиялық ой-пікірдің Ресейде дүниеге келуі XI ғ басталып, негізінен, христиандық дінді қабылдаумен байланысты болды. Осы уақыттан бастап, Ресейдің ойшылдары өз мемлекеттерінің Құдай нұрының шапағатына қатысты екенін негіздей бастайды. Алғашында ойшылдардың ой өрісі адамның жүріс-тұрысын ретке келтіретін мақал-мәтел, нақыл сөздерге, соңынан православие дінінің бүкіл адамзат өркениетінің дамуындағы ерекше орнын негіздеуге бағытталды.

Орыс философиясындағы діни антропология бағытының өкілдері ретінде С.Н. Булгаков, С.Л. Франк және Н.О. Лосскийді атап өтуге болады. С.Н. Булгаковтың айтуына қарағанда, адам Құдайсыз өмір сүре алмайды, егер ішкі дүниеңде Құдай болмаса, онда көңіл құлазиды. Құдайға қарсы күрес, бір дінді тарату, қажетті түрде екінші дінді тудырады. Алайда, адамға Құдай сырттан келмейді, оны ол өз ішінен табуы керек. С.Н. Булгаковтың ойынша, шығармашылық дегеніміз – ол «антроподицея» (адамды ақтау). Оның негізгі себебі – дүние уақыттың шеңберінде өмір сүруде, олай болса, ол әлі соңына жеткен жоқ, дәл қазір жаратылу жалғасып жатыр. Ал адам болса, ол Құдаймен бірге осы дүниені жарату ісіне, оны әрі қарай жетілдіруге ат салысуда. Адам –Құдайға ұқсаған, Мәңгіліктің ұлы, Құдайдың рухын жалғастырушы. Ол –микротеос, оның ішінде бүкіл дүниенің күш-қуаты бар, ол болмыстың ең жоғары ортасы.

С.Л. Франк адамды өзін-өзі анықтайтын және өзгерте алатын пенде ретінде қарайды. Өзіндік сана арқылы адам заттардан ғана емес, сонымен қатар өзінен де алшақтап, өз-өзіне басқа адамның көзімен қараған сияқты дәрежеге келеді. Нәтижесінде екі ақуал – танушы мен танылатын, бағалайтын мен бағаланатын, сот пен сотталатын пайда болады. Міне, адам өзіндік санасы арқылы өзінің денелік эмпириялық табиғатынан бөлініп, өз-өзін бағалайтын, сынайтын дәрежеге көтеріледі. Адам әрқашанда өзінің күнделікті болмысына

қанағаттанбай, оны аттап өтіп, басқа өмірге, өнегелікке қарай ұмтылатын пенде.

Н.О. Лосский тұлғаларды шынайы және потенциалды деп екіге бөледі. Тұлға өзінің дамуында құдайдың бейнесіне ұқсаудан бастап, соңында тіпті құдайдың өзіне тартуға тырысады. Ал соңғы – ол тұлғаның негізгі мақсаты, ол үшін адам неше-түрлі қиындықтар мен зардаптардан өтуі керек. Руханияттық – адамның негізгі қасиеті. Рухани адамның ішкі өнегелігі қандай да болмасын сыртқы жағдайлардың қысымына қарсы тұра алады.

Ғарыш философиясы. Космизм – космосты, қоршаған әлемді, адамды өзара байланысты біртұтас дене ретінде қарастыратын философиялық бағыт. Ғарыш философиясы деген кезде біз екі нәрсені айтуымызға болады. Біріншіден, ол дүниенің біртұтастығы және соның шеңберіндегі адамзаттың, яғни рухтың алатын орны; екіншіден, адамзат мәңгі осы жер бетінде қала ма, я болмаса басқа ғарыштағы объектілерді игеріп, өзінің ықпалын бүкіл ғарышқа тарата ала ма?. Бірінші сұраққа қайсыбір ұлттық философия жауап беруге тырысады, ал екінші сұрақты қойып, соған жауап беруге тырысқан, негізінен алғанда, орыс философиясы болды. Орыс философиясында XVIII ғасырынан бастап, антропокосмизм идеялары пайда болып дамиды. Яғни, адамның жер бетіндегі орны емес, оның ғарыштағы рөлі зерттеле бастайды. Өкілдері Н.В. Бугаев, В.И. Вернадский, К.Э. Циалковский, және А.Л. Чижевский. А.Л. Чижевскийдің (1887-1964) космос биологиясына арналған философия жүйесінің негізгі қағидалары: Жердегі тіршіліктің дамуы (биосфера) ішкі себептердің әсерінен ғана емес, космостың күшті әсерінен де болады. Жерде және биосферада болып жатқан процесстерді Күн басты рөл атқарады. Күннің шағылысу белсенділігі әлеуметтік катаклизма – соғыстарға жануарлардың өміріне әсер етеді. Чижевский өз идеяларын ғылыми түсініктермен емес, әдеби шығармалармен айтуға тырысты. Чижевский философиясы Батыста ғылымилығы бар түпнұсқа ретінде мойындалды. **А.Л. Чижевский** жер бетіндегі тіршілікті тудырған жердің өзі емес, күн деген пікірге келіп, күннің жердегі биосфераға тигізетін ықпалын егжей-тегжей зерттейді. Табиғаттағы геофизикалық аномалиялар, жер бетіндегі оқтын-оқтын болатын эпидемиялар, қуаңшылық т.с.с. құбылыстар күндегі болып жатқан процестермен тығыз байланысты екенін дәлелдеп, А.Л. Чижевский бүгінгі ғылымдағы астрогеология, ғарыштық медицина, гелиобиология бағыттарының негізін қалады. Адамзат ғарыштың әрі қарай дамуындағы саналы күш болғаннан кейін халықтар бір-бірімен жақындасып, бірігіп, мемлекеттер арасындағы жасанды кедергілерді алып тастауы керек деген идея көп ойшылдардың еңбектерінде кездеседі. Адамзатты біріктіретін негізгі күш – мәдениет, ғарыштық этика, – деген пікірді орыс ғалымы, суреткері, діни философы Н.К. Рерих айтқан болатын. Оның ойынша, бүкіл ғарышта, кеңістік пен уақытта, адамның жандүниесінде екі ғарыштық күш – Ізгілік пен Залымдық бір-бірімен күресте. Олар болмыстық жағынан келгенде тең емес. Дүние Ақиқат, Ізгілік пен Әсемдік жолында өзгертіледі. Тек Жарық сәулесі ғана ғарыштағы қараңғы тұңғиық Хаосты тәртіпке келтіре алады. Материяның мәңгілік идеясын ұсынушы К.Э.

Циолковский (1857-1935) Оның теориясының мәні: материяның негізі; ұсақ бөлшектер – атомдар. Әлемде атомдар айналымы болады, ал материя формасын өзгерте отырып, өзін жоймайды. Жердегі тіршілік – әлемдегі жалғыз тіршілік формасы емес.

К.Э. Циолковский орыс космонавтикасының әкесі ретінде кеңінен таныс. Сондықтан, біз оның ғылыми-техникалық идеяларын қарастырмай, тікелей оның философиялық көзқарастарына көшеміз. Оның ойынша, адам ғарыштың өмірінің бір бөлігі, сондықтан адамзат өркениеті Ғарыштағы өзгерістермен тығыз байланысты. Әрине, мәңгілік Ғарышқа қарағанда, жер бетіндегі адамзат әлі өте жас. Дегенмен, болмыста пайда болып, белгілі бір уақыт келгенде жер бетіндегі байлықты сарқып, адамзат заңды түрде бұл өмірден кетуі мүмкін. Бірақ, сонымен қатар, егер ғылымның дамуының негізінде адам Ғарышпен байланысқа түсіп, зат пен күш-қуаттың жаңа түрлерін игерсе, ол тоқталмайтын өрлеуге ие болып, өлместік дәрежесіне көтеріледі, - деген батыл пікір айтады.

К.Э. Циолковский адамзаттың жерлік және космостық өмір сүруін бір-бірінен айырады. Жер бетіндегі өмір сүру адамзаттың “сәбилік шағы”, сондықтан, ол кемеліне келмеген, зардабы мен қиянаты мол. Адамзаттың ғарыштық болмысы келген уақытта өмірдің теріс жақтарының бәрі жойылып, қуаныш пен жетілгендік, шығармашылық өмірдің негізгі жақтарына айналады. Оның ойынша, ғарышқа шығу – көп уақытты талап етіп, сатыларға бөлінеді:

- а) адамзат қажеттіктерін өтеу жолында жер бетін толығынан қайта өзгерту;
- б) жер айналасындағы кеңістікті игеру;
- в) басқа планеталарды, содан кейін алыс Ғарышты игеру;
- д) адамның өз биологиялық табиғатын өзгертіп, ашық Ғарышта өмір сүре алатын дәрежеге келуі;

Сонымен, егер Н. Коперник өз уақытында жердің Ғарыштағы ерекше орны жөніндегі көзқарасқа соққы берген болса, ХХ ғасыр К.Э. Циолковский адамзатты жер тартуынан шығарып, ғарышқа жол ашты деп көркемдеп айтуға болар еді (Мырзалы С.К., 2001).

В.И. Вернадскийдің ноосфера теориясының (1863-1945) мәні.

Адам эволюциясының өлшеміне байланысты оның қоршаған табиғатты бейнелеу әрекеті күшейе түседі, ноосфера пайда болады (материалдық және рухани мәдениеттегі, адам өміріндегі ақыл-ой сферасы). Ноосфера тұрақты кеңейіп, болмыстың басқа аумағын өзіне тартады және болашақта ноосфера ғарышқа көшеді. В.И. Вернадскийдің негізгі ойлары жер бетіндегі өмір мен адамзатқа арналды. Нәтижесінде, ол биосфера мен ноосфера жөнінде терең де тамаша ойларын адамзатқа ұсынды. Бүгінгі қалыптасқан биосфера жөніндегі үлкен жүйе теориясы, тіршіліктің ғарышпен заттық және энергиялық алмасуға түсуі т.с.с. идеялар оның шығармашылық еңбектерінде үлкен орын алды. Жер бетіндегі тіршілікті ол жердің ерекше қалыптасқан геологиялық қабаты ретінде қарайды. Тіршілік биогеохимиялық зат пен энергияның айналысын тудырып жер бетін толығынан өзгертеді. Осы тұрғыдан қарағанда, адамзат тіршілік әлемінің ерекше ең жоғарғы бөлігі. Ол ерекше бір – басқа энергия формаларына ұқсамайтын – күш-қуатты тудырады. Оның аты – ақыл-ой, зерде.

Адамзат ақыл-ойы мен еңбегінің арқасында жаңа геологиялық күшке айналып биосфера жаңа ақуалға – **ноосфера** (ақыл-ой арқылы ретке келтірілген жер беті) сатысына көтеріледі. Сонымен, В.И. Вернадскийдің ойынша, адамзат зердесі – ғарыштық құбылыс.

Н.Ф. Федоров адамзат зердесін ғарыш эволюциясының заңды нәтижесі ретінде қарайды, әрі қарай Ғарышты адамзат саналы түрде өзгертеді. «Ғарыш хаос емес, нағыз Ғарышқа айналуы үшін зердені талап етеді». Болашақта ғылымның орасан-зор дамуының негізінде адамзат өлместік дәрежесіне көтеріліп, сонымен қатар, жер бетінде бұрын-сонды өмір сүрген барлық ұрпақтарды қайтадан тірілтеді, - деген ойда болды.

Н.К. Рерих адамның ізгілігі, жасампаз белсенділігі Ғарыштың дамуындағы негізгі күш екенін паш етеді. Нәтижесінде, адам Жаратушы – Құдайға ұқсайды. Тек оның ерекшелігі – ол жағалай ортаны өзгертіп қана қоймай, сонымен бірге өзін де жетілдіре алады. Надандықтан кейін өркениет келеді, содан кейін ғылымның дамуының негізінде адамдардың білімі өсіп, нәзіктене келе биік мәдениеттің есігін ашады, - деп қорытады Н.К. Рерих. Н.К. Рерихтың ойынша, адамдардың арасындағы барлық ұлттық, нәсілдік, діни, әлеуметтік т.с.с. айырмашылықтар болмау керек. Адамдардың арасындағы айырмашылық тек қана оның мәдени дамуының негізінде қаралуы керек. Адам – Ғарыштың бір бөлігі, олай болса, ол мәңгілік, барлығымен байланысты, бәріне де тәуелді, сонымен қатар, бәрі де оған тәуелді. Адамның жасампаздық – шығармашылық істері әсемдіктің негізінде жүреді. Әсемдік – рухтың мәдениеті, дүниенің зерделі тәртібі. Әсемдік дегеніміз – Ғарыштың өзі. Жалпы алғанда, ойшылдың эстетикалық, гуманистік-өнегелік идеялары осы уақытқа шейін өзінің өзектілігімен танылады.

Н. Чернышевскийдің материалистік философиясы. 1856-1862 жылдары Н. Чернышевский «Замандастар» журналын басқарып, оны төңкерісшіл демократтардың органына айналдырады. А.И. Герцен мен В.Г. Белинский салып кеткен жолымен Л. Фейербах философиясын нақтылау және ілгері дамыту барысында қалыптасады. Идеализмге қарсы күрес оның ғұмырлық ісі болды. Ол философия тарихымен ертеден танысты, Платон, Кант, Гегель сияқты идеалистердің негізгі қағидаларын жоққа шығарды. Ол Гегельдік диалектиканың тұжырымдары мен Гегельдік саяси көзқарастың арасындағы қайшылықты жіті көре білді және Гегельді сонысы үшін қатты сынға алды. Чернышевский өзінің негізгі философиялық шығармасы «Философиядағы антропологиялық қағидасында» үстем тап арасында кең таралған идеалистік теорияларды және орыстың зиялылары арасында қанат жая бастаған позитивістік ілімді қатты сынға алады. Чернышевский өз заманының жаратылыстану ғылымдарының табыстарымен де жете таныс болды. Чернышевскийдің философиялық шығармаларында болмыстың санаға қатынасы туралы негізгі мәселе материалистік тұрғыдан шешіледі. Ол, әсіресе, Кантты агностицизм және адамзат білімін «өзіндік заттан» шығара алмағандығы үшін мықты сынады. Чернышевский материалистік таным теориясын дамыта отырып, алғаш рет практиканы ақиқаттың өлшемі ретінде таным теориясының құрамына енгізді. Сонымен қатар, ол басқа материалистер

сияқты практиканы сезімдік тәжірибе ретінде емес, адамдардың табиғатты өзгертуге бағытталған іс әрекеті ретінде қарастырады. Ол өз шығармаларында басыбайлыққа қарсы күрескен қалың шаруалар бұқарасының арман-тілегі бейнелейді. Жалпы алғанда, бүгінгі ресейлік философтар практика мен қазіргі заманғы ғылыми танымның байланысын зерттеу үстінде.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Қайта Өрлеу Заманы деп қай ғасырларды айтамыз?
2. Гуманизм дегеніміз не?
3. Қайта Өрлеу Заманы адам мәселесін қалай қойып шешеді?
4. Н. Кузанский сенім мен ақыл-ой мәселесін қалай шешеді?
5. Н. Макиавеллидің адам туралы ілімінің ерекшелігі неде?
6. Антропоцентризм идеясы
7. Н. Макиавелли саясат пен моральды қалай бір-бірінен айырады?
8. Жаңа заманның ойшылдарын атаңыз?
9. Ф. Бэконның идолдары?
10. Ф. Бэкон - индукция, Декарт - дедукция тәсілдерінің айырмашылығын ажыратып беріңіз?
11. Декарт философиясының ерекшелігі, рационализм дегеніміз не?
12. Ағарту философиясының негізгі ерекшеліктері?
13. Дж. Пристлидің саяси және азаматтық бостандықтардың өзара байланысы жөніндегі идеялары. А. Шефтсберридің мораль жөніндегі ойлары?
14. Дж. Беркли субъективтік идеалистік көзқарасын қалай негіздейді?
15. Ш. Монтескьенің «заңдық көзқарас» жөніндегі ойлары?
16. «Географиялық детерминизм» дегеніміз не? Ж-Ж. Руссоның теңсіздіктің пайда болуы жөніндегі идеялары.
17. Неміс классикалық философиясы: қалыптасып, дамуы?
18. И. Кант «сынға дейінгі» өмір кезеңінде қандай гипотеза ұсынды?
19. И. Канттың танымдағы жасаған «коперникандық төңкерісінің» мәні неде?
20. «Категориялық императивтің» негізгі талабын көрсетіңіз?
21. И. Канттың «диалектикалық антиномияларын» есіңізге түсіріңіз?
22. И. Фихтенің философиясының негізгі іргетасты қағидаларын атаңыз?
23. Г. Гегельдің философиялық жүйесі?
24. Диалектиканың негізгі заңдарын атаңыз?
25. Г. Гегельдің рух саласындағы 3 сатысы?
26. Философия рухтың қай саласына жатады?
27. Л. Фейербахтың философиясының негізгі қағидалары?
28. Л. Фейербахтың «сүйіспеншілік» ілімі?
29. Қоғамның рухани өміріне деген славянофильдердің көзқарасы қандай болды?
30. Батысшыл бағыт ұстаған ойшылдар көзқарастарының ерекшелігі?
31. В.С. Соловьевтің философиясының негізгі ұғымы?
32. В.С. Соловьевтің танымдағы көрсеткен үш тәжірибе түрі?
33. В.С. Соловьевтің моральдік философиясындағы «ар-ұждан», «ұят», «пір тұту»

категорияларының бір-бірінен айырмашылығы?

34. Л.И. Шестовтың экзистенциалдық философиясы?

35. А.Н. Бердяевтің философиялық көзқарастары?

36. А.Н. Бердяевтің философиясындағы еріктік мәселесі?

37. Орыс философиясындағы діни антропологиялық ойлар туралы айтыңыз?

38. Ғарыш философиясы ойшылдардың көзқарасына тоқталыңыз?

39. В.И. Вернадскийдің «ноосфера» ұғымының ерекшелігі?

40. Н.К. Рерихтің мистикалық философиясы?

41. Бұл афоризмдерге қосыласыз ба, өз ойыңызды беріңіз: «Қайсыбір философияның бастауында таңғалушылық, дамуында – зерттеулер, соңында – білместік жатыр (М. Монтень). Қандай қиындық болса да, өмірден бас тартпа (М. Монтень).

VI ТАРАУ. XIX- XX ҒАСЫР БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫ

§ 6.1. XIX - ғасыр батыс философиясының бағыттары

XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында физиология мен психологияның, сезім мүшесінің рөлі артты. Сондай бағыттың бірі **позитивизм** – (“дұрыс пікір” деген ұғым) оның бастамасын салған Огюст Конт (1798 – 1857), Джон Стюарт Милль және Герберт Спенсер. Бұл философияның арғы түбі Д. Юм мен И. Кантқа тіреледі. Олардың мақсаты ғалымдарды толып жатқан алдын ораған бос ойлардан, былайша айтқанда, философиядан азат ету.

Позитивизм – Батыс философиясының шеңберінде қазіргі ғылымның дамуының барысында пайда болған философиялық – танымдық мәселелерді талдап шешуге бағытталған ағым. Огюст Конт позитивизм философиясын 3 сатыдан өтті деп қарастырған:

1. теологиялық (жалғандық) саты – көне заманнан XIY ғ дейін;
2. метафизикалық саты – XIY-XIII ғғ;
3. позитивтік саты – XIX ғ бастап пайда болады.

Оның пікірінше, әрбір ғылым – өз алдына философия, сол ғылымдарды зерттеу қажет. Сөйтіп, революция арқылы үстемдікке қолы жеткен буржуазия бұрын материализм, ғылым үшін күрескен болса, енді одан бас тартып, идеализмге біржолата ден қойды. Позитивизмнің бірнеше кезеңі бар: бірінші кезеңі – позитивизмнің өзі, екінші кезеңі – эмпириокритицизм, үшінші кезең – неопозитивизм немесе логикалық позитивизм, төртіншісі постпозитивизм.

«**Эмпириокритицизм**» – тәжірибені сынға алу деген мағына береді. Өкілдері: Эрнст Мах (1838 – 1916), Рихард Авенариус (1843 – 1896). Ресейде оларды жақтап, соңына ергендер А. Богданов (1873 – 1928), В. Базаров (1874 – 1939), т.б. Оны жақтаушылар біздің санамыздан тыс объективтік өмір бар, бірақ ол біздің сезімдеріміздің жиынтығы дейді. Эмпириокритицизм позитивизмге қарағанда шындықтан әлдеқайда алшақ. Позитивизм философияны емес, нақты ғылымдарды зерттеу керек десе, эмпириокритицизм біздің сезімдерімізден тыс еш нәрсе жоқ, барлық дүние – біздің сезіміміздің нәтижесі деген қорытынды жасап, объективті өмірді субъективті сезімге айналдырды (Әлемдік философиялық мұра. Алматы, 2006).

Неопозитивизм немесе логикалық позитивизм – XX ғасырдың 20 - жылдарында дүниеге келді. Өкілдері: Морис Шлик, Рудольф Карнап, Отто Нейрат, Филипп Франк, т.б. Бұлар өз ойларын қатаң түрде ғылыми логикаға сүйеніп, дүниеге әкелді. Сондай-ақ, әрбір сөздің мағынасын ашу (Б. Рассел) мәселесі, себептілік, қажеттілік, мүмкіндік, бөлшек, т.б. категориялар проблемасы туындады. Неопозитивистер ғылыми пікір айтудың екі түрлі – эмпирикалық және логикалы-математикалық жолы бар деді. Біріншісі сезім арқылы тексеріліп анықтауға жатады. Оны верификация деп атайды. Екіншісі бекерге шығару арқылы дәлелденеді. Оны фальсификация деп атайды. Неопозитивтер ғылымдардың объективті заңдылықтары болатынын мойындамайды. Ғылым заңдары абсолют емес дейді олар. “Ғылым заңдары, –

Белфаст университетінің профессоры Дэвид Гуничтің пікірінше, – дүниенің тіршілігі туралы оқымыстылардың пайымдауы немесе, дүниенің олар үйреніп және түсіне білген кішкентай ғана бөлшегі”. Сөйтіп, неопозитивистер ғылымдарды ғалымдардың субъективті топшылауы деп тұжырымдады (Никитич Л.А., М., 2000).

Постпозитивизм (XX ғ 50 жылдарынан бастап) өкілдері: Карл Раймунд Поппер – 1902-1994 ж.ж, Томас Самюэль Кун – 1922-1980, Имре Лакатос 1922-1974, Пауль Фейерабенд – 1924-1979 ж.

XX ғасырдағы идеалистік философияның басты бағыттары: неотомизм және экзистенциализм. «Өмір философиясының» алғашқы өкілдері: Вильгельм Дильтей (1893-1911 ж.ж.), Георг Зиммель (1858-1918 ж.ж.), Анри Бергсон (1859-1941 ж.ж.), Серен Кьеркегор, Фридрих Ницше және Артур Шопенгауер (1788-1860 ж.ж.).

А. Шопенгауер – Данциг қаласында бай саудагердің жанұясында дүниеге келеді. Геттинген мен Берлин қалаларында философиялық білім алады. Негізгі еңбегі: «Дүние ерік пен елестету ретінде» деген атпен 1844 жылы жарық көреді. Берлин университетінде 1819 жылы оқыған дәрістері ешкімді қызықтырмайды. Сондықтан, ол өмір бойы әкесінен қалған капиталдың жылдық пайыздарын жұмсап, өз замандастарынан оқшау да, жалғыздікті өмір сүреді. Өмірінің соңғы 10 жылында ол даңқтың шапағатына да ие болады. Бірақ, нағыз атақтылық оған XX ғасырда келеді.

Шопенгауердің ойынша, дүниенің негізінде өмір сүруге деген бітпейтін іңкәрі бар «Әлемдік Ерік» жатыр. Сонымен, материя, табиғат заты, атом, сана, рух т.с.с. бұрынғы философтардың жатқызған дүниенің негіздерін ысырып тастап, ойшыл «ерік» ұғымын дүниені түсінудегі негізгі категорияға айналдырады. Шопенгауердің ойынша, Дүниенің негізінде жатқан Ерік – ол біреу және одан басқа ешнәрсе жоқ, бірақ ол өзінің өмірдегі құбылуында шексіз сан-алуан болып көрінеді. Ол – өзінің толық еркімен теңелетін бейтұлғалық орасан зор күдіретті күш. Ол бейсаналы болғаннан кейін өзінің мәңгілік қалыптасу, мақсат-мұратсыз өмірге ынтық болу барысында неше-түрлі залымдықты тудыруы мүмкін.

Әлемдік еріктің ешқандай себебі, белгілі бір негізі болмағаннан кейін ол ешқандай заңдылықтарға бағынбайды. Өзінің өмірде болуға деген іңкәрінің негізінде ол бүкіл дүниені тудырса да, оған ешқандай тәртіп, жоспар сияқты нәрселерді әкеле алмайды, керісінше, ол заттарды бір-бірінен бөліп, қиратып, қарсы қойып, оған тағы да қанағат-танбай, өзінің шексіз ізденісін, күресін жалғастыра береді. Ол ызаға толы, не істеу керектігін білмегеннен кейін өзін-өзі тырнап жыртып жатқан жануарға ұқсайды (Шопенгауэр А. Свобода воли и нравственности / общ. ред. А.А. Гусейнова и А.П. Скрипника. – М.: Республика, 1992. – 448 с.).

Әлемдік Еріктің тудырған дүниесіндегі оның көріністеріне назар аударсақ, олар – өлі табиғаттағы дүниежүзілік тарту, магнетизм, химиялық қосындылар т.с.с. табиғат күштері. Тірі табиғатта – тіршіліктер формаларының өмірге деген еркі, сол үшін өзара бір-бірімен күресі, өмірді жалғасты-

руға бағытталған жыныс инстинктері, адам өміріндегі ешқашанда ойдағы нәтижелерге әкелмейтін саналы талпыныстар, бейсаналық түрде пайда болатын әртүрлі сезім толқындары т.с.с. Бірақ, қандай да болмасын өмірдегі құбылыстарды тудырса да, олар күрделеніп саналы түрде сезінілген сайын әлемдік Ерік оларға қанағаттанбай, өзін зардап шегіп, азапқа толы, бақытсыз ретінде сезінеді. Әлеуметтік өмірде көре алмаушылық, надандық пен екіжүзділік жиі кездеседі. Адамдардың өмірі жетіспеушілік пен үрейге, қайғы мен қасіреттерге толы. Өмірге келген жаңа ұрпақтар өткендердің қателерін тағы да қайталайды, адамгершілігі жоқ адамдар қоғамды билейді, ғылыми жетістіктер залымдық жолында жұмсалады. Ал, моральдік салаға келер болсақ, соңғы ғасырларда онда ешқандай алға жылжушылық болған жоқ – езілу, зардап шегу, қантөгіс, қатыгездік осы уақытқа шейін азаюдың орнына көбейіп келеді. Мәңгілік алаңдаушылық пен тұрақталынған адамдар-дың бір-біріне деген сенбеушілігі өмірді шырмап алған. Шопенгауердің ойынша, зардапқа толы дүниенің негізгі күнәһары – әлемдік Еріктің өзі. Бірақ, оның санасы болмағаннан кейін, ол өз істеріне жауап бере алмайды, тек қана мәңгілік бір трагедиядан өтіп, екіншіге т.с.с. ауыса береді. Бұл арадағы бір үміт – Әлемдік Ерік сананы тудырған ғарышты дүниеге әкелді. Міне, дүниенің ажырамас бір бөлігі ретіндегі адамдардың өзі ғана сол әлемдік Ерікке қарсы шығып, оны таратуы керек, сонда ғана дүниенің зардабы тоқтатылады. Ол үшін адам өзінің өмірлік күш-қуатын, өз бойындағы еркін сол дүниені тудырған әлемдік Ерікке қарсы қоюы қажет. Ал мұның өзі ең алдымен адамдардың философиялық таным арқылы әлемдік Еріктің терең мәнін зерттеп-білуімен тығыз байланысты. Содан кейін адам екі сатыдан өтуі керек. Алғашқысы – эстетикалық аңлау, соңғысы – моральдік жолмен жетілу.

Өнердің түрлерін талдай келе, Шопенгауер мүсін мен сурет – кеңістіктің, ал әуен мен поэзия – уақыттың шеңберінде ғана өмір сүре алады дейді. Бұлардың бәрі де өз мүмкіндігінше әлемдік Ерікті сипаттайды, бірақ, әуеннен терең өнердің түрі жоқ. Өйткені, әуенде оны шығарушы, орындаушы мен тыңдаушының арасындағы айырмашылық мүлдем азаяды. Өзінің ең биік жетістіктерінде әуен әлемдік Ерікті ақылмен түсіндірілмейтін құпия жолмен біздің жан-тәнімізге сезіндіреді. Әлемдік Ерікпен күрестің екінші жолы – этикалық. Егер дүниедегі барлық зардаптың түп-тамыры Ерікке барып тірелсе, оны жою моральдік жағынан алып қарағанда ақталатын нәрсе. Ал адам саналы пенде ретінде өз ішіндегі ерікті жою арқылы әлеуметтік Ерікті тарата алады. Ол үшін ойшыл адамдарға «категориялық императив» ұсынады: «өзіңе қалайтынның бәрінен де бас тартып, қаламайтыныңды жаса» (Шопенгауэр А. Избранные произведения/ ред. И.С. Нарский. – М.: Просвещение, 1992. – 479 с.).

С. Кьеркегор (1813-1855 ж.ж.) – өз заманында бағаланбаған, бүкіл өмірін жеке тұлғаның ішкі рухани өмірінің қайталанбас жақтарын, оның Құдаймен тікелей байланысын көрсеткісі келген, Дания елінен шыққан діни философ. Оның философиялық көзқарасы мен жалпы дүниесезімінің қалыптасуына әкесінің діни дүниесезімі мен «біздің жанұямызға Құдай қарғысын

атты» деген жалған пікірі үлкен әсерін тигізді. Жастайынан Кьеркегор әлсіз болып, неше-түрлі аурулардан шықпай өсті, бұл жағдай да, оның дүние-сезіміне өз әсерін тигізеді. 1841 ж. белгісіз себептерге байланысты, өзінің махаббаты Регина Ольсен деген қыздан үйленерінің алдында бас тартады. Осыдан кейін ол толығынан діни сезімге беріліп, әкесінен қалған үлкен үйде жазушылық ісімен айналысып, қалада жұрттың көзіне өте сирек кездеседі. Әкесінен қалған барлық қаражатты өзінің жазған көп шығармаларын жарыққа шығаруға жұмсайды.

Негізгі еңбектері:

- «Әлде-әлде»,
- «Үрей мен қалтырау. Диалектикалық лирика»,
- «Ләззат пен парыз»,
- «Ажалға бастайтын ауру. Қайта туу мен оянуға бағытталған христиандық-психологиялық тебіреністер» т.с.с.

Өзінің қысқа өмірінің шеңберінде бұл кісі 28 томдық еңбектерді тудырған, соның ішінде 14 томы – оның күнделіктері. Өз заманында атағы шықпаған философ ХХ ғ. үлкен құрметке бөленеді, оның шығармашылығына арналған мыңдаған зерттеулер жарық көреді. 1948 ж. бері Копенгаген қаласында «Кьеркегориана» деген осы ойшылдың көзқарасын зерттеуге арналған журнал шығады. Өзінің шығармашылық жолының басында Кьеркегор қайсыбір философиялық жүйені жасаудан бас тартып, соңғының ең биік шыңы – Гегельдің философиясын қатты сынға алады. Кьеркегорге ұнамағаны ол адамды объект ретінде қарап зерттеу, өйткені, адам – рухтың басшылығымен өмір сүріп жатқан жан мен дененің бірлігі, жеме-жемге келгенде ол – рух. Ойшыл рух ойлаумен тең емес, олай болса, ол қисынның заңдарына тәуелді емес деген пікірге келеді. Сондықтан, философияның негізгі мәселесіне нақтылы адамның өмір сүруі, оның өзіндік санасы, ішкі рухани өмірі жатуы керек. Кьеркегор адамның ішкі өмірін бейнелейтін жаңа категорияларды философияға енгізеді: өмір сүру, үрей, сәт, өту, секіру, шешім, шектелген мен шексіздік, мүмкіндік пен шындық, зардап шегу, қайталау, түңілу, өкіну, кінә мен күнә, қайта туу т.с.с.

Кьеркегордің ойынша, бұл ұғымдар арқылы жеке адамның қайталанбас тебіреністерін беруге болады. Өмір сүру дегеніміз – ішкі шектелген мен шексіздіктің арасындағы таңдау, соған байланысты үрей, шешім және секіріс. Кьеркегордің ойынша, шешім ешнәрсеге байланысты емес, ол тұлғаның ерікті таңдауымен байланысты. Кьеркегордің экзистенциалдық диалектикасы адам өмірінің үш сатысын суреттейді:

- эстетикалық,
- этикалық,
- діни сатылар.

Адам өмірінің бірінші эстетикалық сатысында тікелей сезімдік өмір салты қалыптасады. Эстетикалық сатымен Кьеркегор қоғамдағы көпшілік өмір сүреді деген. Ол дене әсемдігіне құмарту, парықсыздық, бір көргендегі

сезімдік әсердің негізінде кездейсоқты байланыстарға түсу, қоғамдағы үлгіге айналған нәрселерге ынтық болу, әрбір күн мен сағаттан, әрбір сәттен ләззәт алуға тырысу. Бұл сатының ұраны: *carpe diem, carpe horam!* (әрбір күн мен сағаттан ләззәт ал!). Бұл өмір салты адамды өзінің сезімдері мен құмартуы, ындынының құрсауынан шығармайды. Эстетикалық сатыдағы адам уақыттың өзін ерекше түрде бағалайды. Ол ләззәт алатын әрбір сәтке бәрін беруге дайын, бірақ, келесі сезімдік ләззәт бұрынғыдан басқаша, нәзік те, өткір болуы керек. Өмірдегі біркелкілік, қайталанушылық – эстетикалық өмір сатының қас жауы. Бірақ күндер мен жылдар өткен сайын, эстетикалық өмір салты сарқыла бастайды – қайталанбайтын қайталаанады, өткір сезім мұқалып, өңі кетеді, ләззәт қуудың жалғандығы айқын көріне бастайды, жалғыздық сезім, өмірге көңілдің толмаушылығы дүниеге келіп, тіпті одан күдер үзуге әкеледі. Ақырында дағдарыстағы тұлғаның алдында екі таңдау жолы пайда болады:

- біріншісі – сол бұрынғы сатыда қалып өмірден түңілу;
- екіншісі - одан аттап өтіп келесі сатыға көтерілу.

Келесі өмір сатысы – этикалық. Бұл сатыда адам ізгілік жолына түсіп, қоғам алдындағы парызды орындау соның кепіліне айналады, жалпылықты іске асыруға тырысады. Осы арада үлкен қайшылықтар пайда болады, адамның ішкі өзіндік сезімдері оны біржаққа жетелесе, қоғамдағы этикалық нормалардың талаптары оны екінші жаққа сілтейді. Парыз талаптарына сай келуге тырысып, адам біржақты, сезімі сарқылған, машинаға ұқсас пендеге айналады. Бұл бағыт барған сайын тереңдей түсіп, қайғылы қайшылықтарға әкеледі, өйткені, уақыттан тәуелсіз моральдік сана өтпелі адамның сезімдік іңкәрінен өзінің іргетасын, тұрақтылығын таба алмайды. Адам моральдік жағынан алып қарағанда өз-өзіне жеткілікті пенде бола алмады.

Тек қана діни сатыға көтерілген адам ғана, ол мәселелерді өзінің өмірінің негізіне айналдырады. Адам күнәлі пенде ретінде өзінің кінәсін мойындап, Құдайдың өзімен сұхбатқа түсіп, өз-өзін табады. Ал мұның өзі үлкен зардап шегу арқылы келмек. Егер эстетикалық өмір сатысының негізгі категориясы – ләззәт алу, этикалық сатыда – парыз болатын болса, діни сатыда ол – зардап шегумен тең. Адам – зардап шегуге жаратылған пәнде. Өмір – зардапқа толы.

§6.2. XX ғасырдағы батыстық философиялық бағыттар

XX ғасырдың 60-70 жылдарында структурализм, сциентизм, герменевтика, экзистенциализм, психоанализ, постмодернизм, феноменология сияқты жаңа философиялық ағымдар алдыңғы шепке шықты.

Сциентизм және антисциентизм. XX ғасыр – ғылыми-техникалық революция дәуірі. Рационализм мен иррационализм арақатынасын ғылыми техникалық прогреске көзқарастан да байқауға болады. Біріншісін сциентизм деп атайды. Ол бағыт, ғылымға ғылыми техникалық прогреске сенеді. Ғылым адамға қызмет етеді, оның өмірін жеңілдетіп, жақсартады. Бұл бағыт XX ғасырдың екінші жартысында дүниеге келді. Оған көптеген жаңа ғылымдардың, жаңа техникалардың, технологиялық әдістердің, компьютердің, т.б.

дүниеге келуі себеп болды. Екіншісі антисциентизм деп аталады. Ол ғылымға сенбейді. Ғылыми-техникалық прогресс адамға тек қиындық әкеліп, зиян келтіреді, қоғамды басқарудың тоталитарлық жүйесін туғызды, ал адамдардың санасын ол қаспақтай ұстайды, ойлау жүйесінде шектеу саласы деп есептейді. Сөйтіп, иррационализм сайып келгенде мистикаға, жоққа сенуге де, ғылыми ізденістерге де жеткізеді. Сондықтан оған сыңаржақты қарап, жақтауға, не даттауға болмайды.

Экзистенциализм философиясы иррационализмнің кейбір идеяларын одан әрі қарай жалғастырған. XX ғасырдың 20 жылдары қалыптасқан бағыт – экзистенциализм болды.

Негізгі өкілдері: Германияда – Мартин Хайдеггер (1888-1976 ж.ж.) мен Карл Ясперс (1883- 1969 ж.ж.), Францияда – (Жан-Поль Сартр (1905-1980 ж.ж.) мен Альбер Камю (1913-1960ж.ж.); Ресейде – Н.А. Бердяев (1874-1948 ж.ж. пен Л.И. Шестов (1866-1938 ж.ж.); Австрияда –Виктор Франклді (1900 ж.); Испанияда – Хосе Ортега-и-Гассетті (1883-1955ж.ж.) жатқызуға болады.

Экзистенциализм (өмір сүру), тіршілік ету философиясы өз бастамасын дат философы С. Кьеркегордың адам – өз өмірінің себепкері, өзінің ауыртпалығын өзі көтеруші және өзі сияқты жекеленген, бірақ құдіретті құдайдың алдында қорқып тұратын тіршілік иесі деген ілімінен алады. Экзистенциализмнің қалыптасуына Ф. Ницше мен Э. Гуссерльдің ілімдері де зор әсер етті. Экзистенциализмнің өзі үш түрлі бағыттағы ілімдерден құралған. Біріншісі, Хайдеггердің болмыс туралы ілімінің негізінде қалыптасқан экзистенциализм онтологиясы. Болмыс материалдық құбылыс емес, ол өзінің әмбебаптық жалпылығынан туындайтын белгісіз бірдеңе. Адам оны таным процесінде іздестіреді, ол туралы күйзеле ойлайды, түсінуге тырысады, сөйтіп, ол адамның мән-мағынасына айналады. Демек, болмыс туралы ойлар айналып келгенде, адам болмысы туралы мәселелерге ауысады.

Екіншісі – К. Ясперстің нұрландыру идеясы. Ол болмыстың мәні туралы сұрақтарды шешілмейтін сұрақтар деп есептеп, бар назарын адам болмысы, экзистенцияның өмір сүру тәсілін және оның құдай тектес трансценденцияға қатынасын айқындауға аударады (Ясперс К. Смысл и назначения истории / пер. с нем. – М.: Республика, 1994. – 527 с.)

Үшіншісі – экзистенциализм ұғымын бірінші қолданған Жан Поль Сартрдың ілімі. Экзистенциализм “өмір философиясындағыдай” жалпы “өмір” мәселесін қарастырмай, бар күштерін адамның жеке өмірін - “экзистенция” (өмір сүрудің қарапайым нақтылығы), “адамның өмірі сүруі” сияқты мәселелер тұрғысынан қарастыруға жұмсайды. Экзистенция ешқашан зерттеу объектісі бола алмайтын ұғым, өйткені, ол біріншіден – жеке даралық болғандықтан, сол себепті жалпы мәнділікке ұмтылмайды; екіншіден, экзистенция – біздің өзіміз. Өмір сүру дегеніміз – адамдардың біріккен (қосылған) болмысы, күнделікті өмірмен тығыз байланысты, өз басының сезімі мен тілегінің, сенімі мен қауіптілігінің, тәжірибесі мен үмітінің, өз қамы мен мұқтажының жиынтығы негізінде, іс-әрекет жасаған адамдардың экзистенция ретінде тіршілік етуі. Адам өз ортасымен біте

қайнасқан тіршілік иесі, сондықтан да, оны әлемнен бөлек қарастыруға болмады. “Дүниенің қасында болу” адам тіршілігінің осы әлемдегі экзистенциялиі (өмір сүру тәсілі, адам болмысының категориялары) және трансценденциясы. Демек, тәжірибе жете алмайтын нақтылық пен “біріккен әлемнің” (адамдардың қосылған болмысы) арасында пәлендей айырмашылық жоқ, себебі “басқалар” (қоршаған орта т.б.) “менмен” бірге өмір сүреді. Адамның шынайы тіршілігі – “уайымдау”. Бірақ кез-келген “уайымдау“, өмір сүру” емес, себебі ол – сырттай өмір сүру. Мұндай өмір сүруде адамның жекешелік қасиеттері, даралығы жоғалады. Нағыз “өмір сүру” олардан және “іштегі сыртқы әлемнен” (сыртқы әлем туралы оқу, тәжірибе арқылы санада сақталған білімнен батыл арылғанда ғана басталады. Ал шын мәнінде “өмір сүру” үшін өлімге тікелей қарау керек, яғни өзіне өлім хақ екенін түсініп, қорқыныш ояту қажет (Сартр Ж.П. Экзистенциализм – это гуманизм // Проблема человека в западной философии. – М., 1988. – С. 202).

Ж.П. Сартр Құдайдың, “ештеңесі жоқ мәнсіздіктің” алдындағы себепсіз бостандықтың әсерінен өзінен-өзінің үрейленуінді болжай алмауыңнан қорқыныш пайда болады олай болса, ол еш күмәнсіз, мүмкін болатын болмыс. Осындай қорқыныш қана адам болмысын айқындап, оны өзінің жеке басының болмысына және бостандығына жетелейді. Демек, қорқыныш адам тіршілігінің негізгі қасиеті, ал оның негізгі құрылымы – қамдану, жеке басының қамын ойлау. Ал басқалардың қамын ойлау, олармен бірге болу – жалпы қамдануға жатады. Адам “сыртқы әлемде” жүргенде қорқыныш ұмытылады. Шын мәнінде, сыртқы әлем дегеніміз, адам қорқынышының, күнәсінің, уайымдарының экстериоризациялануы (іске асырылуы, нақтылануы). Қорқыныштардың ішіндегі – өлімнен қорқу туа біткеннен тән априорлы уайымдау. Ал “өлім” дегеніміз, болашақтың өзі, ол арқылы тіршілік өзіне қайтып келеді. Сөйтіп, болашаққа талпыныс дегеніміз – өлімнің бетіне қарау болып шығады. Осыдан келіп, тіршіліктің уақытша, тарихи және шектеулі сипатта екендігін түсінеміз. Экзистенцияның шын мәніндегі тереңдігін тек айрықша, “шекаралық жағдайларда” ғана түсіне аламыз. Менің өлуім хақ екенін түсінуім, менің қасіретте болуым, менің күресуім, менің жағдайларға тәуелділігім, менің сөзсіз күнәлілігім – бұлардың бәрі де “шекаралық жағдайда” болады, ал оны қаншама өзгертеміз деп тырыссақ та, олар өзгерместен, сол күйлерінде қалады. “Шекаралық жағдай” адам тіршілігіне өзінің біртұтастығын, өзгермейтіндігін, аяқталғандығын біліп-түсінуге көмектеседі. Қысылтаяң жағдайда, өлім қаупі туғанда т.с.с. өзінің рөлін, пайдалы іс-әрекетін шын мәнінде терең түсінеді. Мысалы, өлім қаупінің қас-қағым сәтінде адамның шын мәні ашылады, айталық, соғыста оның батыр немесе қорқақ екені анықталады (Губман Б.Л. Западная философия культуры XX века, Тверь: Леан, 1997. - 288 с.).

Экзистенциалистер болмысқа қарама-қарсы “иемдену” ұғымын да қарастырады. Мен иемденген заттар мені де билейді, жалмайды дейді Г. Марсель. Ал, адамды меншіктің, заттардың осылай езіп-жаншуынан қалай құтқаруға болады. Бұл сұраққа Марсель қарама-қайшылықтың қайнар көзі

адамның өз табиғатында дей келіп, одан шығу жолы – сүйіспеншілікте, қайырымдылықта, “құрбандықта”, қала берді иеленуді болмыс деңгейіне дейін көтеретін дінде, өнерде және философияда жатыр деп есептейді. Ал басқа ғылымдар бұлыңғыр сыртқы әлемдің зерттейтін болғандықтан, бізге ақиқат білім бермейді, керісінше, олардың ашқан жаңалықтарының салдары адамзаттың білмегендіктен қорлық көріп отырған жоқ, керісінше көп білгендіктен қасірет шегіп отыр. Адам бұл қарама-қайшылықтан қаша алмайды, өз мінезі мен мәдениетіне сай қатынас жасайды (Гайденко П.П. Экзистенциализм и проблема культуры, М.: Высшая школа, 1963.- 121 С).

Структурализм – К. Леви-Стросс, Ж. Лакан, М.П. Фуко, Л. Альтюсер. Бұл философиялық ағымға әлеуметтік нақтылықтың, адамның ойлау жүйесінің әмбебаптық құрылымдарын (структурасын) айқындау арқылы жалпы философиялық тұжырымдар жасау және осы негізде, олардың мәнін түсінуге талпыну. Леви-Стросс әр түрлі халықтардың, тайпалардың аңыз, ертегілерін, мифтерін зерттей келе, кез-келген бір миф жер жүзінің әр аумағында ешқандай айна қатесіз қайталанып жатады, олай болса, мифологиялық ойлау әр халықта белгілі бір логикаға бағынады деп ой қорытады. Ғылыми ойлау да осы сияқты, логикалық заңдылыққа бағынады. Структурализмнің ілімінше, құрылымдық тәсілдің негізінде кез-келген зерттеп отырған құбылыстарды өзгерткенде, олардың құрылымының бір қалыпты болатындығын мойындау жатыр. ХХ ғасырдың 40 жылдарынан бастап, структурализм ғылыми тәсіл ретінде лингвистикада (тіл туралы ілім), антропологияда, психологияда, социологияда, кейінгі кезде философиялық әмбебаптық тәсіл ретінде қолданылып жүр (Батыс философиясының антологиясы / аудармашылар: К. Әбішев, М. Сабит, Ә. Қодар, А. Сағиқызы. – Алматы: Фонд Сорос-Казахстан, 2002. – 464 б.).

Герменевтика (germeneon, – грек сөзі, – түсіндіремін) сонау көне грек заманында жазылған тарихи мұраларды түсіну өнері ретінде пайда болды. Бұл ағымның негізін қалаған неміс діни қайраткері, философы Ф. Шлейермахер. Герменевтика ғылымына аса зор үлес қосқан неміс ойшылы Георг Гадамер болды. Герменевтика (Э. Бети, Г.Г. Гадамер, М. Ландман) талдау жасау (түсіндіру) және түсіну идеяларымен сабақтасып жатады. Герменевтика көне әдеби ескерткіштерді саналы түрде түсіну негізінде қалыптасқан тіл туралы ғылымның ерекше әдісі ретінде дүниеге келіп, ХІХ ғасырда Шлейермахердің, Дильтейдің ілімдерінің арқасында рух туралы ғылымның тәсіліне айналды. Хайдеггер герменевтика деп өмір сүру феноменологиясын айтса, қазіргі кезде герменевтика деп рух туралы ғылымның мәселелер өрісін ғылыми тұрғыдан түсінуді айтады. Бұл жерде түсіну – сананың сыртқы және ішкі әсерлер күшімен, туындаған қабілетін, субъектінің солар туралы түйсінуі мен мазмұнының шынайы екеніне күмән келтірмеуі. Герменевтика өкілдерінің пікірінше, философияның пәні адамдардың қатынасы ретінде түсінілген адамдар әлемі болып табылады. Сөйтіп, тек осындай атынастарда ғана адамдардың күнделікті өмірі өтіп жатады, мәдени және ғылыми құндылықтар туындайды. Ал, қоғамдағы әлеуметтік қайшы-

лықтар адамдардың бірін-бірі түсінбеушілігінен болып жатқан құбылыстар (Канке В.А. Философия. Исторический и систематический курс: учеб-ник для вузов. – М.: Издательская корпорация «Логос», 1997. – 352 с.).

Психоанализ – XX ғ. мәдениетіне зор әсер еткен ғалым З. Фрейд қалыптастырған психологиялық ілім. Психоанализ – адамның психикалық әлемі сана фсерасымен шектелмейді, оның шегінен шығады, бейсаналық деп аталатын сфера психика аймағында таралады. Шығыс философиялық және діни ілімдерде оған өте көп көңіл бөлінген. Көп уақыт бойы ол сананың әртүрлі аспектісін зерттеуге бөлінді. Батыс бейсаналық әлемін өзі үшін XIX-XX ғасырда ашады. XIX ғасыр постклассикалық философияның көптеген ағымдары (өмір философиясы, теософия, эмпириокритицизм, интуитивизм) дәстүрлі рационализмнен бөлек шығады. Философиялық ілімдерде бірінші орынға әртүрлі бейсаналық күштер – ерік, инстинкттер, интуиция, түйсік жасырылған рухани қабілеттер шығады. XX ғ. бұл тенденция дамыды, психоанализ деп аталды. Негізін салушы австриялық психолог, психатр З. Фрейд (1856-1939). Фрейдтің бейсаналық туралы идеялары:

- «Психоанализ очерктері»,
- «Оно»,
- «Лекции по психоанализу»,
- «По ту сторону принципа удовольствия» (1920)
- «Массовая психология» (1923) еңбектерінде жазылған.

Біздің көптеген тілектеріміз Фрейд бойынша бейсана құрылымы 3 элементі:

1.«Жоғары Мен» – (Супер эго);

2. «Мен» (эго) – саналылық сферасы (сыртқы әлеммен «Ол» арасындағы байланыстырушы);

3. «Ол» – (бейсаналық құмарлықтар).

Ең маңыздысы «өмір инстинкті» (эрос) – текті сақтау жалғастыруға тырысу және өлім инстинкті (танатос) агрессивті күш. «Ол» ляззат принципін басшылыққа алады, ол көбіне балалар мен жанұяларда болады.

Екінші деңгей «Мен» (Эго) ұғымымен белгіленеді. Бұл сана сферасы – үлкен қараңғы бейсаналықтағы кішкене жарық есептес. «Мен» сыртқы шындық ретінде қалыптасады, «Ол» инстинктіне тәуелді. «Ол» – «Меннің» жасырын қозғаушысы деп ойлайды Фрейд. Сана бұны ұдайы сезіне бермейді.

Үшінші деңгейі «Жоғарғы мен» ұғымымен анықталады (Супер эго). Бұл бейсаналықтың жоғарғы сферасы. Тәрбелік тиымдармен әлеуметтік және моральдық нормамен құрастырылған. «Жоғарғы мен» – моральді принцип көздері болып табылады. Алғашқы құмарлық ретінде Фрейд алдымен таза сексуалдық құмарлықты алады. Адамның саналы «Мені» – «Ол» мен қоршаған дүние арасындағы делдал. Бұл құрылым «Шындық принципін» басшылыққа алады. Оның мақсаты – адамның көмескі санасына ықпал ету. Адам «Мені», «Олды» (көмескі сананы) өзіне бағындыруға тырысады, алайда кейде өзі «Олдың» ықпалында болады. Жоғары мен орындалуды мәдени

тыйым салуларды бейнелейді. Жоғары мен ұят ретінде немесе көмескі кінә ретінде адам Меніне үстемдік етуі мүмкін. Көмескі санада белгілі бір жағдайларда сана аймағына шығып кететін элементтер болады. Мен қабылдау мен қозғалыс органдарының жүйесін бақылайды. «Жоғары Мен» сублимация арқылы Эдип комплексін шешкеннен кейін пайда болатын ең тыйым салынған либидо импульстары (жыныстық қуат) мәдени шығармашылықтың қайнар көзі мен құпиясы (Фрейд З., 1991).

Жыныстық инстинкт – либидоға көп көңіл бөлген, жыныстық құмарлықтың бастауы балалық шақта жатқандығын байқайды. Фрейд адам бойындағы агрессивтілікті жеке инстинкт деп қарастырады. Психоанализ философиясы қоғамдық процестерді реттеу мен түсіндіру үшін қолдануы керек. Адам басқа адамдардан жекеше шықты, оның психологиялық өмірінде қашанда «Басқа» қатысады. Мәдениеттің дамуы – адамзат арқылы адамдық агрессивтіліктің деструктивтілігінің формасы. Мәдениет пен адамдардың ішкі ұмтылысы арасындағы қарама-қайшылық неврозға әкеледі. Адам махабаттың сферасын қосты. Көмескі сана өткеннен мұраланған психиканың терең қабаты ретінде көрініс табады. Оның қойнауларында адамның жасырын жан сезімдері, құмарлықтары мен ынта назары ұялаған. Бұл құрылым «ләззаттану принципін» басшылыққа алады. Фрейд оларды «қайнаған құмарлықтардың қазаны» деп атайды. Мәдениет адамды жүйке науқасы (неврозға) ұшырататын тыйым салулар жүйесі ретінде табады. Ал екінші жағынан шығармашылық қиял және оның рәміздік бейнеленуі арқылы энергиясын босатуға мүмкіндік береді. Фрейд адамның психологиялық өмірі туылған соң басталады деп санайды, жаңа туған баланы «таза тақта» деп атайды. Кейде ол организмнің анықталмаған бейімділігі туралы, тіпті түс көруі мен қиялында орын алатын филогенездік сипаттағы өзіне тән архаикалық еске түсірулер туралы айтады. Фрейд психикалық процесстер динамикасында инстинкті құмарлықтар шешуші рөл атқарады деп санайды. Оларды Фрейд психикалық және тәндік аймақтарды байланыстыратын күштер деп қарастырады. Ол жыныстық құштарлықтар мен эгоның жыныстық емес өзін өзі қорғау инстинктілері кіретін бастапқы дуализм туралы идеяны алға тартты. «Өмір философиясының» иррационалистік тенденциялары психоанализдің ары жалғастырып теңестіреді. Психоаналитикалық арқылы эмпирикалық базасы психоанализ болып табылады. Ол психиатрияда неврозды катарсис немесе өзін тазарту тәсілі арқылы емдеумен пайда болды. Медицина әдістемесінен біртіндеп, ол арқылы өлім деңгейіне жетеді. Тұлғалық, мәдени және әлеуметтік құбылысты түсіндіруге дейін өсті.

Мәдениет бір адам емес, бүкіл адамдардың игілігі болғандықтан, ұжымдық невроз проблемасы шығады. Психоанализ идеяларын З. Фрейдтің шәкірті К.Г. Юнг жалғастырды. Егер З. Фрейд жеке адамның психикасын, оның адамның жүріс-тұрысына тигізетін ықпалын зерттеген болса, Карл Густав Юнг (1875-1966 ж.ж.) ұжымдық бейсаналылықты зерттеген. К. Юнг басында өз ұстазының көзқарасында болғанмен, жүре келе бейсаналықты басқаша түсіне бастайды. Аурулардың көрген түстерін сараптай келе, ол онда

халықтардың тарихи аңыз-әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бейнелерін байқайды. Олай болса, адамның жеке басының бейсаналығынан басқа, одан да терең «ұжымдық бейсаналық» формаларының бар екенін байқайды. Егер жеке адамның бейсаналық формалары сол адамның тәжірибесінен шыққан неше-түрлі психикалық, уақытында ұмытылып, я болмаса ығыстырылған тебіреністерден тұратын болса, «ұжымдық бейсаналық» – бүкіл адамзаттық тәжірибені қамтиды. Онда мыңдаған жылдардағы жиналған адамзат тәжірибесін, сонымен қатар, адамға дейінгі жануарлық «жасырылған іздерді» байқауға болады. Олардың көбін халықтардың мифологиясы, аңыз-хикаялары, діни сенімдіктеріндегі бір-біріне ұқсайтын батырлар, дана ақсақалдар, Жер-ана, перілер т.с.с. көркем бейнелерден байқауға болады. Оқтын-оқтын бұл бейнелер адамның түсіне кіреді. Олардың бәрін К. Юнг «архетиптер» деген ұғыммен береді. Олардың нақтылы мазмұны жоқ символикалық бейнелер, тірі тұлға өзінің өмір шеңберінде алған тәжірибесін сол символдарға толтырып, өз тұлғалық қасиеттерін қалыптастырады. Архетиптер халықтың әдет-ғұрыптары арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырады. Сонымен қатар, олардың көбі тіпті тұқым қуу механизмдері арқылы созылып, әдет-ғұрыптар жойылып кеткеннің өзінде де өмірде қайталана беріледі.

К. Юнгтің Фрейдтен өзгешелігі адамдардың бүкіл әрекетін биологиялық мұрагерлік инстинктке әкелсе, инстинктер биологиялық емес таза рәміздік табиғаты бар деп санайды. Ол символика, сана психикасының құрама бөлігі болып табылады, бейсаналылық жүйелік сипаттағы идея формаларды шығарады. Бұл форманың ішкі мазмұны жоқ формальды элементі бар. Бұл формальды элементтерді «архетиптер» деп атайды. К. Юнг адамда инстинктивті әрекеттер бар дейді. «Архетип пен рәміз» еңбегінде Юнг бұл ұғымның мәнін ашады. Юнг архетип ұғымын ұжымдық бейсаналылық туралы ілімдермен түсіндіреді. Юнг индивидуалды және ұжымдық бейсаналылық арасындағы айырмашылықты бөледі. Индивидуалды бейсаналылық жеке адамдардың тұлғалық тәжірибесін бейнелейді және қобалжудан тұрады. Ұжымдық бейсаналылық жалпы адамдық тәжірибе (Руткевич А.М. От Фрейда к Хайдеггеру / критический очерк экзистенциального психоанализа. – М.: Политиздат, 1985. – 175 с.).

3. Фрейд пен К. Юнгті жалғастырушылар – неофрейдистер ілімі.

3. Фрейд пен К. Юнгтің ілімдерін неофрейдист ойшылдар – А. Адлер (1870-1937 ж.ж.), К. Хорни (1888-1959 ж.ж.), Э. Фромм (1900-1980 ж.ж.) жалғастырды. Егер 3. Фрейд пен К. Юнг жеке адамның психикасын, оның адамның жүріс-тұрысына тигізетін ықпалын зерттеген болса, онда А. Адлер, К. Хорни, Э. Фромм фрейдизмнің негізгі идеяларына сүйене отырып, қоғам өмірін зерттеуге тырысты. А. Адлер фрейдизм іліміне – «компенсация» (толықтыру) ұғымын кіргізеді. Қайсыбір адамның психикасында өзінің дене кемшіліктерін сезінудің негізінде «өзіне деген сенімсіздік» бишаралық сезім пайда болады. Тұлға оны аттап өту жолында өзінің барлық шығармашылық мүмкіндіктерін сыртқа шығаруға тырысады. Осы адамның өз-өзін өмірде

нағыз болуға итерген іс-әрекетін А. Адлер компенсация дейді. Ал адам осы жолда «компенсациядан да үстем» іс-әрекет жасаса, онда ол ұлылық дәрежесіне көтерілуі мүмкін (мысалы, Наполеонның денесінің кішілігі, Гитлердің аяғын сылтып басуы т.с.с. – олардың дене кемшіліктерін ұлы істер арқылы компенсациялау әрекетін тудырды деген пікір әдебиетте бар). Бұл философтардың базалық идеясының негізінде адамдардың өмірлерінің әлеуметтік құрылымын түсіндіруге тырысты. Егер Фрейд тұлғаның іс қылығының мотивін түсіндіргенде адам әрекетінің себебін шығаруға зейін қойса, Адлер бұл үшін ұмтылудың соңғы мақсатын білу «Бейсаналылық өмірлік жоспарды» білу қажет, өмірдің қиындығын жеңуге сенімсіздікті жеңуге тырысады. Адлер ілімі бойынша, индивид дефект кесірінен денелік орган өсуінде жетілмегендік сезімін сезінеді. Бұл сезімді жеңуге тырыса отырып, ол өзінің шығармашылық потенциялын белсендіреді. Бұны Адлер компенсация деп атаған.

Жоғарғы компенсация – жеткіліксіздік сезіміне реакцияның ерекше әлеуметтік формасы. Оның негізінде «ұлы адамдар», ірі тұлғалар өседі. К. Хорни тұлғаның дамуының екі жолын көрсетеді – ол норма мен паталогия. Бірінші жолда адам өз табиғи дарындарын өзінің қабілеттеріне айналдырып, оларды дамытуға тырысады. Екіншіде адамның мінез-құлқында теріс өзгерістер қорланып, невроз ауруына әкеледі. К. Хорни оны әлеуметтік себептермен («ауру» қоғамның салдарлары) генетикалық (өзара тұлғалық және әке-шеше мен бала арасындағы теріс қарым-қатынастардың қалыптасуы) және «мәндік» (тұлғаның өз мүмкіншіліктерін іске асыру жолында жалған жолға түсіп кетуі) өзгерістермен ұштастырады. К. Хорни көзқарасының ерекшелігі – қауіпсіздікке тырысушылық негізгі қозғаушы мотив деп қарайды. Ол үнемі индивидтің қорқынышы үрейлі күйінен шығады. Қорқыныш сезімі индивидтің қылығы үшін ең негізгі болып табылады.

К. Хорни «Біздің ішкі жанжалдарымыз» (1945) жылғы кітабында тұлға қылығының бағыттылығының қоршаған адамдарға қатысты үш типін құрған:

1. адамдарға
2. адамдардан
3. адамдарға қарсы

Индивид қылығында невротикалық тұлғаның үш типі бар:

1. Махабатты қолдауды іздейтін
2. Қоғамнан бөлектенуге тырысатын
3. Агрессивті, престиж бен билікті қалайтын

Бұл реакция формаларының бәрі адекватты емес. Неофрейдизмнің ұлы өкілі есебінде американ философы Эрих Фроммды айтуға болады. Оның ойынша, тұлғаның ешқандай туа біткен психикалық қасиеттері жоқ. Тұлғаның барлық психикалық өзгерістері мен өмірдегі көріністері оның қоғам өміріндегі қатынастарға тереңдеу деңгейімен байланысты. Қазіргі қоғамдағы қатынастар «машиналанған», компьютерленген т.с.с. түрде болғандықтан, ол адамның шынайы мәнін «жаттандырып», оны неше-түрлі невроз ауруларына әкеледі. Қазіргі қоғам адамның осы дүниедегі болуының

орнына оған алуды ұсынады. Сол себепті ол тұлғаның «жинаушылық», «нарықтық», «енжарлық» т.с.с. мінез-құлқын тудырады. Тұлғаның жаттануының ең айқын көріністері: ол адамның еріктіктен бас тартып қашуы, нашакорлықтың, ішімдіктің жолына түсіп батуы, қылмыстық т.с.с. Ал осы көрсетілген кемшіліктерді тудырған «ауру» қоғамды қалайша «емдеуге» болады? (Фромм. Э., М., 2007).

Э. Фроммның ойынша, ол үшін ең бірінші қажет нәрсе: «гуманистік жоспарлауды» қоғамға енгізу, дүниедегі байлықты жинау, қорлау, алу психологиясынан бас тарту, қоғамды басқару жүйесіндегі қалыптасып қалған шен иелерінің жаттанған басқару формаларының орнына «гуманистік басқару» жүйесін енгізу, соның арқасында қарапайым адамдардың әлеуметтік өмірге деген ынтасын ояту, дүниеде болуға бағытталған құндылықтар жүйесін тудыру т.с.с. қажеттіктерді көрсетеді. Әрине, ұлы философтың бұл ойлары өтпелі кезеңді өз басынан өткізіп жатқан біздің қоғамға аса қажет ойландыратын нәрселер. Сонымен қатар, Э. Фромм адамның өмір сүру диалектикасына тоқталып, оның ешқашанда жойылмайтын трагедиялық жағын да көрсетеді. Біріншіден, адам бұл өмірге өзі сұранып келмейді – ол белгілі бір кездейсоқты жерде, уақытта дүниеге келіп, алғашқы сатыдан өмірінің соңына шейін «өмір мен өлімнің екі ортасында» болып іс-әрекет етеді. Екіншіден, осындай шектелген өмірдің шеңберінде адам өзінің бойындағы барлық дарындарын іске асырып, алдына қойған өмірлік мақсат-мұраттарын орындап үлгермейді, сондықтан олардың көбі, қазақ дүние сезіміндегі терминдермен айтсақ, «жалған, жеткізбейтін арман» болып қала береді. Э. Фроммның бұл ойлары бізді фрейдизмнің шеңберінен шығарып, экзистенциализм философиясына өткізіп жібереді. Индивидте тума ештеңе жоқ, - дейді Фромм. Оның барлық психикалық көріністері – тұлғаның әртүрлі әлеуметтік ортадағы бейнесі деп санайды. Адамның мінез қалыптасуында адам тіршілігінің екі жақтылығынан: «экзистенциалдық» және «тарихи» шығады. Экзистенциалдық адам болмысқа екі фактіні қосады: Өлім мен өмір арасындағы о баста бар адам. Әрбір адамдық тіршілік иесі потенцияның таратушысы деген қарама-қайшылық (Фромм Э., Минск, 1990).

Феноменология – дүниетаным мәселелерімен айналысқан ХХ ғ ағым. Негізін қалаған Эдмунд Гуссерль (1859-1938 ж.ж.). Ойшыл өзінің еңбектерінде «Заттардың өзіне қарай!» деген ұран тастады, өйткені, сол кездегі И. Канттың ізбасарлары ғылыми таным жолында шындықты ұғымдар арқылы құруға болады деген көзқараста болды. Екінші жағынан, ол неопозитивистердің шындықтың сезімдік деректердің негізінде «тікелей берілгені» жөніндегі қағидасына қарсы бағытталған болатын. Өз заманындағы таным теорияларын сынға алғанда Э. Гуссерль тағы да келесі екі ұғымды бір-біріне қарсы қояды. Олар білім мен пікір. Еуропалық мәдениеттің дағдарысы – осы ұғымдардың айырмашылығын елемегенінде. Пікір дегеніміз бұлдыр, айқын емес білім, ол жеке мүдденің шеңберімен шектелген таным. Оған ол қарсы ұғым ретінде «теория» деген грек сөзін қояды, ал оның алғашқы мағынасы – бимүдделі аңлау. Тек қана теорияға бағышталған философия дүниенің

универсалдық көкжиегін көре алады, - деп қорытады Э. Гуссерль. Ойшылдың өз алдына қойған негізгі мақсаты – сананы тазарту, оның адамзат тәжірибесі, тарихи процестен тыс өмір сүретін алғашқы құрылымын анықтау болып табылады (Никитич Л.А., М., 2000).

Гуссерльдің феномені – ол бұрынғы классикалық философиядағы басқа терең жатқанды көрсететін сезімдік тәжірибе арқылы берілетін құбылыс емес, ол – өз-өзін ашатын, табатын, тікелей санаға айқын көрінетіннің бәрі. Феноменология айқындығы тікелей интуиция арқылы көрінетін идеалдық мән-мағынаны зерттейтін ілім. Санадағы феномендер адамға тіл арқылы беріледі. Сонымен қатар, оған адамның жан-дүниесіндегі тебіреністер, сана арқылы ойланатын заттың мән-мағынасы т.с.с. бәрі де жатады. Таза сананың іргетасты ерекшелігі –оның интенционалдығы (intentio, – латын сөзі, – ұмтылу), яғни бірдеңеге әрқашанда бағытталғаны, соның санасы. қабылдау, еске сақтау, қиялдау, еске түсіру, тілеу, ой формалары т.с.с. бәрінің де заттық мазмұны бар. Интенционалдық – сананың құрамдас бөліктерін неше-түрлі мән-мағынаға толықтырады. Өзінің іс-әрекетінде адам аңқаулық көрсетіп, өзінің заттарға қалайша мән-мағына бергенін байқамай қалады да, оларды санадан тәуелсіз өмір сүріп жатқан (объективті) өзіндік танылатын қасиеттері бар құбылыстар ретінде қарайды. Ал шынына келгенде, санадан тыс өмір сүретіннің бәрін жақшадан сыртқа шығаруымыз керек, өйткені, санада объект пен субъект бір-біріне өтіп ажырамайтын феноменге айналады. Адам сана арқылы заттарды қабылдап, оларға белгілі-бір мағына беріп, сол арқылы олармен қарым-қатынасқа түседі. Бұл арада, бір жағынан, дүние тануға бағытталған іс-әрекет – ноэзис бар, екінші жағынан, осы таным процесінде ашылған мазмұн – ноэма бар. Э. Гуссерльдің ойынша, барлық ғылымның, жалпы дүниетанымның негізінде «өмірлік дүние» жатыр. Ол «барлық адамдарға мәлім», «тікелей анық», «адамның көзі жеткен», өмірде кең қолданылатын, ол жөнінде адамдар көп ойланбайтын нәрселер. Сондықтан өмірлік дүние бүкіл адамның дүниетаным негізінде жатыр (Зотов А.Ф. Западная философия XX в // Сочинения: в 2-х т. М., 1994).

Модернизм және постмодернизм. XX ғасыр көркемдік санасы шексіздік пен қазіргі шындықты көрсетуге мүмкін еместігін оны қамтитын бұрыннан бар поэтикалық формулалардың жарамсыз екендігін сезінеді. Екіншіден суретшінің хаосты реттілікке айналдыруға ұмтылысының шектеулігі тың, терең де ауқымды көркем шығармашылық формалары мен жолсызда жол таба білуі, дәуірінен асып түсуі, бәсекеде асып түсуі, ақырзамандық психологияны жеңе білуі мұның бәрінің қамтылуы мүмкін еместігі. Бұл диллемалар модернизм мен постмодернизм аумағында көрініс тапқан тенденциялар. Ғылымда мұндай құбылыстардың түсіндірілуі әртекті: жалпы түрде түсіндіруге ұмтылсақ модернизм көркем практика – кубизм, футуризм, абстракционизм, сюрреализм ретінде XX басында пайда болып екінші дүниежүзілік соғысқа дейінгі уақытты қамтыған. Постмодернизм өнері екінші дүние жүзілік соғыстан бүгінгі күнге дейінгі барлық көркем бағыттардың жиынтығын қамтиды. Оларға тән ортақ тұстары модернизмнің

жасампаздық табиғатын постмодернизмнің өлі формаларымен ойынына қарсы қойылуы. Модернизм өзінің көркемдік рәміздерін ішкі көркемдік қорларын жинақтай отырып құрады, постмодернде мұндай мақсат жоқ. Оның феномені – бұл ойын феномені өзін жоққа шығару, парадокстылық. Постмодернизмнің мәнге берген сипаттамалары бойынша Лиотар пікіріне сәйкес, «тілдер ойыны» жиынтығының ортасында өзіндік статустар легитимациясының ұмтылысы «метадискурстардың» пайда болуына әкеледі. Модернизм төмендегідей екі наррацияның үкімдігімен: ағарту нарративі мен рух нарративі сипатталады. Ағарту нарративінің өкілі ретінде Лиотар Кантты атайды, ол «философ әмбебап шындық пен адамдықтың» атынан сөйлейді. Ағарту деңгейіне жеткен қоғам адамдардың ағартуы мен еркіндігін ақиқатты тану арқылы тану арқылы қамтамасыз етеді. Лиотар рух нарративінің өкілі ретінде Гегельді атайды. Бұл нарративте философия білім арқылы бірлікке жетеді. Қазіргі заман өнер бағыттарына: перформанс, акция, энвайронмент, видео арт, авангард, абстракционизм туындылары жатады (Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. М., 2000).

Постмодернизм бағытын көптеген философтар, әлеуметтанушылар, лингвистер, филологтар зерттеген. Постмодернизм бағытының өкілдері – Жан Франсуа Лиотар, Жиль Делез, Жан Бодрийар, Франсуа Гваттари, Жак Деррида, Мишель Фуко.

Постмодерннің негізін салушы – француз ойшылы философ Жан Франсуа Лиотар болып саналады. Өйткені ол ХХ ғасырдың 60-70 жылдарында «постмодерн» терминін алғаш қолданған. «Состояние постмодерна» мақаласының және «Постмодернистский удел» кітабының авторы. Постмодерннің басты қызығатын проблемасы – «тіл арқылы билік ету». Оған әлеммен байланыс орнату, тану, жазбаша формада қорытынды жасау тән, сондықтан әлем немесе дүние мәтін түрінде танылады (Лиотар Ж.-Ф. Состояние постмодерна. СПб.: Алетейя, 1998).

Жак Дерриданың айтуынша «Мәтіннен тыс ештеңе болмайды, бәрі соның ішінде анықталады». ХХ ғасырдығы «мәтін» шындықты бейнелемейді, ол жаңа шындықты қалыптастырады деген бағыт постмодернизм еді.

Жан-Жак Деррида (1930-2004) – 1930 жылы 15 шілдеде Эль-Биарда (Алжирде) бай еврейлер отбасында дүниеге келген, ең атақты француз философы, әдебиет теоретигі, деконструктивизмнің негізін қалаушы, постструктурализмнің дамуына елеулі үлес қосқан. 19 жасында Алжирден Францияға келіп, университетке түскен, 1960-64 жылдары Сорбонда ассистент болып жұмыс істеді. 1964 жылы философия профессоры болған. Ол Хайдеггер мен Фрейд идеяларын қолдаған. Ол 80-ге жуық кітап, мыңдаған мақалалар мен интервьюлер қалдырған. 1967 жылдан бастап, 1996 жылға дейін жазған еңбектері:

- «О грамматологии»,
- «Письмо о различие»,

- «Голос и феномен»,
- «Поля философии»,
- «Рассеивание»,
- «Шпоры стиля Ницше»,
- «Призраки Маркса»,
- «Монолингвизм другого»,
- «Психея изобретения другого»,
- «Диссеминация».

1968-1974 жылдары Джон Хопкинс университетінде сабақ берген. 1974 жылы Йельс университетінде сабақ берген. 1983 жылы ол Сорбонда халықаралық философия колледжінің бірінші директоры болады. 1990 жылы ол Ресейге келіп семинар өткізген. Осы саяхаттан кейін «Жак Деррида в Москве» атты кітабы шыққан. Ол 2004 жылы рактан қайтыс болған.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. А. Шопенгауер философиясының негізінде не жатыр?
2. С. Кьеркогер не үшін Гегельдің философиясын сынға алады?
3. Әлемдік Ерікке қарсы күресінде адам қандай сатылардан өтеді?
4. Феноменологиядағы сананың интенционалдығы дегеніміз не?
5. С. Кьеркогердің экзистенциалдық диалектикасының маңызы неде?
6. Герменевтика дегеніміз не?
7. М. Хайдеггердің «болмыстың үйі – тіл» деген ойын қалай түсінесіз?
8. Экзистенциализм, оның мәні
9. Экзистенциализмнің француздық өкілдерін атаңыз.
10. Психоанализ: «Мен», «Ол», «Жоғары Мен».
11. Либи́до, сублимация
12. Герменевтика – әдіс ретінде
13. Модернизм
14. Постмодернизм: Деррида.

VII ТАРАУ. ҚАЗАҚ ФИЛОСОФИЯСЫ.

§7.1. Қазақ философиясының даму кезеңдері.

Қазақ халқының философиясы қоғамдық санасының, тарихи жағдайлардың қалыптасу ерекшелігіне байланысты V-VI ғасырлардан ислам дінінің қоғам өміріне енуінен бастау алады. Ислам діні қазақ топырағына араб мәдениетін әкелді, бірқатар ойшылдардың еңбегі араб тілінде жазылды, аударылды. Мысалға алсақ, IX ғасырда өмір сүрген Фараби өз еңбектерін араб тілінде жазды. Бірақ Фараби туралы «Ортағасыр шығыс араб мұсылман философиясында» кеңінен қарастырғандықтан, бұл тарауда біз оны қайталамаймыз(60-63 беттерден қараңыз). Жүсіп Баласағұн “Құтты білік” шығармасын араб әрпімен түркі тілінде жазған. Ал аса көрнекті Ахмет Иассауи өз шығармаларын түркі тілде жазғанмен, араб әрпін қолданған. Жүсіп Баласағұннан кейінгі түрік ойшылдарының қатарына Ахмет Игуники, Махмұт Қашқари, Жамал Қарши т.б. жатады. Қазан төңкерісіне дейін бұларды қазақ зиялылары жақсы білген, сонымен қатар көшпенділер деген атта қалған. Бұл ойшылдардың көбісі араб парсы мистикалық философиясының ықпалында болған. Қазақ топырағына араб парсы мәдениеті Шығыс поэзиясы арқылы танылған. Фирдауси бастап, Науай деген ақындар бәрі суфизм ықпалында болды, сондықтан өнерге, поэзияға жақын. Қазақ халқы исламның ортодоксалдық жағына ден қоймай, оның философиясын қабылдаған, философия қазақ халқына сырттан танылған ілім емес, өзінің төл санасына жататын құбылыс. Сондықтан араб-парсы мистикалық философиясын қазақ халқы сол күйінде емес, өзінің өмір сүру тәсілі салты ерекшелігіне сай қабылдаған (Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 25, 35 бб).

VIII – IX ғасырда данышпан ойшыл Қорқыт ата өмір сүрді, «эпостық жыр атасы» деп аталған ол туралы тарихи жыр дастандар аңыздар ән күйлер көп кездеседі. Қорқыт атаның негізгі көзқарастары адам өмірі тағдырға жазылған деген фатализмге қарсы күресіп, адамдарға мәңгі өмір іздеуші тұлға ретінде өзін көрсетті, ол өмірдің қиындықтарына мойынсұнбай, үнемі күресе білуге шақырды, әр істің ізгілікпен жақсылыққа негізделіп, жүзеге асуын уағыздады, бұл ғұламаның кейінгі ұрпаққа берген рухани тәлімі. Қорқыт ата қазақ даласында тұңғыш рет қобыз жасаушы болып табылады, қазіргі уақытта 22 – ден астам күйлері белгілі шартарапқа тараған Қорқыт дүниеде өзгермейтін еш нәрсе жоқ деп, “Сынбас темір жоқ – өлмес өмір жоқ”, өлмейтін өмірді өнерден табады. Қорқыт бабамыздың артынан қалдырған жырлары өте маңызды. Қорқыт кітабы 12 жырдан тұрады. Бүкіл түркі елдеріне ортақ бұл кітаптың 2 түрлі нұсқасы бар: оның бірі – Ватикан (Рим), Дрезден (Германия) қаласында кітап қоймаларында сақталған.

Қорқыттың нақыл сөздері қазақ мақалдарына өте ұқсас одан көшпелі елдің салт-сана табиғат және қоғамға деген көзқарасы көрініп тұр. Ол уақытты қадірлеуге шақыру, сол арқылы өмірге мәңгілік ену идеясы оның философиясының іргетасын қалайды. М. Әуезов Қорқыттың мәңгі өмірі

туралы толғаныстарын негізгі философиялық түсінігін аша келе, оның болашақ ұрпақ үшін дүниетанымдық маңызы зор мәңгілік мұра екенін атап өткен. Қорқыт – “Өлім” деген құбылысқа қарсы тұра алатын рухани күш таба білген. Жалпы алғанда, «Қорқыт ата кітабындағы» көтерілген әлеуметтік мәселелерге келер болсақ – олар: халықтың бірлігін сақтау, әлеуметтік әділеттілікті жақтау, жер мен суды ақылмен пайдалану, қылмыскерлермен заңды жолмен күресу, әдет-ғұрыпты сақтау, елді жаулардан қорғау т.с.с. Халықтың жадында қалған аңыздар бойынша, Қорқыт ата өмірінің соңғы кезінде қобызын тартып, неше-түрлі әуендер шығарған. Табиғаттың тылсым күштерін, адам жанының көңіл-күйлерін, сезімін ұлы бабамыз қобыз сарынымен жеткізе білген. Ол өлгенде оның артында шығарған күйлері қалады. «Қорқыт күйлері» осы уақытқа дейін ойналады (Аюпов Н.Г.,1998). Сонымен, Қорқыт атаның қалдырған терең философиялық ойлары (ел қорғау, ар-намыс, бірлік үшін күресу, ізгі ниетте болу, ұлағатты іс-әрекеттерімен халықтың рухында қалып өлместік дәрежесіне көтерілу т.с.с.) ұрпақтан-ұрпаққа рухани мұра болып қала беретіне біз кәміл сенеміз (Мырзалы С., 2008).

Орта ғасырлардағы Отандық философияда ерекше орын алатын Жүсіп Хас Хаджиб Баласағұн (1017-1083ж.ж.). Баласағұн қаласында дүниеге келген. Негізгі еңбегі «Құтадғу білігі» (Құтты білік) – алғашқы түркі тілінде жазылған мәдени-эстетикалық, философиялық дастан. Онда қазіргі түркі тілдес халықтардың Орта ғасырлардағы тарихы, қоғамдық саяси өмірі, ғылым мен әдебиеті, әдет-ғұрпы, жалпы алғанда мәдениеті жөнінде қыруар мол деректер бар туынды. Ж. Баласағұнның ойынша, Дүние жер, су, от, ауадан тұрады. Адам басқа тіршіліктерге қарағанда ерекше жаратылған пәнде. Оның жан-дүниесінен өнер, білім, ақыл-ой, көңіл, ұятты табуға болады. Дастанның арқауы ретінде 4 қағиданы көрсетуге болады:

- әділеттілік, өйткені, мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратын әділ заңдар болуы қажет. Баласағұнның айтуынша: «Кісіге үш дүние пайдалы. Ізгі іс немесе мінезі тұзулік.
- ұят, үшіншісі – әділдік. Бұл үшеуі арқылы адам шын бақыт табады. Ісі ізгі болса, халық сүйеді. Ісі әділ болса, төрге шығады. Екіншісі – бақ-дәулет. «Барлық ізгі нәрсеге байқап көр», - дейді ұлы бабамыз.
- ақыл-парасат. «Білік берді – адам бүгін жетілді. Ақыл берді – талай түйін шешілді.
- қанағат-ынсап.

«Құтты біліктегі» «білік» сөзінің екі мағынасы бар. Оның бірі «білім» болатын болса, екіншісі «билік ету», «елді басқару». Соңғы мағынада ойшыл: “Бек халықты тек білікпен сендірер. Барлығын да ақылына жеңдірер. Дана келсе елді ұзақ билегің. Заңды ұстап, бұрсын елге бүйрегің», - дейді. Өзінің дүниеге деген көзқарасында Ж.Баласағұн рухты бірінші орынға қояды. Адам ақыл-парасаты бар ерекше пәнде, ақыл адаммен қоса жаратылады. Сондықтан, дүниеде адам зерттеп білмейтін нәрсе жоқ. Адамның ақыл-

парасаты күдіретті. Өзінің шығармасында Ж. Баласағұн имандылық, әдептілік, жалпы тәлім-тәрбие жөнінде де тамаша өсиеттер қалдырды. Оның ойынша, адамдардың қарым-қатынасында үш жаман нәрсе бар:

- жауыздық істеп, мәмілеге келмей қасарысып тұрып алу, яғни келісімге келмеу;
- жалған сөзбен шұғылдану. Тіл, бір жағынан адамды білікке жеткізсе, екінші жағынан, адамды өмірден әкетуі мүмкін;
- сараңдық (Баласағұн Ж. Құтағду білік. – Алматы, 1991. – 123 б).

Орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың біріне Махмуд Қашқариді жатқызуға болады. Негізгі еңбегі – Диуани лұғат ат-түрік (Түркі сөздерінің жинағы). Бұл қазіргі түркі халықтарының бәріне ортақ мұра. Бұл еңбектен біз сол кездегі түркі тайпаларының тілдері мен жалпы мәдениетінің деңгейін, олардың қоғамдық-экономикалық, әлеуметтік жағдайын, көне тарихы мен әдет-ғұрыптары жөнінде сан-алуан мәліметтер аламыз. «Диуанида» 200 - ден астам өлең, 300-ге тарта мақалдар, толып жатқан қанатты сөздер, 29 тайпаның аты аталады, ондағы көптеген жырлар өте ертеде өмірге келгенін аңғару қиын емес. М.Қашқари түркі халықтарын бірлікке, өз халқын сүйуге, халықтың бостандығы үшін жан аямауға шақырады, батырларды мадақтайды. Қашқаридің шығармалары көне түрік тайпаларының дүниесезімі мен дүниетанымымен таныстыратын бірде-бір құнды құжат екенін айтып кетуді жөн көрдік.

XII ғасырда өмір сүрген ұлы ойшылдардың қатарына А. Иугнекиді (Әдіб-Ахмед Махмуд Жүйнеки) жатқызуға болады. Ол жөнінде «...ақындардың ақыны, даналардың көш басы, гауһардан сөз теретін, одан ешкім озбады», – деген өлең сөздер қалған. Негізгі еңбегі «Ақиқат сыйы». Бұл дастанда көтерілген негізгі мәселе – ол адам өмірінің мәні. Осы орайда ойшыл моральдік мәселелерге көп көңіл бөледі. Адам – саналы түрде іс-әрекет жасай алатын пәнде, ал оның санасын, рухын дамытатын – білім. Оның ойынша, «білімсіздік – тірі өлік». Ғұлама ақын адамның бақытты болуы – білімге, ал бақытсыздық – қараңғылыққа, надандыққа байланысты деп ұғынды. А. Иугнекидің даналығы – ол білімді қажетті түрде моральдік санамен бірге ұштастырып қарайды. Ол бізге «дәрежең өскен сайын ұстамдырақ бол, тәкәппарлықтан құтыл, кішіпейілдік ұста. Ұлықсынба, абайла!», - деген тамаша өсиеттерді қалдырды.

Орта ғасырлардағы қалыптасқан философиялық ағымдардың ішінде сопылық философия ерекше орын алады. «Сопы» деген сөздің төркіні шамасы «sophos» – «дана» деген грек сөзінен шықса керек. Сопылық философия ислам дінінің шеңберінде пайда болған мистикалық (күпия) аскеттік (өз-өзін шектеу) ағым. Оның дүниеге келу себебін жете түсіну үшін біз ислам дінінің кейбір ерекшеліктеріне өз назарымызды аударуымыз қажет.

Сопыларды ресми мешіт алғашқы ғасырларда қанша қудаласа да, қарапайым халық арасында олардың беделі өсе берді. Олар тек қана Құранның аяттарын, шарияттың қағидаларын түсіндіріп қана қоймай, дінді

философиялық тұрғыдан тереңдете білді. Сопылардың ойынша, Шарифатты терең игеріп, оның талаптарын бұлжытпай орындау – ол құдайшылдықтың бірінші сатысы ғана. Өйткені, адамның сыртқы іс-әрекеттері мен оның ішкі пиғылы, ниеттері бір-бірінен тіпті алшақ болуы да мүмкін, құдайлыққа өтудің екінші сатысында адам осы екі ортада ешқандай қайшылықтар болмауы үшін іс-әрекеттер жасауы керек, ол Алланың алдындағы ең жоғарғы адалдық дәрежеге көтерілуі қажет. Ол үшін адам өзіндік сана сезіміне өне бойы тереңдей түсіп, оны Жаратушының құдіретті күштеріне бейімдеуі қажет – бұл адамның екінші сатыдан – Тарикаттан өтуімен тең. Сонда ғана адам құдайға, яғни үшінші саты – Ақиқатқа көтеріліп, Алла-тағаланы жүрекпен сезініп, онымен қауышады. Алайда бұл сиқырлық мистикалық қиын жол, ол адамның құдайды іздеудің жолында күндіз-түні құлшылық етіп, өне бойы рухани ізденісте болуын талап етеді. Сонда ғана оның ішкі көкей көзі (интуиция) ашылып, аян арқылы ол Алла-тағаламен сұхбаттаса алады.

Сопылық философияның өкілі Қожа Ахмет Яссауи (1094-1167ж.ж.) еңбегі «Диуани Хикмет» (Даналық кітабы). Бұл еңбекті негізінен алғанда адамның рухани даму жолын жарқырытып көрсетіп тұратын шамшырақ ретінде қарауға болады. Қ.А. Яссауи философиясында қойылған негізгі мәселе – ол адам болмысы, ал оның өзінің екі жағы бар:

- біріншіден, адам дене, оның қажеттіктері өтелмей өмір сүру мүмкін емес;
- екіншіден, адам рух, ол оның басқа тіршіліктермен салыстырғандағы негізгі ерекшелігі, аса баға жетпейтін қасиеті.

Бұл арада Қ.А. Яссауи үзілді-кесілді адамның терең мәнін оның рухани тұңғиығынан іздейді – бұл көзқарас неміс ойшылы К. Ясперстің «нағыз адамның өмір сүру ақуалы – рухани ақуал» деген сөзімен үндеседі. Қ.А. Яссауидің қойған пендешілікті шектеу, нәпсіні тиу, руханиятты жоғары ұстау, қанағаттыққа келу мәселелері бүгінгі жер бетіндегі өмір сүріп жатқан адамзат қауымына өзінің өзектілігімен танылуда, әрине, арада сан ғасырлар өтті, өндіргіш күштер ол заманда түске де кірмейтін ғажап биіктік-терге көтерілді, бірақ, сонымен қатар қоғамның рухани-адамгершілік саласы да сондай биіктіктерге самғады деп айта алмаймыз, бұл сала да бір орнында қалған жоқ, онда да алға жылжушылық байқалады, бірақ оның даму қарқыны материалдық саламен салыстырғанда анағұрлым төмен болуда.

XV ғ қарай тарихының тамыры көне заманға кететін түркі тайпаларының өмірінде елеулі өзгерістер басталады. Жәнібек пен Керей бастаған көшпенді тайпалары қазіргі Қазақстан жерінде өз мемлекеттігінің туын тігеді де, өзінің жаңа этнониміне – “қазақ»,- деген атқа ие болады. XV-XVIII ғғ дүниеге келген философиялық ой-талғамдар негізінен алғанда жыраулық түрде таралып өмір сүрді. Өйткені, көшпенділердің арасында сауаты ашылған, жазылған сөзді оқитын адамдардың саны көп болмай, олар көбіне ақсүйектерге ғана тән болатын, қарапайым сөзбен жеткізілген ой біреуден-екіншіге тарау жолында өзгеріп алғашқы мән-мағынасын тез жоғалтатыны баршаға мәлім. Тек қана өткір де терең, нақышына келтірілген өлең шумақтары адамның ақыл-ойымен қатар оның сана-сезіміне өзінің зор әсерін

тигізіп, халықтың жадында сақталып, оның дүниеге деген көзқарасы мен іс-әрекетіне өзгертулер енгізе алды. Жалпы алғанда, бұл тек қана қазақ халқына ғана тән нәрсе емес.

Қазақ халқының ақын-жырауларының ішінен аса көрнекті тұлғалар ретінде Сыпыра жырауды (XIV ғ), Асан Қайғы, Қазтуған Сүйінішұлын (XV ғ), Доспамбет пен Шалкиіз жырауларды (XVI ғ), Жиёмбет пен Марғасқа жырауларды (XVII ғ), Ақтамберді мен Тәтіқара, Бұқар жырау мен Шал ақынды (XVIII ғ) атап өтуге болады. Сыпыра жырау Тоқтамыс хан билеген сұрапыл күңгірт уақытта өмір сүрген жырау болса керек. XV ғ өмір сүрген Қазтуған Сүйінішұлы Еділ мен Жайық арасын мекендеген ұлыстарды өмір бойы бірлікке шақырып, ел-жұртына тыныштық, бақ-дәулет тілеген жырау ақынның екі жолынан бір жағынан оның халқына деген махаббатын, екінші жағынан, оның оған деген аяныш сезімін байқауға болатын сияқты. Жырау өзінің жеке өмірін халқының тағдырымен ажырамастық тұрғыдан қарастырып, өз жұртын Отанды сүйуге, ата-бабалардың ғұмыр кешкен жағалай ортасын әлпештеуге, оны қорғауға шақырады.

XV ғ аса көрнекті жыраулардың бірі – Асан Қайғы. Оның аты ғасырлар бойы халықтың жадында сақталып, аңызға айналып кеткен. Жырау өмір сүрген уақыт: Алтын Орда мемлекетінің ыдырап жаңа қазақ хандық мемлекеттігінің қалыптаса бастау кезеңі болатын. Міне, Асан қайғы осы күрделі де жауапты іске ат салысып, жаңа мемлекеттің ірге тасын қаласқан ұлы тұлға. Халықтың қамын көп ойлап, сол кездегі ел басындағылардың кемшіліктерін, кейбір тайыздықтарын көрсетіп, оларға ақыл беріп, дұрыс жол сілтегені үшін оны халық Асан қайғы деп атап кеткен. Жырау халықтың тарихындағы шешуші кезеңі келгенін сезіп, жаңа мемлекеттілікті құру жолында кетіп жатқан қателіктерді әшкерелеп, Жәнібек ханға сын айтқан. Жыраудың қазақ халқының болашақтағы қалмақтармен қақтығысын, бодандыққа ұшырайтынын алаңдап сезгені сияқты ой келеді. Ол жаулардан құтылудың негізгі жолы – бейбіт өмірді қамтамасыз ету. Асан Қайғы халықты бірлікке шақырып қана қоймай, оны қалай қамтамасыз ету керектігін талдайды, ел бастайтын топты халық қамын ойлауға, әділеттілікке шақырады. Сонымен қатар, Асан қайғы қоғам өміріндегі моральдік қағидаларға да көп көңіл бөледі. Оның ойынша:

- әділдік – өтірік-өсекпен, алдау-арбаумен қабыспайды;
- даналық – өткен күндегі шындықты іздеу;
- қорқақтық – жау мен жауыздың алдында қашқақтау; залымдық – әлсізге жәбір көрсету;
- ақымақтық – айтқан ақылға көнбеу; т.с.с.

Асан қайғы – қазақ жерінен шыққан алғашқы утопист. Елдің ауыр тұрмысы, табиғат қатандығы, оқтын-оқтын болатын жұт, аштық т.с.с. оны қатты күйзелтеді. Табиғатқа қарсы тұру, оны өзгерту керектігі сияқты Батыс қоғамдарында пайда болған идеялар көшпенділерге тән нәрсе емес еді. Сондықтан, ұлы жыраудың назары «жерұйықты» іздеуге бағытталады. Оның суы – сүт, топырағы – май, тасы – алтын, онда халық зардабы, соғыс, тартыс-

қырқыс дегендер жоқ, бай да, кедей де – жоқ, бәрі де – жеткілікті, бәрі де – бақытты. Ол мұндай «жұпар қорығын» өмір бойы іздеді. Ол, әрине, қай халық болмасын, бақытты өмірді аңсаған армандарының бір көрінісі еді.

Жоғарыда көрсетілген ой-толғаулар XVI ғ өмір сүрген жыраулардың шығармашылығында өз жалғасын тапты. Бұл кезеңнің көрнекті өкілі өмірден жастай кеткен Доспамбет жырау болды (30 жасқа келгенде Астрахан маңындағы бір шайқаста қаза табады). Оның толғауларынан өткен әскери-демократия кезеңіндегі көшпенділердің ерік пен теңдік, өз елін қорғаудағы ержүректік қасиеттерін мадақтап мақтаныш еткенін байқаймыз. Жыраудың ойынша, әңгіме бұл өтпелі фәниде ұзақ та солғын өмір кешуде емес, оны мазмұнды өткізуде. Яғни, ол қазіргі тілмен айтсақ, өмірде алу, иелену, байлыққа масаттану емес, керісінше, болуды аңсаған ержүрек батыр.

XVI ғ көрнекті жырау Шалкиіз Тіленшіұлы болды. Жыраудың ой-толғаулары ел-жұртты қорғау, адамның қысқа өмірін той-думанмен өткізу, әлсізге қол ұшын беру т.с.с. әдеттегі тақырыптарға арналса да, өзінің ерекшеліктерімен сипатталады. Мысалы, халықтың белгілі бір орталық билікке бағыну керектігі. Жыраудың ойынша, халықтың бірлігін арттыратын жақсылық жолы, сондықтан ол «жығылғанды тұрғыз, жылағанды уат, қисағанды түзет» дейді. Адамды аспанға көтеретін де, құзға құлататын да – Тәңір. «Тең атаның ұлы едің, дәрежеңді артық етсе – Тәңірі етті», - дейді жырау. Өмірі толығынан қауып-қатерге толы, ертеңгі күні не болатынын білмейтін көшпендінің дүниесезіміне мұндай өмір философиясы оған тірек болып, оны батырлыққа итерді. Табиғат және оның ажырамас бөлігі – адам – Шалкиіздің шығармашылығының өзекті тақырыбы.

Тарих сахнасына келген XVII ғ әлі басы бірікпеген қазақ халқына жаңа қиындықтар әкелді. Бір жағынан күннен-күнгі күшейіп келе жатқан Ресей мемлекетінің суық лебі бұрынғыдан да гөрі айқын сезіле басталса, екінші жағынан, осы ғасырдың бірінші жартысында Шығыста жатқан жоңғарлардың ру-тайпалары бастарын біріктіріп, өз хандығын дүниеге келтіреді. Шығыста жатқан қытай мемлекетіне бата алмаған қалмақтар өз өрісін қазақ жерлерін жаулап алу арқылы кеңейткісі келді. Осыдан қазақ халқының басына орасан-зор қауіп туады. 1723 ж. ойраттар қазақ жеріне бас салып, бытырап жатқан қазақ руларын орасан зор күйзеліске ұшыратады – халықтың үштен-бірі қырылып, қыруар мал жау қолына түседі. Халықтың санасында бұл апат «Ақтабан-шұбырынды, Алқакөл-сұлама», - деген атпен тарихқа кірді. Әрбіреуі өз жағына бұратын қазақ билерінің есі енді ғана жиналып, жоңғарларға төтеп беру үшін біріге бастады. Мұндай қауып-қатер туған жағдайда халық өз ішінен ұлы саясаткер-билерді – Төле, Қазыбек, Әйтеке т.с.с. тудырды. Халық арасынан Отан үшін өз жанын беруге даяр Абылай, Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Жәнібек, Қарасай т.с.с. мыңдаған батырлар шығып, халықтың басын біріктірді, шешуші кезең де келіп қалды. 1730 ж. Балқаш көлінің төңірегіндегі шайқаста қазақтар жоңғарларға ойсырата соққы беріп, күйретіп өз жерін жаулардан босатты. Халық бұл шайқасқа Аңырақай жеңісі деген ат қойды. Әлсіреген қазақ халқы екі жаққа бірдей тойтарыс бере алмады.

Сондықтан, осы кезден бастап, Ресей қазақ жерлерін өзіне қоса бастады. Міне, жоғарыдағы көрсетілген ауыр қайғы-зардапқа толы тарих кезеңдері халықтың өзіндік сана-сезімін жаңа деңгейге көтерді. Сол уақыттағы өмір сүрген жыраулардың, ойшыл-билердің де шығармаларындағы халық тарихы, тағдыры жөніндегі ойлары пісіп-жетіліп, жаңа сапалық деңгейде көріне басталды. Ақтамберді, Үмбетей, Қожаберген, Бұқар, Шал ақынды ерекше атауға болатын сияқты, себебі сол кездегі халықтың ауыр жағдайы, арманы мен мұны бұл жыраулардың шығармаларында кеңінен орын алды. Бұл Дүниеде ұзақ өмір сүріп, XVII ғ екінші, XVIII ғ бірінші жартысын қамтыған жыр алыбы Бұқар жырау болды. Жырау өмірінің жас кезінде Тәуке ханның жанында болса, өмірінің соңында – Абылай ханның ақылшысы, кеңесшісі. Сол кездегі сұрапыл заманды жырау еңбектерінде ұтқыр суреттеген. Енді Бұқар жыраудың әлеуметтік-саяси көзқарастарынан өтіп оның болмыс, адам жөніндегі ойларына келер болсақ, ол бұл Дүниені өтпелі жалған ретінде қарайды.

XVIII ғ қазақ халқының ой-өрісіне жыраулармен қатар өзінің үлесін қосқан дана «қара қылды қақ жарған» билер болды. Атақты Қазыбек, Әйтеке мен Төле билерді қазақ халқы өз жадында сақтап, олардың қазақ халқының мемлекет-тігіне қосқан үлесін ешқашан есінен шығармаған. Қазіргі тілмен айтсақ, бұл билердің шешімдері адамдардың «табиғи құқтарына», олардың бір-біріне деген теңдігі мен еріктігіне негізделген болатын. Сонымен қатар, олардың өмір, адамдардың қарым-қатынастары жөнінде айтқан талай-талай нақыл сөздері осы күнге шейін бізді таңғалдырады, олардың әрбіреуі үлкен кітапқа пара-пар.

Қазақ халқының тарихындағы XIX ғ келер болсақ, Ресей империясының бодандығына өткен елде, сол алып мемлекеттің шеңберінде жаңаша, негізінен, жерде отырып өмір сүру жолдарына икемделу, осы күрделі де, қиын жағдайда халықтың өзін-өзі сақтап қалу мәселесі өмірдің алғышарттары ретінде тарихи сахнаға шығады. Халықтың тарихында бұрын-соңды болмаған мұндай өткір бетбұрыс философия саласында ағартушылық ағымды тудырады. Халық ағартушылары Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаев секілді ұлы тұлғалар халықты жаңа өмірге баулып, оны сауаттықты ашуға, білімге, еңбекқорлыққа, белсенді өмір салтына, жасампаздыққа шақырды. Қазақ даласындағы ағартушылық көшін бастаған аса дарынды ұлы тұлға Шоқан Шыңғысұлы Уәлиханов (1835-1865 ж.ж.) болды. Өзінің қысқа өмірінің шеңберінде ол өте көп істерді тындырып, тек қана қазақ халқының өткен тарихын, әдет-ғұрпын, жалпы руханиятын зерттеп қана қоймай, сонымен қатар, сол кездегі нақтылы өміршеңді мәселерге ат салысып, қалың бұқараның мүдделерін аса батылдықпен қорғады. Шоқанның онтологиялық (болмыстық) көзқарастарына келер болсақ, ол күнбе-күнгі адамның тәжірибесінен шығатын, сол кездегі жаратылыстану ғылымдарына сүйенетін материалистік бағытта болды. Оның тікелей болмыс жөніндегі еңбектері болмағанмен, оны біз Шоқанның қазақтардың шамандық (бақсылық) өмірсезімін талдауынан байқаймыз. Шамандықты көшпенділер-

дің алғашқы көне діні ретінде қарап, ойшыл Табиғаттың сиқырлы да үрейлі күштерінің осы дінде бейнеленгені жөнінде айтады. Яғни, Табиғат бірінші де, адамның өзі сол табиғаттың төл туындысы болғаннан кейін өзінің сана-сезімінде жағалай ортаны дұрыс, я болмаса қияли бейнелейді. Енді ойшылдың әлеуметтік болмыс жөніндегі көзқарастарына келер болсақ, ол «географиялық детерминизм» бағытын ұстағанын байқаймыз. Қоғамның дамуына жағалай қоршаған ортаның жазықтығы, я болмаса, тау-тастығы, ауарайы, жер құнарлығы т.с.с. факторлары жатады. Олай болмақ түгіл, ол бүгінгі таңдағы мәселелерді тереңірек түсінуге көмектеседі. Мысалы, реформалардың басында ауыл шаруашылығындағы ірі ұжымдық мекемелерді жойып, олардың орнына жеке шаруашылық қожалықтарын орнату саясаты жүргізілді. Әрине, мұндай саясатта елдің географиялық ерекшеліктері ескерілген жоқ. Қазақстан АҚШ, я болмаса, Бразилия, немесе Франция емес. Енді бүгінгі таңда ғана біз жіберген қателіктерімізді байқап талдап жатырмыз. Сонау көне заманнан бастап, Жаңа дәуірге дейін елдің сайын даласында тек қана көшпенді мал шаруашылығы ең тиімді шаруашылық формасы болғанын Шоқаннан кейінгі бізге де мойындауға тура келеді. Тек қана индустриалық-машиналық өндіріс пайда болып, өндіргіш күштер зор даму қарқынын алған кезден бастап, қана солтүстік және орталық өңірлерде жерге тұрақтану мүмкіншілігі пайда болып, сол кезден бастап, қазақ жерлеріне басқа мемлекеттердің «қызығушылығы» пайда бола бастады.

Ш.Уәлихановтың әлеуметтік-саяси, құқықтық көзқарастарына келер болсақ, ойшыл жан-тәнімен халықтың қамын ойлап, «әділетті басқару» жүйесі арқылы «парасатты реформалардың» негізінде халықтың хал-ақуалын өзгертуге болатынына сенді және оны жақындату үшін барлық күш-жігерін салды. Ол 1862 жылы Атбасар аймағының сұлтан-басқарушы лауазымын жеңіп алу үшін сайлауға түсіп жеңгенмен, Патша үкіметі оны бұл орынға бекітпей қойды. Одан кейін Шоқан «Сот реформалары жөніндегі жазбалар» атты өзінің ғылыми еңбегін жазады. Осы кездегі Ресей мемлекетінде буржуазиялық-демократиялық реформалар қомақты орын алып жүріп жатқанымен «азиаттық деспотия», пара алу, заңды бұзу, қарапайым адамның ар-намысын аяққа басу т.с.с. кертартпалықтар бұрынғыдай болып жатты. Сондықтан, Шоқан Ресей мемлекетінің құқықтығына зор күмән келтіреді. Құқықтық мемлекетте заңдардың үстемдігі әрқашанда сақталуы қажет – оны ешкімнің де аттап өтуіне құқы жоқ. Заңдар бұзылған жағдайда жаза әділ сот арқылы берілуі керек, - деп қорытады ойшыл.

Шоқан Патша үкіметінің Ресей сот институтын өзгертпеген, бейімделмеген түрде қазақ қоғамының өміріне еңгізуіне үзілді-кесілді қарсы шығып, оның негізсіздігін көрсетеді. Ресей заңдары қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың ерекшеліктерін, халықтың тарихи қалыптасқан құқтық көзқарастарын ескермейді. Шоқанның ойынша, таяу болашақта қазақ даласында үйреншікті, халық алдында абыройы бар билер сотын қалдыра тұру қажет.

Уәлиханов қазақ халқының рухани өмірін зерттеуге де қомақты үлес қосты. Оның даналығы – болашақтағы халықтың рухани жаңаруындағы

тарихи қалыптасып ұрпақтан-ұрпаққа жеткен жыр-дастандардың, аңыздардың, т.с.с. халық туындыларының маңыздылығын ұғып, олардың әртүрлі түпнұсқаларын қағазға түсіріп, болашақ ұрпақтарға қалдыру болды. Солардың ішінде «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу», «Едіге», «Ер Қосай», «Ер Көкше» сияқты жырлар бар. Туысқан қырғыз халқының аса көрнекті туындысы – «Манасты» да алғаш рет қағазға түсіріп, оны орыс мәдениет зерттеушілеріне көрсеткен де Ш.Уәлиханов болды. Егер біз орыс ұлы ойшылы А.Ф.Лосевтың – қайсы бір халықтың мәдениетінің биіктігі мен шоқтығы оның тарихи тудырған аңыздары мен жыр-дастандарының байлығына байланысты, - деген пікіріне құлақ түрсек, Шоқанның бұл еңбегін асыра бағалау өте қиын жұмыс болар. Осы ойларға сәйкес, біз қазақ халқының мәдениетінің әлі талай-талай шындарға жететініне күмәніміз жоқ, өйткені оның іргетасы мықты – ғажап інжу-маржандармен безенген, мыңдаған жылдарды артына тастап, біздің өмірімізге дейін жеткен – халық мифологиясы. Ол қазіргі қазақ тілі мен мәдениетіне ерекше өзіндік сипат беретін сарқылмайтын бұлақ, рухани тірек (под редак. проф. Габитова Т.Х., 2000).

Ш.Уәлиханов халықтың діни өмірін де терең зерттеп, оны ағарту жолында көп еңбек етеді. Ол шамандықты (бақсылықты) көшпенділердің Табиғатқа табыну жолында тудырған дүниесезімі ретінде қарайды. Бұл ізденіс жолында халық осы Дүниені жаратқан «Тәңірді», адамдарды әрқашанда қолдап отыратын бабалардың рухы – «аруақты» табады. Ислам дінінің Орта Азия мен Қазақстанға тарауы көшпенділердің рухани өмірінің өзгеруіне әкелгенін айтады. Дегенмен де, қазақ дүниесезімінде ислам қағидалары шамандықпен араласып, бір жағынан, Аллаға тағзым етумен қатар, екінші жағынан отқа табынумен жалғасып жатты, - деп қорытады ойшыл. Жалпы алғанда, ойшыл ислам дініне теріс көзбен қарайды – молдалар халықты қараңғылық пен надандықтың шырмауынан шығармайды, сол кездегі қазақ жеріндегі мешіттердің көп салынуына алаңдаушылықпен қарап, оларды халықты бодандаудың бір құралы ретінде қарайды (Валиханов Ч. – Алма-Ата, 1967).

Ағартушылық ағымының көрнекті өкілі Ыбырай Алтынсарин (1841-1889 ж.ж.) халықты аман сақтап қалудың, жаңа қалыптасып жатқан ақуалға сай келуінің бірден-бір жолы – оның сауаттығын арттыру, білімін жетілдіру, орыс мәдениеті мен тілін игеру деп есептеді. Сондықтан, ол өзінің барлық күш-жігерін жаңа мектептер ашуға, балаларға арналған қызықты оқулықтар жазуға жұмсады. Өзінің Дүниеге деген көзқарастарында ол діни бағытта болып құдайды мойындағанымен, діни фанатизмге қарсы шығып, шала-сауатты қазан мен Бұхарадан келген молдалардың халыққа тигізетін теріс әсерлерін әшкерелейді. «Кел, балалар, оқылық!», «Жаз», «Өзен» т.с.с. оның өлеңдері осы күнге дейін өзінің эстетикалық әсемдігі, гуманистік идеялары, тәрбиелік мүмкіндіктерімен білім беру саласындағы жас ұрпаққа оң әсерін тигізуде. А.Құнанбайұлы (1845-1904 ж.ж.) – тек қазақ халқы емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзілік руханиятта өзінің өшпес ізін қалдырған ұлы ғұлама.

Абайдың онтологиялық (болмыстық) көзқарастарына келер болсақ, оны ғажап та терең, өзінің ерекшелігі мен маңыздылығын ешқашанда жоймайтын діннің шеңберіндегі философиялық антропология деп бағалауға болатын сияқты. Жаратқан, Дүние, Адам – осы үш категория Абай философиясының іргетасын құрайды. Абай өз философиясының осы негіздерін өзінің 38-ші кара сөзінде егжей-тегжей талдайды. Дүние Жаратқанның құдіретті күші арқылы пайда болып өмір сүріп жатыр және онда белгілі бір заңдылықтар, мақсатқа лайықтылық бар – соңғылардың негізі – Ғылымда. Жаратқанның үшінші сипаты – Хаят, яғни Тіршілік. Енді Абайдың философиялық антропологиясына келер болсақ, жаратылған адамның ақыл-ойы, күш-қуаты бар, ал ол Алланың ғылыми-құдіреттілігінен шығатын қасиеттер. Бұл арада ұлы Абай рақымшылдыққа аса көп көңіл бөледі (С. Мырзалы, 2008).

Адам – Ғарыштың өзегі, ерекше пәнде. Бірақ, соған қарамастан, ол шектеулі, өлшемді, ал Алла-тағала өлшеусіз, шексіз. Абайдың саяси-құқықтық көзқарастарына келер болсақ, онда да өнегелі көп терең ойларды табамыз. Абай отарлық саясатты әшкерелей келе, «бөліп ал да, билей бер» деген саясаттың негізінде халықтың ішінде іріткі пайда болып, жеке адамның құқықтарының өрескел бұзылғанын әңгіме қылады. Абай бүкіл болмысымен, жан-тәнімен өз халқын сүйген, сол себепті оның тарихи қалыптасқан кемшіліктерін әшкерелей білген. Өз кемшілігін сезіну – одан жартылай құтылумен тең емес пе, қалған жартысын білім алу, қажырлы еңбек ету жолында жоюға болады. Абай «Жарлы болсаң, арлы болма» деген мақалды талдай келе «Ардан кеткен соң, тірі болып жүргенің құрысын», - деп қынжылады. «Атың шықпаса, жер өрте», «Алтын көрсе, періште жолдан таяды», «Ата-анадан мал тәтті, алтын үйден жан тәтті», - деген мақал-мәтелдерге сындық көзбен қарап, қазақ дүние сезімінде қалыптасқан теріс кертартпа қылықтарды қатты сынға алып, оларды түзеуге шақырады. Абайдың ойынша, Жаратқанның тудырған бұл Дүниесінің кіндігі – адам. Олай болса, «Адам бол!» – дейді. Яғни, әрбір кісі әрқашанда өзінің тұлғасының адам ұғымына сәйкестігін өлшеп өмір-бақи соған жетуге тырысуы қажет. Тек сонда ғана адам өзін жан-жақты дамытып, бойындағы ашылмаған табиғи дарындарын сыртқа шығарып, гүлдетіп, бұл өмірде ерекше орны бар тұлғаға айналып, өзін бақыттымын деп сезіне алады (Құнанбаев Абай. Қара сөздер – Слова назидании – Алматы, 1995. – 47 б.)

Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858-1931ж.ж.) – XIX ғ аяғы – XX ғ басында өзінің терең де жан-жақты рухани еңбектерімен тарихта қалған, қазақ руханиятында ерекше орны бар ұлы ойшыл-философ, тарихшы, ағартушы, ақын. Оның философиялық көзқарастарының қалыптасуына ағасы, тәлім-тәрбие берушісі – Абайдың ықпалы өте зор болды. Өзінің аса дарындылығының арқасында Шәкәрім бес жасынан бастап сауатын ашып, араб, парсы, түрік, орыс тілдерін өзіндік жолмен оқып-біліп, соның нәтижесінде Батыс және Шығыс философиясы, әдебиеті мен поэзиясынан сусындап өзіне тән ерекше дүниеге деген көзқарасын дүниеге әкелді.

Шәкәрімнің онтологиялық (болмыстық) көзқарастарына келер болсақ,

оны рационалдық діни философияға, нақтылай келе деизм (құдайды Жаратушы ретінде мойындағанмен, табиғат әрі қарай өз заңдылықтарының негізінде өмір сүре береді) бағытына жатқызуға болатын сияқты. Терең философиялық мәні бар ерекше мәселе – жан мен тәннің арақатынасы, өзара байланысы. Ақынның ойынша, жан мен тәннің арақатынасында басымдылық біріншіде, тәуелділік екіншіде, яғни, сана, ақыл тәнді билейді.

Енді танымдық мәселелерге келсек, Шәкәрім өзінің «Анық пен танық», «Мұсылмандық шарттар» т.б. еңбектерінде ол адамдарға қоршаған табиғи ортаның жұмбақ-сырын ұқ, танып-біл, оның ашылған сырларын мақсат-мұратыңа жарат,- деген ой тастайды. Оның ойынша, тану, білу, нану, ұғыну – бәрі ақыл ісі, ал оның іргесі мида жатыр. Бірақ, ол үшін адам дүниеден белгілі ақпараттар алуы қажет. Оны жеткізетін түйсіктер.

Ғалымның этикалық, ағартушылық идеяларына тоқталсақ, ойшылдың негізгі еңбегі – «Үш анық» – алғашқыда ақын екі анықты сөз қылады. Бірінші – ол ғылымдағы ақиқаттар, оған адамзатты мыңдаған жылдар бойы ізденіп, зерттеп жетті. Екінші – діннің берген аяндары. Бұл, әрине, философия саласында мыңдаған жылдар созылып келген ақыл-ой мен сенім ақиқаттары, олардың ара-қатынасы. Осы «екі аныққа» ойшыл үшінші – ар-ұжданды қосып оның іргелілігін баса айтады (Құдайбердіұлы Ш. Үш анық. – Алматы, 1991. – 30 б).

Шәкәрім Абайдың «жүрек», «нұрлы ақыл» категорияларын әрі қарай тереңдетеді. Оның ойынша ар-ұжданға ынсап, әділет, мейірім кіреді. Шәкәрімнен кейін жарты ғасыр өткен шақта Австрияның ұлы ғалымы В. Франкл ар-ұжданды «адамның ішкі құдайы», - деген болатын. Мұның өзі де бабамыздың өз заманын озған ғұлама екенін дәлелдемей ме? (Құдайбердіұлы Ш. Талап пен ақыл // Шығармалары. – Алматы, 1988. – 267, 488 бб).

XX ғасырдың басындағы аласапыран заманда Ресей империясы терең күйзеліске ұшырап, оның құрамындағы халықтардың ұлттық сана-сезімі өсіп, олар өзіндік мемлекет құру, төл мәдениеті мен тілін, әдет-ғұрпын сақтап қалу мәселелерін күн-тәртібіне қоя бастады. Бұл көштен қазақ зиялылары да қалысқан жоқ. Қазақ халқы XX ғ басында өз ішінен талай-талай дарынды, өз халқының бостандығын армандаған, сол үшін жан-тәнін берген азаматтарды тудырды. Солардың ішінен ерекше тұлғалар ретінде Ж. Аймауытов, М. Дулатов, А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, Х. Досмухамедов, М. Жумабаевты атап өтуге болар еді. Аталған тұлғалардың көбі өз талпынысының арқасында жан-жақты білім алып, орыс, басқа тілдерді игеріп, шын шығармашылық деңгейге көтеріле білді (Сегізбаев О. Алматы, 1996).

Кең түрде алғанда, аталған ұлы тұлғаларды қазақ халқының бостандығын арман еткен ұлттық демократиялық қозғалыстың белсенді де, абыройлы жетекшілері деп бағалауға болады. Осы жолда олар «Алаш» партиясын ұйымдастырып, халықтың ұлттық сана-сезімін оятып, өз заманының дәрежесіне көтергілері келді. Олардың бәрі дерлік 1917 ж. болған екі революцияны да қабылдап, олар қазақ еліне шын бостандық, теңдік, бақытты өмір әкеледі деп ойлады.

XX ғ ғұлама ойшыл, саясаткер А. Байтұрсынұлы (1873-1937 ж.ж.) кейпі бүкіл сол кездегі ұлттық-демократиялық ағымдағы тұлғалардың бәрін бейнелегендей. Халықтың Жаңа дәуір келген кездегі аянышты да мұнды ақуалын терең ойға салып, оның бостандығынан айырылған себептерін ойшыл халықтың негізгі бөлігінің су қараңғылығы мен надандығынан, ұйқылы-ояу салғырттығынан, жоғарғылардың сатқындығы мен іріп-шіруі, патша үкіметіне ой-қамсыз беріліп қызмет етуінен т.с.с. себептерден көрді. Олай болса, көп уақыт «ұйқыда жатқан халықты ояту керек, ол үшін басқа амал болмаса, оны маса» сияқты шағу керек, ал М. Дулатовқа келсек, ол тіпті «Оян қазақ» деген ашық ұран тастаған болатын. Мұндай жағдайда халықтың бостандыққа жетуі – алыста жатқан, стратегиялық мақсат-мұрат, ал сол кездегі нақтылы-тарихи жағдайға байланысты – Ресей мемлекетінің шеңберінде Қазақстанның автономиялық дәрежесіне, өзін-өзі басқару мүмкіндігіне жетіп, халықты ағарту, мәдениетті жаңарту арқылы көптен бері созылған халықтың ауруы – қараңғылық пен еріншектік, енжарлықтан құтқару мақсатын қойды, оның ойынша ондай жаңару жолына жетудің негізгі жолы – демократиялық үрдісті дамыту, адам құқықтарын сақтау, «Мемлекеттік Думаның» мүмкіншіліктері қандай шолақ болса да бәрін заңды жетілдіру арқылы жету деп есептеді. «Тағы да халық соты жөнінде» деген «Қазақ» газетінде 1911 ж. жарық көрген еңбегінде ол «Сайлау» деген ұғымның мән-мағынасын егжей-тегжей талдайды – ол рулардың, я болмаса, қалталылардың арасындағы тартыс емес. Өкінішке орай, қарапайым халық дәл солай деп ойлайды. Соның нәтижесінде билікке тайыз, арсыз адамдар өтіп кетеді де, ойларына не келсе соны істеп, пара алып, жемқорлық жолына түседі. Сондықтан, халық сотына сайлағанда білімді, таза, әділетті, халыққа адал қызмет ететін адамдарды таңдай білу керек деп қорытады ұлы ойшыл. Қазақ жерін қазынаға өткізіп, одан жері жоқ орыс шаруаларына жер беруге байланысты, соның нәтижесінде әлеуметтік-саяси ақуал шиеленісе түсті.

А.Байтұрсынұлы жерді тартып алу, халық бостандығының жойылу себептеріне тоқтала келіп, көп жағдайда халықтың зардап шегуі оның надандығы мен заңдағы белгіленген өз құқықтарын қорғай алмауында деген тұжырымға келеді. Сондықтан, ол «қазақ жерлерін алу тәртібі» заңын егжей-тегжей талдап, халыққа өз құқықтарының қандай екенін, жерлерін заңды жолмен қалай сақтап қалуға болатыны жөнінде айтады. «Жерді жалға алу жөнінде» деген мақаласында ойшыл қазақтар құқықтық надандығы мен келтелігінің нәтижесінде өз жерлерінен айырылып жатқаны жөнінде қамыға, қиналып жазады. Әрине, мұндай ағарту жұмыстары халықтың оянуына, саяси-құқтық санасының өсуіне өзінің пайдасын тигізді (Құр. Т.Ғабитов; ауд. Б. Сатершинов. Алматы: 2002).

Қазақ жерін отарлау барысында, мал жайылымы тарылса да, бұрынғыдай көшіп-қонып мал бағып өмір сүргісі келген адамдарға ол жаңа ақуал өмірге келгенін, сондықтан, жаңа шаруашылық түрлерін игеру керек екенін айтады. қазақтар өмір-бақи мал баққаннан кейін, кейбіреулер біз оны жақсы білеміз, басқалар ол жөнінде бізге не айтады деп лепіреді, - дейді ойшыл. Шынына

келгенде, мал шаруашылығы өте төмен деңгейде, ол тек қана үлкен жайылым бар жерлерге икемделген. Жер көлемі қысқарған сайын оның мүмкіндігі сарқыла түсуде, - деп қорытады ойшыл. М.Жұмабаев, М.Дулатов сияқты зиялылар оның тетігін қазақ әйелдерінің эмансипациясымен (теңдігімен) тығыз байланыстырады. Ж.Аймауытовтың «Ақбілек», М.Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романдарында, М.Жұмабаевтың көптеген өлеңдерінде қазақ әйелінің аянышты жағдайы шынайы да нанымды суреттелген. Сонымен қатар, «ұлттық дәстүрді» сақтап, «мұсылмандық жолына» түсіп, еркектерге көп әйел алуға заңды жол ашу керек, - деп лепірген надандар да біздің қоғамда жоқ емес.

А. Байтұрсынұлы халықты сақтап қалу мен оның санын өсірудің негізгі жолдарының бірі – сайын далада кең етек жайған жұқпалы аурулармен күрес деп біледі. Ол үшін ғылыми білімі бар кәсіби дәрігерлердің көмегі қажет, неше-түрлі халықты алдайтын бақсы-балгерлерден бас тарту керек. Қоғам өмірінде кең тараған аурулар жөнінде қызықты да қысқа көлемді кітапшалар жазылып, халық арасында таратылуы қажет, - дейді ұлы ойшыл. Бүгінгі өтпелі қоғамдағы халықтың ауыр жағдайына байланысты туберкулез, бруцеллез т.с.с. жұқпалы аурулар тағы да бас көтерген жағдайда демократиялық үрдісті пайдаланып медицина жөнінде күңгірт «білімі» бар мыңдаған жаңа бақсы-балгерлер пайда болды емес пе? Ол алға жылжу ма, әлде кері кетушілік пе ?, - оны оқырман өзі-ақ шешер. Ұлттық демократия бағытын ұстаған ойшылдар қоғам жаңаруы, түлеуінің қайнар көзін ұлттық интеллигенциядан (зиялылардан) көрді. Сондықтан, А. Байтұрсынұлы зиялыларды бірлікке, олардың білімі мен жалпы мәдениет деңгейін көтеруге шақырады. Қазақтар адамның екі тілсіз жауы бар - ол от пенен су, - дейді ойшыл, үшінші жау, оның ойынша, зиялылардың арасында кең тараған «менмендік», «көре алмаушылық», «алыс-тартыс», «бірліктің жоқтығы», «сатқындық» т.с.с. шенді қуып, патша қызметшісінің жарқыраған түйме мен жапсырмасына ие болуға тырысу, өз халқына тәкәппарлықпен қарау, пара алу сияқты жоғарыдағылардың теріс қылықтарын ақын қатты сынға алады. Ол зиялыларды халық мүддесіне жан аямай ізгі ниетпен адал қызмет етуге шақырады (Молдабеков Ж.Ж. Қазақ осы мың өліп, мың тірілген. – Алматы: Санат, 1998. – 200 б.).

§7.2. XX ғасырдағы отандық философия.

Қазақ философиясы туралы зерттеулер жүргізіп, ерекше аса қомақты үлес қосқан ойшылдарымыз, белгілі ғалым, ойшылдар: Ж.Абдильдин, А. Нысанбаев, К.Рахматуллин, А.Балғымбаев, М.Хасанов, М.Сабитов, З. Муқашев, А.Қасымжанов, Г.Ақмамбетов, Б.Казыханова, К.Нұрланова, Д. Кішібеков, Н.Джандильдин, М.Сужиков, А.Айталы, Т.Сарсенбаев, Р. Абсаттаров, Н.Байтенова, Н.Малинин, А.Касабек, Ә.Тұрғынбаев, Л. Байдельдинов, Т. Мустафин, М. Баймаханов, Л.Вайсбергті К. Шулембаев, С. Темірбеков, Т. Ғабитов, М. Усенова, О.Сегізбаев, Е. Шехтерман, Л.Славин Қ.Нұрланова, Т.Айтқазин, Т.Бұрбаев, К.Бегалинова, Ғ.Есімнің, Б.

Нұржановтің есімдерін т.б. атап өтуге болады.

Қазақ халқының мыңдаған жылдық тереңдікке кететін руханияты, ділі, дүниесезімі қайта тексеріліп, зерттеліп, төл мәдениетімізді байытты. Бұл мәселерге арналған М. Орынбековтың бірнеше нәтижелі еңбектері жарық көрді. Сонымен қатар, бұл салаға қомақты үлес қосқан С. Ақатайдың еңбектерін атауға болады. «Қазақтану» саласына біртұтастық тұрғыдан қарап, тарихи, әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқтық, рухани сараптау жасаған көрнекті философ Ж. Молдабековтың еңбектерін атау қажет. Орта ғасырдағы Отандық философияға жаңаша қарап, өз үлесін қосқан Ж. Алтаев болды (Философия. под редак. проф. Габитова Т.Х. – Алматы, 2008).

§7.3. Халық медицинасының проблемалары және қазіргі жағдайы.

Халық медицинасы екі бағыттан тұрады. Бірінші бағытқа халық емшілерінің тылсым күштерге, сиқырлыққа, бақылау мен тәжірибелерге сеніп емдеулері кірсе, екінші бағытқа дәрігерлер мен халық емшілерінің инемен, сылап-сипаумен, дәрілік шөптерден жасалған тұнба, не дәрі-дәрмекпен емдеуі, сүлік құртын салу, минералды сулар ішкізу, халықтық психотерапияны қолдану, сынық салу, шығып кеткен буындарды орнына келтіру сияқты хирургиялық әдістерді пайдалану, баланы сүндетке отырғызу, жастарды дене бітімдерінің сымбатты да, мықты болуына әсер ететін ұлттық ойындарға баулу, санитарлық гигиенаны сақтау, киім кию, дұрыс тамақтана білу жатады.

Қазақ хандығының құрылуы халықтың мұсылмандық әдет ғұрыптары мен мәдениетіне кең өріс ашып, оның жаңа бағытта, тың мазмұнда дамуына жақсы ықпал жасады. Осы кездегі көрші елдермен сауда-саттық, мәдени қарым-қатынастар да қарқынды болды. Бұл саяси әрекеттер қазақ медицинасының ғылыми бағытта дамуына көп әсерін тигізді. Ауруды тек сыртқы белгілеріне ғана қарап, емдеу мен соқыр нанымдық, бақсылық емдердің адам өміріне қауіпті тұстары тарихи даму барысында көп байқалып отырғандықтан, оған қоса адамдар сана-сезімінің өсіп, арта түсуінің нәтижесінде жаңа ғылыми түсініктер пайда бола бастады. Осының арқасында өмірге жақсы нышандар келіп, енді халық емдеріндегі әдістер мен дәрілер лабораториялық бақылау-сынақтардан өткізілетін болды. Микробтардың түрлері ажыратылып, оған сай емдер қолдану қолға алынды. Сөйтіп, халық медицинасы ғылыми медицина саласына бет бұрды.

Қазақ халқының тарихи даму жолында бақылап зерделенуінен туындаған денсаулықтың ең бірінші екендігін дәлелдейтін нақыл сөздер: «Әуелгі байлық – денсаулық», «Малым – жаным садақасы», «Өлмеген адам алтын ыдыстан ас ішеді», «Он екі мүшең сау болса, қара басың ханмен тең», «Басы ауырмағанның құдаймен ісі жоқ», «Денсаулық – зор байлық», «Денсаулық шарты – тазалық», «Ескермеген ауру жаман, елемеген жау жаман», «Елемесең тұмау түбі – құрт, тұман түбі – жұт», «Ауруды жасырсаң, өлім әшкере қылады», «Тәні саудың жаны сау». Бұл нақыл сөздердің барлығы халықтың ғасырлық өмір тәжірибесінен, денсаулықты сақтау жолында

күрескен іс-әрекеттер мен меди-циналық бақылаулардың тұжырымынан шыққаны ақиқат. Қазақ халық медицинасының сапалы да, білікті қырларының бірі, ол – ағайын адамдар арасы жеті атаға толмай, қыз алыспау ғұрпы, рулық экзогамия дәстүрінің нақты орын алуы. Бұл әдеттің тұқым қуалайтын және қан ауруларына шалдығудың алдын алуға, оны болдырмауға пайдасы зор. Осы салт қазіргі күнге дейін қазақ халқы арасында берік сақталып келеді. Қандары ұқсас, жақын қандас адамдар қосылса, олардан дұрыс ұрпақ тарамайды. Сәби сүймеулері мүмкін. Балалары бола қалса, кемтар-кембағал болып туады. Олай болмаған күнде бала саны шектеулі және олардың ғұмырлары тым қысқа болады. Мұны бәрі дәлелденген жайттар. Бұл «Есімханның ескі жолы» деп аталатын кезеңнен қазақ халқының «Жеті жарғысына» кірген ата салт-дәстүр, бұлжымас қатал заңның бірі. Оны діни әдет-ғұрыптарға немесе мұсылмандық жолдармен шатастыруға болмайды. Өйткені бізден өзге өзбек, ұйғыр, араб сынды мұсылман халықтарында бұл ғұрып жоқ. Болса да басқаша. Қазақ халқы XIX ғасырға дейін-ақ шөптен жеке немесе қоспа түрінде аурулардың түріне қарай емдер қолданғанын, сүлік салғанын, қаны көтерілген адамдардан қан алғаны белгілі. Бұлардың бәрі қазақ халқының медицинасында жылдар бойғы іс-тәжірибелерден қалыптасқан. Олар тұтқиылдан, болмаса тек орыс халқымен дос болғаннан кейін пайда бола салған жоқ. Бұлардың бәрі көршілес отырған қытай, татар, араб, тибет, моңғол, үнді, орыс қала берді батыс елдерінен біртіндеп келген емдердің жиынтық жемісі деуге болады. Халық медицинасының көмескі, көлеңкелі жақтарын қазақтардың орыс еліне қосылғанға дейінгі ем-домы деп, ал 1731 жылдан кейінгі халыққа пайдалы жетістіктерін тек орыс халқының арқасында келген игілік немесе ғылыми саралау дұрыс емес. Халық медицинасының ғасырлар тәжірибесінен өтіп, сарапталып, адам өмірін сақтауға тиімді жағының жинақталуы ғылыми адамдардың дүниеге келуіне ықпалын тигізді. Ғылыми-медицинаның негізін қалаған бірінші дәрігеріміз әл-Фараби болғанымен, оның жаппай өріс алуы XVII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың бас кезінің еншісіне тиеді. Ерте заманнан келе жатқан халық емдерінің қатарына минералды су көздерімен емдеу жататынын айттық. Осы минералды су көздері қазіргі кезде курорттарға айналып отыр. Ертедегі адамдар табиғатпен етене араласып өмір сүрудің арқасында өзендер мен көлдердің сулары адамға пайдалы екенін білген. Минералды су көздерінен: Арал, Аяққалқан, Ақкөл, Ақсай, Жосалы, Мерке, Қапал-Арасан, Барлық-Арасан, Түрген, Түркістан, Алма-Арасан, Талды-Арасан.

Халық емдерінің тағы бір қыры – хирургиялық әдіс. Оны алғаш рет ғылыми түрде әл-Фараби қолданды деген аңыз бар. Бұл аңызды жоққа шығаруға қазіргі ұрпақтың еш қақысы жоқ. Себебі аңыз әңгімелердің қазіргі уақытта дәлелденіп шындыққа айналып жатқаны белгілі. Әл-Фараби араб оқымыстыларының еңбектерімен жақсы танысқан, жақсы білген. Олай болса, Абул-Қасым Аз-Захравидің «Трактат о хирургии и инструментах» атты еңбегімен танысып, хирургиялық әдістерін үйренбеуі мүмкін емес. Алғашқы емшілер, маман дәрігерлерге тоқтала кетсек, ең алғашқы дәрігер әл-Фараби.

Одан кейінгі атақты емші, шипагер, біздің заманымыздың 1397-1492 жылдары аралығында өмір сүрген, 95 жыл ғұмыр кешкен Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы әз Жәнібек ханның бұйрығымен «Шипагерлік баян» атты халық медицинасы туралы еңбек жазған. Бұл жеті кітаптан тұратын, бірнеше мың беттік еңбек. XV ғасыр дәрігері Өтейбойдақ Тілеуқабылұлы әулие «Шипагерлік баян» кітабына шипагерлерді игермелік шамасы бойынша бастан аяқ мынадай маман түрлеріне бөліп және олардың емдеу әдістерін белгілеген. Шипагерлер: қара озған шипагер, нағыз шипагер, шипагер, емші, емқос, жарғыш, қара емші, қамшы, тамыршы, сынықшы, оташы, іш сипағыш, көз қарақаты – бұлардың шипагерлік айырымдары – шипа ем дарулық екен. Әулие, әмбие, аяншы, балгер, бақсы, жауырыншы, болжағыш, құмалақшы, құшынаш, шіріткіш және т.б. бұлардың емдері тек болжамдық жағдайда болмақ. Одан кейінгі жылдары өмір сүрген Кетен тәуіп жайында тарихшы ғалымдар зерттеулер жүргізуде. Тәуіп бір жағынан – хирург, терапевт, психиатр, гипнозшы, фармацевт болған екен. Ол екі мың шөптің дәрілік қасиетін жазған. Сонымен қатар, тибеттік медицинаны кеңінен қолданған. Осы жылдардың аяғынан бастап, Қазақ жеріне жоғары білімді маман дәрігерлер келе бастады. Омбы өлкесінен басталған бұл өзгерістер, Қазақ жеріндегі халық медицинасын шеткері ысыра бастады. Халықтық медицинаның қателіктерін қарапайым халыққа жеткізіп түсіндіріп, ал дұрыс әрі ғылыми медицинаның шамасы келмейтін жәйттарды халық медицинасының емдей алатынын мойындады. Көкшетау, Алматы өңірлеріне келген Орынбор медицина мектебінің кейбір қазақ фельдшерлері халық арасына тарап, кең қолданыста жүрген халықтық медицинаны ғылыми медицинамен байланыстыра отырып, жұмыс жасады. Осындай мамандардың көмегімен халыққа түрлі жұқпалы ауруларға қарсы арнайы егулер жүргізілді. Бұл аурудың алдын-алу мақсатында жасалған еді. Ал ауруды жұқтырып үлгерген науқастарды емдеуде әлі де болса, халық медицинасы қолданылатын еді. Әсіресе сол кезге танымал болған, Сырдария өлкесінің емшісі Қылышбай Шанан, емдеуде мистикалық әдістерді қолданбай, еш зияны жоқ, таза ем қолданатынын айтып кеткен. Ғылыми медицина тек қалалық аймақтарда ғана еді, ал ауыл тұрғындары әлі де болса, ұлттық медицинадан қол үзбеді. Ғылыми маман – дәрігерлердің ішінде кейбіреулері, қазақ халық медицинасындағы шөптермен емдеу әдістерінің ғылымға сай болатынын зерттеуден өткізіп, дәлелдеп, диссертациялық жұмыстар жазып, үлкен нәтижеге қол жеткізгендер де болды. Бұның өзі ұлттық медицинаның қолданыста қала беруіне болатынын дәлелдейтін еді. Қазақ елінің көне заманнан қолданып, емдік дәрі ретінде ауруларға беріп жүрген күшала өсімдігінің биохимиялық құрамын зерттеуден өткізіп, оның шын мәнінде организмге пайдалы екендігі де дәлелденді. Қазақстан жерінде өсетін, халық көптеген ауруларды емдеуде ертеден қолданып келе жатқан шөптердің барлығы дерлік зерттеліп, олардың дәрілік қасиеті анықталды. Қазақ халық медицинасының жоғалып кетпей, жалғасын тауып келе жатқандығының басты себебі, біріншіден, ел арасында ешқандай жоғары білім алмай-ақ, өз білгірлігінің арқасында халыққа ем

жасап жүрген емшілердің барлығы болса, екіншіден ғалым дәрігерлердің осы саладағы қажырлы істері мен ізденістері, ғылыми зерттеулері мен жазып қалдырған мол мұралары дер едік. Бұл салада Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбаев, Жамбыл Жабаев сынды ақын жазушы, ғалымдар да сөз еткен. Олар молдалардың дұрыс жақтарын қостап, ал қате тұстарында дәрігерлік көмектен қашпау керектігі жайында да насихаттауға тырысқан.

Қазақ жерінде бой көтерген медицина оқу орындарында Ғылыми медицинамен қатар халық медицинасы қатар үйретіліп келді. Оның ішінде әсіресе фармацевтикалық бөлімдерде синтетикалық және жартылай синтетикалық дәрілермен емдеудің нәтижесін алуда халық медицинасына сүйенбей, ұлттық медицинаның тәжірибесінсіз болмайтындығы айтылды.

Халық медицинасының қазіргі жағдайы қалай дейтін болсақ, оған жауап біреу-ақ: халық бар жерде оның рухани-тарихи байлығы да бар. Қазақ халқының өмір тарихымен бірге жасасып келе жатқан халықтық медицинаның біз өмір сүріп отырған ХХ ғасырдың аяғында еліміздің егемендік алуына сай ерекше даму үрдісіне ие болғандығын байқап отырмыз. Бұған қазіргі кезде ел арасындағы емшілеріміздің көбейіп, белгілі бола бастауы куә. Олар дәрілік шөптермен, алтын инемен және массажбен емдейтін кәдімгі емшілер. Ертеден белгілі минералды сулы аймақтар қазіргі таңда үлкен курорттар мен санаторийлерге айналған.

Қорыта келгенде, қазақ халық медицинасы елімізбен бірге өмір сүріп келе жатқан көне ұлттық рухани байлықтарымыздың құрамдас бір бөлігі. Қазақ ұлттық медицинасы қайнатылған тұнба не ұнтақ түрдегі шөптер, инемен емдеу, сылап-сипау, дене шынықтырудың әртүрлі әдістерін пайдалануды қолданады.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Қазақ дүниетанымының қандай ерекшеліктерін көрсетуге болады?
2. Көне түркі мифологиясындағы әйел құдайдың аты қандай?
3. Көне түркі мифологиясындағы өлімнен қашып өлместікті іздеген кім болды?
4. Гректердің «Жеті даналарының» бірі болып саналатын түркі бабамыздың есімі кім болды?
5. «Ақыл, әділет, дәулет, қанағат» құндылықтары елді бақытқа әкеледі, - деген ойшыл кім?
6. «Ақиқат сыйын» жазған ойшылды атаңыз?
7. Сопылық философиядағы «фана» деген ұғымның мағынасы неде?
8. Сопылықтың қай сатысында адам Алла-тағаламен қауышады?
9. Өмірде алудан гөрі болуды арман еткен жырауларды есіңізге түсіріңіз.
10. Қазақ даласындағы алғашқы утопист-жырау кім болды?
11. Абылай ханның кеңесшісі болған ұлы жырау кім еді?
12. Қазақтың дана билерін есіңізге түсіріңіз?
13. Қазақ болмысындағы шамандықтың қалдықтарын терең зерттеген

ағартушы кім болды?

14. «Адам бол!» ұранын тастаған ойшыл кім еді?

15. Жаңа мектептер ашып, қазақша оқулықтарды алғаш жазған ағартушы кім болды?

16. Шәкәрімнің танымдық көзқарасын қандай бағытқа жатқызуға болады?

17. «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын жазған ағартушы-демократты есіңізге түсіріңіз.

18. Ұлт-аралық қатынасты зерттеген ғалымдарды есіңізге түсіріңіз?

19. Өтпелі кезең теориясын терең зерттеген ғалым?

20. Отандық философиядағы «батысшылардың» көзқарасын сипаттаңыз?

21. «Діни іргетастық» деп қандай көзқарасты айтамыз?

Бақылау сұрақтары:

1. Мифология дегеніміз не?

2. Дүниетанымның тарихи типтері?

3. Философияның әдістері мен қызметтері?

4. Ежелгі Қытай философиясының ерекшелігі

5. Ежелгі Қытайдағы философиялық мектептер?

6. «Сяо», «У-вэй» ұғымдарының мәнін ашыңыз?

7. Ежелгі Үндінің ортодоксалды философиялық мектептерін атаңыз?

8. Карма, сансара, атман, нирвана ұғымдары нені білдіреді?

9. Антикалық философиядағы әлемді космологиялық тұрғыдан түсіну

10. Алғашқы негіз мәселесіндегі Фалес, Анаксимен, Демокриттің көзқарастары?

11. Сократ, Платон, Аристотелдің философиялық ұстанымы – идеалдық мемлекет, адамның мәні, таным мәселелері?

12. Орта ғасырлық араб-мұсылмандық философиясы?

13. Орта ғасырлық батыс еуропалық философия?

14. Геоцентризм, ортағасырлық схоластиканың ерекшелігі номинализм, реализм, таным методтары?

15. Қайта Өрлеу дәуірінің философиясы?

16. Жаңа заман ойшылдары

17. Жаңа заман философиясындағы эмпиризм

18. Бэконның идолдары

19. Индукция – тәсілі туралы не білесіз?

20. Дедукция – тәсілі туралы не білесіз, кім ашты?

21. Неміс классикалық философиясы

22. Кант категориялық императив

23. Гегель – классикалық неміс философиясының көрнекті өкілі ретінде?

24. И. Канттың бостандық, ізгілік, сенім мәселелерін тану туралы ілімдері.

25. Фихтенің «Субъективтік Мен» категориясы

26. Л. Фейербахтың антропологиялық философиясының мәні.

27. Экзистенциалдық вакуум және оның салдары.

28. Адам өмірінің діни сатысының ерекшелігін С. Кьеркогер неден көреді?

29. Бейсаналық-психоанализ мәселесі (З. Фрейд).
30. Неофрейдистер.
31. Ж.П. Сартр, А. Камю философиясындағы өлім мен өлместік, өмір сүру мәнінің мәселесі.
32. О. Конт адамзат ой-өрісінің дамуын қандай сатыларға бөледі?
33. Эмпириокритицизм бағытының дүниеге келуіне қандай себептер өз әсерін тигізді?
34. «Өмірлік дүние» танымға өз әсерін қалай тигізеді?
35. З. Фрейд адам психикасын қандай қабаттарға бөледі?
36. С. Кьеркогер философияға қандай ұғымдарды енгізеді?
37. Экзистенциализм бағытының өкілдерін атаңыз?
38. Герменевтика
39. Структурализм
40. Постмодерн деген терминнің мәні

II БӨЛІМ. ФИЛОСОФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

VIII ТАРАУ. ОНТОЛОГИЯ.

§8.1. Болмыс философиясы.

Әлемнің сыр-сипатын, дүниенің түп мағынасын, ішкі мәнін, айнала қоршаған ортадағы заттардың, құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, олардың дамуы мен өзгеруін, адамзат қоғамының сан түрлі құпияларын танып білу қажеттігін – “болмыс” деп аталатын кең мағыналы, терең, ауқымды философиялық ұғымның тарихи тұрғыдан қалыптасуының басты себебі әрі алғышарты болып табылады. Тарихи дамудың әр дәуірінде өмір сүрген ғұламалар мен ойшылдарды бұл ұғымды философиялық ой – толғаныстардың түп қазығы, бастапқы негізі деп қараған. Болмыс философиядағы негізгі түсінік болмыс туралы ілім, антология философия күні бүгінге дейін әртүрлі көзқарастар дисскуциялар болып тұрады, себебі болмыс проблемасы күнделікті уақытта адам мен адамзатқа күрделі сұрақтар қояды. Болмыс ұғымы – философияның ең ежелгі әрі маңызды категорияларының бірі. Ол жалпылай алғанда “бар болу”, “өмір сүру” проблемасын қамтиды. “Болмыс түсінігінің арғы түбінде “болу”, “бар болу” деген мағынаның қаның аңғару қиын емес. Бұл түсінік адамның айнала қоршаған ортаны біртұтас әлем есебінде танып білуге ұмтылуынан туындаған. Болмыс – адамның санасынан тәуелсіз, тысқары өмір сүретін объективті, материалдық дүниені білдіреді. Философия тарихында болмыс ұғымын тұңғыш пайдаланып, оны мәселе ретінде қарастырған көне грек ойшылы Парменид (б.д.д. V-VII ғғ.) еді (Оливер М. История философии. Великие мыслители с 2000 г. до наших дней. – Минск, 1999. – 192 с.).

Оның пікірі бойынша, болмыс дегеніміз – бар болу, өмір сүру, одан басқа ештеңе жоқ, ал жоқ болу – болмыссыздық. Парменид әлемнің болмыс есебінде тұтастығына, тұрақтылығына, мәңгілігіне, ең бастысы бар болуына, өмір сүретіндігіне көңіл бөледі. Тұтас дүние өзіндік ерекшеліктерімен дараланатын, бірақ өзара байланысты болатын сансыз көп түрлі заттардың, құбылыстар мен процестердің, құрылымдар мен жүйелердің, тіршілік иелерінің, адамдардың жалпы бірлігін, өмір сүруін қамтиды (Бұл да сонда – 192 б.). Болмыстың түрлері туралы проблема философия үшін де өте маңызды. Себебі философияның негізгі мәселесін – түбегейлі шешу үшін болмыстың негізгі түрлерін саралап білу керек. Осы тұрғыдан алғанда болмыстың бір-бірінен айырмашылығын мынадай негізгі түрлерін ажыратуға болады:

- Табиғат болмысы немесе заттар (денелер) және процестер болмысы, ол өз кезегінде табиғат заттары мен процестері және адамдар жасаған заттар, процестер болмысына бөлінеді;
- Адам болмысы, ол заттар дүниесіндегі адам болмысына және адамның өзіндік болмысына жіктеледі;
- Рухани (идеалық) болмыс;

- Әлеуметтік болмыс, бұл да өз алдына қоғамдағы және тарихи процестегі жекеленген адам болмысына және қоғам болмысына бөлінеді.

Әлеуметтік өмірге қатысты болмыс түрі кейінгі арнаулы тарауларда тереңірек қарастырылатындықтан, біз болмыстың алғашқы үш түріне тоқталайық. Болмыстың жоғарыда қарастырылған негізгі өмір сүру, көрініс табу түрлерінің әрқайсысының өзіне тән заңдылықтары бар – олар физика, биология, антропология, социология, т.б. сияқты сан алуан ғылымдардың зерттеу объектісі болып табылады. Сондай-ақ, олар белсенді түрде өзара қарым-қатынасқа түсіп, тұтас байланыс құрайды, бір-біріне өтіп отырады. Ең бастысы, дүние болмысы тұтас, тұрақты, үйлесімді, сөйте тұра, үнемі қозғалыста, өзгермелі, құбылмалы. Оның ашылмаған құпиясы, атқарылмаған сыры әлі де көп. Адам оны игеру жолында, игілікке пайдалану ниетінде іздене бермек. Философиялық «болмыс» мағынасы «өмір» мағынасынан кеңірек. Себебі «болмыс» – жалпы ұғым. Ал «өмір», «өлім», «мәңгілік өмір» адам болмысының негізгі ұғымдары. Сөйтіп, «ауру», «денсаулық», «өзін өзі өлтіру» ұғымдарын философия және медицина тұрғысынан қарастыру керек. Философияда «болмыс» – адамзат тіршілігінің барлық құбылыстарын қамтитын негізгі ұғым. Ал медицинада «болмыс» – өмір құндылықтарын беріктілікке сынап жүрген белгілі бір адамның өмірі. Медицинада денсаулық және ауру өмір құбылыстары ретінде, ал эвтаназия және өзін өзі өлтіру өлім құбылыстары ретінде қарастырылады. Жалпы философиялық болмыс ұғымы медициналық өмір ұғымын аксиологиялайды. Сөйтіп, болмыстың философиялық рефлексиясы медициналық теория мен практикада қолданылатын онтолого-антропологиялық құндылықтарды түсіндіреді. Мәселен, дәрігер «адам өмір сүре ме, немесе сүрмей ме?» деген мәселені шешу үшін өзіне өзі философиялық сұрақтар қояды. Яғни, мұндай өлім мен өмір шекарасындағы жағдайлардың тереңдігін түсіну, медицинаны философиялық «болмыс» ұғымын еске түсіруге итермелейді (Канке В.А. Философия. Исторический и систематический курс: учебник для вузов. – М., 1997. – 352 с.).

«Адам болмысы» туралы философиялық білімнің кеңейтілуі осы күнге дейін қажет болып, оны гуманитарлық және дәл ғылымдар зерттеуде. Сонымен қатар, тек ғылыми және ғылыми емес білімдерді қолдана отырып, қазіргі биомедициналық технологиялар (адамның геномына әсер ету жолдарының табылуы, трансгенді тәжірибелер, клондау т. б.) күмән келтіріп отырған адам табиғатына байланысты сұрақтарды шешуге болады.

Адам болмысы философия тарихында ұзақ талқыланып келеді. Бұл философияның бірінші және соңғы мәселесі десек болады. Оны өлім, өмір, мәңгілік өмір тұрғысынан М. Шелер, Х. Плеснер, А. Гелен т.б. зеттеген. Болмыстың бөлінбейтіндігі туралы ой В. Вайцзеккермен, В. Дермен және т. б. айтылған. Ал П. С. Гуревич, З. М. Какабадзе, И. Б. Вишив және т. б. өмір құндылығын талқылап, оның қайталанбайтындығын атап кеткен. Сонымен қатар, олар өмір мен өлім арасындағы қарама-қарсылықты көрсеткен. Себебі бір жағынан адамның әрқашан өмір сүргісі келсе – бұл жеке болмыстың заңа, ал екінші жағынан өлім өмірді реттейтін және дамытатын негізгі заң – түрлік

болмыстың заңы. Сөйтіп, адам әрқашан бейболмысқа қарсы тұрады. Ал бұл, өз кезегінде, өмір құндылығын белгілейтін философиялық рефлексияда көрініс табады. Медицинадағы денсаулық және ауру феномендерінің философиялық негіздерін И.И. Брехман, В.М. Дильман және т.б. зерттеген. Себебі денсаулық – негізгі құндылық. Ал қазіргі дамыған қоғам үшін денсаулықты сақтау – ғаламдық мәселе. Сонымен қатар медицинадағы эвтаназия және өзін-өзі өлтіру феномендерін көптеген философтар (Ф. Фут, С. Кьеркегор, А. Камю, Н. Бердяев т.б.) және психологтар мен социологтар (З. Фрейд, Р. Кастенбаум, В. Франкл т.б.) зерттеген. Олардың айтуынша адам өзін-өзі өлтіруге бейім бірден бір тірі жан. Адамдар бұндай жағдайға өмір құндылығын және мәнін жоғалтқанда душар болады. Адам мәселесі философия үшін ең маңызды, сыры көп, қайшылыққа мол мәселелердің бірі. Э. Кассирер жазған: «Антропологиялық философия көптеген адамдардың эмоциялары мен бастан кешкендеріне толы», «Соңғы сотты көтіп жүрген барлық адамзаттың тағдыры». Яғни, «жалпы» деген адам жоқ, өзінің өмірін өзі кешіп жүрген жеке адам бар. Олардың әрқайсысы мәселе. Бұл мәселені шешу үшін «Адам деген не?» деген сұраққа жауап беру керек. Бұл өте қиын екеніне қарамастан, тек өзімізді-өзіміз түсініп алып қана, біз бүкіл әлемді түсіне аламыз. «Болмыс» бұл барлық айтуға келетін нәрсе. Оны ұғым ретінде «Болмыс бар, бейболмыс жоқ» деп айтқан Парменид енгізген. М.К. Мамардашвили айтуынша, болмыстың ең дұрыс анықтамасы күнделікті тілдің грамматикалық заңдарымен емес, философиялық грамматиканың заңдарымен құрастырылған: «Болмыс – ешқашан болмаған және ешқашан болмайтын құбылыс, ол қазір болып жатыр». Адам өзіне-өзі болмыс жайлы сұрақтар қойғанда ғана адам болады. Өйткені, тек қана адамда болмыстың екі түрі бар – материалды және рухани. Тек қана адам өзіне болмыс жайлы сұрақтар қоя алады. Философиялық ой өмірді, өлімді, мәңгілік өмірді адам болмысының феномендері деп қарастырады.

Сана болмысы. Дүниеде ең ғажап, керемет құбылыс – адамның рухани дүниесі, сана, ақыл, ой. Адамзат игілігіндегі барлық материалдық және рухани жетістіктер зәулім құрылыстар, түрлі техникалық табыстар, өнер, дін, әдебиет, философия, ғылым – осылардың бәрі сол сананың құдіреті. Объективтік дүниеде сананың баламасы жоқ. Ол тек адамға ғана тән. Сондықтан, қашан да сананы болмыстан жоғары қоятын ұғым туып, оны бастапқы деп санаған. Енді біреулер бұл пікірді мойындамаған. Дін иелері сананы материалдан тыс, дербес және мәңгі өмір сүретін, ешқашан өлмейтін құбылыс деп қарастырады. (Мир философии: М., 1991. – Т. 2, ч. 2. – 624 с.)

Идеалистік философияның қайсысы болсын сана, идея, рух материядан тыс, дербес өмір сүріп қана қоймайтынын, қайта сол материяны билейтін, оның қозғалысын, дамуын қарастыратын күш деп түсінеді. Бірақ сананың пайда болуын материалистік тұрғыдан түсіну де оңайға түскен жоқ. Кейбір материалистер сана барлық материяда бар деп түсінген. Мәселен, орта ғасырда өмір сүрген Д. Скоттың түсінігінше, тіпті тас та ойлай алады мыс. Мұндай бүкіл табиғатты жанды деп қараған ұғымды философияда гилозоизм деп атайды. Ғылыми мәліметтерге сүйене отырып, ғалымдар сана барлық

материяның жемісі емес, тек ерекше ұйымдасқан материя – адам миының функциясы екенін дәлелдеді.

Адам миы түрлі түйсіктер арқылы келетін мәліметтерді орталық жүйке жүйесі арқылы қабылдап, оны қорытады, белгілі ой тұжырымдарын жасайды. Сана қалай пайда болды деген сұраққа жауап беру: ол түйсік мүшелері арқылы объективті ақиқатты бейнелендіріп, оларды қорыту арқылы пайда болады, ал бұл үшін көп нәрседен хабардар болу қажет дейміз. Сананың мәнінде білім жатыр. Ал оны туғызатын танымдық ізденіс. Әр нәрсені білуге, ұғынуға талпыныс, ізденіс сайып келгенде сананы құрастырады. Сана – материядан мүлде өзгеше.

Сана белгілі бір дәрежеге – сана-сезімге айналады. Сана-сезім өзін-өзі сезініп, ұғыну арқылы жететін сананың ең жоғарғы сатысы. Сана-сезім дегеніміз – адамның өзін-өзі ойлай алатын, сезе білетін, әрекеттенетін субъект ретінде түсіне бастауы. Адамның сана сезімі таптық, топтық, қоғамдық сана-сезімдерге тығыз байланысты. Бірақ сана енжар емес, белсенді перменді рөлі бар құбылыс. Оның белсенділігі – бейнелеуді таңдай алады, келешекті болжай біледі. Сана дүниені бейнелеп қана қоймайды, сонымен қатар, оны өзгертеді, қолдан жасайды. Құрылыстар мен машиналарды табиғат дайын күйінде бізге сыйламайды, адам жасайды. Сол арқылы сана затқа айналады, заттандырылады.

§8.2. Әлеуметтік философия

Қоғам, адам және қоғамдық қатынастар туралы ой – пікірлер, идеялар мен ұғымдар алғашқы қауымдық қоғам дәуірінде-ақ қалыптаса бастаған. Адамдардың алдында қоғам деген не, ол қалай пайда болады, ол қалай дамиды, дамудың көздері мен қозғаушы күштері неде, қоғамды құбылыстар мен процестердің байланысы қандай, өзара әсер, себебі, қарым-қатынастар заңдылықтары бар ма деген және басқа да көптеген сұрақтар, ой-пікірлермен идеялар туады. Қоғамдық құбылыстарды процестерді, тарихты танып білуге, өзгертуде философия тарихында материализммен идеализмнің арасында ұдайы қарама-қарсы күрес болып келді. Қоғамның ілгерілеп дамуы, таптардың пайда болуы, ой еңбегімен дене еңбегінің бөлінуі, еңбекші бұқараны қанаудың күшейюі қоғам туралы ой пікірлерді, идеяларды одан әрі дамыта, тереңдете түсті. Қоғамдық өмірге, оның дамуына байланысты көз қараста бұрын идеализм үстемдік етіп келді. Оның үш түрлі себептері бар, тарихты ғылыми тұрғыдан түсіндіру белгілі бір нақтылы объективтік жағдайлар талабына байланысты туындаған соның рухани нәтижесі еді. Ол қоғамның, философияның, ғылымның жаңа практикалық талабына сәйкес өмірге ойдың жетістіктеріне сүйену арқылы, соның жалғасы ретінде және ғылым, практика жаңалықтарына сүйене отырып, солардың талабына сай қалыптаса бастады. Тарихты объективтік тұрғыдан түсіну өзінен бұрынғы алдыңғы қатарлы қоғамдық ойдың жәй жалғасы емес, қоғам тану тарихындағы мүлдем жаңа сапалы кезең. Тарихқа объективтік көзқарастың қалыптасуы табиғатты да, қоғамды да қамтитын біртұтас ғылыми-философиялық дүниетанымдық негіз

болды. Қоғамды ғылыми принциптер негізінде зерттеу нәтижесінде оның даму заңдылықтарын ашу барысында әлеуметтану, саясаттану ілімдері дүниеге келді. Ол ғылымдар адамзат тарихын түсіндірудің кілтін, көзін қоғамның материалдық-экономикалық қатынастар жүйесінен шығарып, оны жан-жақты терең талдап дәлелдеді. Қоғам заңдарын оларды тікелей байқау, көру, бақылау арқылы қабылдау өте қиын. Осы себепті қоғам заңдарын терең танып-білу арқылы пайдалану оңай емес, ол көп күш жұмсап, зерттеуді керек етеді. Олар абстрактілі ойлау арқылы белгілі болады. Қоғамды ғылыми тұрғыдан түсінудің басты өзгешелігі – ол алуан түрлі қоғамдық қатынастардың, байланыстардың ішінен ең бастысын – материалдық-өндірістік қатынастарды бөліп алады. Қоғамдық болмыс – адам өмірінің, оның іс-әрекетінің қажетті шарты және қайнар көзі. Адам өзінің жасампаздық күш-қуатымен табиғи мүмкіндіктерді шындыққа айналдыру арқылы болмысты өзгертіп отырады. Қоғамдық болмыс – адамзат тарихының даму кезеңдеріндегі әлеуметтік практиканың нәтижесі. Қоғамда түрлі қатынастар бар. Олар материалдық және идеологиялық қатынастар болып екіге бөлінеді. Материалдық қатынастар адам санасынан тыс, ой елегінен өтпей-ақ, қалыптаса береді. Оған жататындарды ең алдымен табиғатты адам арқылы өңдеу деп айтады. Қоғамды қатынастардың екінші бір тобы – идеологиялық қатынастар оларға адамды адам арқылы өңдеу жатады. Олар саяси, құқықтық, моралдік, діни, эстетикалық және философиялық қатынастар болып бөлінеді. Нағыз демократиялық қоғам адамдар бостандығынан, еркіндігінен көрінеді. Бірақ бостандық ойға келгенді жасау емес, қоғам болған соң, белгілі тәртіп болады. Демократияның бір көрінісі либерализм. Ол адам құқығы деген ұранды желеу етіп, адам не істесе де ерікті болу керек дейді. Қоғам дамуындағы ерекше заңдар әрбір жеке – экономикалық формациялардың өзіне тән ерекшелігін көрсетеді. Қоғамды біртұтас, тірі әлеуметтік организм деп қараудың негізгі шарты – барлық дәуірлердің әлеуметтік-экономикалық даму типологиясын құру, яғни қоғамдық-экономикалық фармация туралы ұғымды тұжырымдауды қажет етті.

Сондықтан тарихты әлеуметтік философия тұрғысына пайымдау, талдау әдісін – біз қоғамдық құбылыстардың жалпы теориясымен методологиясы дейміз. Айта кету керек, қоғамды басқа да толып жатқан нақтылы ғылымдар (әдебиет, заң, тарих, саяси экономия, саясаттану, әлеуметтану, т.б.) зерттейді.

Материалистік философия ілімдерінде адамзат қоғамы ешқашан өзгермейтін, әрқашан өзіне тән құбылыс ретінде қаралып келді. Қоғамдық құбылыстар кездейсоқ, оларға тән ешқандай заңдылық жоқ деп санаған, не биологиялық заңдылықтарды қоғам өміріне қолданған реттер де кездесті. Қоғамның тарихи үлгілері бір-бірінен материалдық игілікті өндіру тәсілі арқылы ажыратылады, ал қоғамның формацияның саналық ерекшелігі ондағы өндірістік қатынастарға байланысты болады. Әрбір қоғамдық фармацияның негізінде белгілі бір өндіріс тәсілі болады. Өндіріс тәсілінің алмасуы қоғамдық фармацияның ауысуына бастайды.

Қоғамның қозғаушы күштері туралы мәселенің принципті маңызы бар, Өйткені бұл проблеманы шеше отырып, біз қоғамның ілгері дауының басты

қозғаушысы, оның жүргізушісі кім, адамдардың саналы жасампаздық қызметінің басты ынталандырушысы неде, олардың көріністері қандай деген сұрақтарға жауап іздейміз. Қоғам дамуының объективті қозғаушы күштері өздерін терең түсінуді, білуді қажет етеді сондықтан олар өздерінің идеологтарын қалыптастырады. Қоғамның даму процесі, оның жоғары қарай ілгері басуы қозғаушы күштер, қайшылықтар, қарама-қарсы күрестер, әлеуметтік өзгерістердің қарқымды секірістері арқылы жүзеге асырылатын. Бұл арада қозғаушы күштер болып, белгілі бір әлеуметтік топтың жиынтығы да шығады. Бұлар қоғам дамуының прогресшіл мүдделеріне сәйкес нақтылы – тарихи жағдайларға байланысты толғағы пісіп-жетілген қайшылықтарды шешуге бағытталған.

Материалдық-экономикалық мүдделерден басқа рухани мүдделерде бар. Рухани мүдделер қоғамның эстетикалық адамгершілік діни мүдделері – оның білімге мәдениетке, оқуға үмтылуы. Мүдделердің өзгеру негізіне объективті болмыс және адамның материалдық дүниеде өмір сүруі, адам мен қоғамдағы өзгеру барысының бейнесі жатады. Бір мүдделерді қанағаттандыру қоғам дамуында жаңа мүдделерді туғызады.

Табиғат пен қоғам арасындағы қарым-қатынасты нақты әрі терең түсіну үшін географиялық орта деп аталатын түсінік қолданылады. Бұл ұғымды ХІХ ғасырдың ортасында француз географы, әрі социологы, Париж Коммунасына қатысушы Элизе Реклю кіргізген болатын, одан әрі бұл ұғым Г.В.Плеханов еңбектері арқылы ғылыми әдебиеттен орын тепті.

Географиялық орта өндіріс арқылы халықтардың тарихи дамуының қарқынына әсер етеді. Қолайлы географиялық ортада өндірістің дамуына жақсы жағдай болады да, қолайсыз ортада даму процесі көптеген қиыншылықтар арқылы өтеді. Алайда географиялық орта өндірістің, жалпы шаруалықтың дамуына қажетті кейбір мүмкіндіктерді ғана дайындайды, ал ол мүмкіндіктерді пайдалану қоғамның өзіне байланысты, оның сұранымдарына, өндіріс құрал – жабдықтарының деңгейіне тәуелді. Бұл айтылғандардың туындайтын тағы бір маңызды мәселе – географиялық ортаны ұқыпты да, мақсатқа сай пайдалануда қоғамдық құрылыс сипатты рөл атқарады.

Географиялық ортаның қоғам дамуындағы рөлін асыра бағалауға болмайды. Жоғарыда айтылғандай, ол өндіріс арқылы даму қарқынына ғана әсер етеді. Бұл ретте социологияда бағыт (географиялық детерминизм) деп аталатын ағымның кең таралғанын айта кеткен жөн. Бұл жерде мынандай бір заңды сұрақ тууы мүмкін. Табиғатқа, оның өзгеруіне адам ғана емес, жануарлар да ықпал етеді. Ендеше, бұл ретте адам әрекетінің сапалық өзгешелігі неде? Біріншіден, жануарлар да ықпал етеді. Ендеше, бұл ретте адам болса табиғатты нысаналы түрде өзгертеді, оны қоғам игілігіне қызмет істеуге бағындырады. Екіншіден, жануарлар табиғатпен қарым-қатынас барысында өздерінің дене мүшелерін, яғни тісін, мүйізін, тұяғын, т.б. пайдаланады. Ал адам еңбек құралын қолданады. Ең бастысы – ол оны өзі жасайды. Үшіншіден, жануарлардың әрекені таза биологиялық қажеттерден туындайды, хайуандық сипат алады, ал адам еңбегі әуел бастан-ақ қоғамдық, ұжымдық сипатқа ие, мақсатқа

сай жүзеге асырылады. Бір сөзбен айтқанда, географиялық детерминизм қоғамдық дамудағы, әр халықтың тарихындағы өзгешеліктерді географиялық ортаның әсерімен түсіндіруге тырысады, яғни бұл ағым қоғам дамуының басты себебін қоғамның өз ішінен емес, сыртынан іздейді.

Империализм дәуірінде географиялық детерминизмнің жалғасы сияқты кертартпа ағым – “геосаясат” пайда болды. Геосаясат империалистік мемлекеттердің агрессиялық саясатын ақтауға тырысты. Бұл ағымды ұсынған неміс географы Ф. Ратцельдің ойы бойынша, тарихтың қозғаушы күш – “өмірге қажет кеңістік үшін күрес”. Оның пікірінше, тарих дегеніміздің өзі халықтардың “өмірлік кеңістік үшін” бір-бірімен күресі.

Өз жерін басқадан қорғау да – геосаясат. Табиғат пен қоғамның өзара тұтастығы, өзара қарым – қатынасы туралы айтқанда, тек географиялық орта туралы түсінікпен ғана шектелу қате болар еді. Адамның, бүкіл қоғамның өмір сүретін табиғи ортасы, әрине, көп. Ол биосфера деп аталады. Биосфера жер шарының тіршілік тараған аймағы. Оған тірі организмдер мекендейтін, жер қыртысының жоғарғы қабаты, өзендер мен көлдер, теңіздер мен мұхиттар, сондай-ақ, атмосфераның төменгі қабаты жатады. Басқаша айтқанда, биосфера – адамдардың тыныс-тіршілігін, өмір сүруін қамтамасыз ететін орта. Биосфераның құрамына өсімдіктерден, тірі организмдер мен жануарлардан басқа адамның өзі де кіреді, яғни адамзат – биосфераның бір бөлігі. Адамның іс-әрекеті, ғылым мен техника дамыған сайын биосфераның өзгеруі жылдамдай түседі. Ноосфера туралы ілімнің негізін қалаушы В.И. Вернадскийдің пікірінше, ноосфера – адамның ақыл-ой өрісі, ойланып істеген әрі дәйекі басқарып отыратын әрекетінің көрінісі, табиғатты жоспарлы, жүйелі әрі саналы түрде пайдалануының, өзгертіп, түрлендіруінің жемісі. Бұл айтылған мәселелер бүгінде экологиялық проблемалар деп аталып әлемдік сипатқа ие болып отыр. “Экология” деген ұғым гректің “okos – үй, мекен” және logos – ғылым деген сөздерінен құралған. Басқаша айтқанда, экология – табиғат мен қоғам байланысы туралы ғылым. Қысқасы, бүгінгі таңда табиғат қорғау мәселесі, қоршаған ортаның тазалығы үшін күрес дүние жүзі елдерін, халықтарын қамтып отырған “бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығаруды” талап ететін ғаламдық мәселеге айналады. Сондықтан елімізде табиғат қорғау, оның байлығын ұқыпты пайдалану мәселесі мемлекеттік саясат деңгейінде қаралып отырғаны да әбден заңды. Экологиялық тәрбиені жүйелі негізге қою да – уақыт талабы, экологиялық мәдениетке ие болып, табиғатқа туған анасындай аяулы сезіммен қарау – бүгінгі таңда әрбір азаматтың абыройлы борышы.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Болмыс ұғымына қарсы тұрған ұғымды атаңыз;
2. “Екінші табиғат” болмысына нелер жатады?
3. Болмыстың түрлерін атаңыз?
4. Субъективті рух болмысы дегеніміз не?
5. Объективті рухани болмыс қалайша өмір сүреді?
6. Рухтың заттануы мен қайта жандануы қалайша жүреді?

7. Қазіргі ғылымдағы моралдық құндылықтар маңызының өсуінің себебі неде?
8. Волюнтаризм адам еріктігін қалай түсінеді?
9. Фатализм дегеніміз не?
10. Материя дегеніміз не?
11. Материяның негізгі екі түрін атаңыз?
12. Сананың құрылымы қандай?
13. Рух дегеніміз не?
14. Сана мен мидың айырмашылығы неде?
15. Ойлау формалары бір болса да неге көптілдік бар?
16. Кибернетикалық құралдар адамды ауыстыра ала ма?

XIX ТАРАУ. АДАМ: ӨМІР МЕН ӨЛІМ(ЭВТАНАЗИЯ, СУИЦИД).

§9.1. Философиялық антропология.

Адам проблемасы – философия ғылымында әрқашанда қарастырылған мәңгілік проблема. Бұдан философияның өзі сонау көне замандардағы ойшылардың адам жөніндегі, оның дүниеде атқаратын қызметі мен алатын орны жөніндегі ой – толғауларынан туғаны дәлел болады. Бір нәрсенің сырын ашып, білу үшін алдымен адам бұл туралы ештеңе білмейтінін түсініп, соны іште де болса мойындау қажет. Біздің білуімізше, философияның мәселесі – бұл сананың, рухтың табиғатқа, материяға, субъективтің (адамның) ішкі дүниесінің объективтікке (сыртқы дүниеге) қатынасы. Бұдан шығатын қорытынды: адамның сана-сезімі мен ақыл – ойының, тіл мен дүниетанымының және оны өзгерту қабілетінің өзін қоршаған ортаға қатысы қандай, табиғат пен қоғамның адамға, оның ішкі рухани дүниесіне тигізетін әсері қандай – оның бәрі философияның ең түбірлі және түбегейлі мәселелері болып табылады. Этикалық ілім ретінде дүниеге келген Үндістанның буддизм философиясы өзінің алдына адамды қиналу азабынан құтқаруды мақсат етіп қойды. Егер бұған дейінгі брахманизм деп аталатын діни – философиялық ілім адамның азап шегуін бұрынғы күнәсі үшін тартатын жазасы, одан құтылудың жалғыз жолы – құдайға құлшылық етіп, табына білу деп білсе, буддизм, керісінше, өмірдің өзі тек азап шегуден тұрады, бұл дүниеде (сансарда) одан адамды азат ету құдайлардың қолынан келмейді, азаптан құтылудың бір ғана жолы бар, ол адамның өзіне байланысты: сансардан кету, безіну деп санады.

Конфуций ең алдымен адамның адамгершілік әрекетіне назар аударады. Оның түпкі тұжырымы “аспан” концепциясы. Әлем мен адам дамуын анықтайтын тек табиғат бөлігі ғана емес, жоғары рухани күшті де білдіреді. Ол аспан мархабатымен белгілі бір этикалық қасиеттерге ие болған адам мораль заңына – даоға сәйкес қылық жасауы тиіс және бұл қасиеттерді оқу үдерісінде жетілдіруі тиіс деп жазды. Конфуций концепциясына сай “идеалды адам”, “қайырымды ер” деңгейіне жету болып табылады.

Платон философиясының өте маңызды бөлімі – адамның арманынан шығатын “Мемлекет” туралы ілім. Дүниедегі бірден – бір әділетті мемлекет қандай болуы керек – философ осыны кескіндеп, бейнелеп беруді өзіне мақсат етіп қойған. Мұндай мінсіз мемлекетті ең ақылды, білімді адам, яғни, Платонның ойлауынша, философ басқаруға тиіс (Проблема человека в западной философии // сост. П.С. Гуревич; общ. ред. Ю.Н. Попова. – М., 1988. – 552 с).

Адам проблемаларына Аристотель де ерекше көңіл бөлген. Әсіресе ол философияның “Этика” бөлімінде түгелдей сол проблемаларды қарастырып, оларға тиісті талдау жасады. Аристотельдің айтуынша, мемлекет басындағы заң шығарушының міндеті – азаматтарды жақсы қылықтарға, ізгі ниеттілікке үйретіп оларды тек игілікті істерден ғана дәрежеге жеткізу. Оның “Алтын аралық” деп аталатын моральдық доктринасы адамның жан дүниесінің сырын ашуға бағытталған. Жоғары мінез-құлық қасиеттерінің әрқайсысы біріне-бірі қарсы екі түрлі ұшқары қылықтың аралығы болып табылады. Бұлардың екеуі

де теріс қылықтар. Дегенмен Аристотель де өз заманына сай ойлайды. Құлдарды ол адамға санаған жоқ, “сөйлей білетін құлдар” деп атады. Құл иесі құлға қайырымды болуы да міндетті емес, өйткені, ол оның меншігі болып есептеледі, ал баланың әкеге қайырымды болуы міндетті, себебі, әкесіз бала дүниеге келмейді. Адамның ой-сезімін, мінез-құлқын тәрбиелеп, жетілдіру арқылы оны бақыт жолына салу мәселесіне бірнеше күрделі еңбектерін тікелей арналған орта ғасырдағы Шығыстың ойшыл философы, біздің әйгілі жерлесіміз Әл-Фараби болды. Әл-Фарабидің айтуынша, бақыт – әр адамның көздейтін мақсаты, үлкен игілік. Сол мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін адамда үш түрлі тамаша табиғи қабілет болады:

а) ерекше жасаған дене құрылысы;

ә) жан құмарлықтары;

б) ой-парасаты (Аль-Фараби. Историко-философские трактаты. – Алматы, 1985. – 26 с.). Бұл арада адамның қоғамда алатын орны мен рөлінің сипаттамасын айтып отырмыз. Ал адам дегеніміз өзі кім? Күнделікті өмір көзімен қарағанда бұндай оңай сұрақ жоқ тәрізді. Философия тарихында берілген анықтамалар көп. Аристотельдің анықтамасы бойынша, адам – қоғамдық хайуан. Басқа хайуандардан адамның айырмашылық – ол қоғамнан тыс өмір сүре алмайды. Орта ғасырдағы діншіл философ Фома Аквинский адамды дене мен жанның бірлігі, хайуан мен періштенің аралығындағы нәрсе деп санаған. Жан оның ұғым-дарында мәңгілік өлмейтін жақсылық сәулесі болса, дене – ынтымақтық аренасы, жанның ұясы. Сондықтан адамдар өмір бойы сайтандар тұзағынан босануға және құдайдың жарық дүниесіне шығуға ұмтылады.

✓ Фортуна өте мейірбанды адамдардан гөрі, «не болса сол болсын», – деп батыл кірісетін адамдарды сүйеді (Эразм Роттердамский).

✓ Менің адалдығым мен сенімділігімнің кепілі – менің кедейлігім (Николло Макиавелли)

✓ Адам – көп түрлі өзгертін табиғаты бар жануар. (Пико делла Мирандолла).

✓ Қандай қиындық болса да, өмірден бас тартпа (Мишель Монтень).

Философия тарихында мыңдаған жылдар шеңберінде адамға деген саналуан анықтамалар жасалды. Шәкәрім “Үш анық” еңбегінде егер де адамның ар-ұжданы болмаса, ол жануарлардан құлық-сұмдығы жүздеген есе асатын нағыз жан түршігерлік сайтанға айналар еді. Бүкіл көркем әдебиеттің дәріптейтін аса құнды адамның қасиеті – оның ар-ұжданы.

Австрия ғалымы В. Франкл Құдайды Ғарыштан, тіпті оның әр жағынан іздеу керек емес, ол – адамның ішіндегі оның ар-ұжданы деген ғажап ой айтады. Homo Aestheticus” – сұлулыққа ұмтылған адам – деген анықтама да адамның ғажап жағын бізге көрсетеді. Адам дүниедегі кез келген нәрсенің әсем жағын байқап одан ләззәт алатын пенде. “Әсемдік Дүниені сақтап қалады”, – деген Ф. Достоевскийдің нақыл сөзі жоғарыдағы ойлардан шықса керек. Голландия ойшылы И. Хейзинга адамға “Homo Ludens” – ойнайтын адам – деген ат қойды. Адам өз өмірінің шеңберінде жүздеген әлеуметтік рөлдерді ойнайды. Мысалы, ол – әке, жұмыста есепші, біреудің жолдасы, болмаса,

туысы, саяси партияның мүшесі, ауладағы футбол командасының капитаны т.с.с. Француз ойшылы Э. Кассирер адамға “Homo Symbolicus” – нышан, белгі жасайтын адам – деген анықтама берген болатын (Кассирер Э. Техника современных политических мифов. – М.: Мысль, 1995. – 35 с.).

Кең түрде алғанда символға қайсыбір халықтың тілі, бабалардан қалған аңыз-дастандар, дін, өнер қағидаларын, неше-түрлі өмірдегі кездесетін белгілерді т.с.с. жатқызамыз. Қайсыбір нақыл сөздер, көркем әдебиеттегі салыстырма, бейне т.с.с. мысалдардың әр жағында неше-түрлі мән-мазмұнның жатқанын байқауға болады. Мысалы, Прометей бейнесі бізге нағыз адамды сүю (гуманизм), ал Сизиф болса нәтижесіз зардапқа әкелетін еңбек, Қозы-Көрпеш пен Баян-Сұлу – мөлдір махаббатың символдары ретінде көрінеді.

Ф. Ницше адамға «уәде беретін жануар», Ж.Ж. Руссо «бұзылған жануар» деген анықтама берген болатын. Сонымен, өмірдің ең биік мән-мағынасы – шығармашылық сатыға көтеріліп, өз қабілеттеріңді іске асыру, соның арқасында өз тұлғаңның ерекше орнын анықтап, қанағаттану болмақ. Ондай адамға тән нәрселер:

- ✓ өмірдің әрбір күнін теңдесі жоқ сый ретінде қуанышты сезіммен қабылдау, басқаларды өзінді сияқты бағалап қабылдау;
- ✓ басқаларға тәуелді болмау, әр мәселе бойынша өз пікіріңді көрсете білу, өзгелердің пікірін де қабылдап сыйлау;
- ✓ өз таңдаған ісіңді сүю, шығармашылық деңгейінде игеру;
- ✓ үне бойы өз қабілеттеріңді әрі қарай дамытуға тырысу;
- ✓ мақсат-мұратқа жететін құралдарды таңдау, жақсылық пен жамандықты, сұлулық пен түрсіздікті айыра білу;
- ✓ қай жерде болмасын өзінді қарапайым күндегідей ұстай білу; т.с.с.

Адам өмірінің мән-мағынасы жөнінде арнайы еңбек жазып, құнды пікірлер айтқан ХХ ғ. өмір сүрген Австрияның ұлы ойшылы В. Франкл болды. Ол бүгінгі адамның өмір ақуалына тоқтала келе, оның қиындығы жөнінде сыр шертеді. Бүгінгі адам жануарлар сияқты инстинкттің, кешегі қоғамдағы сияқты әдет-ғұрыптың талабына сай өмір сүре алмайды. Сондықтан, ол басқалар сияқты болғысы келеді (конформизм), я болмаса, басқалардың айтқанын істейді (тоталитаризм). Ол оның рухани дағдарыста екенін, өмірдің мән-мағынасын әлі таба алмағанын көрсетеді. Нәтижесінде, адам “экзистенциалдық вакуумға” (өмір сүрудегі мәнсіздікке) келіп тіреледі. Ондай адам әлеуметтік аномияға (ауытқуға) ұшырауы мүмкін. Олар: нашақорлық, ішімдікке салыну, қылмыстыққа бару, құдай іздеу жолына түсу, өз-өзін өлтіру (суицид) т.с.с. Батыс қоғамында кең тараған жалған көзқарас ретінде В. Франкл өмір мәнін байлықтан іздеуді келтіреді. Мысалы, әке-шешесі өз баласына барлық жағдай жасап, не қалағанын алып береді де, оның алдындағы өз борышын орындағандай сезінеді. Ал ол баланың ішкі жан-дүниесі қандай, ол кім болғысы келеді, нені қиялдайды т.с.с. оған көңіл бөлуге олардың қолдары да тимейді. Ақырында, киімі көк, тамағы тоқ бала көзді ашып-жұмғанша ересектік сатыға келеді. Балалық қиялдарының бәрі артта, ерекше тұлғалық дәрежеге көтерілген жоқ, өмірден өз орнын таба алмай қалды. Не істеу керек? – бұл сұраққа ол

жауап бере алмайды. Бұл қиын ақуал кездейсоқ біреудің нашаны ұсынуымен аяқталады. Бұл Дүниеде өмірге келген әр адамның өз орны бар, сондықтан, әр адам өмірінің мән-мағынасы өзгеше. В. Франклдің айтуынша, бұл өмірде әр адамға өзіне керек іс тауып, қайсыбір ақуалдың шеңберінде өмірлік мән-мағынаны ашуға болады. Біреу өмірінің мән мағынасын балаларын жеткізуден, екінші – табиғи дарынын ашудан, үшінші – сүйген адамы үшін өмір сүруден т.с.с. көруі мүмкін. В.Франклдің ойынша, жалпылай келе, өмірлік мән-мағынаны үлкен үш топқа бөлуге болады. Оның ең биігі – шығармашылық құндылықтарына жету, яғни, тарихта бұрынғы-соңғы болмаған жаңаны тудыру. Ол үшін, әрине, табиғи дарыннан тыс, сол саланы толығынан игеріп, шыңына жету керек. Ол негізінен элитарлық топтарға тән нәрсе.

Көп жағдайда өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып алмас үшін, белгілі бір алдына қойған мақсатқа жете алмасаң, соған деген көзқарасыңды өзгертсең болғаны. Оны В.Франкл “құндылықтарға деген көзқарас” деген ұғыммен береді. Адамның өмірінде тіпті ойға келмейтін қиын жағдайлар туып (соғыс, жер сілкінуі, түрмеге түсу, қатерлі ісіктің пайда болуы т.с.с.) қолынан еш нәрсе келмей, тағдырдың тәлкегіне түскен кезде ол өмірінің мән-мағынасын жоғалтып түңілуі мүмкін. Ондай жағдай болмағанның өзінде әр адам өз өмірінің аяғында “қайғылы үштіктен” (зардап, күнә, өлім) өтеді. Осындай жағдайдың өзінде адам өз өмірінің мән-мағынасын жоғалтып алмауы керек, - дейді В. Франкл. Ол “ой-толғау құндылықтарына” көшу керек, сонда зардап шегудің өзінен жан-дүниені тазартатын, көп нәрселерге жаңа баға берілетін мән-мағынаны табуы мүмкін. Адамның ақыл-ой құдіретінен туатын іскерлік, белсенділік қабілеттеріне XVIII – ғасырдағы француз ағартушылары мен материалистерінің философиялық ілімінде де ерекше көңіл бөледі. Бұл дәстүр белгілі бір мағынада француздардан XIX – ғасырдағы неміс философиясына ауысты. Канттың адам проблемасына арналған негізгі принципті – әрбір жеке адамның өз алдында мақсатты нысана ретінде қарау қажеттігі. Бұл оның адам мүддесі жөніндегі ілімінің басты мәселесі болды. Адам деген жүрек жылылығын ол теорияға сүйенген салқын ақылдың бұйрықтарына қарсы қойып отырады. Табиғатта мақсат жоқ. Мақсат адамның дүниеге келуімен бірге пайда болады. Демек, ол тек адамға ғана тән, бір-бірімен қарым-қатынастағы адамдардан құралатын қоғамға тән құбылыс. Мақсат жәй ғана ермек үшін немесе сол мақсаттың өзі үшін ойдан шығара салған жасанды бір нәрсе емес.

Адам проблемаларының диалектикалық материализмі белгіленген шын гуманистік, ізгілік принципі. Сонымен, ғылыми философияның түсінуінде дүниедегі ең бағалы, асыл байлық – адам. Ол барлық әлеуметтік қозғалыстармен қимыл әрекеттердің негізі, өлшемі және мақсаты. Жер шарындағы небір ғаламат табыстардың қайнар көзі, ақыл – ой туындыларының құдіретті иесі.

Философиялық антропологияның материалистік концепциясын ұсынған Фейербахтың айтуынша, жеке – дара, жалғыз өзі ғана өмір сүре алатын адамның болуы мүмкін емес. “Менің” болуымның міндетті шартты – “сенің” болуың, басқалардың болуы. Адамның жануарлар дүниесінен бөлініп шығуының негізгі өмір сүру ортасын өз еңбегімен өзгерту, қайта жасау әдісін, ол үшін

еңбек құралын оның ең жабайы түрінен бастап, бірте-бірте жетілдіру жолын меңгеру қабілеті болған. Тек еңбек процесінде ғана адамдар қатысу, байланыс жасаудың қабілеттігін үйренеді. Бара-бара адам еңбегі бүкіл материалдық және рухани мәдениет дүниесінің жасаушы болып шықты. Осыларды еске ала отырып, адам дегеніміз – еңбек әрекетімен шұғылдана алатын, әлеуметтік қатынастар жасайтын, өзара байланыс жасауға толық қабілетті тіршілік иесі деп анықтама беруге болады (Гуревич П.С. Философия человека. М.: ИФРАН, 1999).

Адамзат тарихында даму заңдылығын ашып көрсету барысында мынадай әрі бұлтартпайтын өмірлік мысалға жүгінуге болады: адамдар саясатпен, ғылыммен, өнермен, дінмен, т.б. шұғылданбас бұрын ең әуелі тармақтануы керек, үстіне киім, басына пана қажет, ол үшін адамдар еңбектенуі, әрекет жасап, тер төгуі, сол арқылы қажетті материалдық игіліктерді өндіруі қажет.

Ал енді өмірге қажетті материалдық игіліктерді адамдар қалай өндіреді, неден жасайды, тиісті бұйымдарды қайдан алады ден заңды сұрақ туады. Әрине, олар дайын күйінде түспейді. Адамдар оны табиғаттан өндіреді, яғни табиғатпен байланыссыз ешқашан өмір сүре алмайды. Адам да, қоғам да – табиғаттың төл баласы, жалғасы. Тіпті, адам ауасыз, сусыз өмір сүре алмайды дейтін болсақ, сол ауа мен судың өзі – жан-жануар, адамзатқа табиғаттың тарту еткен ғажайып сыйы. Қоғам табиғаттың ұзақ эволюциялық дамудың нәтижесі, басқаша айтқанда, қоғамның пайда болуы – материя қозғалысының жоғары, әлеуметтік түріне көшуі деген сөз. Адамның ақыл-есі, ой-санасы, өзін өзге дүниеден бөліп қарай алатын, өзінің ішкі дүниесін танып білуге қабілетті, қоғамнан, ұжымнан жарық өмір сүре алмайтын әлеуметтік құбылыс екенін айырамыз. Алдыңғы ұрпақтан қалған мәдени мұраға ие болып, оларды жетілдіріп отыратын қасиет тек адамға ғана тән. Басқаша айтқанда, табиғат барлық уақытта да адамзаттың өмір сүретін ортасы, тіршіліктің қайнар көзі болған және солай болып қала бермек.

§9.2. ЭВТАНАЗИЯ және оның түрлері.

Эвтаназия «eu» - «жақсы», **«thanatos»** - «өлім» «merky killing» – «қайырымдылықтан өлтіру» деп аударылады. Терминді ағылшын философы Ф. Бэкон (1561-1626) енгізген, соңғы 3000 жыл барысында қарастырылған.

Нидерландияда 1991 жылы Риммелинк баяндамасында «Эвтаназияны - адамның өз талап өтініші бойынша арнайы өмірін тоқтату» деп есептеген. Сондықтан, ол біреулер үшін адамгершікке қайшылық болып есептеледі.

Эвтаназия – біздің қоғамдағы медицина мен философиядағы әлемдік деңгейдегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады, оны гуманизмге қатынасты қарастырсақ, онда ол қылмыс болып саналады, себебі, бұл дәрігерлік этика мен деонтологиялық қатынастың бұзылуы. Эвтаназия көп жағдайда дәрігер көмегімен өтетіндіктен өз күші мен мүмкіндігін адам өмірін сақтауға арнайтын дәрігер бір қарағанда – қылмыс-керге айналатын сияқты көрінеді. Сондықтан салауатты кез-келген қоғам эвтаназияны заңдастыруға рұқсат етпейді деген ойдамыз. Бұл құбылыс гуманизмге, табиғатқа, дінге

қарама-қайшы. Біздің шығыстық менталитет үшін, эвтаназия жат нәрсе саналады және мүмкін де емес, өз бауырын «бауыр етіндей» көретін халқымыз оны ешқандай жағдайда қолданбайды.

Ал батыс елдерінде оны жасауға заңды түрде тек Голландия елінде рұқсат етілген, әлемдік деңгейде оны практикада қолданатын мемлекеттер бар: мысалы Американың екі бөлігінде, Нидерланд, Австралияның солтүстік аймағы, Германияда, Нидерландыда дәрігер көмегімен өлтіру практикада қолданылғанымен, заңмен рұқсат етілмеген.

1933-1945 жылдар Еуропада германдық, нацистік режим кезінде эвтаназия арқылы миллиондаған ауру, мүгедек адамдар өлтірілген. Фашистік режим өзінің қылмыстарын пайдасыз өмірлерді тоқтатумен ақтағысы келгенмен, бұндай ақталу мейірімділік пен қайырымдылыққа қарсы еді. Нидерландияда ерікті эвтаназия «декриминализацияланған» (яғни, қылмыстық аумақтан шығарылған).

Голландияда эвтаназияға қатысты жаңа заң қабылданған. Ол заң бойынша, ол созылмалы, адам төзгісіз, жазылмайтын науқастарға қолданылады. Заңды түрде рұқсат етілгендіктен, тәуелсіз дәрігердің (сарапнамашының) пікірі болуы, пациенттің ақыл-ойы дұрыс болуы куәландыруы керек. Өлім туралы талап ерікті, табанды, әрі, тәуелсіз болуы керек. Дәрігер ешқашан өз тарапынан ерікті өлімді ұсынбауы керек. Эвтаназияны жақтаушылар дәрігер маман науқастың кез-келген шешімін («өзін өлтіру» болса да) сыйлауы керек, оған жауапты емес.

Бұған қарсы келушілер болса, қоғамдық саясатты өзгертіп, балаларға, мүгедектерге қолданылып кетуі мүмкін дегенді айтады. Олар оны қолдану адам денсаулығы мен өмірінің құнсыздануына әкеледі дегенді алға тартады. Данияда төсек тартып жату ұятты іс болып есептелген, сондықтан, өз өмірлерін қиған эскимостар кәрілік келгенін сезгеннен бастап, тундраға суықтап қатып қалуға (заморожение) кеткен. Ерте Грецияда суицид арнайы билік органымен қаралатын болған. Бұның бәріне қарамастан, эвтаназияға қарсы медицина атасы Гиппократ «...мен ешкімді өлтірмеймін, ондай құралды да жасатпаймын». Оның замандастары, Платон, Сократ, Аристотель, керісінше, әлсіз, үмітсіз адамдарға «жеңіл өлім» таңдау тиімді әрі табиғи деп есептеген [Религия и нравственность в секулярном мире. Кетова Т.Н. // Материалы научной конференции. 28-30 ноября 2001 года. С.110-112].

Ұлыбританияда бұны жасаған дәрігерлер 14 жыл түрмеде отырған, Испанияда эвтаназия өлім сияқты түсіндіріледі, Германияда да дәл сол жағдай. Швейцарияда «енжар» эвтаназия көп қолданылады. Ал, Англияда, керісінше, ұзақ пікірталасан соң, кез-келген эвтаназия медициналық практикада қолданылмайды.

Индиана штатында (АҚШ) тірі кезде өсиетхат қалдырады онда пациент ресми түрде өз өмірін жасанды жолмен жалғастыруға рұқсат етеді. 1977 жылы Калифорния штатында көптеген референдумнан кейін, алғаш рет "Адамның өлімге деген құқығы" заңы енді, онда үмітсіз жазылмайтын науқастар реанимациялық аппаратураны өшіріп тастауға рұқсат етілген [Романовский Г.Б.

Эвтаназия: анналы истории // Медицинское право. Москва, 2007. -№3. Стр. 16-19.].

Ол туралы әрдайым бұқаралық ақпарат құралдарында айтылып та, жазылып та жүр. Сан-қилы көзқарас, қарама-қайшы пікірлердің болуы заңды құбылыс. Мұнда дәрігердің анты, гумандылығы адамгершілігі т.б мәселелер алға шығады. Дәрігер ешқашан пациентінің өміріне қол сұқпауы керек, Гиппократ антына берік болуы міндетті әрі бұл парызы.

Діндердің эвтаназияға қатынасы.

Құран Кәрімде Ниса сүресінің 29 – аятында: «Өздеріңді-өздерің өлімге қимаңдар» – деген ескерту бар. Пайғамбар Мұхаммед хадистерінде: «Кімде-кім у ішіп өлетін болса, ол тозақта сол уды мәңгі ішетін болады. Егер кімде-кім жардан тастап өзін өлтірсе тозақтың түбіне түседі» делінген [Құрани Кәрім. Ниса сүресінің 29 – аяты, Қазақша мағынасы және түсінігі. Мансур Алауддин, Алматы-Бішкек, 2006].

Буддизмде бұл мәселеге дәстүрлі діндерге қарағанда басқаша тұрғыда қарастырылған. Бір жағынан, эвтаназия жасау теріс әрекет, себебі, ақылдың жаман күйін, яғни таза санадан физикалық қасыреттер басым түскенін білдіреді.

Үндістер мен сикхалар кармаға сенеді. Дін өліммен оны терістеу арқылы яғни, өлім арқылы күреседі, мезгілсіз өлім – үлкен бақытсыздық саналған. Жақсы өлім – адам қартайғанда өз міндеттерінің барлығын орындап, барлығымен қоштасып болғанда келеді десе, жаман өлім – күшпен, мезгілінен бұрын келетін нәрсе. Сондықтан эвтаназияны жаман өлім қатарына жатқызады. Ресейдегі қазіргі таңдағы буддизм эзотериялық идеялармен араласқан туралы айтылады, буддизмнің кей формаларында ол жоққа шығарылады. Эвтаназия қарманы теріске шығаруды да білдіреді. Далай-лама XIV Тэнзин Гьяцо айтуынша, эвтаназия кез-келген формада мүмкін емес.

Христиандар оған қарсы, олардың дүниетанымында адам өмірі құдайдың қолында.

Иудаизм дініне келсек, 2005 жылы Израилде Кнессет дәрігерлерден өз қайғысын, ауруын жеңілдету үшін өз өмірін қиюды өтініш жасауға рұқсат ететін заң қабылдаға. Иудаизмде жасанды жолмен өмірді жалғастыруды терістеген. дегенмен ауру азабынан қашу өлімді ақтай алмайды. Адам өмірін сақтау үшін *парыздың* табиғи шектері бар [Капинус О.С. Эвтаназия как социально-правовое явление: дисс..д-ра юридич. наук. - М., 2006. - 344 с.]

Эвтаназия – белсенді және енжар болып бөлінеді. Белсенді түрінде тез өлім шақыратын дәрі немесе укол салу арқылы науқастың өлуі, енжар түрінде дәрігер көмегімен терапия қолдану арқылы өлім. Белсенді эвтаназия «қайырымдылықпен жасалатын өлім» – өмір сүруге мүлде үміті мен мүмкіндігі жоқ науқасқа қолданылады. Кей жағдайда белсенді эвтаназияны науқастың өзі ғана орындайды. Ол өз қолымен аппаратын өшіріп тастайды. Сондықтан бұл проблемада моралдік және заңдық тұрғыда екі мәселе шығады:

Моралдік тұрғыда – «Мұны істеген адамның мінезі туралы не айтуға болады.

Заңдық тұрғыда – «Бұндай әрекеттерге заңмен тиым салынуы, жазалануы керек пе?».

Сондықтан эвтаназияны «өнегелі жамандық» деп атай аламыз. Эвтаназия туралы мысалдар дәрігерлер практикасында көптеп кездеседі. Бірнешеуін қарастыра кетейік(төмендегі мәліметтер [www. medzdrav. ru.](http://www.medzdrav.ru)-сайтынан алынды).

✓ 19 жастағы ұлына эвтаназияны қолданған – дәрігер ана оқиғасы. Оның ұлы термиялық күйікпен беті, тыныс алу органы, екі қолы күйіп қалады, оларды кесіп тастайды, бет сүйегі көрініп қалады, екі көзі де көрмей қалады. Күні-түні ауырған бала санасынан есінен тана береді. Емдеудің ешқандай жолы көмектеспейді. Баласы анасынан өзін өлтіруді жалынып сұранады. Бір күні анасы келісімін бергенде, баласы қуанып, рахметін айтады. Ұлына инъекция салған соң, өзі бір қорап ұйықтатын дәрі ішіп, өлгісі келген. Бірақ оны басқа медбикелер құтқарып қалады. Ол өлген соң, сот процесі басталып, дәрігер ана ақталған.

✓ Ростов аумағындағы Белая Калитва қаласының тұрғыны Немов есімді азамат өз анасының өліміне кінәлі деген айыппен сотталады. Оған қамқорлық көрсетіп жүрген шағында, Немов дәрігерлерден өз анасының жазылмайтынын біледі, анасынан жаны қиналғанша, оны өлтіруге рұқсат сұрайды. Себебі анасының жағдайы өте ауыр болады. Ол рұқсат еткен соң, қылғындырып өлтіргісі келеді, бірақ нәтижесіз болған соң кеудесінен пышақ сұғып өлтірген. Ол өлген соң, сот процесі басталып, Немов кейіннен ақталған.

✓ Голландияда болған тағы бір жағдай: кәрілер үйіндегі 94 жастағы қарт оқиғасы, оның көзі көрмей, құлағы естімей қалады, ол өз еркімен эвтаназияға келісім берген, туысқандарын көндірген. Ол өлген соң, сот процесі басталып, дәрігер кейіннен ақталған.

✓ БҰҰ бұрынғы директоры, американдық дәрігер Майкл Горвин 50 науқасқа өз еркімен эвтаназия жасауына көмектескенін жасырмай айтады. АҚШ-тың 37-ші президенті Ричард Никсон өз еркімен өлуге инсульт алғаннан кейін өсиет жазған.

✓ Франция президенті Миттеран да өзі рақтың соңғы стадиясы болғандықтан, өз дәрігеріне эвтаназия жасауға рұқсат берген.

Кейбір өркениетті елдерде эвтаназия заңмен рұқсат етілмесе де, практикада қолданылады. Мысалға өмір сүруге еш мүмкіндігі жоқ науқасқа қосқан қымбат аппаратты өмірге мүмкіндігі бар науқасқа ауыстыру практикасы.

Американдық медициналық ассоциация берген мәлімет бойынша АҚШ ауруханаларында жыл сайын – 6000 адам осы жолмен өледі, өз еркілерімен эвтаназия жасатады. Сондықтан бүгінгі таңда Нидерланд, Австралияның солтүстік аймағы, Германия сияқты эвтаназияға рұқсат етілген мемлекеттер тәрізді басқа мемлекеттер арасында эвтаназия керек пе, жоқ па деген проблема өзекті де даулы болып тұр. Оның әлі шешімі табылмай тұр.

Голландтық сенат сәуірде басқалардың көмегімен өзін өлтіруді заңдас-

тырған. 2011 жылы 27 шілдеде БҰҰ ның адам құқықтары туралы Комиссиясы Голландияның эвтаназия туралы қабылдаған заңын сынға алды. Комиссия төрағасы Эскарт Кляйн басқалардың көмегімен өзін өлтірудің санының артуы күнделікті құбылысқа айналу қаупі бар екендігін айтады. Оның ойынша, мұндай қауіпті прецедент туралы заң қабылдау медициналық кәсіпті адамшылықтан арылтады өзін өлтіру тривиалды актіге айналады. Голландия ол туралы заң қабылдаған алғашқы ел.

«New England Journal of Medicine» журналында әртүрлі елдердің ғалымдары эвтаназияға көмектесу кезінде техникалық т.б. қиындықтар туындап, бұл науқасқа одан әрі қиналысқа әкелгенін хабарлайды (www.medzdrav.ru. Эвтаназия).

§9.3. СУИЦИД, себептері, түрлері және оны болдырмаудың алдын-алу жолдары.

Суицид – латынның *sui caedere* – сөзінен шыққан, мағынасы мәлім - өзін-өзі өлтіру. Өз еркімен, кейде мәжбүрлі түрде, адамның мақсатты түрде өмірден өтуі. Ол өз кезегінде шынайы және демонстрациялық (парасуицид) болып бөлінеді. Парасуицид көбіне өзіне айналасындағылардың назарын аударту мақсатында жасалады. Ал шынайы суицидте бәрі алдын-ала ешкімнің пікіріне қарамай, жоспарланады. Суицидтің жасырын деп аталатын түрі де бар. Ол көбіне өз денсаулығына зиян әкелетінін біле тұра, емделмей жүре беретіндер арасында, алкогольіктер арасында, медициналық көмектен саналы бас тарта-тындар арасында кездеседі. Оны жасайтындар оның қауыптілігін біле тұра, салдарына бей-жай қарайды. Суицид жасауға кедергі келтіретін ситуацияларды тұлғаның анти-суицидтік факторы деп атаймыз. Мұндай факторларға жүзеге аспай қалған шығармашылық жоспарлар, өзін өлтіруге қолданылатын амалдың дұрыстығына күмән келтіру, туыстарына күйзеліс әкелуден қорқу және діни және әлеуметтік табулар (тиымдар) жатады. Алдын-ала жоспарланатын суицидте суицидент терминалды іс-қылық жасай бастайды, қарыздарын өтейді, жаулақандарынан кешірім сұрай бастайды. Ресми статистика бойынша, әр жыл сайын 1100 000 адам өз өмірін қияды екен.


Ресми статистика бойынша, әр жыл сайын 19 000 000 адам өз өмірін қиюға ұмтылады екен.


□ Денсаулық сақтау кәсіптік жүйесі көмегімен суицид жасаушының төрттен бірі (24%) тірі қалады.

(қараңыз: www.truechristianity.info <http://www.truechristianity.info/life-after-death/psychology/lib/suicid>).

Кесте №6



Оның ішінде:

 350 мың қытайлықтар,

 110 мың үнділіктер,

 55 мың орыстар,

 31 мың американдықтар,

- 30 мың жапондықтар,
-  12 мың украиндықтар,
-  10 мың француздар.

- Әлемдік Денсаулық сақтау ұйымы (ӘДҰ) 2007 жыл көрсеткішімен әлем елдерін суицид фактісі бойынша 3 топқа бөледі.
- Өте жоғары деңгейлі (суицид - 100 мың

халыққа 20 адамнан келеді):

Кесте №7

	Литва	42
	Белоруссия	37
	Ресей	36
	Қазақстан	30
	Венгрия	28.5
	Латвия	26
	Украина	25
	Жапония	24

- Орта деңгейлі (суицид - 100 мың халыққа 10-20 адамнан келеді)

	Франция	18
	Молдова	17
	Қытай	14
	Германия	13
	Канада	12
	Австралия	11.5
	АҚШ	11

- Төмен деңгейлі (суицид - 100 мың халыққа 10 –ға дейін адамнан келеді):

	Италия	7
	Англия	7
	Израиль	6
	Греция	3
	Грузия	2
	Армения	2
	Әзірбайжан	1

Суицид  Египетте,  Гаитиде  Ямайкада аз.

- Бұрынғы Одақтас республикалар арасындағы суицид (100 мың халыққа шаққанда) (төменде №8 кестеде [www. http:// true christianity. Info](http://www.truechristianity.info) жизнь после смерти psysheya. ru) lib/ suicid-сайтының мәліметтерінен алынған).

Кесте№8

	Ел	Барлығы	Еркектер	Әйелдер	Динамика
	Әзірбайжан	1.1	1.8	0.5	

	Ел	Барлығы	Еркектер	Әйелдер	Динамика
	Армения	1.8	3.5	0.2	
	Белоруссия	35.1	63.3	10.3	
	Грузия	2.2	3.4	1.1	
	Қазақстан	25.9	45.0	8.1	
	Қырғызстан	9.2	15.3	3.2	
	Латвия	24.5	42.0	9.6	
	Литва	38.6	68.1	12.9	
	Молдова Республикасы	17.8	31.5	5.1	
	Ресей	32.2	58.1	9.8	
	Тәжікстан	2.6	2.9	2.3	
	Түрікменістан	8.6	13.8	3.5	
	Өзбекстан	5.5	8.1	3.0	
	Украина	22.6	40.9	7.0	
	Эстония	20.3	35.3	7.3	

Депрессияда - 15%

□ ӘДСҰ 800 себебін атап отыр:

- 41% - белгісіз
- 19% - жазадан қорқу
- 18% – жан жарасы
- 18% - үйдегі реніштер
- 6% - құмарлық
- 3% - қаржылық проблемалар
- 1,4% - өмірден жолы болмаушылықты сылтаурату
- 1,2% - ауру.

□ жастар арасындағы суицид. Соңғы онжылдықта жастар арасындағы суицид факторы 3 есеге өсіп отыр.

Суицид себептері: махаббаттағы проблемалар (бақытсыз махаббат), ата-анасымен жанжалда болу, болашақтан қорқу, жалғыздық, жеке өміріндегі жолы болмаушылық, айналасындағылардың оны түсінбеушілігі, Жаратушыға сенімнің жоқтығынан, жұмыстағы проблемалар, физикалық күш қолдану, зорлық, қаржылық проблемалар (қарыздарын өтей алмау), діни фанатизм, рәсімдік суицид ж.т.б.

Психикалық ауруларға қатысты түрлері – депрессия, биполярлық аффектілік, көңілсіздік және шизофрения т.б.

Идеологиялық түрі – саяси-социум құндылықтарын қабылдамау және өмірдің мәнсіздігі.

Әскерилікке қатысты түрлері – мәжбүрлі – сот үкімі бойынша, жаман өліммен өлтірем деп қорқытулар.

Ар намыс сақтау үшін суицид жасау – сэппуку немесе харакири деп аталған ([www. http: //prav mir. ru / suicid-delo-chelovecheskoe](http://prav.mir.ru/suicid-delo-chelovecheskoe)).

ӘДСҰ өмірден өтудің 80 амалын атап отыр:

Аймаққа қарай өмірден өту фактісі де әртүрлі. Мысалы Үнді штаты Пенджабта поезд астына түсіп өлу көп, Шри-Ланкада 91 % суицид инсектицид қолданумен өтеді.

Өзін өлтірудің ең кең тараған түрлері: асылып өлу, батып өлу, қылғыну. Химиялық әсерлерден болатын түрі – улану, қышқыл ішу (мысалы уксус ішу), радиологиялық әсері – радиоактивтік материалдардан улану, биіктен, көпірден құлау, биік ғимараттан ұшу.

✓ Қарумен атылу, өзін-өзі өртеу, және аш қалу арқылы өлу.

✓ Сэппуку немесе харакири – Жапониядағы рәсімдік суицид. Ежелгі Римде де қылышқа қадалып өлу, тамырын кесу сияқты рәсімдік суицид түрі кеңінен етек алған.

✓ Техникалық құралдар көмегімен жасалатын суицид мысалдарына поездың астына, машина астына түсіп өлу жатса, «полициялық суицид» құқық қорғау органдарының адамдарына өзіне қару қолдансын деп әдейі соқтығысу (қасақана қылмыс жасау арқылы)кіреді. Өзін құрбан ету арқылы суицид жасау да әсіресе басқалардың өмірін сақтау мақсатында болса ол дінде мадақталады. Суық қарумен атылу АҚШ та, 60% өйткені қару ұстауға рұқсат етілген Канадада 30% , Австрияда - 4%. улану. 15-18% дәріні асыра қолдану арқылы Қытайда.

Суицид күннің мынадай уақыты аралығында өтеді :

-Күннің бірінші жартысы – 32%

-Екінші жартысы – 44%

- Түн – 24%.

Суицидтік тәуекел әртүрлі кәсіп иелерінде әртүрлі деңгейде кездеседі бірінші кезекте:

- музыкант (8,5 балл),
- медбике (8,2);
- тіс дәрігері (8,2);
- финансист (7,2);
- психиатр (7,2)
- офицерлер мен жас солдаттар, пенсионерлер, нашакорлар, мүгедектер, психикалық аурумен ауыратындар, алкогольіктер (6,5).

Қоштасу хатын 44% қалдырады, көбісі төмендегілерге арналып жазылады:

- «бәріне» - 20%,

- туысына– 12%,

- бастығына – 8%,

- ешкімге– 4%.

□ **Алкогольді өз өмірінде 60% суицидент қолданған**

□ қарым-қатынаста :

- Көпшілікпен араласатын – 24%
- Бірнеше адаммен – 60%
- Тұйық қатынастан қашатын – 16%.

□ 12% суицидтің мысалы сәтсіз аяқталса да, екі жыл ішінде қайтадан қайталануы мүмкін. ([www. http: // true christianity. Info](http://www.truechristianity.info) жизнь после смерти [psycheya. ru](http://psycheya.ru)) lib/ suicid).

Әйелдерге қарағанда, ер адамдар көбірек 6 есе көп қол салады, оның ішінде 30 жасқа дейінгілер көптеп кездеседі және 2800-і балалар.

Әлемдік денсаулық сақтау ұйымы берген мәлімет бойынша – 2000 жылы Жапониядағы суицид 100 мың адамға – 24,1 келеді. АҚШ- та 10,4, Ресейде – 39,4 тең. Ресейде соңғы жылдары суицид бойынша 1995-2003 жылғы статистикалық мәліметтерде 500 мың адам өлген. Сондықтан бұл ел суицид бойынша, әлемдік лидер болып отыр.

Қазақстанда 100 мың тұрғынға шаққанда 53 кісі өзіне қол жұмсайды. Венгрия мен Латвиядан кейінгі орында Қазақстан тұр. Қазақстан ішіндегі жағдай бойынша қарастырсақ: Оңтүстік Қазақстанда 72 оқиға, Ақтауда 64, яғни республикада әр сағат сайын, бір адам өз еркімен өмірден өтеді. Қазақстанда 2007 жылы мамандар мәліметі бойынша 342 суицид фактісі тіркелген. Оның үштен екісі ер азаматтар ([www. http: //pravmir. ru / suicid - delo-chelovecheskoe](http://pravmir.ru)).

Психолог Анна Құдиярованың айтуынша, өзіне қол жұмсағандар асылып өлуді таңдайды. Ал қыз-келіншектер дәріні қолданады. Мамандар жыл сайын Қазақстанда 17 жас аралығындағы жасөспірімдер арасында 8 суицид фактісі тіркеледі. Елде 2005-2007 жылдары кәмілетке толмағандар арасында 1364 өз-өзіне қол салу фактісі анықталып, оның 887-і қазамен аяқталған, 2005 жылы 261, 2006 – 274, ал 2007 – 352 суицид тіркелген. Ал ғалымдар өз-өзіне қол жұмсайтындық адамның тегі арқылы беріледі дегенді растап отыр, түрлі компьютерлік ойындар, табиғаттан алшақтау, өздеріне айтылған сынды дұрыс қабылдамау, қиындыққа төзе алмау. Көбіне-көп көктем мен күзде суицид фактісі көбееді. Таңертең немесе түнде сонымен бірге уақыттың жастық я қыстық уақыт өлшеміне ауыстырылатын кезінде жасауға талпынады ([www. http://true christianity. Info](http://www.truechristianity.info) жизнь после смерти [psycheya. ru](http://psycheya.ru)) lib/ suicid- сайтының мәліметтерінен алынған).

Құран Кәрімде Ниса сүресінің 29 – аятында: «Өздеріңді-өздерің өлімге қимаңдар» – деген ескерту бар. Пайғамбар Мұхаммед хадистерінде: «Кімде-кім у ішіп өлетін болса, ол тозақта сол уды мәңгі ішетін болады. Егер кімде-кім жардан тастап өзін өлтірсе тозақтың түбіне түседі» делінген (Құрани Кәрім. Ниса сүресінің 29 – аяты, Қазақша мағынасы және түсінігі. Мансур Алауддин, Алматы-Бішкек, 2006).

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Мына проблемаларға өз пікіріңізді білдіріңіз:

- а) Адам болмысы, өмір-өлім: эвтаназия және суицид проблемасына көзқарасыңызды?
- б) Неліктен қоғамның техникалық шарықтап тұрған шағында қоғамда эвтаназия және суицид проблемасы өршіп тұр, жастар неліктен суицидке бейім, көзқарасыңызды?
- в) Эвтаназия Голландияда заңды қолданылады, сіздің ойыңызша бұл дұрыс па? Өз еліңізде үмітсіз жазылмайтын науқасқа бұны қолданса жақтар ма едіңіз?
- г) Белсенді эвтаназияның енжар эвтаназиядан айырмашылығын көрсетіңіз?
2. Суицид туралы статистикалық мәліметтерге көзқарасыңыз қандай?
 3. Суицид қай мезгілде көбірек орындалады?
 4. Парасуицид деген не?
 5. Суицидтің көп таралған түрлері
 6. Суицидтің себептері
 7. Сэппеку мен харакири туралы не білесіз

Х ТАРАУ. ҚҰНДЫЛЫҚТАР АЯСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ.

§10.1. Мәдениет, өркениет.

Мәдениет – философиялық ой-толғамның аса маңызды, терең теориялық мәнді ұғымдарының бірі. Мәдениет ұғымы қоғам өмірінің түрлі салаларына байланысты жиі пайдаланылады. Мәдениет мәселесін рухани, көркемдік салалармен байланыстыра қарау басым. Шынына келгенде, мәдениет – адам әрекетінің, саналы қызметінің көрінісі олай болса, оған рухани да материалдық та жетістіктер жатады.

Материалдық мәдениет құрамына еңбек құралдарымен қатар барлық қолмен, ақылмен өңделген еңбек заттары жатады. Олардың мазмұны мен түрі мәдениеттің даму сатысын көрсетеді. Сондықтан, мәдениеттегі қазіргі бардың, болашақтың сабақтастық байланысын тани білу қажет.

Мәдениет негізі – еңбек. Еңбек неғұрлым күрделі болған сайын, мәдениет те жаңа сипат алып отырады. Алғашқы еңбек бөлінісінен қазіргі кезеңге дейін еңбек материалдық өндіріс мәдениетін жетілдірудің негізі болып келеді. Мәдениет адамсыз жасалмайды. Адам дамуы мәдениетке байланысты. Тек осы өзара тәуелдікті анықтай алғанда ғана мәдениеттің адамзат тарихында, адам өмірінде алатын орын түсінуге болады (Мырзалы С., 2008).

Мәдениет тарихи процестермен ұштасып жасады, сол тарихи процестердің тікелей туындысы болып табылады, ерекшелігі оның өз бойындағы сабақтастықты терең сақтай білуінде. Мәдениетті түсіне білу үшін тарихи дәуірді білу, оның өндірістік қатынастары қандай болғаны анықтау, өмір салты, рухани дүниесі қандай ерекшеліктерімен анықталатынын ажырата білу керек. Халықтық мұра ол адамның өзі оның өткен жолы, болашағының сатысы, сондықтан бұрынғы мәдениет туындыларын қазіргі сана дәрежесі негізінде, қоғамның осы заманғы қалпына сәйкес бағалау диалектикалық ойлауды қажет етеді. Мәдениет қандай түр алса да, адамдық мазмұнда болады. Мәдениеттегі адам қызметі өзінің субъективті мазмұнымен анықталады. Мәдениеттің

ерекшелігі сол – ол тек объективті шындық түрі ғана емес, шығу тегі жағынан алғанда оның мазмұны объективті. Адамның өмір сүру әдісімен объективтік қызмет негізінде мәдениет материалдық сипат алады.

Ғылыми және ғылыми емес білімдерді қолдана отырып, қазіргі биомедициналық инновациялық технологиялар арқылы (адамның геномына әсер ету жолдарының табылуы, трансгенді тәжірибелер, клондау) адам табиғатына байланысты сұрақтарды шешуге болады. Кең мағынада алғанда, мәдениет адамдардың өндірістік қызметінің барлық салаларын қамтиды, өйткені, еңбексіз адам тарихи процеске қатыса алмайды. Тар мағынада алғанда, мәдениет кәсіптік мамандығы бар адамдардың немесе кәсіптік одақтардың қызметі арқылы баянды болады, бұл екі тұжырым да орынды. Адам қызметінің қажетті шарты ретінде, табиғат пен қоғам адамның мәдени болмысының көрінісі болып табылады, өйткені тек табиғи және қоғамдық ортада ғана адам өзінің күрделі қасиетінің білдіре алады. Мәдениет – адамдар қызметінің жемісі, олардың қажеттерін өтеуге негізделген. Мәдениет субъектісі бола отырып, адам әрдайым өз белсенділігін көрсетіп отырады. Ол белсенділік ақылға сыйымды болса, мәдениет табиғаттың көркейіп, гүлденуіне демеуші болады. Табиғаттағы барды молайта түсіп, азды аялай білу адам мәдениетінің даму деңгейін көрсетеді. Мәдениеттің мазмұндылығы рухани арақатынастан айқын көрінеді, өйткені адам санасының мәдени-тарихи түрінің негізі философиялық дүниетаным болып табылады. Мәдениетпен өркениеттілік тарихта ұдайы қатар жүріп келеді. Мәдени көрсеткіш неғұрлым жоғары болған сайын, адам еркіндігі де соғұрлым арта түседі. Өркениеттіліктің өндірісті дамытпай тұруы мүмкін емес, өндірісті дамыту дегеніміз, жаңа материалдық және рухани қазыналар жасау болып табылады, ал мұның өзі күрделі қоғамдық қатынастарды қамтиды. Сонымен бірге өркениеттілік пен мәдениеттің өзара байланысының сипаты қоғам құрылысына қарай өзгеріп отыратының да айту қажет. Антагонистік қоғамдарда олар жолында қиын терең қайшылықтар болады (Ғабитов Т., 2008).

Мәдениеттің екі түрі бар: бірі – материалдық жасанды дүние, екіншісі – рухани дүние. Біріншісіне – үй, өндіріс, киім-кешек, т.б. екіншісіне – қисса, ертең, өлең жыр, діни ғылыми ұғымдар, т.б. жатады.

Мәдениетпен тығыз байланысты ұғым мәдениет – **өркениет**. Бұл термин “civilitas” – деген латын сөзі “қалалық”, “азаматтық”, - деген мағына береді. Енді бұл ұғымға берілетін бірнеше негізгі түсініктерді атап өтейік:

1. «Өркениет» – алғашқы қауымдық қоғамнан кейін дүниеге келетін адамзат тарихының сатысы (Л. Морган, Ф. Энгельс).
2. «Өркениет» дегеніміз – қоғамның алып заттық денесінің пайда болып, адамдардың материалдық-сезімдік өмірлік бағытына көшуі, руханияттың азғындауы (О. Шпенглер, Ж.Ж. Руссо).
3. «Өркениет» дегеніміз – белгілі бір географиялық ойкуменада (аймақта) қалыптасатын ортақ дүниесезім мен өмір салты, мәдени құндылықтар (А. Тойнби, В. Данилевский).

4. «Өркениет» – өндіргіш күштер дамуы биік дәрежеге көтеріліп, негізгі қоғамдық қатынастардың заңмен ретке келтірілуі, адам құқытарының бұлжытпай орындалуы, “тұтыну қоғамының” орнауы (Д. Бэлл, З. Бзежинский).

5. «Өркениет» дегеніміз – сайып келгенде дін арқылы берілетін моральдық-рухани құндылықтардың негізінде ұйымдасқан қоғам (В. Мак-Нил, С. Хантингтон).

6. ХХғ. өмір сүрген көрнекті неміс ойшылы К. Ясперс өркениет «кіндікті заманда» («осьеовое время») б.з.д VIII-II ғ.ғ. дүниеге келеді, - деген пікір айтады. Кең көлемде алғанда өркениет – алғашқы қауымдық құрылыстан таптық қоғамға көшу, одан тарлау мағынасында – әрбір елдің өз алдына даму ерекшеліктері, айталық, Үнді өркениет, Вавилон өркениеті, т.б. Жоғары дамыған күрделі техника да, ғылыми табыстар да әр түрлі мақсатқа қолданылуы мүмкін. Өркениеттілікке оларды тек қоғамдық прогреске қызмет еткізу жатады. Мәселен АҚШ – озық дамыған капиталистік ел. Мәдениет пен қоғам өзара тікелей байланысты. Қоғамның даму сатысы өзіне келетін мәдениет деңгейімен сипатталады, мәдениет қоғам жағдайына тәуелді. Кейде мәдениетті қоғамның белгілі бір тармағын ғана қамтитын құбылыс ретінде – сипаттау да кездеседі. Бұл пікірдің дұрыс жақтары бар. Дүниежүзілік мәдениеттің даму – мәдениетінің бәр сатыда екінші сатыға көтерілуі, ол қоғамдық экономикалық формациялар ауысуымен анықталатын процесс, яғни мәдениеттің мазмұны қоғамдағы өзгерістерге тәуелді болады.

Рухани күйзеліс, депрессия, адамды клондау, азық-түлікті генетикалық модификациялау, (өрмекші кодын картоппен будандастыру сияқты), натуралдық заттар мен өнімдерді органикалыққа алмастыру бұл факторлардың бәрі адам организмінің науқастануына алып келеді. Биоэтика философиялық білімнің маңызды мәселесі болып табылады. Биоэтиканың дамып қалыптасуы дәстүрлі этиканың трансформациясы үрдісімен және соның ішінде медициналық этикамен тығыз байланысты. Ол негізінен қазіргі кездегі адам құқықтарына (медицинада бұл науқас, тәжірибеге салынған адам құқығы) көп назар аударылуы мен заңгерлік және моральді реттеуді қажет ететін көптеген көкейтесті мәселе тудыратын жаңа медициналық технологиялардың шығарылуымен шартталған. Өркениет антисциентистік ұғым деп Э. Фромм, М. Вебер, постпозитивистер санаған.

§10.2. Махаббат.

Махаббат – тек сол арқылы ғана адами болмысқа жетуге болады. Керісінше жағдайда адам толыққанды өмір сүре алмайды. Оны шығармашылыққа жетелейтін, өмірді терең түсінуге жол ашатын, басқалардың терең ішкі сырын аша алатын – тек қана сүйіспеншілік. Көне грек ойшылы Эмпедокл алғашқы рет махаббат ұғымына ғарыштық мән беріп, оны жек көрушілікке қарсы қойды. Оның ойынша, алғашында Ғарыш сүйіспеншіліктің негізінде сапа жағынан әлі бөлінбеген біртұтастықты құрайды. Содан кейін жаугершілік сүйіспеншілікті ысырып, біртектілікті бір-біріне қосып, әртектілікті бір-бірінен ажыратады. Келесі сатыда сүйіспеншілік қайта оралып, әртектіні бір-бірімен

қосып, біртектілерді бір-бірінен ажыратады. Соның арқасында тіршілік дүниеге келеді екен.

Платон да өз еңбектерінде махаббат мәселесіне көңіл бөледі. Ол философиялық деңгейде грек мифологиясындағы Эротты (жыныстық сүйіспеншілік) талдайды. Оның ойынша, Эроттың екі түрі бар: біреуі – жердегі, сезімдік құмарту болса, екіншісі – аспандағы идеалды, ой арқылы ғана жетуге болатын түрі.

Эрот – байлықтың құдайы, ол Порос пен кедейліктің құдайы – Пенидің баласы. Сондықтан, ол қайшылықты. Ол үне бойы төменнен жоғары қарай және әсемдікке ұмтылады. Адамдардың ең үлкен арманы – өлместікке жету болса, Эрот шығармашылық шабытын тудырып, сүйіспеншілік арқылы жаңа ұрпақтарды дүниеге әкеледі, ал оның өзі адамға берілген мәңгілік пен өлместіктің бөлігі емес пе? Әсемдікке ұмтылудың екінші – ең биік жағы – Эрот жер мен аспандағы идеалды дүние арасындағы дәнекер. Ал нағыз әсемдік аспан әлемінде жатыр. Олай болса, Платондық сүйіспеншілік – ол Әсемдік, Ізгілік және Ақиқатқа деген құмарту. Өйткені, олар таза, мөлдір, материалдық қоспасы жоқ, күдіретті және біркелкі.

Аристотель махаббаттың 6 түрін көрсеткен:

1. **Агапе** – құрбандық махаббат;
2. **Людус** – ойын-махаббат;
3. **Эрос** – сезімдік махаббат (нағыз махаббат);
4. **Мания** – құмарлық пен қызғаныштан тұратын махаббат;
5. **Прагма** – пайданы көздейтін махаббат;
6. **Сторгэ** – достық махаббат.

Агапе – өз мүддесін құрбандыққа шалу, бас тарту, шексіз қадірлеу, албырттығы басым, строгэмен салыстырғанда шын көңілден шыққандағы төмендеу. Ол – құрбандық махаббат. Бұл махаббат түрінде жүрген жігіттер сүйіктісі үшін барлық нәрсені істейді.

Людус – жеңіл, қамсыз қарым-қатынастар, олар терең үйірлікпен де, жекеменшік сезіммен де сәйкес келмейді. Мұндай махаббат иелері өткені туралы да, болашағы туралы да, өздерінің тәртібі, көңілі өзінен гөрі салмақты, байсалдырақ әріптесінің жүрегіне жара салатын адамдар.

Эрос – өз сипаты жағынан албырт жастық махаббат, бірақ оны жас емес адамдар да бір емес, бірнеше рет басынан кешіруі мүмкін. Бұл махаббат адамды түгел баурап алады, ғашық адам үшін әр бір сәт мейрам көрінеді.

Ресей зерттеушісі Ю.Б.Рюриковтың пікірінше, эростық махаббатқа жақын адамдардың балалық шағы бақытты болған. Осындай нәзік сезімге шомылған олардың әр бір клеткасы бақытқа ұмтылады. Эростық махаббаттың тәндік жағы мықты, ал одан соң міндетті түрде эстетикалық бастау өзгенің сұлулығынан рахаттану, қанағат сезімін бастан өткеру.

Мания (грек. “құштарлық”, “іңкәрлік”) – немесе сезім кернеген махаббатты көбінесе өзіне-өзі сенімсіз, өзін бағалауы төмен адам-дарда болады. Жанының асыптасып, абдырауы, абыржуы, ұйқының қашуы және ештеңеге қызықпаушылық, тіпті ақылынан адасу – міне, бұл махаббаттың белгілері. Романтикалық

кейіпкерлердің махаббаты. Мания – құмарлық пен қызғаныштан тұратын махаббат;

Прагма – психологиялық сәйкестік пен салауатты ақыл-ойға негізделген сабырлы, байыпты, рационалды сезім, ол дәстүрлі мәдениетке тән махаббат түрі. Прагма махаббаттың басқа түрлерімен салыстырғанда, көңіл ауу, ұнатуға, құштарлық пен жақсы көруге жақын. Мұндай сезімге әдетте флегматик адамдар, сабырлы және өз өміріне есеппен, ұтымдылықпен қарайтын адамдар ие. Өзге махаббат түрлеріне қарағанда прагма уақыт өте келе жылырақ, шын көңілден шыққан болуы мүмкін.

Сторгэ – нәзік достық, бір-бірін түсінуі және қабылдауы, қатынастары сенімге негізделген және теріс, негативті сезімдерімен ластанбаған. Мұндай махаббат өте берік, оны ескішілдік те, айырылысу да өлтірмейді. Сонымен қатар махаббаттың тағы да мына түрлері болған.

- ✓ *Филиа* – жұбайлар арасындағы махаббат(жауапкершілікке негізделеді);
- ✓ *Филадельфия* – аға мен қарындас, бауырлар арасындағы махаббат;
- ✓ *Филополи* – туған қалаға, жеріне махаббат;
- ✓ *Филантропия* – адамға махаббат;
- ✓ *Филаретос* – ізгілікке махаббат;
- ✓ *Филалетея* – ақиқатқа махаббат;
- ✓ *Филархия* – билікке махаббат (еркіндікке ұмтылады).

Орта ғасырдағы философияда махаббат мәселесіне көп көңіл бөлген А. Августин мен Қ.А.Яссауиді келтіруге болар еді. Киелі Августиннің ойынша, “жер қаласында” адамдар Құдайды ұмытып, өздерін ғана сүйеді, өйткені, олар күнәға белшесінен батқан. Ал “аспан қаласында” рухани қауым өздерін ұмытып, тек Құдайды ғана сүйеді. Ол кісі мынадай тамаша ой қалдырды: “Сүй, содан кейін не қалағаныңды істей бер!”. Бұл ойдың мәні мынада: шын сүйген ешқашанда зұлымдық жасамайды, ол тек қана әсемдік пен жақсылыққа қарай ұмтылады. Қ.А.Яссауи де бұл жалған дүниедегі ешнәрсеге құмартпай, Алла-тағалаға толығынан беріліп, Оны барлық жан-тәнімен сүйуге шақырады. Ренессанс дәуірі кезінде махаббат қайта басқа қырынан қарастырылады. Адам өз руханиятымен ғана емес, сонымен қатар денесімен де әсем. Ол неше-түрлі күштерге толы, сондықтан, өз сүйіспеншілігінің арқасында ғарыштың барлық жақтарымен үндесті байланыстар жасап, оларды өзгерте алады. Джордано Бруно сүйіспеншілікті лаулаған ыстық дүниетануға деген құмарту-мен теңейді. Адам неше-түрлі қайғы-қасірет пен болашақ өлімнен тайсалмай, Дүниенің сиқырлы күштерін ашып, шаттық сезіммен шексіз де сарқылмайтын құдіретті Табиғатпен бірігеді.

Жаңа дәуірде Р.Декарт “Жанның құмартуы” деген еңбегінде махаббат дегеніміз рухтың ықпалындағы жанның қобалжуы, сүйетін затпен жан ерікті түрде қосылады да, басқалардан ажырайды, - дейді. Ол сүйіспеншіліктің түрлерін көрсетуге тырысады. Біріншісі – сүйген жанға жақсылық тілеу(парыз бен жауапкершілік) және осы жолда өзін құрбан етуге дайын болу. Оның айқын мысалы ретінде әке-шешенің баласына деген сүйіспеншілігін келтіруге болады. Екінші – “нәпсіге деген сүйіспеншілік”. Оған мысал ретінде ердің сүйген әйелге

деген құмартуын келтіруге болады. Үшінші – бір нәрсеге құмар болу, соған берілу. Мысалы, ішкіштің араққа, ойыншының картаға т.с.с. құмартуы, онда ешқандай сүйіспен-шілік жоқ, тек қана соны иелену, тұтыну ғана бар.

Неміс ойшылы В.Лейбниц “достық-сүйіспеншілікті” бірінші орынға қояды. Ол мөлдір риясыз сүйіспеншілікті күңгірт өзімшіл ләззәт алуға деген құштарлықтан айыру керектігін айтады. Шынайы сүйіспеншілік жетілуге қарай ұмтылдырады.

Ал В.Шеллингке келер болсақ, ол махаббатты ғарыштық тұрғыдан қарап, оны дүниежүзілік Абсолюттің іс-әрекетінің негізгі қағидасына айналдырады. Сондықтан, қоғам өмірінде әр адам өз сүйіктісін тауып, ең жоғарғы тепе-теңдікте бір-бірімен қосылады. Сүю дегеніміз сүйіктіні тілеу ғана емес, сонымен бірге өзін соған құрбан етуге дайын болу,- деп қорытады ұлы ойшыл.

Бұл мәселеге өз үлесін қосқан ұлы Г.Гегель де болды. Оның ойынша, шынайы сүйіспеншіліктің мәні – өзіндік санаңнан бас тартып, өзінді басқаның менінде ұмытып, сонымен қатар, осы жоғалту мен ұмытуда өз-өзінді алғаш қайтадан тауып, өзіңмен болу. Біздің ойымызша, мұндай сүйіспеншілік махаббатың ең биік шыңы болса керек.

Л.Фейербах “адамға деген сүйіспеншілік адамның ең жоғарғы да бірінші заңы болуға тиіс”, - деген тамаша ой айтады. Сүйіспеншіліктің негізін ер мен әйелдің бір-біріне деген жыныс тартуынан көреді. Сонымен қатар, ол неше-түрлі рухани, моралдік, эстетикалық сезімдермен безендіріледі. Сондықтан адамның бір-біріне деген сүйіспеншілігін ол діндік дәрежеге көтеру керектігін айтады.

А.Шопенгауердің ойынша, Дүниежүзілік Ырық сүйіспеншілік арқылы адамдардың ұрпақ жалғасын қамтамасыз етеді. Ал неше-түрлі ғашықтық сезімдерге келер болсақ, олар табиғаттың жасаған адамдар ұсталып қалатын торы ғана, - дейді ойшыл. Махаббат Дүниежүзілік Ырықтың өз болмысын қамдайды. Ол, жалпы алғанда, өмір мен билікке деген сүйіспеншілікті құрап, оның көрінісі адам махаббатында қол астындағы болмысты аттап өтуге, сүйген адамды жеңіп, көндіруге деген іңкәрді тудырады. Сонымен, сүйіспеншілік өмірлік шығармашылыққа әкеліп, бұрынғы өмірді терістейді, олай болса, ол өлімнің табалдырығына әкеледі, - деп қорытады ойшыл өз ойларын. Ф.Ницше ер мен әйел махаббатын бір-біріне қарсы қояды. Егер ер “Мен сүйемін!”, - деп, өзін бақытты сезінсе, әйел “Мені сүйеді”, - деп шаттанады. Сондықтан, ер билеп-төстеуге ұмтылады да, әйел көнуді тілейді. Екі жақтың бір-біріне деген махаббаты әртүрлі болғаннан кейін олардың ішкі өмірінде шаттық пен қатар абыржу, достық пен жек көру, таңғалу мен менсінбеу т.с.с. қайшылықтар пайда болып, ақырында сүйіспеншілік алғашқы биологиялық негіздеріне қайтып оралады.

Бұл үрдіске өз үлесін қосқан З.Фрейд болды. Ол адам психикасының өзегінде ақыл-ой, парасат емес, бейсаналық, ал соңғының өзегінде жыныстық күш-қуат – Libido – жатыр, - деген пікірге келіп, бүкіл мәдениет саласы дегеніміз – сол жыныстық импульстерді ауыздықтауға бағытталған құбылыс деген пікір айтты.

Г.Маркузе осы идеяларды әрі қарай дамытып, адамды езетін, оларды бір-бірінен алыстатып, жаттандыратын жалғыз ғана мәдениет формалары емес, сонымен қатар, экономикалық үстемдік, адамды адамның қанауы, - дейді. Адамның зардап шегуі, ауруы, оның шығармашылық мүмкіндіктерінің сарқылуы, көңіл-күйінің жүдеуі, өмірге тұрпайы тұтыну тұрғысынан ғана қарауы т.с.с. себептері – жыныстық және экономикалық репрессиялармен байланысты. Сондықтан, бүгінгі таңдағы адамзатқа қанаудың барлық түрлерінен “Ұлы бас тарту” қажет. Ол үшін ең алдымен “жыныстық (сексуалдық) революция”, “жаңа сезімталдық”, “жаңа эстетикалық өмір көрінісін” тәрбиелеу қажет,- деген анархистік ұранды алға тартады. Оның ойынша, сонда ғана “шығармашылық Эрос пен ләззаттық”, шынайы “еріктік пен қиял”, “махаббат пен әсемдік” жер бетінде орнайды. Мұндай идеялар Батыс қоғамында, әсіресе, студенттер қауымында, ХХ ғ. 60 ж.ж. нағыз тұрпайы шын өмірдегі “жыныстық революцияға” әкелді. Жоғарыда айтылғанды қорыта келе, сүйіспеншілік деп адам мен адамды бір-біріне тартатын, қосатын, оларды әсемдік пен ізгілікке, шындыққа ұмтылдыратын, бүкіл адамзатты біріктіретін рухтың ең биік көріністерін айтсақ та болғаны. Ал оның қайнар көзі – Ғарыштың өз ішіндегі тарту күштерінде болса керек, сондықтан, көне заман ойшылдарының “Ғарыштық сүйіспеншілік” туралы интуициялары философия тарихында оқтын-оқтын қайталануда. Өзінің аса тереңдігі және риясыздығымен көрінетін сүйіспеншіліктің түрі – әке-шеше мен балалардың бір-біріне деген сезімі. Әсіресе, ана махаббатын асыра бағалау мүмкін емес. Ана өз балаларын, – олар қандай да болмасын, – барлық жан-тәнімен сүйеді, өйткені, олар оның ішінен шықты. Ана әрқашанда өз балаларын қорғайды, оларды кешіре біледі. Ана баласын шүбәсіз сүйеді, оның жалғыз ғана талабы – баласы бұл өмірде аман-есен болса екен дейді.

§10.3. Мораль.

Мораль – адамның ішкі рухани өмірінде жақсылық, абырой, ар-намыс, парыз сияқты моральдік құндылықтармен байланысты. Біздің ойымызша, моральдің арқауын “тұлға мен қоғам” арасындағы қарым-қатынастардан іздеу керек. Өйткені, адам басқа кісілермен сан-алуан байланыс, өзара іс-әрекетке түсіп қана өмір сүре алады, ол оның әлеуметтік табиғатын көрсетеді. Бұл арада моральдік сананың ережелік, нормативтік ерекшелігін алға тартуға болады, өйткені, күнбе-күнгі адамдардың миллиондаған іс-әрекетін ретке келтіру үшін олар ереже, қағида, идеал ретінде қорытылады. Моральдік сана шындықты алдын-ала болжай алады, оның талаптары күнделікті өмірлік қатынастардың әр жағына өтіп, бізді тиістік әлеміне әкеліп тіреді. Бұл арада біз моральдің аксиологиялық (құндылық) жағына келіп тірелеміз. Расында да, моральдік норма арқылы ғана өзіңнің, я болмаса, басқаның жүріс-тұрысын бағалауға мүмкіндік аласыз. Олай болса, ол тек қана бізге қоғам өмірінде өзіңді қалай ұстау керек екенін көрсетіп қана қоймай, адамның ішкі руханиятының ажырамас бөлігіне айналады. Моральдік қағидалар адамдардың мәндік қасиеттерін құрайды. Сондықтан, адамның моральдік қағидаларды таңдап,

оны өз құндылықтарына айналдыруы оның өмір бағыты мен өмір салтын анықтайды. Сол себепті, саясаттан бастап нақтылы күнбе-күнгі адамдардың қарым-қатынасына дейін барлық әлеуметтік құбылыстар моралдік тұрғыдан бағаланады. Моралдік қағидалар біздің алдымызға абстрактылық жалпыға бірдей талаптар қояды. Өмірдегі нақтылы қарым-қатынастар оның мазмұнын біршама өзгертуге мәжбүр етеді. Мысалы, ерлік пен батылдық – абстрактылық тұрғыдан алғанда – жақсы құндылықтар. Моралдің бүкіл адамзаттық қарапайым қағидалары бір қарағанда тұрпайы сияқты болғанымен, қазіргі адамзат тағдырына өте маңызды болып отыр. Өйткені, тек қана бірлесіп, сабырлық пен төзімділік, қайырымдылық көрсетіп, зұлымдыққа жол бермей, мемлекеттер арасындағы қайшылықтарды шешіп, ядролық соғыс пен экологиялық апатты болдырмауға болады. Сол сияқты нақтылы адами қарым-қатынастарда да төзімділік пек адалдықтың, біреудің қайғысына ортақ болу, аяушылық, үлкенді сыйлау, әке-шешеге риясыз құрмет көрсету т.с.с. құндылықтардың маңыздылығын асыра бағалау қиын.

§10.4. Медициналық этика.

Медициналық этика – бұл, зерттеу объектісі медицинаның моральдық-құлықтылық аспектілері болып табылатын, этиканың, философия пәнінің бөлімі. Тар мағынада, медициналық этика деп – медициналық қызметкерлердің кәсіби қызметіндегі құлықтылық нормаларының қосындысын түсінеді. Бұл мағынада медициналық этика медициналық деонтологиямен тығыз шектеседі. ХІХ ғасырдың басында ағылшын философы Бентам «деонтология» терминінің мынадай мағынасын анықтады, кез-келген кәсіппен айналысатын маманның тәртібі, ісі туралы ғылым. Әр кәсіпке сай, өз деонтологиялық нормалары бар. Деонтология екі грек түбірінен шыққан: *dieon* – міндетті, *logos* – ілім. Яғни, хирургиялық деонтология – бұл міндетті болуы тиіс зат туралы ілім, бұл дәрігерлер мен медициналық персонал тәртібінің ережелері, бұл науқастардың алдында медициналық қызметкерлердің міндеті. Алғаш рет негізгі деонтологиялық ұстанымды Гиппократ құрастырып, былай деген: «Барлық қолданылып жатқан зат немесе істің пайда алып келуіне назар аударылуы тиіс». Медицина қызметкерлері қызметтің моралдік этикалық негіздерін олардың рухани және жеке қасиеттеріне қойылатын талаптарын, қоғам мен халық алдындағы жауапкершіліктерін, науқастармен, олардың туыстарымен және әріптестерімен өзара қарым-қатынастарын қамтиды. Бұған дәрігердің кәсібилігі науқастың талаптарын қанағаттандыру мақсатымен емдеу, аурудың алдын-алу, мекеменің қызметін ұйымдастыру мәселелері жатады. Дәрігер ауру адамға көмек көрсетіп, оны сырқатынан айықтыруға еңбекке қабілетін қалпына келтіретін өлімнен ажыратып қалуға жаралған. Сол үшін ол кәсіби шеберлігін үнемі арттырып, кәсібін сүюі керек. Емдеудің тиімділігі бірқатар дәрежеде аурудың медициналық қызметкерлерге сенуіне байланысты: «жазылып шығам деп сену-сауығудың бел ортасы». Емдеудің барлық кезеңінде де, сырқаттың сауығатынына сенім тудыру қажет, ол – гуманист-дәрігердің парызы, ал гуманизм – медициналық мамандықтың табиғи қасиеті. Сырқатпен қарым-қатынаста

медициналық қызметкердің дауыс көтермей бірқалыпты, шыдамдылықпен, тіл мәдениетін сақтап, тұрпайылық жасамауы қажет, сырқаттың көңіл-күйін көтеріп отыруы керек. Әдепті мейіркеш әрдайым сырқат адамның ықыласына бөленеді. Әрбір тарихи дәуірдің әділеттілік, адалдық, парыз туралы өз түсінігі қалыптасады. Орта ғасырлық дәуірде медициналық қызметкерлердің мінез-құлқына философ әрі ғалым Авиценна (Ибн Сина) көп назар аударды. Оның айтуынша, дәрігер қыран көзді, мамық қолды, жыландай сабырлы, арыстандай жүректі болуы керек.

Құқықтық нормалардан басқа моральдік нормалар да бар. Егер адам біреуді қорлап тіл тигізсе, немесе жала жапса, заң бойынша сот алдында жауапқа тартылады. Егер ол принципсіз, әділетсіз болса, бірақ заңды бұзбаса, ол сот тұрғысынан жазаланбайды. Мәселен, себепсіз сырқатқа көмек көрсетпегені үшін және бұл қылығынан қауіпті жағдай туындаса, онда медициналық қызметкерлерді қылмыстық жазаға тартады. Алайда ол сырқатқа онша жақсы қарамаса, онда мұндай қылық мораль, эстетикалық жағынан жазғырылса да, заң жүзінде жауапкершілікке тартылмайды. Мұндай жағдайда адамдардың мінез-құлқынан көрінетін және оның санасына әсер ететін әрбір қылық, көпшілік пікіріне сүйенетін ереже іске асырылады. Деонтология мен медициналық этиканың принциптерін қолайлы іске асыру үшін мынадай жағдайлар қажет: парыз сезімі, өз мамандығына бейімділігі мен білімін үнемі жетілдіру.

Этика мен деонтологияның қазіргі заманғы ережелері төмендегідей:

■ Бөлімше мен стационардағы жұмыс катал тәртіпке бағынуы керек, субординация, яғни қызметі бойынша төмен маман жоғарысына бағынуы, сақталуы тиіс. Медициналық қызметкер науқастарға қарым-қатынасында мүлтіксіз, зейінді болуы керек.

■ Дәрігер жоғары білікті маман болуы, жан-жақты сауатты болуы керек. Қазіргі кезде науқастар медициналық әдебиетті оқиды, әсіресе өз ауруы бойынша. Дәрігер мен медициналық персоналдың бұрыс істері, абайсыз айтылған сөз, науқас қолына түскен анализдер мен ауру тарихтары, фобияға яғни белгілі бір аурудан қорқыныштың пайда болуына әкеліп соғуы мүмкін. Мысалы: канцерофобия – қатерлі ісікпен ауырып қалудан қорқу.

■ Деонтологияға дәрігерлік құпияның сақталуы жатады. Белгілі бір жағдайларда науқастан оның нағыз ауруын жасыруға тура келеді, мысалы қатерлі ісік. Дәрігерлік құпияның сақталуы тек дәрігерлерге ғана қатысты емес, медициналық персоналға, яғни науқаспен қарым-қатынасқа түсетін барлық адамдарға қатысты болады.

■ Медициналық деонтологиямен ятрогения тығыз байланысты – медициналық қызметкердің ісімен шартталған аурушыл жағдай. Егер адам психологиялық тұрақсыз, сенімсіз, онда оған өзінде бір ауру барына сендіру, иландыру оңай және ұл адам өзінде жалған аурудың әр түрлі симптомдарын таба бастайды. Сондықтан дәрігер науқасты жалған аурудың жоқтығына сендіруі керек. Ятрогенияға дұрыс емес іс-әрекет немесе науқасты дұрыс емес емдеуден туындаған ауру мен зақымдануларды да жатқызады. Осылайша ятрогенді ауруларға жұқтырылған қан немесе плазмаинфузиясынан кейінгі дамыған

гепатитті жатқызса болады. Ятрогенді зақымдануларға қуыстық операциялар кезіндегі ішкі мүшелердің жарақаттарын жатқызуға болады. Бұл мысалы асқазан резекциясы кезіндегі көкбауыр зақымдануы, холецистэктомия кезіндегі холедохтың кесілуі және т.б.

■ Деонтологияға әріптестермен қарым-қатынас та жатады. Науқастың көзінше әріптестерді сынап, олардың ісіне баға беруге болмайды. Әріптестерге ескертулерді қажеттілігі бойынша өзіне, оның абыройын төкпей айтуы керек. Дәрігер өз жұмысында басқа әріптестермен ойласып, ақылдасып, шешім қабылдауы керек. Егер әріптестермен өткізген зерттеуде сөз түсінбеушілік туындаса, оларды ординаторлық бөлмеде талқылау керек. Диагноз қойғанда, көрсеткіштер мен қарсы көрсеткіштерді анықтауда, операция әдісін таңдауда дәрігер ақылдасуы керек. Егер манипуляция кезінде дәрігер кездейсоқ жағдайға, техникалық ауыртпалықтарға, даму ақауларына тура келсе, ол жоғары әріптесімен ақылдасып, қажет жағдайда ары қарайғы әрекетке қатысуын сұрау керек.

■ Кіші және орта медперсоналмен қарым-қатынас демократиялық болуы керек. Олар барлығын біледі және естиді, оларды дәрігерлік құпия мәселесінде өзіне тарту керек. Оларда сұрақтарға деген дұрыс жауап тәртібін қалыптастырыңыз: «Мен ештеңе білмеймін, емдеу дәрігерінен сұраңыз». Барлық сұрақтар дауыстап талқылануы, біреуге айтылуы керек емес. Сонымен қатар, борыш сезімі, жауапкершілік, әдептілік сезімі тәрбиеленуі керек.

■ Дәрігердің туыстарымен қарым-қатынасы деонтологияның ең күрделі мәселесі. Егер ауру ауыр емес және ем нәтижелі жүрсе толық ашықтылық орынды, ауыр жағдайда жақын туыстармен орынды әңгіме қажет. Қорыта келгенде, дәрігерлік этика мен деонтология түсінігі көп мағыналы. Бұл терең қайтарма байланысқа сүйене туындайтын, науқаспен қарым-қатынас. Бұл науқас пен қоғам, туыстары, таныстары, әріптестері арасындағы мәселе. Дәрігердің науқасқа орасан зор ықпал етеді, себебі науқас өз өмірін оған тапсырып сенеді.

Биоэтика философиялық білімнің маңызды мәселесі болып табылады. Биоэтиканың дамып, қалыптасуы дәстүрлі этиканың трансформациясы үрдісімен және соның ішінде медициналық этикамен тығыз байланысты. Ол негізінен қазіргі кездегі адам құқықтарына (медицинада бұл науқас, тәжірибеге салынған адам құқығы) көп назар аударылуы мен заңгерлік және моральді реттеуді қажет ететін көптеген көкейтесті мәселе тудыратын жаңа медициналық технологиялардың шығарылуымен шартталған.

АҚШ-тың клиникаларында кез-келген реанимотолог (мамандырылған, білікті, профессор болса да) реанимация бөлімінде 10 жылдан артық істей алмайды, ары қарай медицинаның басқа саласына ауысады (мысалы, эндрокринолог, терапевт). Мұндай тәжірибені енгізу дәрігер өлім мен өмір арасын күнде көретіндіктен, «өлімге еті үйреніп кетіп, өз жауапкершілігіне селқос қарай бастайды» деген тұжырымнан шыққан, өмірге күресу қажеттілігінен туындаған. АҚШ-тың сот жүйесі прецедент құқығында негізделген. Американдық құқық жүйесі әлеуметтік қозғалыстардан тыс және оған байланыссыз құқықтық

нормалардың өмір сүруін қолдамайды. Биоэтика өзінің пайда болуынан бастап, американдық қоғамда құқықтық институтқа және бұл жүйенің прецедент құқығы ретінде арнайылығына берілетін маңыздылық күшіне де салынып келеді. Бұл мына жағдайда байқалады: биоэтика ең алдымен шешім қабылдауға, моральді коллизиялар, проблемалар, қиындықтар туындайтын жағдайларда ғана бағыт ұстанады. Сонымен қатар моральді шешімдерді қабылдау процедурасы американдық соттың бейнесіне лайықтанып ұйымдастырылған.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Мәдениет пен өркениет ұғымдарын анықтаңыз.
2. Деонтология туралы не айта аласыз.
3. Биоэтика және қазіргі заманғы американдық мәдениеттің әдет-ғұрыптары.
4. Махаббат, оның Аристотель бөлген түрлері.
5. Людус туралы не айта аласыз.
6. Сторге қазіргі қоғамда қалай көрініс тапқан
7. Агапе махаббаты туралы не білесіз
8. Сіздіңше қай махаббаттың түрі асқақ.
9. Ана махаббаты Э. Фромм көзқарасы.
10. Дін, мораль, құндылықтар арасындағы байланыс.
11. Платонның махаббат пен сүйіспеншілік ұғымдарына анықтамалары.
12. Қазіргі жастардың махаббатқа көзқарасын қалай түсіндіре аласыз, сіздің ойыңызша, ол –прагма, людус – махаббат түрлеріне сәйкесе ме?
13. Қ.А. Яссаuidiң сүйіспеншілікке көзқарасын талдаңыз.
14. Р.Декарт «Жанның құматруы» еңбегінде махаббаты қалай сипаттаған?
15. Мораль. Биоэтика. Деонтология ұғымдары туралы не білесіз?

XI ТАРАУ. ДИАЛЕКТИКА МЕН ЭПИСТЕМОЛОГИЯ.

§11.1. Диалектиканың теориялық мәселелері.

Диалектика түсінігі грек тілінен аударғанда – «ойлау, әңгіме жүргізу» өнері, философияда әртүрлі түсініктерде қолданылып отыр. Диалектиканың қағидасы әр тақырыпты дамыту пікірталас өнері. Диалектика болмысты, бүкіл әлемдік құбылыстарды табиғатты, қоғамды және адамның ой-санасын өзгерісте, қозғалыста, дамуда және өзара байланысты қарастыратын философиялық ілім. Ол бүкіл дүниеге тән байланыстар мен дамудың жалпылама, әмбебеп заңдылықтарын зерттейді. Сонымен бірге диалектика адамды және оны қоршаған ортаның біртұтастығын әрі өзгермелілігін басшылыққа алатын ойлау тәсілі де болып табылады. Көне грек философиясында диалектиканың алғашқы стихиялық формасы дүниеге келіп, қалыптасты. Қозғалыстың түп табиғатын аңғаруға ұмтылу Элеат мектебінің өкілдерінен-ақ байқалған болатын. Сократ қарама-қарсы пікірлерді қарастыра отырып, ақиқатқа жетуді, яғни айтыса білуді, дәлелді, дәйекті сөз жүйесімен қарсыласты жеңуді диалектика деп ұғынды. Қайта өрлеу және Жаңа заман дәуірлерінде философия мен жаратылыстану ғылымдарында диалектиканың дамуына Дж. Бруно, Н. Коперник, Н. Кузанский, Р. Декарт, Б. Спиноза сияқты ойшылдар үлес қосты.

Диалектиканың екінші тарихи формасы неміс класикалық философиясында идеалистік негізде қалыптасты. Бұл ағымның аса көрнекті өкілдері Кант, Фихте, Шеллинг, Гегель дүниеге деген метафизикалық көзқарасқа жалпы даму идеясын қарама-қарсы қойды. Диалектиканы дамытуға, әсіресе, Г. Гегельдің қосқан үлесі мол болды. Ол бүкіл дүниеде бардың дамуының қайнар көзі абсолюттік идея деп білді. Абсолюттік идея үнемі өзіндік қозғалыста болады, ол дамуының әр кезінде табиғат, адам болмысы түрінде нақты көрініс табады.

Маркс пен Энгельс Гегельдік диалектиканың “мәнді дәнін” – даму идеясын ғана сақтап қала отырып, нақты, шынайы материалдық және рухани дүниенің біртұтас даму диалектикасын қалыптастырды. Диалектиканың ең жалпы заңдары объективті дүниеге де, рухани салаға, адам ақыл-ойы мен санасына да ортақ, тұрақты әрі мәнді байланыстарды қамтиды. Сонымен диалектика дүниені үнемі өзгерісте, қозғалыста, дамуда деп қарастырады. Шынында да, қоршаған ортада қозғалыстан тысқары тұрған, байланыстан шет қалған ештеңе жоқ. Диалектикаға қарама-қарсы қалыптасқан даму концепциясы, танымдық және ойлау тәсілі ретінде метафизикаға көне Грецияда Элаттардың мектебінде пайда болды. Диалектикаға қарама-қарсы даму концепциясы және ойлау тәсілі есебінде метафизиканың негізгі белгілері мыналар: біріншіден, метафизика тұрғысынан алғанда объект бөлшектердің механикалық жай қосындысы ретінде қаралады.

XX ғасырдың басында орыс философы В.И. Ленин “Философиялық дәптерлер” деген конспектілерінде диалектика мен метафизиканы дамудың екі түрлі концепциясы әрі философиялық ойлау жүйесінің екі түрлі концепциясы әрі философиялық ойлау жүйесінің екі түрлі тәсілі ретінде салыстырмалы түрде қарастыра отырып, мынандай тұжырымға келген болатын. Диалектика

“өміршен”, себебі, ол қозғалыстың, дамудың өздігінен іске асуын түсіндіре біледі. Диалектиканың негізгі емес деп аталатын заңдары дамудың және өзіндік дамудың жеке жақтарын ашып көрсетеді. Оларға мән мен құбылыс, жеке мен жалпы, мазмұн мен түр, себеп пен салдар, мүмкіндік пен шындық, қажеттілік пен кездейсоқтық арасындағы диалектикалық өзара байланыстар жатады.

Жаңа дәуірдегі категориялар туралы диалектикалық түсінікті идеалистік негізде ұсынған Гегель болды. Оның пікірінше, болмыс пен ойлау тепе – тең және осы тепе теңдіктегі негізгі қорғаушы күш – ойлау.

Маркс пен Энгельс өздеріне дейінгі философия тарихындағы категориялар туралы ілімдерді сын көзімен тұжырымдай отырып, олар жайында дәйекті диалектикалықматериалистік ілім жасады. Олар адам ойлауының сезімдік – практикалық тегін ашты. Сөйтіп, диалектика – сыртқы дүние мен рухани жан дүниенің байланыстары мен даму заңдылықтары туралы теориялық білімдер жүйесі, дүниеге шынайы, нақты көзқарастың түп негізі, ой-өріс әдісі. Диалектиканың заңдары мен категориялары үнемі өзара тығыз байланыста болады. Олар басқа ғылымдардың ұғымдарымен салыстырғанда анағұрлым нақтылық жайлы ұғымдар. Мысалы, сан категориясы математикадағы сан, шама, жиын, құрылым, т.б. ұғымдарына қарағанда нақтылы жалпы ұғым. А. Эйнштейн ашқан салыстырмалық теориясында материя, қозғалыс, кеңістік және уақыт оның категориялық құрылымын анықтайды. Ендеше, категориялар ғылыми теорияны құру мен дамытуда, жаңа нәтижелерді іздеуде үлкен методикалық рөл атқарады, демек, теория жасаудың диалектикалық – логикалық принциптері болып табылады.

Логикалық категориялар нақтылы жалпы сипаттама, бірі екіншісіне диалектикалық тұрғыда өтіп, жылжымалы, қозғалмалы қайшылықта болып тұрады. Олар – адам процесінің жеке жақтарын бейнелейтін, негізгі емес заңдар. Диалектиканың негізгі және негізгі емес заңдары тығыз байланысты.

Диалектиканың заңдары және категориялар жүйесі қоғамдық практиканың, мәдениеттің, ғылымның және техниканың өскелең талабына сәйкес үнемі жетілдіріліп, дамытылып, байытылып отырады. Қазіргі ғылыми-техникалық революция жетістіктеріне және тарихтың қазіргі кезеңінің бетбұрыстық сипатына байланысты диалектиканың теориясын жасау мен негіздеу, оның заңдары мен категориялары жүйесін одан әрі жетілдіру – күн тәртібіндегі мәселе. **Диалектиканың категориялары:**

Жекеше – заттың, құбылыстың, процесстің өзіне ғана тән, қайталанбайтын ерекшеліктері.

Жалпы – қамту ауқымы өте кең көлемді кешен.

Өзгеше – жекеше мен көпшенің арасындағы диалектикалық байланысты білдіре отырып, осы екеуінің арасындағы дәнекерлік қызметті атқарады.

Себеп дегеніміз – екі немесе бірнеше құбылыстың, заттың олардың ішкі жақтарының өзара байланысқа түсіп, бір-біріне әсер етуі барысында ол құбылыстар мен заттарда, олардың жақтарында тиісті өзгерістер туғызуы.

Салдар дегеніміз – өзара әсер ету нәтижесінде құбылыстарда, заттар мен олардың ішкі жақтарында пайда болатын өзгерістер

Мүмкіндік – әлі жүзеге аспаған, бірақ жүзеге асуы ықтимал құбылыс.

Шындық – мүмкіндіктің заңы объективті, қажетті тұрғыда жүзеге асқан түрі, нақты, бар құбылыс.

Мазмұн дегеніміз – заттың немесе құбылыстың ішкі құрамы, оларды құрастырып тұрған элементтердің өзара байланысы.

Түр дегеніміз – мазмұнның ұйымдасуы, құрылымы, оны құрайтын қарапайым бөлшектер

Мән дегеніміз – заттардың, құбылыстар мен процестердің, тұтас дүниенің ішкі жағын, терең де біршама тұрақты байланыстарын сипаттайды.

Құбылыс дегеніміз – мәннің сыртқы көрініс табуы, ол мәнге қарағанда қозғалмалы әрі өзгергіш.

Қажеттілік деп зат, я болмаса құбылыстың дамуындағы болмай қалмайтын, әрдайым іске асатын жақтарын айтамыз. Қажеттілік – заттың өзіндік ішкі себептерінен, оның мән-мағынасынан туындайды.

Кездейсоқтық – ол болуы, я болмауы да, өмірге енуі, я енбеуі де мүмкін, заттардың сыртқы құбылысынан, басқа заттармен байланысынан пайда болады.

Диалектиканың 3 заңы.

1. Қарама-қарсылықтың бірлігі мен күресі заңы.
2. Мөлшердің сапаға алмасу заңы.
3. Терістеуді-терістеу заңы.

§11.2. Эпистемология.

Эпистемология – ғылыми таным теориясы болып саналады. Ол туралы айтпастан бұрын, таным дегеніміздің өзі не соны қарастырып алайық. Таным деп, біз адамның айнала қоршаған ортаны зерттеудегі ерекше рухани іс-әрекетін айтамыз. Ол әрқашанда даму үрдісінде. Дүниетанудағы негізгі мақсат зерттеліп жатқан заттар мен құбылыстардың ішкі сырын ашу. Білім әрқашанда шындықтың идеалды бейнесі. Ғылыми білімнен бұрын қарапайым білім келген. Таным теориясы, немесе гносеология танымдық қызмет процесіндегі субъект пен объектің арақатынасын, білімнің шындыққа қатынасын, адамның дүниені танып-білу мүмкіндігін, білімнің ақиқаттығы мен айқындық критерийлерін зерттейтін философия тарауы. Таным теориясы адамның дүниеге деген танымдық қатынасының мәнін, оның бақы және жалпы негіздерін зерттейді. Таным теориясы туралы философиялық ілім болғандықтан, оның қайсысы болсын философияның негізгі мәселесін белгілі тұрғыдан шешеуге ұмтылады.

Таным теориясы салыстырмалы дербес бөлігі болғанымен, танымдық-теориялық түсініктер әрдайым басқа болмыстың табиғаты, этикалық және эстетикалық көзқарастар сияқты басқа философиялық түсініктермен байланысты болады.

Танымдық процестерге түйсік, қабылдау, ойлау, сөйлеу және қатынас, қиял, ес кіреді. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттерінің сезім мүшелеріне тікелей әсер етуінен пайда болған мидағы бейнелерді түйсік деп атайды. Сыртқы дүниені танып-білу түйсіктен басталады. Ол білім атаулының алғашқы көзі. Мәселен, жолдасыңнан көзін жұмуын өтініп, оның

алақанына белгісіз бір затты тигізсең, сосын одан оның не екенін сұрасаң, ол: “қатты, жылтыр, мұздай, жұмсақ, жылы, кедір-бұдыр бір нәрсе” деп жауап береді. Заттардың нақты атауы емес, тек түрлі қасиеттерін білдіретін осы сөз тіркестері түйсік болып табылады. Егер түйсік сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының жеке қасиеттері мен сапаларының миымызда бейнеленуі болса, қабылдау заттар мен құбылыстардың мида тұтастай бейнеленуі болып табылады. Сонымен, қабылдау дегеніміз – заттар мен құбылыстардың өз қасиеттері және бөлшектері жиынтығымен қосылып, сезім мүшелеріне тікелей әсер етуі кезіндегі тұтас түрде бейнеленуі. Қабылдауда бірнеше талдағыштардың үйлесімді іс-әрекеті организмнің тітіркендіргіштердің тұтас жиынтығына жауап беру реакциясы нәтижесінде бейнеленеді. Сыртқы дүниенің заттары мен құбылыстарын қабылдауы селқос үңілу емес, белсенді қабылдау. Белсенді қабылдау ғана дүниені тереңірек тануға мүмкіндік береді. Қабылдаудың физиологиялық негізіне бірнеше тітіркендіргіштердің жиынтығы мен олардың қарым-қатынасында пайда болатын уақытша жүйке байланыстары жатады. Организмнің тиісті ортаға, жағдайға икемделіп, әсерленуін дәлірек қамтамасыз етіп, нәзік талдау жасай алатын мүше – мидағы осы орталықтар. Бір нәрсені еске сақтау – оны байланыстыру деген сөз. Ес процесінің негізі болып табылатын байланыстарды психологияда ассоциация деп атайды. Егер бұрын бірнеше объектіні бір мезгілде немесе бірінен соң бірін елестетсек, не ойласақ бұлардың арасында байланыс пайда болады. Ақыл парасат, сана-сезім иесі ретінде адамның ең басты қасиеттерінің бірі – өзін қоршаған ортаны танып-білуге деген ерекше ұмтылыс. Адам айналасындағы әлеуметтік дүниені, табиғи әлемді танып білу барысында олардың ішкі құпиясына үңілді, қасиеттерін анықтайды, даму заңдылықтарын біледі, өзінің орнын, басқа адамдармен қарым-қатынасын белгілейді.

Басқаша айтқанда, таным барысында адам өзін қоршаған ортаны игереді, ол туралы білім кеңейіп, тереңдей түседі; адамның заттар мен құбылыстар туралы жалпы мәлімет ішкі мәнге қарай ұмтылып, жүйелі, шынайы білімге айналады. Диалектикалық материализмнің таным теориясының метафизикалық материализмінің таным теориясының ең басты екі айырмашылығы бар: ол, біріншіден, таным теориясына практика жайындағы ілімнің енгізілуі, екіншіден, таным теориясына диалектиканың қолданылуы. Диалектикалық материализмнің таным теориясы қоғамдық практиканың негізінде дамитын және шындықты қоғам мүдделері үшін практикада қайта құру мақсатын көздейтін таным процесінің заңдылықтарын зерттейді. Таным объектілері адамның практикалық қызметімен тығыз байланысты және әрқашан соған тәуелді болады. Таным процесінің негізінде адамның объективті дүниеге тигізетін белсенді әсері жатады. Себебі таным адамның объективті құбылыстарымен байланысына, оларға тигізетін әсеріне және оларды өзгертуге байланысты дамып отырады. Осы тұрғыдан алғанда, таным дүниенің белсенді әрі нысаналы бейнеленуі деп қарастыруға болады. Қоғамдық практика таным процесінің қозғаушы күші болып табылады. Ол өмір сүру, іс-әрекет жасау барысында адамдардың алдына үнемі шешуін талап ететін проблемалармен міндеттер

қойып отырады. Қорыта айтқанда, таным процесіндегі субъект – объект, объект – субъект қатынастары, адамның ой санасы мен сыртқы практикалық қызмет арқылы байланысқан. Таным болмыстың жай ғана бейнесі емес, ол адамның практикалық қызметі барысында іске асады. Таным теориясы адамзаттық философия тарихын, мәдениет пен ғылым тарихын, техника мен практика жетістіктерін философиялық жағынан қорытуының нәтижесі. Сонымен бірге ол қазіргі ғылыми-техникалық революция және жаңаша ойлау жетістіктеріне сәйкес одан әрі тез қарқынмен дамуда. Қазіргі жағдайда біз таным теориясы ретіндегі диалектиканың практикалық және теориялық рөлі арта түскенін көріп-біліп отырмыз.

Ақиқат – танымның негізгі мақсаты. Өйткені таным процесіндегі субъектінің белсенділігіне байланысты қалыптасқан жаңа білім зерттеліп отырған объектіге сәйкес келуі немесе сәйкес келмеуі мүмкін. Осыған орай ғылым мен философияда ақиқат проблемасы алға тартылады. Ақиқат дегеніміз не? Аристотель өзінің “Метафизикасында” ақиқатты біздің қоршаған дүниедегі заттармен құбылыстардың адам санасында бейнеленуі деп түсінді. Дегенмен, ол ақиқаттың дәйекті материалистік ұғымын бере алмады.

Шын мәнінде, ақиқат дегеніміз, біздің біліміміздің бізден тысқары тұрған объектіге сәйкес келуі, оның санамызда дәл көрініс тауып, бейнеленуі. Ақиқатқа жету субъект пен объект арасындағы өзара байланыс негізінде жүріп жататын әлеуметтік-тарихи процесс. Егер объективті ақиқат бар болса, оны білдіріп отыратын адамның түсінігі сол ақиқатты бірден, толығы мен, тұтасынан абсолютті түрде емес, тек шамамен, біртіндеп, салыстырмалы түрде ғана білдіреді. Бұл жерде салыстырмалы ақиқат пен абсолютті ақиқаттың ара қатынасын көреміз. Сонымен, ақиқат теориясы мынадай қағидаларға сүйенеді:

- 1) ақиқат – әлеуметтік процес;
- 2) объективті ақиқатты мойындау – абсолютті ақиқатты мойындау деген сөз;
- 3) ақиқат барлық жағдайда нақты;
- 4) практика – ақиқаттық жалпы өлшемі;
- 5) ақиқатты тану – қайшылықты, күрделі диалектикалық процесс.

Таным өте күрделі, қайшылыққа толы, ұзаққа созылған процесс болғандықтан, оны іске асыру барысында түрлі әдістер мен тәсілдер қолданылады. Кең мағынада, әдіс дегеніміз – белгілі бір мәселені шешу үшін таңдап алынған жол, қолданылатын айла мен әдеттер жиынтығы. Ғылыми таным әдістерін қолданудың басты мақсаты шынайы, ақиқат білімге қол жеткізу. Танымдағы сезімдік және ақыл-ой сатылары ғылымда зерттеудің екі деңгейін құрайды. Олар – эмпирикалық және теоретикалық білім. Олар, әрине, бір-бірімен өте тығыз байланысты. Теоретикалық таным арқылы біз зерттелетін заттың ішкі тұрақты байланыстары мен заңдылықтарын аша аламыз. Енді теоретикалық білімнің құрылымына келер болсақ, оларға проблема, гипотеза (болжау), теория, заңды жатқызуға болады. Ғылыми танымның әдістері өте көп, әрі сан салалы, себебі танып білудің объектісі болып табылатын материалдық және рухани дүниенің өзі көп түрлі, сан салалы. Дегенмен, ғылыми танымның барлық әдістердің шартты түрде үш топқа бөлуге болады:

- 1) жалпылама диалектикалық әдіс. Ол болмыстың барлық жақтарын зерттеуге және таным процесінің барлық кезеңдерінде қолданылады;
- 2) жалпы ғылыми әдістер. Олар ғылымның барлық саласында пайдаланылғанымен, таным процесінің барлық кезеңінде қолданыла бермейді;
- 3) жекеше әдістер. Олар нақты құбылыстарды бір ғылымның шеңберінде зерттеуге қолданылады.

Тәжірибелік сатысында қолданылатын ғылыми таным әдістері:

- ✓ Эксперимент
- ✓ Бақылау

Теориялық деңгейде қолданылатын әдістер:

- ✓ Абстрактілеу
- ✓ Жалпылау
- ✓ Анализ бен синтез
- ✓ Индукция мен дедукция
- ✓ Экстраполяция
- ✓ Модельдеу
- ✓ Тарихи мен қисындық
- ✓ Абстрактіліктен нақтылыққа өту.

Ғылыми танымның жалпы әдістері мен түрлерін қарастыру үшін танымның эмпириялық және теориялық деңгейлерін ажыратқан дұрыс, себебі әр деңгейдің өзіндік ерекшеліктерімен әдістері бар. Ғылыми танымның эмпириялық деңгейінде кең қолданылатын қарапайым әдіс – бақылау деп аталады. Оның мәні – зерттеу объектісін белгілі бір мерзім аралығында нысаналы ұйымдасқан түрде жүйелі бақылай отырып, ондағы өзгерістерді қадағалау.

- Эксперимент – ғылыми тәжірибе деп аталады, оның ерекшелігі – зерттеліп жатқан объектіге адамның, зерттеушіні тікелей әсер етіп, ондағы процестерге араласуы.
- Модельдеу дегеніміз эксперименттің бір түрі, бірақ мында объектінің өзі емес, оның орнын басатын модель зерттеледі. Ғылыми теорияның қалыптасуы барысында гипотезаның маңызы зор.
- Гипотеза – ғылыми тұрғыдан дәйектелген болжамға негізделген теория. Әрине, кез келген болжам гипотеза бола алмайды. Ғылыми танымның жеңісіне үлкен ізденіс, қажылы еңбек, шыдамдылық, терең білім жеткізеді.
- Абстрактілеу – зерттеліп жатқан объектінің кездейсоқ мәнсіз жақтарын ой арқылы «жақшаға алып» мәнді керектілерін жинақтап, сақтау болып табылады.
- Жалпылау – жинақталған жақтардың жалпы бәріне бірдей ортақ қасиеттерін табу.
- Анализ – зерттеліп жатқан заттың құрамдас бөліктерін ашып, олардың қасиеттерін зерттеу.
- Индукция – белгілі бір текке жататын заттардың қасиеттерін зерттеу арқылы жекеліктен жалпылыққа өту

- Дедукция – жалпылықтан жекелікке өту. Қазіргі ғылымда сан-алуан зерттеу методтары жасалған. Жалпы алғанда, ғылымдағы таным методтарын үшке бөлуге болады: жеке ғылым методтары, жалпы дүниетану методтары, ең жалпы (универсалды) методологиялар.

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Диалектика
2. Диалектиканың заңдары
3. Диалектика категориялары.
4. Мүмкіндік пен шындық категориясына мысал келтіріңіз.
5. Кездейсоқтық пен қажеттілік дегеніміз не.
6. Мазмұн мен түр.
7. Сезімдік танымның формаларын келтіріңіз?
8. Интуиция (ішкі көкей көз) дегеніміз не?
9. Ақиқат дегеніміз не?
10. Ақиқатқа жетудегі жаңылу мен жалғанның айырмашылығын көрсетіңіз?
11. Танымдағы методтардың қызметі қандай?
12. Теория дегеніміз не?
13. Дедукция кеңінен қай ғылымдарда қолданылады?

XII ТАРАУ. ЖАҒАНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР ФИЛОСОФИЯСЫ

§12.1. Жаһандану үрдісі.

Жаһандану – қоғам дамуының барлық сферасына ықпал етуші, өмірдің барлық жағына әсер ететін, өте тез қарқынды жүріп жатқан үрдіс және құбылыс. Ол бір-бірімен тығыз экономикалық, ғылыми-техникалық, саяси, мәдени байланыстағы біртұтас адамзат қауымдастығының қалыптасуы. Жаһандану қоғам дамуының барлық сферасына, өмірдің барлық жағына әсер ететінін ескеру керек. Әлем мемлекеттері әртүрлі деңгейде бұл құбылысқа соқтығысады, сондықтан, бұл құбылыстың негізгі аспектілерін қарастыруды жөн көрдік. Жаһандану сыртқы үрдіс ретінде, қоғамның әлеуметтік құрылымына, экономикалық, саяси, мәдени-құндылықты бейімделулерге қатысты. Біз бүгінде жаһандану құбылысының тікелей қатысушысымыз және куәгеріміз. Жаһандану бүкіл адамзат ақылының потенциалы ретінде, бүкіл ел мен халық игілігін жүзеге асыруы керек.

Жаһандану туралы батыста зерттегендер: У. Бек, З. Бжезинский, Ж. Атали, А. Маркос, Ж. Бове, Дж. Сорос, А.Д. Некипелов, А.С. Панарин, В.П. Культигин, В.Ж. Келле.

Қазақстандағы жаһандану үрдісі мен демократияландыру мәселесі туралы М.С. Әшімбаевтің, И. Тасмағанбетовтың, Ғ. Сапарғалиевтің, Ә. Нысанбаевтың, С. Зимановтың, Л.А. Байделдиновтың, Е. Ертісбаевтің еңбектерінде зерттелген. Бұған қарамастан жаһандану қазіргі таңда өзекті мәселе ретінде сипат алып отыр. Елбасымыздың 2003 жылы жарық көрген «Сындарлы он жыл» еңбектерінде бұл үрдіс туралы бағыт-бағдар беріліп, шешімдер қабылданған. Жаһандану үрдісі шеңберіндегі өзекті мәселелер 3 топқа бөлінеді:

1 Саяси және әлеуметтік экономикалық проблемалар.

2 Қоршаған орта экологиялық проблема.

3 Қоғамдық проблемалар.

Жаһанданудың теріс жақтары:

- жаһанданудың стандартизация (біркелкілік) - тенденциясы бар.
- ұлттық еркіндікті өшіру әлеуметтік теңсіздікті күшейтеді.
- нарық экономикасына өту бізге танымал жұмыссыздық пен кедейлік мәселесін әкелді.
- олар қылмыс, нашақорлық, қоғамдық депрессия сияқты мәселеге әкеліп соқтырып, қоғамдық тұрақсыздық потенциалын әкелді.
- жұмыссыздықтың деңгейінің артуы, уақтылы айлықтың болмауы, экономика мәселесімен байланысты болды.
- демографиялық мәселелер (оның ішінде ұлтаралық қатынастар, мәдениеттің дағдарысы, урбанизация, денсаулық сақтау) яғни, жер бетіндегі халықтың тым тез қарқынмен өсуі.

Егер соңғы мыңжылдықта жер бетіндегі халықтың саны 15 рет өссе, оның бірінші рет екі есеге өсуі 700 жылда болса, соңғысы – 40 жылда (егер 1956 ж. жер бетінде 2,8 млрд халық өмір сүрсе, 2004 ж. – 6,3 млрд.). Халқы тез өсіп жатқан даму үстіндегі елдердегі өндіргіш күштердің төмендігі, ауыл

шаруашылығы өнімділігі, тұрғындардың жалпы мәдени деңгейі, білім беру саласы – бәрі де сын көтермейтін жағдайда. Мұндай ақуал бұрыннан келе жатқан өмір салтын ұстау, бала тууға шек қоймау әдетімен байланысты екені айдан анық(Бұны қысқаша №9 кестемен бере кетсек төмендегідей сурет шығады).

Кесте № 9

Жылы	Халық саны	Өсу деңгейі
1956 ж	2,8 млрд	3 есеге
2004 ж.	6,3 млрд	15 есеге

Демографтардың болжауынша, болашақта Үнді халқының саны қытайлықтардан да гөрі өсіп, ал Африкада халықтың саны 1,5 млрд. дейін жетуі мүмкін. Африкада өсу Үнді халқынан артады.

- ядролық соғыс қару-жарақтың жетілуі мен халықаралық бақылаудың шеңберінен шығып кетуі жатыр. Бұл проблеманы шешудің негізгі жолы – барлық ядролық елдерді халықаралық бақылау негізінде жаппай қарусыздандыру болмақ.
- бүгінгі қалыптасқан тәндік-сезімдік өмір бағыт негізінде тойымсыздық, табиғи ресурстарды өлшемсіз пайдалану, жағалай ортаны ластау – адамзатты болашақ экологиялық апатқа әкелу мүмкін.
- Солтүстік пен Оңтүстік проблемасы.
- компьютерлік технологияларды игеру; халықтың білім деңгейін көтермей, бүгінгі технологияларды игеру мүмкін емес, ол компьютерлік технологияларды игермесе, жұмыс істей алмайды. Дүниежүзілік практика «жанұяны жоспарлау» тек сауатты, салауатты да білімі жоғары елдерде ғана іске асатынын көрсетеді.
- денсаулықты сақтау мәселесі. Аурулардың көбі тамақты көп ішу, аз қозғалыста болу, шылым шегу, ортаның ластануы, баспана қиындығы, ішетін ас-су сапасының төмендігі жүрек, бүйрек, бауыр, СПИД, рак т.с.с. ауруларын тудырады. Жаһандану үрдісі миллиондаған адамдардың бір елден екіншіге, бір континенттен келесіге миграция жасауына әкеліп жатыр. Сондықтан, жұқпалы аурулар бүкіл Дүниеге кеңінен тарап, адамзаттың үрейін туғызуда(Лавров С.Б., 1993).

Жаһандану үрдісінің шешуін қажетті деп табатын проблемалары жоғарыда аталды. Енді шешімін табу проблемаларын атасақ:

Жаһанданудың үлгісін өзгерту керек. Бұл үшін қауіпсіздік жүйесі мен бейбітшілікті қамтамасыз ету жолында қалыптасқан дүниедегі әртүрлі елдердің тәжірибесін ескеру қажет. Өркениетке бастар жол – жаһандану біздің өмірімізді түбегейлі өзгертуге қабілетті құбылыс.

Жаһандану үрдісі елдің экономикасы мен халықаралық қаржылық ұйымдарға, экономикалық, саяси, құқықтық сфералармен қоса, мәдениет, өнер, ғылым, білім салаларына да әсер етеді. Біз француздық парфюм қолданамыз, жапондық суши мен италяндық спагетти жейміз, түрік музыкасын тыңдаймыз,

американдық фильмдер көреміз, Еуропа елдерінде тігілген киім киеміз, Германиядан немесе шетелдік үлгідегі машина мінеміз, Жапонияның техникаларын тұрмыста тұтынамыз. Бұл да жаһандану көріністерінің бірі.

Бірақ азаматтарға өз мәдени, діни, этникалық, тілдік айқындалуын ұмытпауы қажет, осыған міндетті осыған жауапты, бұл әрбір азаматтың Отаны алдындағы парызы болмақ. Жаһандану ұстанымдары мен айқындалудың негізі арасында балансты ұстанып, біз ұлттық тамырды сақтай аламыз, ұлттық мемлекетті модернизациялай аламыз. Соңғы он алты жыл бойына біз екі негізгі стратегиялық мақсатты ұстандық.

Біріншіден, Қазақстан тәуелсіз, егеменді мемлекетке айналды. Екіншіден, біз кең масштабта әлеуметтік, саяси, экономикалық реформалар өткізуді бастадық. Көрсетілген мақсаттар әлі толықтай орындалған жоқ, әйтсе де кейбір бағыттары бойынша көзге түсетіндей нәтижелер баршылық. Енді жағдайды терең ойластыру керек, өз көзқарасымызды әлемдік тәжірибесімен қарастыруымыз керек және реформаларымыздың жүзеге асуын қадағалауымыз керек. Өз стратегияларымызды жақсы және жаман жақтарын талдай білгеніміз жөн. Біздің сыртқы мүмкіндіктеріміздің жақсы жақтарын айта кеткен дұрыс. Оларды атап кетсек, артық болмайды:

- біріншіден – біз өз тәуелсіз, мемлекетіміздің негізін салдық;
- екіншіден – біз ескі саяси және экономикалық жүйеден кетіп, жаңа саяси, экономикалық жүйеге өттік;
- үшіншіден – біз еркін адам ретінде әрқайсысымыз қалыптасуды бастадық. Мемлекеттік – ұжымдық дүниетанымның жеке – индивидуалистікке ауысуы біздің өміріміздің әр аспектісін өзгертті. Біздің табиғи ресурстарымыз байлық болып саналады. Біз негативті әлемдік тәжірибені де үйренуіміз қажет;
- төртіншіден – бізде өте кең байтақ жер бар. Біз Канада мен Австралияға ұқсаспыз, негізгісі тиімді стратегия, адамдар мен капитал;
- бесіншіден – біздің саяси тұрақтылығымыз бен қоғам бірлігі.

Мұның бәрі бүгінгі күннің жаһандық мәселелері, бізден талап ететін жауапкершіліктері. Біз қоғам ішінде тура қарсыласудан қаша алдық және жағдайды тұрақтандырдық. Біздің негізгі мақсатымыз – халықтың көптеген топтарын жинау, тұлғалық пен қоғамдық бастамалардың арасында дұрыс үйлесімді табу, қоғамымыздың консенсустық-иерархиялық дәстүрін толықтыру. Бай адамдардың аз бөлігі, кедей адамдардың үлкен тобынан ажыраса, қоғам еш уақытта өсіп-өркендей алмайды. Әртүрлі этникалық, діни топтар әртүрлі құқықпен өмір сүрсе, саяси партиялар мен қозғалыстар қарама-қарсы жаққа қарай бағытталса, бұқаралық ақпарат құралдарының еркіндігі мен жауапкершілігі арасында кең дисбаланс болады.

Жаһандану үрдісінің оң жақтары:

- ғылыми-техникалық прогресс,
- жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологиясы
- әртүрлі елдермен жақындасу,

- бүкіл адамзаттың ортақ тағдырын сезіну,
- ұлттық мәдениет жетістіктері,
- жаңа технологиялармен алмасу,
- таза прагматизм,
- тұтыну мен өндірісті стандарттау режимінің болуы.

Жаһандық өркениет қалың халық бұқарасының тұтыну сұранысын қамтамасыз етуді мақсат еткен «эмбебаптық мәдениет» болып табылады. Біздің мақсатымыз, экономикалық нарықтық тетіктер мен адам шығармашылығының еркіндігіне негізделген демократиялық, азаматтық қоғамға жету. Бұл туралы жоғарыда айтып кеткенбіз. Француздар ағылшындарға, немістер француздарға, орыстар кейде ағылшын, кейде американдықтар кейде немістерге еліктеді. Олар Францияның тарихын сәтсіздік пен жабайылық «еркіндік», «теңдік» заңы бойынша қабылдады.

§12.2. Жаһандану мәселелерін шешу жолдары.

Жаһандану мәселелерін шешу жолдарын зерттеуде негізінен екі бағыт қалыптасты. Олар: технооптимизм (болашақ жарқын) және технопессимизм (болашақ қасіретті). Технооптимистік көзқарастар өз мәресіне ХХғ. 60 жж. жетті. Ол кезде ғылыми-техникалық революция (ҒТР) жетістіктерін кеңінен өндірісте пайдалану қарқын алған болатын. Дж. Гелбрайт, Р. Арон т.б. ғалымдар ғылым мен техниканың дамуы «бұқаралық нарықты» тудырып, болашақта Жер бетіндегі барлық халықтарға тамаша өмір әкеледі деген ой тастады. 1980 ж.ж. Д. Бэлл, Ж. Фурастье, А. Тофлер сияқты ғалымдар «ғылымның негізгі өндіргіш күшке» айналуына байланысты барлық жер бетінде қорланған мәселелерді компьютерлік технологияларды өмірге еңгізу арқылы шешуге болатынын айтты. Алайда, жақын арада-ақ, ҒТР-дің теріс салдарлары да айқындала басталды. Көп елдер экологиялық дағдарысқа ұшырады. Шикізат қорлары шексіз еместігі анықтала басталды. Дамыған елдер мен артта қалған елдердің арасында қайшылық өсе бастады т.с.с. Әрине, бұл теріс өзгерістер технопессимистік көзқарастарды тудырды (Ғабитов Т., Алматы, 2002).

Технопессимизм (Г. Маркузе, К. Лоренц, Д. Гудмен т.б.) қазіргі қоғам адамдарды ғылым мен техниканың құлына айналдырады, - деген пікір айтты. К. Лоренц ҒТР адамдарды мыңдаған жылдар бойы бейімделген табиғи жағалай ортадан жұлып алып «тастан жасалған джунглиге» қамады. Кейбір адамдар жылдар бойы табиғатқа шыға алмайды. Автоматтар адамдарды ауыр қара жұмыстан босатқанмен, оның жүйкесін анағұрлым тез тоздырады. Технопессимистер тәндік-сезімдік өмір бағдарламасынан бас тарту, тойымсыздық пиғылды жою, қанағатқа келу мәселелерін көтерді. Батыста, Рим қаласында 1968 жылы көрнекті ғалымдар «Рим клубын» құрып, адамзат алдында тұрған орасан-зор қиын мәселелерді зерттеуге кірісті, дүниежүзілік қауымға әсерін тигізген «Өсудің шегі» деген баяндама 1972 жылы дүниеге келді. Осы клубтың бірінші президенті А. Печчей адамзатқа ең керекті нәрсе – руханияттылық,

әсірсесе – адамгершілік деп атап көрсеткен. Орыстың ұлы ғалымы Н. Моисеев XX ғ. адамзатқа ескерту жасады. Егер ХХІ ғ. ол оған мойын сұқпаса, құрып кетуі мүмкін, - деген ой тастайды (Ғабитов Т.Ғ. Мәдениеттану: оқулық. – Алматы: Паритет, 2002. – 135 б.).

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар:

1. Жаһандану үрдісі туралы қазіргі кезеңдегі пікірлер.
2. Жаһандану проблемаларына өзіндік көзқарасыңыз.
3. Жаһандық мәселелердің оң және теріс ықпалдары
4. Технопессимизм-технооптимизм: айырмашылығы неде
5. «Рим клубы» өкілдерін атаңыз.

Бақылау сұрақтары:

1. Болмыс, оның түрлері.
2. Мәдениет пен өркениет.
3. О. Шпенглердің мәдениет пен өркениетке көзқарасы.
4. Ғылымдағы ақиқат мәселелері.
5. Объективтік, салыстырмалы және абсолюттік ақиқат.
6. Адамзаттың алдында тұрған экологиялық мәселелер және оны шешу жолдары.
7. Биосфера мен адам және коэволюция принципі.
8. Материя қозғалысының әлеуметтік формасының ерекшелігі.
9. Қоғам - ашық өздігінен дамитын жүйе ретінде.
10. Сана және шығармашылық.
11. Ғылым ретінде диалектиканың қалыптасуы: Гегель және Маркс.
12. Адамдағы табиғилық және қоғамдық өзара қатынас.
13. Адамның табиғи және әлеуметтік жағы.
14. Табиғатты, қоғамды және адамның іс-әрекетін танудағы материя категориясының маңызы.
15. Материяның бірлігі, қозғалысы, кеңістік пен уақыт.
16. Философиядағы адам мәселесінің мәні.
17. Эвтаназия
18. Суицид түрлері
19. Махаббат түрлері
20. Мораль оның қазіргі қоғамдағы орны.
21. Биоэтика мен деонтология
22. Жаһандану процесі туралы өз көзқарасыңыз

Қорытынды.

Философия күрделі де, қызық та, қайталанбас, әмбебаптық ғылым. Оның тарихынан біз ұлы тұлғалардың маржан ойларымен, әр мәселеге терең қарағанымен таныстық. Ежелгі дүниетанымнан басталып, (Үнді, Қытай, Греция) философиямен қатар медицинасы да қарастырылып өтеді. Гиппократ, асклепийлер, Ибн Сина, әл Фараби сынды ойшылдар, олардың философиялық адамгершілік, моралдік, әлеуметтік ойлары кеңінен қарастырыла келіп, медицинаға сіңірген еңбектері де қалыс қалмаған. Әр кезеңнің өзіндік ерекшелігі мен артықшылығы, ұқсастығы қаралады, кестелермен беріледі.

Қазақ философиясы кезеңімен жүйеленіп, ойшылдары мен тарихи тұлғалары мен олардың философия мен медицина ғылымдарына сіңірген еңбектері мен қосқан үлестері тереңінен қарастырылған. Ар ождан, намыс, ұлттық сана, адам мәселелері қарастырылады.

Болмыс, таным, антропология, эвтаназия мен суицид, диалектика, эпистемология, дін, мораль, махаббат, жаһандану проблемалары философияның негізгі мәселелерінің қатарынан орын теуіп, екінші бөлімде орын алған.

Қазіргі таңдағы еліміздегі болып жатқан саяси салада біршама оң өзгерістер қалыптасты. Біз оны «зиялы демократиялық құндылықтарды жақтайтын авторитаризм», - деп бағалар едік. Елімізде «сөз еріктігі», «кәсіби парламент», жүздеген «бейөкіметтік ұйымдар» пайда болды. Президенттің тағайындауымен жұмыс жасайтын атқару жүйесінің арқасында елде тәртіп болып ең қиын уақыттардан аман-есен шықтық. Қоғамның рухани өмір шеңберіндегі мәселелерге келсек, онда бірінші орынға білім беру мәселелерін қойған болар едік.

Екіншіден, Батыс үлгілеріне өз жағдайымызды ескермей еліктеу, білім саласына технократтық саясат жүргізу, гуманитарлық білім беруге көңіл аудармау, «біржақты, тек өз мамандығын ғана білетін» кадрларды дайындау дер едік.

Қайсыбір рухани саланың өзегі – тіл. Дербестік алған елде қазақ тілі кең тыныс алып даму үстінде. Көп халықтар өкілдері жиналған елдегі жетістік – бүкіл Қазақстан халқының қазақ тілін оқып-білуге бағытталған бет-бұрысы. Әрине, кейбір интеллигенция өкілдері оның тез уақытта күш алып кеткенін жаратар еді. Бірақ, бұл мәселеге сабырлық керек деп есептейміз.

Негізгі шаруа – өз халқымыздың бәрін өз тілінде сөйлеуге, оны құрметтеуге шақыру, сол жолда барлық мүмкіндіктерді пайдалану дер едік. Сонда ғана басқа ұлттың өкілдері қазақ тілін тезірек игеруге мүдделі болады.

Енді ең қиын мәселе – халықтың діліне (менталитет) келер болсақ, ол бүгінгі өмірге сай болуы үшін қаншалықты өзгеруі керек?,- деген заңды сұрақ туады. Себебі, реформаторлық саясатта, әсіресе, алғашқы уақытта, жеке мүдде қауымдық пен ұжымдыққа, еріктік теңдікке қарсы қойылды. Халықты өз ділінен айыру дегеніміз – оның мыңдаған жылдар бойы жиналған мәдениетінен бас тартумен бірдей. Қауымдық, әлеуметтік мүдденің жекеден жоғары болуы - қайсыбір салауатты қоғамның рухани өмірі мен адамгершілік құндылықтары

негізінде жатыр. Ол адамның әлеуметтік табиғатын көрсетіп, тұлға рухының іргетасын құрап, қоғамның шынайы бірлігін қамтамасыз ететін құндылық. Арам пиғылдық, пайдақорлық, Әл-Фарабидің сөзімен айтсақ, «динарды қуудың» негізінде ізгі қоғам орнату мүмкін емес. Ондай қоғам орнаған жағдайда адамдар мәңгі бітпейтін ұрыс-керіс, тартыс, бір-бірінен жаттану т.с.с. ақуалда болар еді.

Қазақ халқының керемет қасиеттерінің бірі – бұл дүниеде алудан гөрі болуды жақтауы. Яғни, өз бойындағы қасиеттерді гүлдетіп сыртқа шығару, өзіңнің ерекше болмысыңмен көріну, «сегіз қырлы, бір сырлы» болу. Бүгінгі Қазақстан қоғамында адамның ерікті еңбек етіп, белсенділік көрсетуіне, бұл дүниеде болуға деген ұмтылысына жағдай жасалған. Бәрі де өз қолымызда. Тек қажымай-талмай ізденісте болып, еңбек етіп, самарқаулықтан арылуымыз қажет. Қазақстан дүниежүзілік қауымның ішінде өз орнын тапты.

СИТУАЦИЯЛЫҚ ТАПСЫРМАЛАР

№1 Философия мәдениет феномені ретінде.

1 – тапсырманы орындаңыз. «Философия»-даналыққа құштарлық ал «рационализм» - ақыл парасат туралы ілім араларындағы ұқсастық пен айырмашылықты қалай ажыратасыз

2 – тапсырманы орындаңыз. Онтологияның гносеологияның танымдағы орнын атаңыз?

№2 Философия, оның пәні және функциялары.

1 – тапсырманы орындаңыз. Философияның рационализм бағыты ақыл-парасат туралы қарастыра ма, әлде бейсаналылық туралы қарастыра ма, мысалдар келтіріңіз?

2 – тапсырманы орындаңыз. Философия қандай ғылым салаларымен байланысқан

№3 Шығыс мәдениетіндегі философия феномені.

1 – тапсырманы орындаңыз. Инь-Ян категорияларының үйлесімділігін түсіндіріңіз: бұл қос ұғым қайсы жұп ұғымдарына мағына жағынан көбірек жақын (Ер және Әйел немесе Аспан -Жер).

2 – тапсырманы орындаңыз. Үндінің ортадоксалды мектептері не себепті олай аталынған және оларға жеке-жеке сипат беріңіз?

№4 Антикалық мәдениеттегі философия.

1 – тапсырманы орындаңыз. Аристотельдің: «Адам –қоғамдық, саяси жануар» қағидасын түсіндіріңіз және бұл анықтамаға келісесіз бе, келіссеңіз не үшін атай кетіңіз.

2 – тапсырманы орындаңыз. Аристотельдің: «Платон менің досым, бірақ ақиқат қымбат» деген атақты тезисіне коментарий жасаңыз, ненге бұлай айтқанына нақты мысал келтіріңіз.

№5 Орта ғасырлық мәдениеттегі философия феномені.

1 – тапсырманы орындаңыз. Коментарий жасаңыз: Адамдар мен күллі тіршілік иесін Жаратушы-Алла жаратты ма?

2 – тапсырманы орындаңыз. Төмендегі философтардың ойларына салыстырмалы талдау жасаңыз. А. Кентерберийский: «Сенемін, түсіну үшін», П.Абеляр: «Түсінемін, сену үшін», Тертуллианның «Түсінемін, немесе бұл ойға сиымсыз (абсурдты)».

№8 XIX-XXғғ. Мәдениетіндегі батыс еуропалық философия.

1 – тапсырманы орындаңыз. Төмендегі философтардың тұжырымдарын қалай түсінесіз: Р. Декарттың «Ойлаймын демек өмір сүремін». А. Шопенгауэрдің: «Ұсақ саудамен айналысушы базарда ер адамға әйелдің биікөкше тупфлин, ал әйелге ер адам темекі тартатын трубканы ұсынса қоғам

бұны жаппай келеке етер еді. Ал философтың базарға шындықты алып шығуы да осындай ақылға сиымсыз, өйткені ақиқат адамдар үшін емес».

2 – тапсырманы орындаңыз. Психоанализ философиясындағы негізгі ұғымдарды атаңыз(«либидо», «сублимация», «Жоғары Мен», «Ол» ж.т.б). Олардың бірп-бірінен айырмашылығы неде, сабақтастығы бар ма? Талдау жасаңыз.

3 – тапсырманы орындаңыз. Г. Гегельдің диалектиканың үш заңы мен категорияларының әрқайсысына өмірдегі ситуациялардан мысал келтіріңіз?

4 – тапсырманы орындаңыз. Кімдікі дұрыс деп ойлайсыз, ой-пікіріңізді білдіріңіз:

1. Ақылды мүмкіншіліктің шеусіз жақтарын көре алады (Дидро).

2. Сауатсыз адам бос мүмкіншілікпен жұмыс жасауға бейім (Гегель).

5 - тапсырманы орындаңыз. Л. Фейербахтың айтқанын бағалап, түсіндіріңіз: «Әлем аянышты адамға, аянышты, әлем бос адамға бос».

№9 Орыс философиясы (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. Орыс философиясының қайсы бағыты: (славяншылдық немесе батыстық) сіздің дүниетанымыңызға жақын. Өкілдерін атап, неге олай ойлайтыныңызды түсіндіріңіз?

№10 Софистика, схоластика және диалектиканың салыстырмалы анализі (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. Табыңыз, мына сөзді кім айтқан: «Аса данагөй мен есуастың арасында бір ғана ұқсастық бар, екеуі де басқаларға тиісті, қол жетімді әлемде емес, басқа әлемде өмір сүреді». Талқылаңыз?

2 – тапсырманы орындаңыз. Табыңыз, мына сөзді кім айтқан және оның ойымен келісе аласыз ба, не үшін келісесіз немесе келіспейсіз: «Ерлер арасында бұрыннан қарапайым салқынқандылық, ал әйелдер арасында табиғи жауластық сезімі бар. Алғаш кездесіп танысқанда, екі әйел бір-бірімен мәжбүрлі және құпиялылықта танысады, ал ерлер ашық жарқын танысады».

№11 Қазақ философиясы (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. Әл-Фараби өзінің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегінде қайырымды қалалардан басқа қандай қалаларды атап кеткен.

2 – тапсырманы орындаңыз. Әл-Фараби мен Абай, Әл-Фараби мен Платон арасындағы сабақтастық қай мәселе төңірегінде ойыс тапқан?

№12 Болмыс философиясы (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. М. Хайдеггердің «Тіл-болмыстың үйі» сөзінде болмыс туралы қандай анықтама беріледі?

2 – тапсырманы орындаңыз. Болмыс абсолюттік, ал бейболмыс салыстырмалы болып неліктен есептелінген.

3 – тапсырманы орындаңыз. Болмыс-кеңістік-уақыт-арақатынасы қалай байланысады.

№13 Философиялық антропология (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. «Біреулер ішіп-жеу үшін өмір сүреді, ал мен өмір сүру үшін ішіп-жеймін» деп айтқан ойшыл кім, бұған сіздің көзқарасыңыз?

2 – тапсырманы орындаңыз. Адам туралы анықтамалар қалай аударылады, және мәнін түсіндір : «Homo Sapiens», «Homo Faber» - “Zoon Politikon», “Homo Morales”, “Homo Ludens”, “Homo Aestheticus”, “Homo Symbolicus”- (Sensus), (ratio) (intellectus).

№14 Әлеуметтік философия (Ситуациялық сұрақтар)

1 – тапсырманы орындаңыз. Қоғамдық прогресс өлшемдері мен эволюция арасында байланыс бар ма?

2 – тапсырманы орындаңыз. Реформа мен революция аражігін қалай ажыратасыз?

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

Негізгі:

1. Шойфет М.С. Сто великих врачей. – М., 1998. – С. 250.
2. Чикин С.Я. Врачи-философы, – М., 1990. – С. 240.
3. Мырзалы С. Философия. – Алматы: «Бастау», 2008.
4. Фромм. Э. Бегство от свободы / пер. с англ. Г.Ф. Швейника, Г.А. Новичковой. – М.: Академический Проект, 2007. – 272 с.
5. Философия (под редак. Проф. Габитова Т.Х.) – Алматы, 2008.
6. Никитич Л.А. История философии: учебник для вузов. – М.: ЮНИТИ ДАНА, 2000. – 575 с.
7. Әлемдік философиялық мұра – Жиырма томдық – 10 том. «Ғылым мен техниканың батыстық философиясы» – Алматы, «Жазушы», 2006.

Қосымша:

1. Кішібеков Д. Философия: Оқу құралы, Алматы: Рауан, 1991. – 320 б.
2. Мырзалы С. Философия әлеміне саяхат. – Қостанай. 2001.
3. Әбішев К. Философия – Алматы, 2002.
4. Затонский Д.В. Модернизм и постмодернизм: Мысли об извечном коловращении изящных и неизящных искусств. М., 2000.
5. Абай. Слова назидания – Алматы, 1995.
6. Оливер М. История философии. Великие мыслители с 2000 г.до наших дней. – Минск: Белфаксиздатгрупп, 1999. – 192 с..
7. Сегизбаев О. Казахская философия ХУ начала ХХ веков. – Алматы, 1996.
8. Шеллинг Ф.В.Й: pro et contral // Сочинения: в 2 т. / сост. вступ. ст. В.Ф. Пустарнакова. – СПб.: РХГИ, 2001. – Т.1. – С. 232, 241
9. Биғалиева Р.К. Бүкіләлемдік медицина тарихы – Алматы: Ғылым, 2004.
10. Философия: жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқулық / Құр. Т. Ғабитов; ауд. Б. Сатершинов. – Алматы: Қаржы-Қаражат, 2002.
11. Есімов Ғ. Сана болмысы. 1-3 томдық – Алматы, 2007.
12. Конфуций. Беседы и суждения. – СПб.: ООО Издательство «Кристалл», 2001. – 1120 с
13. Болтаев М.Н. Абу Али Ибн Сина-великий мыслитель, ученый, энциклопедист среднего Востока. - М., 2002.
14. www.medzdrav.ru. Соловьев И. //Деонтология в медицине//, – 2006.
15. www.medlinks.ru. Татьяна Резникова, //Проблемы биоэтики//, –2005.
16. Западная философия XIX в.: Учебник/ В.В. Васильев, Е.А. Войниканис и др.; Под ред. А.Ф.Зотова. - М.: Высш. шк., 2005. – 519 с.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе-----3

I БӨЛІМ. МӘДЕНИЕТ КОНТЕКСІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯНЫҢ ТАРИХИ ТИПТЕРІ

I ТАРАУ . Философия мәдениеттің феномені ретінде-----5
§1.1. Дүниетаным----- 5
§1.2. Философия пәні, құрылымы және атқаратын қызметтері----- 9
§1.3. Философия және медицинаның өзара байланысы----- 12
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар----- 14

**II ТАРАУ. Шығыс мәдениетіндегі философияның феномені және
медицина-----15**
§2.1. Ежелгі Үнді философиясы және медицина-----15
§2.2. Ежелгі Қытай философиясы және медицина----- 22
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар----- 26

III ТАРАУ. Ежелгі Греция мен Мысыр философиясы және медицина--- 28
§3.1. Антикалық мәдениеттегі философия және медицина----- 28
а) Грециядағы медицина және дәрітану----- 47
б) Гиппократтың философия мен медицинаның дамуына қосқан үлесі----- 48
в) Асклепий ----- 51
§3.2. Ежелгі Мысыр философиясы және медицина----- 52
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар----- 56

IV ТАРАУ. Ортағасыр мәдениетіндегі философия феномені-----57
§4.1. Ислам мәдениеті контекстіндегі араб-мұсылман философиясы және
медицина----- 57
а) Араб және түркі тілдес халықтар философиясы және медицина----- 57
б) Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары----- 58
в) Ибн Синаның философия мен медицинаға қосқан үлесі----- 62
§4.2. Батыс еуропалық ортағасыр мәдениетіндегі философия феномені және
медицина----- 67
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар----- 71

V ТАРАУ. Ренессанс дәуірінен–Марксизм философиясына дейін-----73
§5.1. Ренессанс пен Реформация философиясы және медицина-----73
§5.2. XVII ғасыр жаңа заман философиясы мен XVIII ғасырлардағы
ағартушылық философия-----78
§5.3. Неміс классикалық философиясы -----91
§5.4. Орыс философиясы-----98

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	111
VI ТАРАУ. XIX-XX ғасырдағы батыс философиясы-----	113
§6.1. XIX батыс философиясының бағыттары-----	113
§6.2. XX ғасыр батыс философиясының бағыттары-----	117
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	128

VII ТАРАУ. Қазақ философиясы-----	129
§7.1. Қазақ философиясының даму кезеңдері-----	129
§7.2. XX ғасырдағы отандық философия-----	141
§7.3. Халық медицинасының проблемалары және қазіргі жағдайы-----	142
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	145
Бақылау сұрақтары-----	146

II БӨЛІМ. ФИЛОСОФИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ПРОБЛЕМАЛАРЫ

VIII ТАРАУ. Онтология және қоғам -----	148
§8.1. Болмыс философиясы-----	148
§8.2. Әлеуметтік философия-----	151
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	154

XIX ТАРАУ. Адам: өмірі мен өлімі (эвтаназия-суицид)-----	156
§9.1. Философиялық антропология-----	156
§9.2. Эвтаназия және оның түрлері-----	160
§9.3. Суицид: өмір-өлім проблемасы-----	162
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	167

X ТАРАУ. Құндылықтар аясындағы философия-----	168
§10.1. Мәдениет, өркениет-----	168
§10.2. Махаббат-----	170
§10.3. Мораль-----	174
§10.4. Медициналық этика-----	175
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	178

XI ТАРАУ. Диалектика-----	179
§11.1. Диалектиканың теориялық мәселелері-----	179
§11.2. Эпистемология-----	181
Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	185

XII ТАРАУ. Жаһандық мәселелер философиясы-----	186
§12.1. Жаһандану үрдісі-----	186
§12.2. Жаһандану мәселелерін шешу жолдары-----	189

Өзіндік дайындыққа арналған сұрақтар-----	190
Бақылау сұрақтары-----	190
Қорытынды-----	191
Ситуациялық тапсырмалар-----	193
Қолданылған әдебиеттер тізімі-----	227
Мазмұны-----	228